Ислам діні – білім мен тәрбие діні. Өйткені, ең алғаш пайғамбарымызға (с.ғ.с.) Алла Тағаладан Құран Кәрімнің алғашқы аяттары түскен кезде білім мен тәрбиенің қажеттілігін көрсетті. Ал, бұл дініміздің білім мен тәрбиеден тұратынын белгілеп берген тарихи жағдай болды. Сондықтан Құран-кәрім мен пайғамбар (с.ғ.с.) хадистері адамзат өміріндегі білім мен тәрбиенің қатар жүретін үрдіс екенін баяндайды. Осыған орай, осы мақалада Ислам дініндегі білім мен тәрбиенің маңызына талдау жасалады.

Ислам діні білім алушыда екі жаман қасиет болмауы керек деп санайды. Оның біріншісі – тәкаппарлық. Шәкірт өз қателігін мойындай білмесе және жеткен жетістіктері үшін дандайсып кетсе, ол – еңбекпен келген ғылымының соры. Осы жерде әрбір білім іздеуші жас талапқа тәрбиенің қажеттілігінің зор екені байқалады. Яғни, ілім – иман десек, тәрбие – амал іспетті дүние. Екеуі екі түрлі болса, ол адамға абырой әпермейді. Керісінше, ол адамның өз соры.

Екіншіден, ұялшақтық. Шәкірттің шектен шыққан ұялшақтығы білімді жетілдіруге кедергі етеді. Өйткені, ұялшақ шәкірт түсінбегенін ұстазынан сұрауға қысылып, оның бойында тұйықтық, керітартпа қасиет өсіп өнеді. Ол – ғылымды өсірмейтін мінез.

Бұл туралы Абай дана отыз екінші сөзінде: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуел білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар: Әуел – білім-ғылым табылса дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Екінші – ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Үшінші – әр хақиқатқа тырысып, иждиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең де айырылма! Төртінші – білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар: оның бірі – мұлахаза, екінші – мұхафаза. Бесінші – осы сөздің он тоғызышы бабында жазылған ақыл кеселі деген нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Алтыншы – ақылды, ғылымды

сақтайтұғын мінез деген сауыты бар», – дейді [1, 176]. Бұдан хакім Абай нәр алған Ислам дінінің білімге қояр талабы зор екенін байқаймыз.

Себебі, тәрбие ісі – адам жаратылының басты мақсаты болып табылатын құлшылық негізі. Ол тілімізге араб тілінен енген Араб тілінде оның үш түрлі түбірі бар: 1. Раба – ярбу: Көбейту, арттыру мағынасына келеді (Рум сүресі, 39-шы аятта кездесетін Раба етістігі осы мағынаны білдіреді); 2. Раба – ярби: (нәшә), болу пайда болу, бала өсіру, асырау, тәрбиелеу деген мағыналарды білдіреді. 3. Раба – яруббу: реттеу, арылту, басқару, жауапкершілікке алу, тәрбиелеу деген мағыналарға келеді [2, 200].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ.

Раб – тәрбиелеуші, реттеуші, нығмет беруші деген мағыналарды беретін Алла Тағала есімдерінің бірі. Бұл сөз Құранда 965 рет кездеседі. Сондай-ақ Құранның алғашқы түскен 5-аятында да бар. Құранда Алла сөзі 2799 рет айтылса, екінші орында Раб сөзі тұр. «Раб» – тәрбие сөзінің түбірі болса да, тәрбиеші сөзінің орнына қолданылатын сөз. Сондықтан Құрандағы Раб сөзі осы мағынасы меңзейді. Сөз қолданысын айшықтар болсақ, он сегіз мың ғалам иесі, жаратушысы, тәрбиелеушісі де – Алла Тағала. Себебі Алланың сөзі – Құран «адамзатқа тура жол нұсқаушы, бекем тұтынатын жолбасшы ретінде түсірілген» Алла Тағаланың кәламы. Ендеше, оған жеткізетін жалғыз ғана жол бар: ол – барша құлшылықтың негізі ілім мен тәрбие ғана. Дүние мен ақыретте адамды періштеден де жоғары дәрежеге көтеріп, қолына бақыт кілтін ұстататын білім мен әдеп [3, 20].

Адамзат баласы Алла Тағаланың құзырында ілімімен, ілімімен, сол ілімі бойынша жасаған амалымен қайырлы: «Білетіндер мен білмейтіндер тең бе?» , «Бұлардың ішіндегі ғылымға бойлағандарға зор сый береміз» [4, Ниса, 162], «Сондай-ақ, құлдарынан (ең алдымен) ғалымдар Алладан қорқады» [4, Фатыр, 28], «Раббым, білімімді арттыра гөр!» [4, Таһа, 11].

Білімнің қадыр-қасиетінің өте жоғары екенін ұлт зиялылары білген, әрі осы жолда өздері амал еткен. Хакім Абайдың «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрсемен озам деу – ақымақтық» деген қарасөзінің де бастау-бұлағы Құран аяттарына келіп саяды [1, 111]. Махмұд Қашқари данамыз: «Білімдінің сөзін тыңда, айтқанын үйрен, іске асыр», – десе, Шал ақынымыз: «Білімің болса дағы ұшан-теңіз, пайдасы жоқ халқыңа қызмет етпей», – дейді. Ш.Шыңғысұлы: «Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін, алдымен, азаттық пен білім керек», – деген.

Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Мәдинаға қоныс аударған (хижра) соң Мәдина даласына мешіт салдырып, сахабаларына ілім үйреткен. Пайғамбар (с.ғ.с.) ілімді дүниелік істерден жоғары қойған. Бәдір соғысынан соң, қолға түскен тұтқынның ішіндегі сауаттыларына он мұсылманның сауатын ашуды міндеттеген. Егер де бұлай болған жағдайда, оларды тұтқындықтан босатуға уәде берген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Құран айтқан «білгенді үйрету» әміріне басшылыққа алған. Білгендердің білмегендерге үйретуін бұйырған. Діннен мақұрым аймақтарға дін үйрететін ұстаздарды жіберіп отырған. Пайғамбар (с.ғ.с.) – осылайша алғаш мұсылмандардың білім алуына өзі ұйытқы болған, адамзатқа үлгі болған теңдессіз тұлға.

«Мен көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім» деген пайғамбар (с.ғ.с.) миссиясы – тәблиғ, Ислам дінін жеткізіп, таратушы, яғни білім мен тәрбиеде адамзатқа үлгі болу [5, 102]. Таблиғ жайында Имам Ағзам (ө.ж. – 150) былай дейді: «Тәрбие – тұлғаны тәрбиелеп, немесе керісінше бұзатын нәрсені білу» дегенді білдіреді. Маверди болса, былай дейді: «Тәрбие тірекке ұқсайды. Алла Тағала адамды сол арқылы ақылды кемелдендіреді. Тәрбие әсемдік, ұрпағы құруға

айналғандарды, Алла Тағала тәрбие арқылы көркемдейді». Зернуси: «Білім – зейінді алатын нәрсе, тәрбие – білім мен үкім жүйелерін үйретеді» деген. Ибни Сина «қандай да бір нәрсені, әдетке айналдырғанша қысқа әрі ұзақ уақыт қайталау» деген анықтама берген. Атақты тәпсірші Бейзауи болса, тәрбиені, «Бір нәрсені бірте-бірте дамыта отырып, кемелдікке жеткізу» деп түсіндірген. Осылайша тәрбиенің оқу ісін де қамтитынын айтуға болады.

Ислам тарихында ғылым – ерекше құрметке ие құндылық. Ертедегі ислам мемлекеттерінде патшалар танымал дін қайраткерлерін қамқорлығына алды, қабілетті ғалымдардың жұмыс істеуіне мүмкіндіктер жасап берді. Ерте кезден-ақ ислам әлемінің барлық қалаларындағы мешіттер мен медреселерде біртіндеп кітапханалар салына бастады. Бұл іс ислам әлемінің білім алуға қаншалықты деңгейде көңіл аударғанын аңғартса керек. Мұсылман елдерінің саяси-қоғамдық өмірінде философтар мен ойшылдар маңызды рөл ойнағанын тарихтан білеміз. Мұсылман ойшылдары қоғамдық пікірге ықпал етті және көптеген мемлекеттік маңызы бар шешімдердің қабылдануына түрткі болды. Әбул Әсуад әд-Дуали былай деген еді: «Патшалар адамдарды басқарады, ал патшаларды ғалымдар басқарады». Бұл сөз билеушілердің білім иелеріне жүгінгенін аңғартады.

Сол себепті Ислам әлемінде ғылым-білім кең қанат жайып, мұсылманша оқытатын оқу ордалары халыққа қызмет етті. Тіпті VII ғасырда мешіттердің жанынан мұсылмандық бастауыш діни мектептер ашылды. Олар күні бүгінге дейін сауат ашу курстары ретінде халыққа қызмет етуде. Бұл мектептердің құрылуы таифтік әл-Хажжаж ибн Жүністің есімімен байланыстырылады. Исламның өркендеу кезеңінде көптеген мұсылман қалаларында жоғары оқу мектептері (медресе) қызмет етеді. Мұсылман әлеміндегі белгілі медреселер қатарына Бәйт әл-Хикма (Бағдад IX ғ.), әл-Каравийия (Бағдад IX ғ.), әл-Азхар (Мысыр X ғ.), ән-Низамийя (Бағдад XI ғ.), әл-Мустансырийя (Бағдад XIII ғ.) жатады.

Аталған мектептердің әрқайсысының өздеріне тән ерекшеліктері де жоқ емес. Мұсылман медреселері Еуропадағы бүгінгі таңда әлемге әйгілі жоғары оқу орындарының ашылуына түрткі (үлгі) болды. Айталық, Еуропадағы Болон, Париж, Монпель, Оксфорд университеттері XII ғасырдан кейін, яғни Ислам медреселерінен көп кейін өмірге келді. Сондай-ақ, орта ғасырлардағы Ислам ғылымы жеткен жетістікті әлі күнге ілем ғылымының қайталай алмай отырғаны – мұсылмандық өркениеттің биіктігін көрсететін жағдай. Философ-ойшыл әл-Кинди, математик әл-Хорезми, медицина саласының білгірі Ибн Сина, математик, астроном әл-Баттани, екінші ұстаз әл-Фараби т.б. даналар – Ислам топырағынан өсіп-өнген даналар. Ислам дінінің осындай жетістікке жетуінің құпиясы оның ілім алушыға қоятын талабымен де байланысты. Әр ниеттің ықыласты, әр сөздің іспен бекіп, амалдарда көрінуін қалайтын дініміз – білім мазмұнына жоғары талап қоятын дін.

Ислам діні адам баласын үнемі Алламен бірге болуға шақырып, оның әмірлерін орындауда өте мұқият болу керектігін міндеттейді. Белгілі Ислам философы Мұхаммед Икбал: «Өміріміз бен тәрбиеміздің басты мақсаты Ислам болу керек. Біліміміз дінге сүйенбейтін болса, оның түкке де пайдасы жоқ. Мұсылманның міндеті, білімді Ислам негізінде қарастыруы керек. Сонда ғана білімнің жаны рухы кіреді деу арқылы Ислами түсінік екендігін көрсетіп отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құран пайғамбарлардың міндеттерін айта отырып, түсірген кітаптарында иманға келіп, Аллаға мойын сұнуды баян етеді. Сондықтан пайғамбарлардың міндеті өздері жіберілген қауымды білім мен тәрбиеге баулып, тәрбиелеу, Алла Тағала әмірін орындап, тыйымдарынан тыю, туралық пен әдептілікті үйрету. Демек, Ислами тәрбиенің мақсаты – адамзатты дүние мен ақыретте бақытқа жеткізу. «Ислами

білімнің мақсаты ақырет бақыты» болғандықтан, Ислами тәрбиенің мақсаты да адамды мәңгілік бақытқа жеткізу.

Ислам діні адамның бұл дүние мен о дүниенің ісімен айналысуын қалап, о дүниенің жемісіне бұл дүние арқылы жететіндігін баяндаған. Сондықтан да Ислам тәрбиесі екі дүние бақытын көздейтін болғандықтан, дін тәрбиесінің мақсаты осы мақсатқа жеткізу болып табылады

Әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбаев. Шығармалары, -Алматы: Жазушы, 1981 ж. – 260 б.
2. Ибн Абдул Бар. «Жамил Баянил Илм». 11-том – Стамбул, 1979 ж. – 500 б.
3. Әбу Дауыд. «Сүннен». II-том Стамбул, 1989 ж. - 505 б.
4. Құран Кәрім және қазақша түсіндірмесі (Х.Алтай аудармасы бойынша).
5. Әл-Бұхари. «Сахих хадистер» I том, - Алматы: Көкжиек, 2000 ж. – 440 б.

Резюме

Без религиозного учения ислама и без Корана невозможно говорить о формировании и развитии образования в мусульманских обществах. Мусульманская система образования первоначально базировалась на чтении и заучивании наизусть отдельных коранических аятов и сур. Всякий знаток коранического текста собирал вокруг себя мусульман в мечети и обучал других чтению и письму на основе коранического текста.

Summary

Without the religious studies of islam and without Koran it is impossible to talk about forming and development of education in moslem societies. The moslem system of education was originally based on reading and overlearning by heart separate koran aятов and сур. Every connoisseur of koran text collected round itself moslems in a mosque and taught other to reading and letter on the basis of koran text.

ӘОЖ 82.03;82:81'38

А.Б. Кабошева, Ж.Е. Габдуллина

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
Kabosheva.anara@mail.ru, g.zh.e@inbox.ru

АУДАРМА ЖАСАУДАҒЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Аңдатпа

Бұл мақалада бір тілден екінші тілге аудару барысында түрлі әдіс-тәсілдер мен трансформациялардың қолданылуы және олардың маңыздылығы туралы айтылады.

Негізгі сөздер: трансформация, түпнұсқа, аудармалық транскрипция, транслитерация, аударма бірліктері

КІРІСПЕ

Аударма ұғымы мен оның мәнін, әсіресе, мәдениеттанулық ғылым аясындағы мазмұнына қол жеткізу үшін аударма түсінігін талдаудан бастаған жөн. Айтылған сөзді ауызша аудару барысындағы тілмаштық болсын, хатқа түсірілген сөзді жазбаша тәржімалау болсын, жалпы, мән-мағынаны тасымалдау (хабарлау, баяндау, әңгімелеу) болсын – бәрі бір-біріне қатысты, жалпылама алғанда, аударма деуге

негіз бар. Аудармашылық іскерлік дегеніміз адами әлемнің заңды процесі, әрі кез келген жанның табиғи қабілеті. Бір тілдің өз ішінде әлдебіреудің айтқанын, жазғанын одан басқа адам қабылдау, түсіну барысында өзінің “ішкі” тіліне аударды деуге болады. Өйткені әрбір адамның “өз тілі” бар, сондықтан басқа адамның айтқанын біз үнемі аударма заңдылығымен қабыл аламыз.

Кезінде Р. Якобсон “Аударма туралы” деген эссесінде аударманың үш түрін көрсеткен екен:

1) бір тілдің өзінің ішіндегі тілішілік аударма, яғни бір тілдің лингвистикалық белгілерін сол тілдің басқа белгілерімен сипаттау – түсініктеме, талдау, мазмұндау, бір тілдің ескі нұсқасында жазылған шығарманы жаңаша сөйлету (мысалы, көне түркі тіліндегі жәдігерлерді бүгінгі қазақ тілінде түсінікті етіп жеткізу) және т.б.;

2) сөздің төл мағынасындағы аударма, немесе, тіларалық аударма, яғни бір тілдің лингвистикалық белгілерін басқа тілде беру;

3) семиотикааралық аударма, немесе трансмутация, яғни тілдің лингвистикалық белгілерін бейлингвистикалық белгілер жүйесі арқылы қайталау. Мысалы: белгілі роман не повесть желісінде фильм түсіру немесе қойылымдар даярлау. [1, 16 б]

Аударма ұғымының тар және кең мағынасы бар. Тар мағынасында аударма деп бір тілдің ауызекі немесе жазулы ақпаратын (мәтінін) екінші бір тілде түсінікті етіп жеткізуді айтады. Тар мағынасындағы аударма жалпы аударма ұғымының көпке үйреншікті, дағдылы түсінігін білдіреді. [2; 125 б]. Расында да, аударма дегенде ана тілімізден басқа тілде жазылған көркем-әдеби шығарма мәтіні немесе басқа да керегі болып тұрған ақпарат, хабарлама және т.б.-ны өзімізге түсінікті түрде өз тілімізде бізге жеткізуді көз алдымызға елестетеміз.

Кең мағынасында аударма деп қандай да болмасын мәдени ақпарат түрін, мәдени мәтінді өзінің үйреншікті арнасынан басқа түрге ауыстыру, оны сол мәтін жазылған, айтылған, жасалған “тілден” (бұл тұста тіл деген тар лингвистикалық мағынада қолданылып тұрған жоқ) басқа бір тілге мән-мағынасын бұзбай жеткізуді айтады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін аударма жасауда **аудармалық немесе тіларалық трансформацияны ұтымды пайдалана білудің маңыздылығы зор.**

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Аудармалық немесе тіларалық трансформация дегеніміз - қайта жасап өзгертудің көмегімен түпнұсқа бірліктерін аударма бірліктерінен өтуді айтады. Аудармалық трансформация мазмұн мен мәнері бар тіл бірліктерімен жасалатындықтан олар формальді-семантикалық сипатқа ие, әрине бастапқы бірліктерді форма жағынан да мағына жағынан да өзгертеді. Аударма процесін сипаттау шеңберінде аудармалық трансформация статистикалық жағынан, яғни бастапқы тіл бірліктерімен олардың сөздіктегі сәйкес келушілігінің арасындағы қатынасты талдау емес, динамикалық жағынан, яғни аударма тәсілі (әдісі) ретінде, аудармашы әртүрлі түпнұсқаны аудару кезінде сөздік сәйкестігі жоқ, контекст бойынша қолдануға келмейтін жағдайда қолдана алатын аударма тәсілі ретінде қарастырылады. Бастапқы тіл бірліктерінің сипатына қарай аудармалық өзгертулер лексикалық және грамматикалық болып 2-ге бөлінеді. Сонымен бірге күрделі лексика-грамматикалық өзгертулер, яғни бір мезгілде түпнұсқаның лексикалық және грамматикалық өзгерту немесе деңгей аралық, яғни лексикалық бірліктен грамматикалық бірлікке не керісінше грамматикалық бірліктен лексикалық бірлікке өту түрі болады. Аударма процесінде қолданылатын лексикалық өзгертулердің негізгі типтері мынандай аудармалық тәсілдерден тұрады: аудармалық

транскрипция және транслитерация, калькирование және лексикалық-семантикалық ауыстырулар (конкретизация-нақтылау, генерализация-жалпылау және модуляция). Ең көп тараған грамматикалық өзгертуге: синтактикалық ұқсасу (уподобление) (дословный перевод – сөзбе-сөз, өзгеріссіз), сөйлемді мүшелерге бөлу, сөйлемдерді біріктіру, грамматикалық ауыстыру (сөздің формасын, сөз табын немесе сөйлем мүшесін) ауыстыру жатады. Күрделі лексикалық-грамматикалық өзгертуге: антонимдік аударма, экспликация (описательный-перевод - сипаттау) және компенсация жатады. [3; 39 б]

Көбіне түпнұсқа тілі мен аударма тіліндегі айырмашылықтарға көптеп мән беріледі. Алайда аударманың объектісі дерексіз жүйе емес, нақты тілдік мәтін екеніне назар аударылды. Аудармашының жұмысы осы нақты мәтіннің тіліне байланысты істелетін нақты әрекеттерден тұратынын да ескеру қажет.

Аудармада бара-барлыққа жету аудармашыдан әр қилы тіл аралық өзгертулер жасай білуді талап етеді. Бұндай трансформациялар кезінде көбіне түпнұсқа тіліндегі хабар, мағлұматтарды, мазмұнды аударма тіл нормаларын сақтай отырып жеткізу мақсатына бағындырылады.

Аудару процесінде кездесетін бұндай әрекеттер, ғалымдардың көрсетуінше төрт типке бөлінеді:

1. Орын алмастыру (перестановки);
2. Ауыстыру (замены);
3. Қосу (добавления);
4. Түсіріп тастау (опущения).

Бұлай бөлу, айта кету керек, шартты бөлу, жуықтап қана бөлу, өйткені көбіне бұлар аудару үстінде бір-бірімен қоса жарыса бірігіп, араласып келіп отырады.

1. Орын алмастыру. Бұл — аудару үстінде түпнұсқа тілдегі элементтердің орналасу тәртібін аударма тексте өзгертіп беру. Алмастырылатын, әдетте, сөздер, сөз тіркестері, құрмалас сөйлемдерді құрастырушы сыңарлардың орын тәртібі, дербес сөйлемдердің тіркестегі орны.

Аудару үстінде неғұрлым көп кездесетін жайт — түпнұсқа мәтіннің сөйлемдегі сөздер мен сөз тіркестерінің орын тәртібінің аударма мәтінге өзгеріске ұшырауы. Мысалы, орыс тілінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі еркін, ал қазақ тілінде қалыптасқан, тұрақты. Осыған байланысты бір аударма: Не послушался апрелец своего коня, поднял перо жар-птицы, привез и подносит царю в дар. Мерген тұлпардың айтқанына көнбепті, зымыран құстың қауырсынын әкеп, патшаға тартыпты. Бұл аудармада орын алмастыру бір сөйлемнің ішінде болып тұр.

Кейде түпнұсқада белгілі бір сөйлемде тұрған сөзді аударма тексте бұл сөйлемнен келесі бір сөйлемге көшіріп аударуға тура келеді:

Мен базардан сатып алған телпекті кидім.

Бір ұзын құнқағары бар аңшының қызыл телпегі еді. –

Я надел красную шапку, которую утром купил в базаре.

Это была охоничья шапка, с очень-очень длинным козырьком.

Бұл аударуда орын ауыстыруға мүмкіндік берін тұрған нәрсе— «телпек» сөзінің екі сөйлемде де қайталануы.

Құрмаластың компоненттерінің аударуда орын өзгертуі – заңды құбылыс. Бір мысалы:

Я в отчаянье, если бы Вы нато не согласились. –

Егер сіз бұған келіспесеңіз, мен өкініп қалар едім.

Түпнұсқа мәтін құрамындағы аяқталған сөйлемдердің аударма тексте орын тәртібінің, яғни текстегі орынның өзгеруі немесе басқа абзацқа көшуі мүмкін. Бұған

мысал М.Әуезовтің Джек Лондонның «Волк» әңгімесін аударуынан келтіруге болады. Аударма текстегі ең алғашқы тұрған екі сөйлем;

— Қасқыр ! Қасқыр! Қасқыр! — деп, Медж итін шақырып тұр еді.

Ирвин екі саусағын аузына сұғып тұрып, қатты ысқырып жібереді. Бұндағы 1 сөйлем түпнұсқада 6-шы абзацта тұр:

— Волк! Волк Сюда! — позвала Медж. Ал 2-ші сөйлем 8-ші абзацта тұр:

Ирвин сунул себе в род оба мизинца, и его пронзительный свист присоединился к зову Медж. [4; 45 б]

Бір қараған адамға бұл ауыстыруда мән жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ аудармашының байқампаздығы сонда, ол кейінгі сөйлемдегі «...свист присоединился к зову Медж» деген бөліктің қасқырды шақырумен ілесіп тұруының заңды екенін, аударма тексте табиғилық сипат беретіндігін шығармашылықпен түйген.

2. Ауыстыру. Бұл түпнұсқа мәтіндегі сөз формаларын, таптарын, сөйлемшелерін, синтаксистік байланыс түрлерін т.с.с. аударма мәтінде бұлардан өзгеше тілдік бірліктермен ауыстыру.

Кейде түпнұсқаның сөйлеміндегі нақты атаулар аудармада есімдік арқылы беріледі, кейде керісінше де болуы мүмкін. Бұл бір сөзді қайталай бермеу мақсатынан туған әрекеттер болады.

Түпнұсқадағы зат есім аудармада етістік түрінде беріле алады. Мысалы: Свист его был сильным. — Ол қатты ысқырды. Бұл жерде «оның ысқырығы қатты болды» деп аударса, түпнұсқа мәні өзгеріп оны қазақша «ашуы қатты болды» деп екі ұшты түсініп қалуымыз мүмкін.

Орыс тілінен қазақ тіліне аударуда сын есімдердің зат есімге ауысып отыруы — жиі кездесетін құбылыс. Мысалы:

Английское правительство – Ағылшын үкіметі, серебряная ложка — күміс қасық, мамино пальто — шешемнің пальтосы т.с.с.

Кейде орыс тіліндегі демеулікті зат есімдер қазақ тіліне сын есім түрінде де беріледі: Девушка из города — қалалық қыз, человек с характером — мінезді адам т.с.с.

Сөйлем мүшелерін ауыстыру. Ауыстырудың бұл түрі орыс тілі мен қазақ тілі мысалында алсақ, мынадай тұстарда кездеседі: Книга прочитана мной. — Мен кітапты оқып шықтым. Бұл аударуда толықтауыш бастауышқа ауыстырылып тұр, өйткені ырықсыз (пассив) құрылым қазақ тіліне сол түрде аударылмайды.

Орыс сөйлеміндегі пысықтауыш қазақ тіліне бастауыш түрінде аударыла алады: В комнате стояла жара. – Бөлме қапырық болып тұр еді. Бұл ауысуға себеп орыс тіліндегі бастауыш пен баяндауыштың арасындағы мағыналық байланыс қазақ тіліне сәйкес келмеуінен.

Сөйлем мүшелерін ауыстыруда сөйлемдегі коммуникативтілік мүддені еске ұстаған жөн. Мәселен, У них был долгий, душевный разговор деген сөйлемді екі түрлі аударуға болады:

1. Олар ұзақ, шын жүректен әңгімелесті;
2. Олардың әңгімесі ашық та ұзақ болды.

Егер түпнұсқа авторы әңгіменің «өткендігіне» ден қойып отырған болса, бірінші нұсқа дұрыс болар еді де, ал өткен әңгіменін сипатын көрсетуді мақсат тұтса, екінші нұсқа ұтымды болып шығар еді.

Құрмалас сөйлем көлеміндегі ауыстырулар. Құрмалас сөйлем құрылысына байланысты синтаксистік трансформациялардың төмендегідей түрлері орыс тілінен қазақ тіліне аударуда жиі кездеседі.

1. Жай сөйлемді құрмалас сөйлем етіп аудару;

2. Құрмалас сөйлемді жай сөйлем етіп аудару;
3. Басыңқы сөйлемді бағынышты етіп немесе бағыныңқыны басыңқы етіп аудару;
4. Сабақтастың байланысты салалас етіп немесе салалас байланысты сабақтас етіп жеткізу;
5. Жалғаулықты байланысты жалғаулықсыз етіп немесе, керісінше, жалғаулықсыз байланысты жалғаулықты етіп аудару.

Бұл трансформациялардың бірінші түрі орыс тілінен қазақ тіліне аударуда өте сирек кездесетінін байқадық, ал қазақ тілінен орыс тіліне аударуда жиі кездеседі. Мысалы: Тың жерді игерудің не екенін білемісің?— Ты знаешь, что такое освоение целины? [5; 105 б]

Құрмалас сөйлемді жай сөйлем етіп аудару орыс тілінен қазақ тіліне аударуда жиі кездеседі. Әсіресе орыс тіліндегі «который», «что» т.с.с. жалғаулықтар арқылы байланысқан құрмалас қазақ тіліне көбіне жай сөйлем түрінде жеткізіледі. Мысалы, В моей небольшой библиотеке сохраняются лишь те книги, к которым я постоянно возвращаюсь (Азия) — Менің шағын кітапханамда мен әрқашан қайта қауытып отыратын кітаптар ғана сақталады. Что волки жадны, всякий знает — Қасқырдың қомағай екенін әркім біледі. Уединенный дом, куда мы переехали, стоял в глубине теннисного сада — Ал көшіп кірген оңаша үй саябақтың ең түпкірінде тұратын еді.

Сөз қылып отырған трансформациямыздың ерекше бір түріне түпнұсқадағы құрмалас сөйлемді мүшелеп бірнеше жай сөйлем етіп аудару жатады. Бұған мысал өткен тарауда М.Әуезов аудармасынан қатысты келтірілген.

Басыңқы тұрғының бағыныңқыға ауысуы. Бірден мысалдан бастайық: Разошлись по домам после того, как отряд остановился в центре города и начал размещаться по квартирам.

-Отряд қалашық орталығына келіп орналасқаннан соң үйді-үйлеріне тарады. Бұл құбылыс, әрине, сирек кездеседі, дегенмен синтаксистік түзілімнің терең мағынасын білу — парыз.

Сабақтастық байланысты салаластық байланысқа ауыстыру. Қазақ тілінде сабақтас құрмалас сөйлемдегі компоненттері жалғаулық арқылы байланыспайтыны белгілі. Жалғаулық арқылы байланысу қазақ тілінде салалас құрмаласқа тән. Ал орыс тілінде сабақтас құрмалас сөйлемнің арнайы жалғаулықтары бар. Орыс тіліндегі осы сипаттағы құрмалас сөйлемдердің кейбірі қазақ тіліне аударғанда салаласқа ауысып кетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қандай да бір қалыптағыдан тыс ерекше мәтінмен жұмыс жасау барысында функционалдық қызметінен ауытқыған басқа бір бірліктер қолданылуы тиіс. Басқаша айтқанда, трансформациялық тәсілдері қажет. Осы талап кей аудармашылардың назарына ілінбей жатады. Тілдік бірліктердің окказионалды қолданыс ерекшеліктеріне мән бермеу нәтижесінде аударма мәтінінде түпнұсқаның мазмұны жоғалып, аудармада әр қилы ағаттықтар мен кемшіліктер орын алады.

Қорыта айтқанда аударма үдерісінде трансформациялық тәсілді қолдана отырып аударма жасауды оқып-үйреніп алудың аса маңыздылығын шартты екенін тағы да ескере отыру қажет. Жалпы аударманың нәтижелі болуы аудармашының аялық біліміне, мәтінді түсінуі мен шығармашылық талантына байланысты екені даусыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М., 1975. 15-17 бб.
- 2 Львовская З.Д. Теоретические проблемы перевода. – М., 1985. 122-127 бб.
- 3 Комиссаров В.Н. Лингвистика перевода. – М., 1980. 42-45 бб.
- 4 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. – М., 1974. 45 бб.
- 5 Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. – М., 1988. – 102-108 бб.

Резюме

В статье рассматривается проблемы переводческих трансформации при переводе контекста оригинала. Одним из способов передачи смысла предложения с одного языка на другой является употребление переводческих трансформации. В переводоведении существуют различные виды классификации типов трансформации. Конечно, многие из этих классификаций определяются условно, и между ними нет строгих ограничений. Некоторые виды трансформации являются общими для всех типов. На сегодняшний день в казахском переводоведении типология трансформационных операций недостаточно изучена. Несомненно, качественный полноценный перевод зависит от профессиональных навыков, мастерства, фоновых знаний переводчика и осознания контекста.

Ключевые слова: трансформация, изменения в переводе, эквивалентность, переводческая транскрипция, транслитерация,

Summary

The article deals with the problem of transformation during the context translation. Transformation is one of means to transform words from one language into another. The science of translation is rich with its various kinds of transformation types. However, most of the types are determined with no limitation between them. Some types of transformation are general for all of the rest. Nowadays the typology of transformational operation has not enough studied in the science of Kazakh translation. Obviously, qualitative sterling translation depends upon professional skills, mastery and background knowledge.

Key words: transformation, changes in the translation, transposition, translation transcription.

ӘӨЖ 81.16.

А.Бағытжанова

6M011700-Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының магистранты
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ. Студенттік даңғыл,212
e-mail: Aizan ova@ mail.ru

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі фразеология саласы және Абай шығармашылығындағы фразеологизмдерді зерттеушілердің тұжырымдары қаралады. Тілімізде қолданылатын жеке сөздермен бірге, көптеген ерекше қалыптасқан сөз тіркестері және сөйлемшелер бар. Ол тіркестердің екі не одан да

көп компоненттері болады, бірақ тіркестер семантикалық бірлікте болып, тұтас бір ұғымды білдіретіні туралы айтылады.

Негізгі сөздер: фразеологизмдердің зерттелуі, қазақ тіліндегі фразеологизмдер, тұрақты тіркестер, тілдің фразеологиялық құрамы, Абай фразеологизмдерінің ерекшелігі.

КІРІСПЕ

Тіл дегеніміз – ғасырлар бойы қалыптасқан әрбір халықтың қарым-қатынас, дүние тану, рухани даму құралы екені белгілі. Тіл құбылысын зерттейтін тілтану ғылымының көптеген саласы бар екені белгілі. Сол бағыттардың ішіндегі маңызды саланың бірі – фразеологизм. Ол қазақ тіл білімінде тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын күрделі түрін зерттейді. Тілімізде қолданылатын жеке сөздермен бірге, көптеген ерекше қалыптасқан сөз тіркестері және сөйлемшелер бар. Ол тіркестердің екі не одан да көп компоненттері болады, бірақ тіркестер семантикалық бірлікте болып, тұтас бір ұғымды білдіреді. Мысалы: *көз бояу, жүрегінің түгі бар, қу бастан қуырдақты ет алған* т.б. Мұндай тұрақты сөз тіркестерінің мағынасы ғасырлар бойы қалыптасып, ел аузында көп айтылып, жалпы халыққа түсінікті болып келеді. Фразеологизмдерді зерттеу арқылы тек тілдің өткенін, түп тамырын ғана емес, сол тілді қолданушы халықтың мәдениетін терең білуге болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бұл фразеология термині (грек. *phrasis* сөйлемше және *logos* сөз, ілім деген мағына береді) қазіргі тіл білімінде екі бағытта зерттеу жүргізеді. Ол біріншіден, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін бағыты, ал екіншіден, белгілі бір тілдің құрамындағы фразеологизмдердің қорын зерттейді. Тұрақты тіркестер – екі немесе бірнеше сөздердің тіркесуі арқылы тұтас бір мағына білдіретін сөз тіркестері – фразеологизмдер. Фразеологизм саласы тілдегі фразеологиялық жүйені, оның тарихын зерттейтін тіл білімінің маңызды саласы. Отандық тіл білімінде фразеологияның өзіндік зерттелуі, зерттеуші ғалымдары бар.

Жалпы ұлттың фразеологиясы деген аса құнды лингвистикалық қор болып табылады. Онда сол ұлттың дүниетаным жүйесі, этномәдениеті, салт-дәстүрі, ғұрыптары сақталған. Мысалы, қазақ халқының бар даналығы, дүниеге көзқарасы тілінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Фразеология саласының теориялық негіздері XIX ғасыр мен XX ғасыр басында орыс ғалымдары А.А.Потебня, И.И.Серезневский, А.А.Шахматов, Ф.Ф.Фортунатов еңбектерінде қалыптасқан.

Елімізде фразеологияның іргетасын қалаған, оның қазақ тіл біліміндегі бағытын айқындаған академик І.Кеңесбаев болды. Сонау 1977 жылы оның көпжылдық зерттеулерінің нәтижесі ретінде «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі жарық көрді, онда он мыңнан астам фразеологизм берілген. Одан кейін ғалымдар А.Ысқақов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ф.Мұсабаев қазақ фразеологиясының арнайы бағыт болып қалыптасуы жолында көптеген мәселелерді ғылыми тұрғыдан анықтауға үлес қосты.

Фразеологизмдер мәселесі ғалымдар Ә.Т.Қайдар, Р.Сыздық, Р.Сәрсенбаев, Ә.Болғанбаев, Ә.Айтбаев, Н.Уалиев, С.Сатенова, Г.Смағұлова ғылыми еңбектерінде жан-жақты сөз болды. Мысалы, І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», Ә.Қайдардың «Қазақ тілінің өзекті мәселелері», Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» сияқты еңбектері бар.

Соңғы жылдардағы үлкен еңбек ғалым Р.Авакованың «фразеология теориясы» деп аталатын еңбегі. Содан басқа А.Байталиев, Р.Сарсенбаев, С.Төлекова, Р.Жайсақова, Х.Қожахметова, М.Жақыпбеков, зерттеулерінің өзіндік орны бар.

Ғалымдар Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде қазақ фразеологиясының зерттелу тарихы, оның басты белгілері, түрлері, фразеологиялық тұтастықтар, бірліктер, тіркестер, сөйлемшелер, мағыналас фразеологизмдер, антонимдер, фразеологизмдердің грамматикалық сипаты мен қызметі және т.б. кеңінен талқыланды.

Ғалым Р.Авакова фразеологизмдердің тіл қабаттарындағы орнын, ондағы ұлт мәдениетінің көрінісін, этнофразеологизмдердің танымдық нышандарын, танымдық семантикасын, көнерген сөздер семантикасын, таңбалық-символдық семантикасын, көне тілдік элементтерін айырады [1]. Фразеологизмдер мәселесі ғалымдар тарапынан әртүрлі жағынан қаралады, себебі, олар тілдің барлық саласында қолданысқа ие. Мысалы, Р.Авакова фразеологизмдерді зерттеудің мына бағыттарын көретіп береді: стильдік қызметі (М.Серғалиев, Г.Қосымова, Г.Боранбаева), көркем шығармаларда қолданылуы (Ө.Айтбайұлы, Б.Шалабай, Х.Қожахметова, М.Жәнібеков), мағыналық, тақырыптық тұрғыдан топтастырылуы (А.Елешова, Р.Жайсақова), диалектілік ерекшеліктер (Ш.Сарыбаев, Қ.Қалыбаева, С.Мұстафаұлы) және тағы басқалар. Осы бағыттардың ішінде біз үшін қызықтысы көркем әдебиеттегі фразеологизмдерді қолдану, оның ерекшеліктері, түрлері. Әрине, фразеологизмдерді зерттеудегі мысалдардың бәрі көркем әдебиеттен алынады. І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» кітабынан осының мысалын көреміз. Бұл туралы М.Серғалиев былай дейді: «бір жағынан, қазіргі қолданысымызда жоқ немесе өте аз ұшырасатын сөздерді айналымға түсіріп, тілдің байлығын артырудың тағы бір жолын көретіп отырса, екінші жағынан, көркем бейнелер жасауда мүмкіндіктің молая түскенін дәлелдейді» [2, 372]. Ал Р.Авакованың ойынша, «Сондықтан да авторлардың тілін зерттеу, олардың қолданысындағы тілдік бірліктерге ғылыми баға беру теориялық дәйектемелер жасауға мүмкіндік беретіні сөзсіз» [1, 19]. Ө.Айтбайұлы «Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары» кітабында аудармаға байланысты әдебиеттегі фразеологизмдер мәселені зерттейді. Фразеологизмдердің халық тілінен шыққанын, оны жазушының көркемдеп, жүйелеп жеткізгенін айтады. Оларды қолданудың өзі үш түрге бөлінеді. Автордың *талғамына, шығарманың мазмұн-мақсатына, жанрға байланысты* [3, 127]. «Қандай тілде болмасын фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті... Яғни, фразеологизмдердің көпшілігі айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады», - деді Ө.Айтбайұлы.

Сондықтан, осындай фразеологизмдердің жарқын үлгісін біз көркем әдебиеттен табамыз. Бұл оның үстіне ұлттық мәдениет пен тілдің, даналықтың үлгілерін береді, қазақ сөз өнерінің озық табиғатын паш етеді. Міне, осындай сөз мәйегінің ерекше мазмұнын біз ұлы Абай еңбектерінен табатынымыз сөзсіз. Әрине, Абай сөзі мен даналық ойлары талай ғалымдар талдап, зерттеп келе жатқан, бітпейтін қазына, терең теңіздей ой. Абайдың шығармашылығын фразеологизмдерінің ерекшелігі, құрылымы тұрғысынан талдау нәтижелі әдістемелік қадам болатыны сөзсіз.

Енді Абай фразеологизмдерінің зерттелуі мәселесіне біраз шолу жасап өтсек. Ұлы ақын, ойшылға арналған арнайы «Абай» энциклопедиялық сөздігінде ғалым Р.Сыздықова: «Абай тіліндегі фразеологизмді жалпы халықтық тілден, сонымен бірге өзіне дейінгі ауызша әдеби тілден алып қолданған және ақынның өзі жасаған

тіркестері деп бөліп қараған абзал», - дейді [4, 587]. Бұл Абайдағы фразеологизмдерді зерттеуде басшылыққа алатын маңызды әдістемелік ұстаным екені сөзсіз. Осы белгілі ғалымның «Абайдың сөз өнері» кітабында «Абай фразеологизмі» деген арнаулы бөлім бар. Р.Сыздықовадан басқа осы мәселе бойынша алғаш қалам тартқан Қ.Жұмалиев «Қазақтың өлең құрылысы, тіл жөніндегі Абайдың жаңалықтары» мақаласын, З.Машабаева деген зерттеуші «Абай шығармаларындағы фразеологиялық ерекшеліктері» сияқты мақалалар жазған екен. Ғалым Р.Сыздықова Абайдағы образды тіркестердің көптігін айта келе, олардың өлең жолдарында көп қолданылуымен түсіндіреді және ақын пайдаланған фразеологиялық тіркестердің экспрессивтік бояуына көңіл аударады. Осы жерде ғалым Абай фразеологизмдерін зерттеуге қатысты мынадай әдістемелік екі ұстанымды ұсынады: «Абай тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуде оларды екі қырынан талдау қажет. Бірінде,.. фразеологиялық тіркестерді жалпы түстеп-түгендеу, мұнда негізгі назар Абайдың өзі ұсынған авторлық фразеологизмдерге аударылады, олардың жасалу механизмі сөз болады, екіншісінде фразеологизмдерді ақынның қалайша жұмсағанын айқындау, мұнда негізгі фразеологизмдердің құрылымы мен мағынасына енгізілген өзгерістерге аударылады» [5, 98]. Ғалым өз кітабында ақын қолданған фразеологизмдердің лексика-семантикалық және құрылымдық сипаттамасын зерттейді. Осыған байланысты ақын шығармашылығының негізгі тақырыбы-адам, қоғам, сол қоғамның заманы екеніне назар аударады. Әрі қарай ғалым Абай қолданған фразеологизмдердің мына бағыттарын атап өтеді: «... адамды сипаттайтын, адамның ішкі жан-дүниесін танытатын, адамның іс-әрекет, қимылын суреттейтін, сол қимыл, іс-әрекеттің орындалу амалын бейнелейтін, өмірді, өлімді, жастықты, кәрілікті, астарлап атайтын, табиғат құбылыстарын бейнелейтін фразеологизмдер деп қарауға болады. Бұл семантикалық топтағы фразеологизмдер байырғы және жаңа болып және бөлінеді» [5, 104]. Сонымен қатар Абайдың жаңа фразеологизмдер туғызудағы жаңалығы ретінде ақынның бір сөзді бірнеше фразеологизмнің компоненті етіп пайдалану тәсілін көрсетеді және «сату» етістігін тіркем жасам құралы ете отырып бірнеше жаңа тіркестер жасағанын мысал етеді. Абай сөз өнерінің жаңалығы ретінде зерттеуші синкреттік амалмен жасалған фразеологизмдердің тобын айтады: «синкреттік тәсіл – Абайда жүйеге айналып, көріктеудің, актив құралдардың бірінен саналады» [5, 114]. Ғалым Р.Сыздықова Абайдың фразеология саласында көзге түсетін еңбегінің зоры – оның жаңа тіркестер ұсынуы – деген қорытынды жасайды. Абай қолданған

фразеологизмдер жайлы зерттеуін ғалым былайша тұжырымдап, ақын ензіген негізгі ерекшеліктерді айырып көрсетеді:

- 1) Байырғы жалпытілдік образды фразеологизмдерді молынан пайдалану;
- 2) кәнігі фразеологизмдердің тұлғалық құрылымын өзгертіп жұмсау, контаминация мен мағыналық моделді пайдалануы;
- 3) образды жаңа фразеологизмдерді жасауы және ол үшін перифразды тіркестерді қолдануы;
- 4) жаңа фразеологизмдерді жасау үшін семантикалық өрісі әр түрлі сөздерді тіркестіруі;
- 5) белгілі бір есім сөздерді немесе етістіктерді ала отырып, жаңаларын жасауы;
- 6) Абай қолданған жаңа фразеологизмдердің шағын тобының аударма өлеңдеріндегі орыс тілінен тікелей калька жолымен жасалғандары болуы;
- 7) Абайдағы фразеология саласындағы өзгеріс, жаңалықтың бәрі стильдік мақсатты өтейтін құрал болуы.

Академик Р.Сыздықова Абайдағы фразеологизмдердің ерекшелігіне байланысты осындай терең ғылыми тұжырымдар жасайды, сыншының бұл тұжырымдары ұлы ақынның шығармашылығындағы фразеологизмдерді зерттеу үшін аса маңызды екені сөзсіз. «Абай шығармаларының фразеологиясында қазақтың жалпы халықтық тілінің сипаттары мен нормалары қалыптасты», - дейді А.Алдашева [6, 178].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, Абай шығармаларындағы фразеологизмдерді зерттеу, жаңа әдістемелік ұстанымдарды басшылыққа ала отырып талдау қазақ тіл ғылымы үшін әлі өз көкейтестілігін жоймаған мәселе болып табылады. Себебі, ұлы ақын қолданған сөз тіркестерін, фраземаларды терең зерттеу арқылы қазіргі қазақ тілінің әдеби негіздерін, ұлы ақын қалаған қайнар көздерін игереміз. Абай тілінің байлығы ұрпаққа мұра тілдік асыл қазына болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Авакова Р.Ә. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 292 б.
2. Серғалиев М. Стыльдену. // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 372 б.
3. Айтбайұлы Ө. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы, 2013. – 400 б.
4. Абай. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
5. Сыздықова Р. Абайдың сөз өнері. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2004. – 208 б.
6. Алдашева Г. Абай тілі – көркемдік үлгісі.// «Абай әлемі: рухани мұра мәселелері және қазіргі кезең». Респ.ғыл.-прак. конф. материалдары. Ақтөбе, 2005. –297 б.

Резюме

В данной статье рассматривается изучение фразеологии в казахском языкознании, а также проанализированы концепции исследователей фразеологизмов в творчестве Абая.

Resume

This article is considered the phraseology studies in kazakh linguistics and phraseology researchers' concepts have been analyzed in Abay's works.

**ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ И ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

УДК 621.315

Д. Джумамухамбетов¹, Д. Мусина¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ, Студенттік даңғылы, 212
e-mail:Dzhumamuhambetov@inbox.ru, dana_94.95@mail.ru

ТОЛҚЫН ЖҮРГІЗГІШ ФОТОНИКАНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Аңдатпа

Бұл жұмыста ғылыми-техникалық бағыттар өзегі болып табылатын цивилизациясының дамуы фотоника қаралады. Фотоника мәселесінің түсінігі мен шешімі зерттелді. Өндірістің оптимальды технологиясын іздеуді тездетуге, жобаланған құрылғылардың сапасы мен дәлділігін арттыруға мүмкіндік беретін оптикалық техникаларды дайындау және математикалық модельдеуді қолдану, есептеуіш компьютерлік тәжірибе мәселесінің сәтті шешімі қорытындысы берілген. Фотониканың тарихи даму кезеңдері көрсетілген, қазіргі кезде энергия мен ақпарат тасымалдауыш ретінде фотонның рөлі анықталған. Кванттық деңгейде түсіну үшін қажетті физиканың теориялық негіздері, фотониканың ғылыми және нанотехнологиялық негіздері келтірілген. Лазерлер мен оптикалық талшықтардың жұмыс істеу принципі, фотон негізіндегі компьютерлердің алға қарай даму тенденциясы мен перспективасы қарастырылған. Ақпаратты алу, өңдеу, сақтау, жеткізу және көрсету үшін оптоэлектроника құралдары, соның ішінде көрсеткіш жүйелер, сигнал қалыптастырғыштары, талшықты-оптикалық беру желілері, күн энергиясын түрлендіргіштері және басқаларды қоса алғанда, жетекші орын алатыны көрсетілген.

Негізгі сөздер: фотоника, фотон, наноэлектроника, оптикалық сәуле таратушы, оптикалық компьютерлер, жарық таратушы диодтар.

Электроника секілді фотониканы оптикалық компьютерлерді жасауда қолдану үдемелі кеңейіп келе жатыр, сондықтанда болашақта біз электрондармен емес, фотондармен жұмыс жасауымыз ғажап емес. Сәйкес жобалық конструкторлық жұмыстар қазірде сәтті жолға қойылған. Оптикалық компьютерлер электрондыққа қарағанда ақпараттың мол қорын өңдей алады. Дегенмен, оптикалық компьютерлер электронды компьютерлер ді жақын уақытта толықтай нарықтан шығарып тастауы екі талай, сонымен бірге, электронды құрылғылардың қуатын арттыру мақсатында сәйкес оптикалық блоктарды қосу көзделуде [1]. Ғылыми-техникалық бағыттар өзегі болып табылатын цивилизациясының дамуы фотоникада қаралады.

Жақын болашақта ол өлшеу аппаратурасының маңызды сипаттамаларын өзгертеді, жахандық экономикалық, әлеуметтік және экологиялық процесстерді тиімді басқару жүйесін дайындауды тездетеді және адамның өмір сүру деңгейі сапасын арттырады.

Фотон электронмен ақпарат тасушы және жоғарғы тығыздықтағы энергия ретінде бәсекеге түседі. Егер электроника наноөлшемнің “жоғарғы” диапазонын (10...100 нм) қамтыса, ал фотоника “төменгі” диапазонды (1...10 нм) қамтудың ерекше тәсілін көрсетеді. Нәтижесінде жартылай өткізгіш материалдардан ақпаратты өңдейтін және сақтайтын наноэлементтер жасауға болады. Оларда ерекше кванттық құрылымдар қолданылады: ноль өлшемді, бір өлшемді және екі


өлшемді. Бұл ақпаратты сақтауға арналған аз габаритті құрылғылар шығаруға сапалы көтерілуге, компьютерлердің жылдам жұмыс істеу деңгейінің артуына, жоғарғы тығыздықтағы энергияларды шығаратын жаңа көздерді дайындауға және т.б. мүмкіндік береді [2].

Егер жердегі электрлік энергияның 20% жарықтандыруға кететінін ескерсек, кең көлемдегі электр үнемдеуді жақын жылдары бірдей жарық беруде бес есе аз энергия жұмсауға мүмкіндік беретін жарық таратқыш диодты жаңа кезеңнің лампалары береді.

Заманауи оптикалық техниканың әртүрлі облыстарында: жоғары дәлдіктегі оптикалық құрылғыларда, биосенсорларда, кремнийлі фотоникада, талшықты-оптикалық байланыс желілерінде және басқаларында желілі емес оптикалық эффекттер жиі қолданылады.

Қуатты оптикалық сәуле таратқыштардың дайындалуына байланысты желілі емес оптиканың практикалық қолданылу облысы үздіксіз артуда. Бұл талшықты оптиканың кең көлемдегі тығыздықтағы энергияны аз шығынсыз ұзақ қашықтыққа беруіне мүмкіндік береді.

Ақпараттық жүйелерде оптоэлектроника маңызды орын ала бастады. Адам алатын ақпараттың 90% астамы бейне хабар құрайды екен. Ақпаратты алу, өңдеу, сақтау, жеткізу және көрсету үшін оптоэлектроника құралдары, соның ішінде көрсеткіш жүйелер, сигнал қалыптастырғыштары, талшықты-оптикалық беру желілері, күн энергиясын түрлендіргіштері және басқаларды қоса алғанда, жетекші орын алады. Қазіргі оптоэлектроника шығарылатын өнімнің көптігімен сипатталады, соның ішінде индикатор бағыты бағалық жағынан алда (сурет 1.).



Сурет 1. Оптоэлектроника құралдарының әлемдік нарық өндірістегі құрылымы ақшалай есептегенде (%): 1 – индикаторлық компоненттер; 2 – пассивті оптикалық компоненттер; 3 – оптикалық қосқыштар; 4 – күн батареялары; 5 – талшықтық желілер; 6 – гибридік құралдар; 7 – фотоқабылдағыштар; 8 – оптикалық талшықтар; 9 – басқада компоненттер.

Оптоэлектрондық өнімнің перспективтік сапасы жаңа жоғарғы тиімді жартылай өткізгіш материалдарының жасау технологиясына және соның негізіндегі құрылымына байланысты. Сонымен қатар, оптоэлектрониканың елеулі табыстарына қарамастан оның бүгінгі жағдайын электрониканың транзистор ашылуына дейінгі жағдаймен салыстыруға болады дегенде көзқарас бар. Әдетте, замануи оптоэлектрондық өнім негізінде дискретті элемент түрінде сатылады. Құралдардың функционалдық сипаттамаларында елеулі өзгерістер болғаннан кейін, оптоэлектрондық нарықтың күрт кеңейуі күтілуде. Мұндай сапалы жаңа оптоэлектрондық бұйымдарға ойлауы адам мыйна ұқсас оптоэлектрондық компьютерлер, нысан қозғалысын автоматты түрде айыратын адам көзінің сипаттамасын имитациялайтын стереоскопиялық жүйелер жатады. Оптоэлектрондық датчиктер технологиясының әрі қарай дамуына байланысты тек қана көрінетін емес, сонымен қатар рентген, ультракүлгін және инфрақызыл суретті өңдеу және көрсету нақты болады, сонымен қатар ультрадыбыс өрісін көруге болады. Оптоэлектрондық қондырғылардың басты кемшілігі болып электрондық және фотондық құралдардың арасындағы алмасу кезіндегі энергияның едәуір жойылуы саналады. Осы жоғалтуды азайту ұмтылысы тек қана оптикалық принциптегі ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларға әкеледі. Әзірше, фотондарды электрон сияқты тиімді басқару әлде мүмкін емес болсада, барлық жерде оптикалық талшық байланыс жүйелері қолданылуда, себебі олармен берілетін ақпараттың жылдамдығы электр желісіндегі жылдамдықтан көп есе артық. Шынында, оптоалшықтық байланыс жүйесіз замануи Интернетте болмас еді. Ақпаратты өте тығыз жазу оптикалық жүйелері жасалуда. Сандық оптикалық компьютерлердің элементтері жасалды. Оптиканың информатикаға қосатын үлесі бұл оптикалық компьютер мен жасанды интеллектіні жасау. Ақпараттық технологияда оптика мүмкіндігін пайдалану үшін оптикалық сигналдарды генерациялайтын, детектірлейтін наноөлшемдік қондырғыларды [3], сонымен қатар жарық пен басқарылатын оптикалық логикалық элементтерді жасау технологиясын жетілдіру қажет. Микрочип элементіне қарағанда элементар оптикалық ұяшық аз энергия жұмсау керек, үлкен массивтерге интеграцияланады және көптеген сәйкес элементтермен байланыс мүмкіндігі болады. Осындай ұяшықты жасау фотониканың алғашқы оң жылдықтағы негізгі есебі болып саналады.

Фотониканың пайда болуы мен дамуы қазіргі кванттық физиканың фундаментальды жетістіктерінің арқасында мүмкін болды [4].

Желілі емес оптика заңдарын, физика-математика білімінің іргетасын білмей фотоника мәселесін түсіну және шешу ақылға симайды. Оптикалық техниканы жасау мәселесінің сәтті шешім табуы оптикалық материалдарды және осы техниканың оптика-электрондық бөлшектерін өндіру технологиясының күйі мен деңгейіне байланысты. Математикалық модельдеуді, есептеуіш компьютерлік экспериментті қолдану өндірістің оптимальды технологиясын іздеуге, жобаланған құрылғылардың сапасы мен дәлдігін көтеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дмитриев В.Г., Тарасов Л.В. Прикладная нелинейная оптика. – М.: Физматлит, 2004. -512 с.
2. Ефимов А.М. Оптические свойства материалов и механизмы их формирования. – СПб., 2008. -103 с.
3. Нанотехнологии. Азбука для всех. – М.: Физматлит, 2009. - 368 с.
4. Розанов Н.Н. Нелинейная оптика. Ч. I. Уравнения распространения излучения и нелинейный отклик среды. – СПб., 2008. - 95 с.

Резюме

В данной работе рассматривается одно из актуальных для развития цивилизации научно-технических направлений - фотоника. Изучено понимание и решение проблем фотоники. Даны выводы успешного решения проблем разработки оптической техники и применение математического моделирования, вычислительного компьютерного эксперимента, позволяющего значительно ускорить поиск оптимальной технологии производства, повысить точность и качество проектируемых приборов. Представлены исторические этапы зарождения фотоники, определена роль фотонов как носителей информации и энергии на современном этапе. Приведены необходимые для понимания на квантовом уровне теоретические основы физики, научные и нанотехнологические основы фотоники. Рассматриваются принципы работы лазеров, оптических волокон, перспективы и тенденции дальнейшего развития компьютеров на основе фотонов. Показано, что для получения, обработки, хранения, передачи и отображения информации ведущее место занимают приборы оптоэлектроники, включая индикаторные системы, формирователи сигналов изображения, волоконно-оптические линии передачи информации, преобразователи солнечной энергии и др.

Summary

This paper reviews one of the relevant to development of civilization scientific and technological areas - photonics. Understanding and problem solving of photonics were studied. The summary is given successful solving development issues of optical engineering and the application of math modelling, computer based experiments allowing immense speed up searching the best available technology of production improve accuracy and quality of projectable instruments. The historical stages of origin of photonics are presented, the role of photons is certain as medias of information and energy on the modern stage. The necessary over are brought for understanding at quantum level theoretical bases of physics, scientific and nanotechnological bases of photonics. Principles of work of lasers, optical fibres, prospect and further progress of computers trend on the basis of photons are examined. It is shown that for a receipt, treatment, storage, transmission and reflection of information a leading place is occupied by the devices of optoelectronics, including indicatory systems, reshapers of signals of image, fiber optic tls of information, transformers of sunny energy of and other.

УДК 621.315

Д. Джумамухамбетов¹, А. Кыдыргалиева¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ, Студенттік даңғылы, 212
e-mail:Dzhumamuhambetov@inbox.ru, Altush 1995@bk.ru

ОПТОВОЛОКОННЫЕ ЛИНИИ СВЯЗИ

Аннотация

В работе рассматривается распространение цифровых данных по оптическим волокнам в виде модулированных световых импульсов. Показано, что оптоволоконная связь, относительно надежный способ передачи сигналов. Оптоволоконный кабель нельзя вскрыть и перехватить данные. В них полностью

У.М.Хайрлиева¹, А.Д.Майлыбаева¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.
Қазақстан Республикасы 060011. Атырау қ. Студенттер даңғылы 212.²
E-mail: ulbolsin_02_91@mail.ru; mjikka@mail.ru

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ САБАҒЫНДА HTML ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЭЛЕКТРОНДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ПРАКТИКУМ ЖАСАҚТАУ

Аңдатпа

Бұл мақала орта мектепте HTML гипермәтінді таңбалау тілін оқытудың электронды құралдарын жобалау әдістемесіне арналған. Ол профильді оқытуға есептелінген, HTML тілін терең меңгеруді ұсынып отыр, және де бұл мектептің негізі жоспарында қарастырылған. Информатика пәні сабағында HTML тілін оқытуда қолданылатын электронды зертханалық практикум жасақтауға арналып, сол тілді оқушының тереңірек оқуына, өз-бетінше оқуына арналып жасақталған. Орта мектептегі информатика сабақтарын қызықтырақ өткізуге көмектеседі және оқушылардың өзіндік дайындықтарында қолдануға болады. Бұл мақалада қарастырылып отырған тақырып "Орта мектептегі HTML тілін оқытуда қолданылатын электронды зертханалық практикум жасау әдісі". HTML тілін орта мектептегі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10 - сыныптарда Информатика сабағында 6 сағат қана оқыту жоспары бойынша қарастырылған зертханалық жұмыс бағыты баяндалады.

Негізгі сөздер: гуманитария, информатика, электронды, құралдар, HTML, гипермәтін, Web – беттер, сайттар.

КІРІСПЕ


Ақпараттық технологиялардың білім беру жүйесінде белсенді пайдаланылуы оның нақты педагогикалық есептерді шешуге арналған құралы қызметін атқаруымен қатар, дидактика мен әдістеменің дамуына әсер етіп, оқыту мен білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін, формаларын құруға алып келеді [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Заман талабына сай білімді мамандарды даярлау жаңа технологиялардың жетістігімен тығыз байланыста. Бұл мақалада қарастырылып отырған тақырып "Орта мектептегі HTML тілін оқытуда қолданылатын электронды зертханалық практикум жасау әдісі". HTML тілін орта мектептегі қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10 – сыныптарда Информатика сабағында 6 сағат қана оқыту қарастырылған. Оған, Web – беттер және сайттар, визуалды редактордың негізгі мүмкіндіктері және сыртқы түрі, сайттың қарапайым алғашқы бетін құру, кестеде орналасқан ақпараттары бар беттерді құру, сайттың гиперсілтемелері мен навигациясы, Web-параққа gif анимация және баннерлерді кірістіру, сайтты жариялау тақырыптары кіреді.

Бұл құралдың құрылымы ерекше ұйымдастырылған: көлемі шағын, интерфейсі қарапайым, мазмұны мен функциялары оқушыға түсінікті тілде жазылған. Мысалы, теория жағына тоқталатын болсақ, HyperText Markup Language қысқартып айтқанда HTML - логикалық белгілеу тілі. Ол әсте бадарламалау тілі емес, ол жәй тек құжаттың қай жері бас, қай жері дене, қайсысы тақырып, қай мәтін қалыңдатылып жазылу керек, т.с.с. белгілеп, қоршауға арналған тіл. W3C консорциумның өнімі, интернеттегі барлық дерлік web құжаттардың негізі болып табылады [2].

HTML-тілін 1990 жылы Тим Бернерс-Ли (Tim Berners-Lee) деген ғалым ойлап шығарған. HTML - синтаксисі өте қарапайым, игеруге өте оңай тіл. Ал, Тег (tag) дегеніміз не? Тег — сөзі жалпы белгілеу, ерекшелеу, кілт сөз дегенді білдіреді. HTML тегтері деген сөз HTML - дің белгілеуге арналған кілт көздері дегенді білдіреді. Яғни, сіз потс не пікір жазғанда бір сөзді қалыңдатқан кезде белгілеген сөзіңіз тегімен қоршалады. Браузер осы strong тегінің ішіндегі мәтінді қалыңдадып шығарады [3]. Жалпы HTML тілінде жүз отыздай тег бар. Жүз отызының бәрін жаттау керек екен деп шошымаңыз. Оның жартысы қазір қолданыстан алынып тасталған, актуалды емес ескі тегтер болып табылады. Қалғанының жартысы CSSке ауыстырылды. Сондағы қалғаны жаттап алуға тұрарлық шамамен отызшақты тег қалады.



```
1 <!DOCTYPE HTML PUBLIC "-//W3C//DTD HTML 4.01//EN"
  "http://www.w3.org/TR/html4/strict.dtd">
2
3 <html lang="ru">
4 <head>
5
6
7     <title>Айтабер! - танымдық
  блогтұғыры</title>
8
9     <meta http-equiv="content-type"
  content="text/html; charset=utf-8" />
10    <meta name="description" content="Құнды да
  қызықты ақпараттың немесе ұтқыр ойың болса, Айта
  бер!.00млет.Айым. Таныстық?.Дімләма.Өз ойым ғой,
  өз ойым.Керім-ай.Шымкент белгісі.Бұл не
  маскара?.фаршталған болгар тәтті бұрыштары.Әлем
  таныған таңбалар (Жылан және тостаған).Блогкемп
  2012-ден Блогкемп 2013-ке.Балет пен киносүйер
  қауымға арналған бөйге.Жүрегім сабыр етші...." />
11    <meta name="keywords" content="айтабер,
  aitaber.kz, айтабер сайты, айта бер, танымдық
```

Сурет 1. – Тегаларға мысал

HTML тілінің атқаратын қызметі, HTML командалары, HTML құжатының құрылымы. Құжаттың функциональдық бөлігі мен негізгі бөлігі тәрізді тақырыптарға да ерекше көңіл бөлінген [4]. Айта кететін нәрсе, HTML тілінде Web-парақтар жасау бағдарламалауға ұқсас болғанымен, ол қарапайым бағдарламалау тілі емес. HTML – гипермәтінді белгілеу тілі. Ол кәдімгі мәтіндерді Web-парақтар түрінде бейнелеуге арналған ережелер жиынын анықтайды. Мәтіндерді байланыстыра отырып белгілейтін мүмкіндікті беретін HTML тілі. Оның дұрыс нәтиже алуды қамтамасыз ететін өз заңдылықтары мен ережелері бар. Оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге

байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту үдерісіне электронды зерханалық практикумды қолданудың маңызының зор екені белгілі [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе айтатын болсақ, электронды зертханалық практикумды пайдаланудың нәтижесінде оқушының компьютермен өз бетінше сұхбаттасу мүмкіндігі артып, өз бетінше берілген тапсырманы орындай алады. Оқушы электронды педагогтың сұрақтарына ғана жауап бере алады. Компьютерді оқыту барысындағы жемісті қолданудың бір жағы - оны оқушының оқу әрекетін басқарудағы қолдану болып отыр. Дәл осы қасиеті оқытудың тиімділігін мәнді түрде арттырады деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғалиева Г.К. Электронды оқулықтар - мұғалім мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы // Компьютер әлемі. Республикалық журнал. №2, -2002. 20-21-бб.
2. Х.Жантелі. Оқытудың компьютерлік программаларын құру технологиясын жетілдіру // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның еңбектері. -Шымкент, 2004. -446-449 бб.
3. Халыкова Г және т.б. Электронды оқулықты дайындаудың талаптары // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының еңбектері. -Шымкент. -2004. - 469 б.
4. Досжанов Б., Альменаева Р. Қазақ тілінде электрондық оқулықтар мен web-парақтар даярлау әдістері. Информатика негіздері. -2002. -№3.
5. А.Сағымбаева. Білімді тексерудің тестілік әдістемесі. "Информатика негіздері" журналы. №2, 2002, - 15,26 бб.

Резюме

Статья посвящена методике разработки электронного средства обучения языку гипертекстовой разметки HTML в средней школе. Оно рассчитано на профильное обучение, предлагает более глубокое изучение языка HTML, чем предусмотрено в базовом плане школы. Помогает провести уроки Информатики в средней школе более интересными и может применяться в самостоятельной подготовке школьников.

Summary

The article is sanctified to methodology of development of electronic means of the language teaching hypertext marking of HTML at high school. It is counted on the profile educating, offers the deeper study of language of HTML, what envisaged in the base plan of school. Helps to conduct lesson Informatics at high school more interesting and can be used in independent preparation of schoolchildren.

ӘӨЖ: 004.02

Ж.М.Рашбаев¹, В.Х.Биғалиева¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті.
Қазақстан Республикасы 060011. Атырау қ. Студенттер даңғылы 212.²
E-mail: vh_93_kz@mail.ru

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА САНДЫҚ ӘДІСТЕР ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңдағы ЖОО-да сандық әдістер пәнін оқытудың маңыздылығы қысқаша баяндалған. Сандық әдістер пәні бүгінде, өндіріс орындарында немесе заман талабына сай орын алып отырған жеке шаруашылық, кез келген акционерлік қоғамдар құрып, олардың жұмыстарын алға бастыру мақсатында жүргізілетін есептеулерді жуықтап есептеуде қолданылатын бірден бір таптырмайтын құрал болып есептеледі.

Сандық есептеулер, алгоритмдерді макеттеу, автоматтық басқару жүйелерін талдау және синтездеу, статистика және сигналдарды цифрлық өңдеуге көп пайдаланатын және ең қуатты пакет MathCad бағдарламасының мүмкіндіктері көрсетілген.

Негізгі сөздер: Сандық әдістер, Математикалық модельдері, MathCad бағдарламасы, Жоғары білім беру жүйесі.

Елімізде білім берудің өзіндік ұлттық үрдісі қалыптасуда. Оқыту үрдісін жоспарлау, қолдау және бағалаудың тиімді әдістерін ұсынатын жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көп. Жаңа педагогикалық технология студенттердің білім сапасын арттыруға, ой-санасының дамуына мүмкіндік жасайды. Үнемі өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді толассыз дамытуды талап етеді.

Қазақстандағы білім беруді модернизациялаудың негізгі бағыттарына: білімнің жеке басқа бағдарлануы; оның әрекеттік сипаты; оқу, танымдық, коммуникативтік, практикалық және шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруға білімнің бағытталуы; білімгерлердің алған білімдерін, икемділіктерін күнделікті өмірінде практикалық мәселелерді шешуге қолдана білуге үйренуі жатады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек»-деп атап көрсетілген [1].

Білім берудің кадрлық ресурстарын дамытуға деген күшті ынта-жігер—білім қызметкерлерін іріктеу мен қабылдау саясатын жетілдіруді қарастыратын, түлектер мен жұмыс істеп жүрген мамандардың біліктілік деңгейлерін реттейтін Ұлттық біліктілік шеңбері болмақ. Қазірдің өзінде түлектердің білімін тәуелсіз бағалау жүйесі енгізілген, оқу үдерісі ғылым, білім және тәжірибенің бірлесуі негізінде жүзеге асырылады. Әлемдік білім беру кеңістігіне дендеп ену үшін үлкен, бірақ қажетті қайта құру жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы 2011 - 2020 жылдарда білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстан Республикасында ел басшылығының адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, білім беру

жүйесін реформалауды бастауға және жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетуінің нәтижесінде білім беруді қарқынды дамыту мен жаңғырту мүмкін болып отыр» деп көрсетілген [2].

Олай болса, Қазақстанның білім беру жүйесінің өтпелі кезеңі аяқталып, дамыған елдер моделіне сәйкес келетіндігін және ТМД елдерінің арасынан мемлекетіміз көшбасшылық орынға шығып, 2020 жылға дейін жоғары білім сапасы мен халықаралық деңгейде нәтиже беретінін айқындайды. Сондай-ақ студенттердің функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жж. Арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарын іске асыру және PISA халықаралық зерттеулері аясында өкізілетін студенттердің ғылыми – жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері қарастырылуда. Қазіргі кезде студенттің өзін-өзі дамытуға, алған теориялық білімдерін өмірмен байланыстыруға және оны қолдана білуге бағытталған жұмыстарға аса көңіл бөлінуде.

Математикалық және жаратылысты-ғылыми білім сапасы мәселесі бойынша халықаралық зерттеулер жүргізу практикасында пәндердің қолданбалы құраушысына үлкен мән беріледі (TIMSS, PISA). PISA халықаралық зерттеулерінің мақсаты, білімгерлердің алған білімдері мен икемділіктері қоғамда толыққанды жұмыс істеуге мүмкіндік бере алатындығын бағалау болып табылады. Сонымен қатар, осы зерттеулерде олардың жаратылысты-ғылыми сауаттылығын бағалау мақсаты қойылған. Жаратылысты-ғылыми сауаттылығы дегеніміз алған білімдерін практикалық мәселелерді шешуге пайдалана алу, жүргізілген бақылаулар мен эксперименттер негізінде қорытынды жасай алу қабілеттілігі.

2011-2020 жылдарға ҚР білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған Мемлекеттік бағдарламасы біздің студенттеріміздің PISA халықаралық зерттеулерінде мақсатты индикаторларды анықтады, оның ішінде 2015 жылы 50-55 орын, 2018 жылы 40-45 орынға ие болатындығын болжайды.

2013 жылы PISA – 2012жыл нәтижелері ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) тарапынан қарастырылып, 65 мемлекет қатысуымен Қазақстан Республикасы математика бойынша- 49, ғылыми жаратылыстану пәндері бойынша - 52, ал оқу сауаттылығы бойынша 63-орынды иеленгені белгілі болды. Еліміздің төменгі деңгейде болуы білім беру жүйесіндегі талаптарды өзгертуге, стандарт талаптарын қайта қарауға итермелейтіні сөзсіз. Ол үшін білім саласының мамандарына жоғары білімді берумен қатар, студенттердің ой-өрісін дамытуға, логикалық ойлануға, сыни көзқарас қалыптастыра отырып, функционалдық сауаттылыққа баулуды қалыптастыруды міндеттейді.

Соңғы жылдары біздің еліміздің білім беру саласында білім мазмұнын жаңартуға бағытталған көптеген жұмыстар істелінді. Атап айтсақ білім беру мазмұны жаңартылды, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) жасалды, жалпылай алғанда оқытудың деңгейі артты. Дегенмен, соңғы жиырма жылдың көлемінде жаратылыс-ғылыми білім беру сапасының, тек біздің елімізде ғана емес, жаппай төмендегені байқалады [3].

2015 жылы PISA халықаралық зерттеулері аясында студенттердің жаратылыстану бағытында студенттің функционалдық сауаттылығы тексерілетіні белгілі, сондықтан жас ұрпаққа теориялық мәліметтермен қоса әлеуметтік ортада алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатындай деңгейде жеткізу – педагогтардың басты міндеті деп білеміз.

Қазіргі кезде білім алушының ой - өрісін көтеру, шығармашылық қабілетін дамыту, алған білімін практикада қолдана білуге баулу, әртүрлі ғылыми әдебиеттерді пайдаланып, өзінің білімін тереңдетуге үйрету мәселелеріне айрықша мән беріліп отыр. Себебі, мемлекеттік стандартта әрбір шәкіртті жеке тұлға деп

санап, оларды өз сұраныстарына, мүдделеріне сай оқыту мен тәрбиелеудің сан қилы үлгілерін қолдану керектігі көзделген. Бұл жағдайда оқыту технологиясын өзгертуді, білімгерлерді өз бетінше білім алуға, өзін-өзі дамытуға, ұйымдастыруға үйрету мәселелеріне көп көңіл бөлуді талап етеді.

Халық шаруашылығы мен білім салаларында электронды есептеу машиналарының кеңінен қолданылуының басты себебі – жалпы технологиялар мен есептеу техникаларының қарқынды дамуы негізінде инженерлік зерттеу жұмыстарында математикалық әдістердің кеңінен қолданылуы екені белгілі.

Практикалық есептерді ЭЕМ-де шешу бастапқы берілгендер мен есептің мақсатын математикалық тілде сипаттаудан басталады. Есепті шешу шарттары мен мақсаттарын математикалық таңбалармен заңдылықтар жиынтығында дәл белгілеу. Есептің математикалық қойылымы алдымен есептің математикалық моделін құрылуымен, сонан соң есепті шешу тәсілі талданып сәйкес алгоритм құрылады. Математикалық модельдеу нақты дүниедегі объектер мен процестерді олардың математикалық тілдегі жуықталған сипаттамалары болған – математикалық модельдері – жәрдемінде зерттеу әдісі болып табылады. Бұл әдіс өте кең қолданыс тапқанбасқа да қолданбалы салаларда бірнеше ғасырлардан бері қолданылып келеді. Математикалық модельдеудің мүмкіндіктері мен оның ғылыми-техникалық прогреске әсері соңғы 35-45 жылдың ішінде компьютердің пайда болуы мен оның барлық салаларда қарқынды қолданылуымен ерекшеленеді.

Математикалық модельді құру процесін шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1. Математикалық модельді құру.
2. Сәйкес есептеу есептерінің қойылымы, оларды зерттеу және шешу .
3. Практикада модель сапасын тексеру және модельді жетілдіру.

Қолданбалы есептерді компьютер көмегімен шешу кезеңдерін бірнеше кезеңге бөлуге болады.

1. Мәселенің қойылымы.
2. Математикалық модельді таңдау немесе құру.
3. Есептеу есебінің қойылымы.
4. Есептеу есебінің қасиеттерін алдын ала талдау.
5. Сандық әдісті таңдау немесе құру.
6. Алгоритмдеу және программалау.
7. Программаны отладка (дұрыстау) жасау.
8. Программа бойынша есептеулер жүргізу.
9. Нәтижелерді өңдеу және интерпретация жасау.
10. Нәтижелерді пайдалану және математикалық модельді түзету.

Математикалық модельді құру және қолданбалы есептерді компьютер көмегімен шешуде үлкен көлемдегі жұмыстарды орындауға тура келеді. Есептеу экспериментінде есептеулер нақты объектпен емес, оның математикалық моделімен жүргізіледі, тәжірибелік қондырғы орнын компьютер атқарады. Компьютер арнайы құрылған қолданбалы программалар пакетімен (ҚПП) жабдықталған болады. Сондықтан, ғылыми-техникалық және қолданбалы есептерді кешенді шешуді **есептеу эксперименті** ретінде жүргізген дұрыс.

Математикалық модельдеуде компьютерлердің кең қолданылуы, құрылған теория және алынған елеулі практикалық нәтижелер есептеу экспериментін ғылыми және қолданбалы зерттеулердегі жаңа технология мен әдістеме деп атауға болады.

Есептеу экспериментінің натуралдық эксперименттерден артықшылық жақтарына тоқтала кетейік. Әдетте, есептеу эксперименті физикалық эксперименттен арзан болады. Бұл экспериментке жеңіл және қауіпсіз қарастыруға болады. Оны бірнеше рет қайталауға болады, сондай-ақ кез келген уақытта тоқтатуға болады. Эксперимент кезінде лабораториялық жағдайда келтіріп шығару мүмкін болмаған жағдайларды модельдеу мүмкін. Есептеу экспериментінің негізгі кемшілігі оның нәтижелерін қолдану мүмкіншілігі қабылданған математикалық модель шеңберінде ғана болады.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын жоғары математиканың бір тармағы «Сандық әдістер» пәні болып табылады. Сандық әдістер пәні бүгінде, өндіріс орындарында немесе заман талабына сай орын алып отырған жеке шаруашылық, кез келген акционерлік қоғамдар құрып, олардың жұмыстарын алға бастыру мақсатында жүргізілетін есептеулерді жуықтап есептеуде қолданылатын бірден бір таптырмайтын құрал болып есептеледі.

Көп жағдайда жоғары математиканың өзінде және оның әртүрлі қолдану аймағында математикалық есептердің шешімін сандық формада алу қажеттілігі туындайды. Мұның себебі, кейбір математикалық есептерге есептеулер жүргізгенде оның бір немесе бірнеше шешімінің бар екендігі ғана белгілі болады, бірақ, сол шешімін табатын түпкі арнайы формулалар болмайды, кейде тіпті формула бар болса да, оны жекелей мәндерінің шешімін табуда пайдалану тиімсіз болатын жағдайлар көптеп кездеседі. Сондықтан, осындай математикалық есептерді тиімді жолмен шешуді зерттеу – бүгінгі күнгі өзекті мәселелерге жатады. Мұндай өзекті мәселелерді шешу үшін жоғарыда атағандай «сандық әдістер» пәнін қолдануға болады. Бұл пән жоғары математикада дұрыс шешімі алынбайтын күрделі есептерге жуықтап есептеулер жүргізуге арналған [4].

MathCad бағдарламасы – сандық әдістер пәніндегі есептеулерге қолданылатын әдістерді жүзеге асыруымен, олардың практикалық маңыздылығын көрсетуімен, бағдарламалық пакетінің жұмысының негізін бір ғана кіріспе сабағында меңгеруге болатындығымен және экранға алынатын қорытынды нәтижелерді ұсыну дәстүрлі түрге сәйкес келетіндігімен өзіне назар аудартады.

Сонымен қатар, MathCad бағдарламасында сандық есептеулер, алгоритмдерді макеттеу, автоматтық басқару жүйелерін талдау және синтездеу, статистика және сигналдарды цифрлық өңдеуге болады. Бұдан басқа, матрицалық операциялардан басқа, яғни матрицалардың айналуы және бөлінуі, меншікті векторларды және меншікті мәндерді табу, MathCad пакетіне сандық интегралдау құралдары кіреді. Оның көмегімен сызықтық емес және дифференциалдық теңдеулерді шешуге болады.

Қазіргі уақытта MathCad – ең қуатты және көп пайдаланатын пакет. MathCad практикалық әзірлемелер үшін де, теориялық зерттеулер үшін де қолданылады. Пакет есептеулердің өте жоғары жылдамдығын және алынған нәтижелердің дұрыстығы мағынасында үлкен сенімділікті иеленеді. Есептеулердің көпшілігі дәстүрлі программалаусыз жүргізіледі, MathCad арнайы функциялардың үлкен жинағымен қамтамасыз етіледі.

Ендігі жерде зерттеу жұмысымызға оралар болсақ, біздің зерттеу жұмысымыз кәсіптік және жоғары оқу орындарында оқытылатын жоғары математиканың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі «Сандық әдістер» пәнінде жуықтап есептеулер жүргізуге «Mathcad» математикалық пакетін қолданудың тиімділігін көрсетуге арналады.

MathCadвизуальды программалау ортасы болып табылады. Бұл пакет жеңіл меңгерілетіндігімен, интерфейсімен және компьютер кемшілігіне аса назар аудармаушылығымен басқа математикалық жүйелерден ерекшеленеді. MathCad-тың

жаңа мүмкіндіктері арнайы кеңейту топтамасымен және жүйені толықтыра түсетін қосымша функциялармен, арнайы есептерді шешуге арналған тұрақтылармен қамтылған кітапханалар көмегімен толығымен түседі:

- Берілгендерді анализдеу топтамасы (Data Analysis Extension Pack) – MathCad-ты берілгендерді анализдеуге қатысты қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.

- Сигналдарды өңдеуге қатысты топтама (Signal Processing Extension Pack) – құрамында анализдеу, нәтижені графикалық түрде ұсыну, сигналдарды аналогтық және сандық түрде өңдеуге арналған 70-тен астам кіріктірілген функциясы бар.

- Бейнені өңдеуге арналған топтама (Image Processing Extension Pack) – MathCad -ты бейнені өңдеуге, анализдеуге және визуализациялауға мүмкіндік беретін қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.

- Толқынды түрлендіру функцияларымен жұмыс істеуге арналған топтама (Wavelets ExtensionPack) –MathCadProfessional базалық модулінің кіріктірілген функциялар кітапханасына енгізуге болатын қосымша вейвлет-функциялардың үлкен жиынтығына ие топтама. Топтама сигналды және бейнені анализдеуге, сигналдарды статистика тұрғысынан бағалауға, мәліметтерді қысуға және арнайы сандық әдістерге басқаша қатынас жасауға мүмкіндік береді. Топтама құрамына 60-тан астам кілттік вейвлет функциялары кіреді. Вейвлет әулетінің ортогональды және биоортогональды функциялары да кіріктірілген, жеңілдері қатарында – Хаара вейвлеті, Добеши вейвлеті, симлет, койфлет және В - сплайндар. Сонымен қатар, топтама құрамына негізгі вейвлет принципіне негізделген кеңейтілген диалогты құжаттама, қосымшалар, мысалдар және сілтемелер кестесі.

- Құрылыс кітапханасы (Civil Engineering Library) – Roark's Formulas for Stress and Strain анықтамалығын, құрылыс жобалауына арналған түзетілетін шаблондарды және жылу есептерінің мысалдарын іске қосады.

- Электротехникалық кітапхана (Electrical Engineering Library) – құрамында электротехникада қолданылатын анықтамалық кестелер, стандартты есептеу процедуралары және формулалар бар. Мәтіндік түсіндірулер және мысалдар кітапханамен жұмысты жеңілдетеді– әрбір көрсеткішке және тарауға тақырыпшалар арқылы сілтеме қойылған және сол сілтеме арқылы оны іздеу жүйесінен таба аламыз.

- Машина жасау кітапханасы (Mechanical Engineering Library) –құрамына бес мыңнан астам формулалар кіретін және McGraw-Hill анықтамалығынан алынған процедуралар енетін ағыл. Roark's Formulas for Stress and Strain анықтамалығын және ақырғы элементтер әдісін іске қосады. Мәтіндік түсіндірулер, келтірілген мысалдар және іздеу жүйелері жұмысты едәуір жеңілдетеді. Анықтамалықтың құрамына Дэвид Пинтурдың «Ақырғы элементтер әдісіне кіріспе» атты электронды кітабы енгізілген [5].

MathCad бағдарламасының жоғарыда аталған мүмкіндіктерін пайдалана отырып сандық әдістер пәнінен лабораториялық жұмыстарды оқытуды ұйымдастыру әдістемесінің моделін құруға болады.

Қазіргі кезде көптеген инженерлік есептердің жемісті шешілуі ЭЕМ-ді қолдану ебдейлігінің жеткілікті деңгейде қалыптасуына байланысты болып отыр. Ебдейлік қалыптасуы үшін ЭЕМ-ді пайдаланумен қатар мақсатқа сай іріктелген есептеу әдістерін білудің де маңызы үлкен.

«Сандық әдістер» пәні көлемінде қарастырылатын сандық әдістердің программалары жазылып, олар қолданбалы программалар пакеті түрінде сақталатыны белгілі. Күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай тәсілдер мәнін толық түсіну үшін студент алдымен есептеу іс әрекетін қолмен орындап шығуы сонан соң

дайын программаны құра алғанда ғана студент, болашақ маман ретінде қойылған есепті тиісті шешілу кезеңдерінен өткізе алады деген сенім пайда болады.

Әдістемелік құралды қарастырылатын лабораториялық жұмыстар қателіктердің қарапайым теориясы, жуықтап есептеу мен анализдің сандық әдістері, сызықтық программалау элементтері және тәжірибелік берілгендерді өңдеу әдістері бойынша қысқаша теориялық материалдармен қамтамасыз етіледі.

Сандық әдістер пәні есептерді шешудің негізгі тәсілдерін қарастырады. Кейбір есептердің шешімін табу күрделі сандық әдістер арқылы ғана жүзеге асады. Мұндай әдістерді білу әрбір болашақ ұстаздар үшін өте маңызды. Оның классикалық мысалы – Уранның ауытқуын зерттеудегі Нептунның ашылуы. Сонымен бірге аз уақыт ішінде сандардың үлкен көлемімен жұмыс істеуге тура келеді және тиісті уақытта нәтиже алынбаса оның қажеті болмайтынын ескерген жөн. Мысалы, ауа райының тәулік бойындағы көрсеткішін, ракетаның траекториясын түзетулер, т.с.с. бірнеше минутта атқарылуы тиіс. Мұндай жылдам есептерді жүргізу ЭЕМ-нің көмегінсіз мүмкін емес. Қазіргі сандық әдістер мен қуатты ЭЕМ-дер осыдан көптеген ғасыр бұрын арман еткен есептерді шешуге зор мүмкіндік береді. Бірақ сандық әдістерді қолдану ежелден-ақ оңайға түскен жоқ. Сандық әдістердің теориясы мен практикасында үлкен үлес қосқан ғалымдар: Архимед және Птолемей, Декарт және Паскаль, Кеплер және Гюгенс, Ньютон, және Лейбниц, бұлардан кейінгі ұлы математиктер: Эйлер мен Лагранж, Гаусс пен Чебышев, XX ғасырда А.Н.Крылов, қазіргі кезде А.Н. Тихонов, А.А. Дородиницын, В.В.Иванов, П.И.Марчук, Л.В.Канторович, А.А.Самарский, Е.Бидайбеков, М.Сұлтанов, Р.Қадірбаева және т.б. айтуға болады.

Сандық әдістер- математика ғылымының саласындағы әр түрлі күрделі есептерді шешуге арналған бөлімі. Оның басты мәселесі, талап етілген дәлдікте есептердің дұрыс , анық, дәл шешімдерін табу. Кез-келген есептерді шешу алгоритмін оның орындалу ретін неғұрлым тез әрі қатесіз табуды жоспарлай білу қажет. Бұл ЭЕМ-дерді қолдануды қажет етеді.

Жоғары білім беру жүйесінің негізгі бір мақсаты - осы заманғы компьютерлік, ақпараттық коммуникациялық технологияларға негізделген, барынша сапалы білім беру ақылы біліктілігі жоғары және бәсекелестікке қабілетті мамандарды даярлау. Олай болса, жан-жақты кәсіби даярлығы бар, ойлау мәдениеті жоғары және дүниетанымы кең, кәсіби қызметінде жаңа АКТ-ны қолдана білетін жоғары оқу орындарында мамандар даярлау жүйесін зерттеу және жетілдіру маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты қазақстан халқына жолдауы // Егеменді Қазақстан. – 2012, желтоқсан. – 15 б.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығы. Егемен Қазақстан / -2010 - 14 желтоқсан, - №529-532 бб.

3. PISA халықаралық зерттеулері аясында оқушылардың ғылыми - жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының типтік оқу бағдарламасы. – Қарағанды, 2014ж. -112 б.

4. Байғожанова Д.С., Еркекова Н.С. Сандық әдістер. Оқу құралы. – Талдықорған: 2011ж. – 200 б.

5. Поршнева С.В., Беленкова И.В. Численные методы на базе MathCad. – СПб.: «БХВ-Петербург», 2005г. – 464с.

Резюме

В статье рассматриваются методы применения программы MathCad в решении задач по дисциплине «Численные методы». Преимущества и недостатки использования математического пакета MathCad по дисциплине «Численные методы». А также кратко указано преподавание дисциплины "Численные методы" в современных ВУЗАХ.

Summary

Purpose of research is development of using methods of application program MathCard in the tasks on discipline " Numerical Methods ". To this end, the program provides basic information about MathCad. In this regard, it is discussed the advantages and disadvantages of mathematical package MathCad in discipline. And briefly stated the teaching of the discipline "Numerical methods" of modern UNIVERSITIES.

ӘОЖ- 004.415.28

Ш.Көпен

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: 88452748@qq.com

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада информатика пәнін оқытуда жобалау технологиясы бойынша зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, қазіргі білім берудегі жобалау технологиясының ерекшеліктеріне, білім сапасын көтерудегі жобалау технологиясының маңызы туралы айтылған. Жобалау әдісінің сапалы білім берудегі тиімділігі оқушының жеке басының ізденімпаздық қабілетінің дамуымен байланысты анықталады. Жобаны орындау барысында оқушының информатика тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту өзін-өзі бақылау мен басқару арқылы саналы түрде жүріп отырады. Осы үдерісте оқушының ерік-жігері, жоспарлау қабілеті, тілдік сезімі ұштала түсіп, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу дағдылары жетіледі. Бұл әдіс информатика пәнін үйренуші оқушының дүниетанымдық көзқарасы адамгершілік қасиетімен тоғысқан жеке тұлға ретінде, болашақта кәсіби маман ретінде қалыптасуына, әлеуметтенуіне қызмет етеді.

Негізгі сөздер: педагогика, технология, жобалау технологиясы, ақпарат, кәсіби даярлық.

Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе – оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану болып табылады.

«Жоба әдісі» оқыту үдерісінде XVII ғасырдан бастап қолданылған. 1671 жылы Парижде алғаш рет Корольдік Сәулет Академиясы студенттер арасында ең әдемі жобаларға бәйге жариялайды. ТМД елдері тарихында С.Т.Шацкийдің,

Н.К.Крупскаяның оқыту тәжірибесінде 1905 жылдан бастап қолданылған бұл әдіс кейіннен «бригадалық әдіс» деген ұғыммен ауыстырылып, қолданыстан шығып қалғанымен, соңғы жылдары оқу-ағарту саласында қайта жаңғыра бастады [1]. АҚШ-тың, Германияның оқыту үрдісіне ертеден еніп, «әдістемелік құрал», «дидактикалық концепция» ретінде қарастырылып келді. Оның өзіне тән ерекшелігінің айқындалуы жобалау әдісінің білім алушының интеллектуалдық-әлеуметтік-кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімділігін тануға мүмкіндік берді.

*Жобалау идеясы, жобалау әдісі*ң алдымен жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі оқытуға қарсы бағытталған бағдарлама ретінде қарастырылды. Бұл идея көптеген ғалымдардың (Пиаже, Эбли) (Высоцкий, Леонтьев, Гальперин) қолдауымен жобалау әдісінің негізін қалауға себеп болды.

Жобалау әдісі – жобаны жүзеге асыру бойынша әртүрлі іс-әрекет түрлерін қолдануды ұсынатын жұмыс түрі.

XX ғасырдың ортасынан бастап АҚШ-тың, Германияның білім беру саласында, ал ғасыр соңында ТМД елдерінің оқыту жүйесінде кең өріс алғаны белгілі. Жобалау әдісінің теориясын алғаш негіздеген ғалымдар Д.Дьюи мен В.Килпатрик болатын. Олар бұл технологияның әмбебаптық сипатын дәл анықтап, оның интеллект дамытудағы маңызын жоғары бағалады. Кейін бұл технологияның теориясын дамытқан Е.С.Полат, В.Д.Симоненко, М.Б.Павловтардың зерттеулері болды. Соның ішінде, Е.С.Полат жобалау әдісіне келесідей анықтама берген [2].

Жоғарыда айтылғандай, жобалау әдісі мұхиттың арғы бетінде 20 ғасырдың басында басталғанымен, Қазақстанда білім беру салалары кредиттік жүйеге енгелі информатиканы оқыту әдістемесінде соңғы жылдары ғана қолданыла бастады.

Қазақстанда информатиканы жобалау әдісі оқыту әдістерінің теориялық негіздері Е.Ы.Бидайбеков, Е.Ө.Медеуов, Т.О.Балықбаев, Ж.К.Нұрбекова, А.Е.Сағымбаева, Г.А.Абдулкаримова еңбектерінде зерттелген. Нақты тақырыпқа қатысты информатиканың программалау негіздерін жобалау әдісін қолдану әдістемесін жетілдіру мәселесі А.Т.Байбақтинаның зерттеу жұмысында қарастырылған. Бұл жұмыста тек қана программалау негіздерін жобалау әдісі арқылы оқыту мәселесі зерттелген.

Сондықтан зерттеуде жобалау әдісі мәселе ретінде қарастырылып, мектеп информатикасын сапалы оқытуда бұл әдістің тиімділігін анықтау көзделді. Соған орай оқыту үдерісінде базалық-нормативтік құжаттардан бастап оқу-әдістемелік кешендер, оқытудың әдістемелік жүйесі құрауыштары мен әрекет етуші тұлғалар өзара тығыз байланыста басты мақсатты жүзеге асыруға жұмылдырылды.

Жобалау әдісінің сапалы білім берудегі тиімділігі оқушының жеке басының ізденімпаздық қабілетінің дамуымен байланысты анықталады. Жобаны орындау барысында оқушының информатика тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту өзін-өзі бақылау мен басқару арқылы саналы түрде жүріп отырады. Осы үдерісте оқушының ерік-жігері, жоспарлау қабілеті, тілдік сезімі ұштала түсіп, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу дағдылары жетіледі. Бұл әдіс информатика пәнін үйренуші оқушының дүниетанымдық көзқарасы адамгершілік қасиетімен тоғысқан жеке тұлға ретінде, болашақта кәсіби маман ретінде қалыптасуына, әлеуметтенуіне қызмет етеді.

Жаңа кезеңде жобалау әдісін информатиканы сапалы әрі тиімді оқыту әдісі ретінде таңдап алудың бірнеше себептері бар.

Біріншіден, бұл әдіс – шығармашылық түрде оқуды жүзеге асыруға мүмкіндігі мол әдіс. Шығармашылық оқушының өз бетімен орындайтын жұмысына басымдылық беріледі. Ол оқытушының басшылығымен және өз бетімен орындайтын жұмыс деп бөлінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, жобалау әдісі мен шығармашылық қабілетті дамытудың өзара бірлігі айқын байқалады [3].

Екіншіден, жобалау әдісі философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Өз бетімен информатика бойынша берілетін түрлі жобаларды орындау барысында оқушы «білім іздеудің өзіндік сүрлеуін» қалыптастырады және ол сүрлеу оқушының өмір бойғы білім алуы дағдыларын дамытады.

Үшіншіден, бұл әдістің артықшылығы – жоба жұмысын орындау арқылы оқушы өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды. Оқушы информатика пәнін меңгеру үдерісінде программалау мен информатиканың негізгі ұғымдарын оқып-білудің негізгі әрі белсенді субъектісіне айналады.

Төртіншіден, бұл әдіс оқушының білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп, ізденеді.

Бесіншіден, бұл әдіс бойынша оқушы тақырыпты өзі таңдауына мүмкіндік алады.

Алтыншыдан, жобалау аясында ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеу идеясы бар.

Жетіншіден, жобалау танымдық белсенділікті тудырады.

Сегізіншіден, жобалау әдісі сабақта қолданылғанда оқытушыға да, оқушыға да жауапкершілік жүктейді әрі өзіне деген сенімділігін арттырады.

Тоғызыншыдан, жобалау жұмыстары өзара жарысты, талас-пікірді, ең бастысы, белсенділікті талап етеді.

Оныншыдан, жобалау әдісі оқытушыға да, оқушыға да жұмысына, ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін, яғни «эгофакторлық» сенім ұялатады.

Жобалау әдісі арқылы информатика пәнін меңгертудің ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол оқушының қызығушылығын тудыруы қажет; оқытушының рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалай оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланылады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет [4].

Жобалар әр түрлі типте – зерттеу, шығармашылық жұмыстары, ойындық түрде, ақпараттық (мәлімет жинақтау, оны талдау, өңдеу, орналастыру, безендіру) жұмыстар, практикаға бағытталған істер сияқты болып құрастырыла береді.

Жалпы жобалар белгілі бір қасиеттеріне қарай топтастырылады және оларға қойылатын шарттар мен талаптарына сай келеді, атап айтсақ төмендегідей типтегі жобаларды ұсынуға болады:

- Демонстрациялық жобалар;
- Зерттеушілік жобалар;
- Шығармашылық жобалар;
- Рольді – ойындық жобалар;
- Ақпараттық жобалар;
- Үйретуші жобалар;

- Моножобалар;
- Пәнаралық жобалар;
- Тәжірибелі және бағдарлы жобалар;
- Қысқа мерзімді жобалар;
- Ойын жобалары.

Демонстрациялық жобалар– Демонстрациялаушы жоба көп жағдайда оқушылардың фантазиясына байланысты құрылады. Оларды орындау нәтижесінде қандай да бір демонстрациялаушы программа алынуы керек. Мысал ретінде «Сағат»,«Светофор», «Айналу денелері», «Кроссворд», «Фраза», «Караоке», «Жарнама», «Ауарайы», «Музыкалық үзіліс» т.б. алуға болады.

Зерттеушілік жобаларғабарлық қатысушылар үшін жоба құрылымы дұрыс ойластырылған, мақсаты белгіленген, зерттеу пәнінің мәні ашылған, ақпарат пен әдіскөздері, нәтижелері белгіленген болуды талап етеді. Олар шағын зерттеу логикасына толығымен тәуелді және ғылыми зерттеу жұмысына жақын немесе онымен сәйкескелетін құрылымға ие (зерттеу үшін алынған тақырып маңыздылығын дәлелдеу;зерттеу проблемасын, оның пәні мен объектісін анықтау; зерттеу есептерін белгілеу;зерттеу әдістері мен ақпарат көзерін анықтау; белгіленген проблема шешімініңболжамдарын ұсыну; алынған нәтижелерді талдау; оларды безендіру; зерттеу процесінің әрі қарай дамуы үшін маңызды жаңа проблемаларды белгілеу).Айтылғандардың барлығы оқытудың нақты сатысындағы оқушылар біліміне сәйкес келеді.

Шығармашылық жобаларнәтижелердің сәйкес безендірілуін білдіре отырып, оқушылар әрекетінің нақты құрылған құрылымы жоқ, ол тек алдын ала белгіленіп, әрі қарай оқушылардың қызығушылығына байланысты дамытылады. Белгілі бір жағдайда жоспарланған нәтижелер мен оларды бейнелеу формасы (ортақ газета, альманах шығару, баяндама жасау т.б) туралы келісіп алу керек. Бұл қандай да бір шығарманың, фильмнің, өмірлік жағдайдың мазмұнына байланысты проблема болуы мүмкін. Бұл фантастика да болуы мүмкін. Жоба нәтижесін безендіру бейнефильм сценариі, шығарма жоспары, газет, альбом, альманах дизайны сияқты айқын түрде ойластырылған құрылымды талап етеді.

Рольді – ойындық жобалар. Бұндай жобаларда жоба құрылымы белгіленіп, соңына дейін ашық қалады. Жобаға қатысушылар жоба мазмұны және сипатымен шешілетін проблема ерекшелігімен айқындалған белгілі бір рольдерді ойнайды. Олар әдебиет кейіпкері немесе ойдан шығарылған, әлеуметтік қатынастарды бейнелейтін кейіпкерлер болуы мүмкін. Мұндағы шығармашылық дәрежесі өте жоғары, бірақ негізгі әрекет түрі рольді ойындық болып табылады.

Ақпараттық жобалар.Тіпін басында қандай да бір құбылыс, объект туралы ақпарат жинауға, қатысушыларды осы ақпаратпен таныстыруға, оған анализ жасап, фактілерді жалпылауға бағытталады. Мұндай жобалар, зерттеушілік жобалар сияқты, құрылымы жақсы ойластырылған болуы керек және де осы жобамен жұмыс жасау барысында жүйелі түрде өзгерту мүмкіндігі қарастырылуы талап етіледі. Осындай жобалардың құрылымы келесідей түрде белгіленуі мүмкін: жоба мақсаты ақпараттық ізденушілік пәні, ақпарат көздері (ЖАҚ құралдары, мәліметтер қоры, соның ішінде электрондық, интервью т.с.с.); ақпаратты өңдеу тәсілдері (анализ, жалпылау, белгілі бір фактілермен сәйкестендіру, аргументтелген қорытындылар жасау); ақпараттық ізденушілік нәтижесі (статья, аннотация, мән жазба, баяндама, бейнефильм және т.с.с.); презентация (публикация, соның ішінде интернет жүйесінде де, талқылау және т.с.с.).

Үйретуші жобалар– Бұндай жобалар оқушыға жаңа білімдерді өз бетінше әрі қызықты түрде меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы «Рим цифрлары», «Жазба кітапшасы», «Тест», «Магиялық квадрат», «Көбейту кестесі», «Европа елдері» т.б.

Моножобалар – бір оқыту пәнінің аумағында жүргізіледі. Программаның қиын тараулары мен тақырыптары таңдалады. Бірақ, моножобамен жұмыс жасау барысында белгілі бір проблеманы шешу үшін оқытудың басқа да білім облысынан алынған білімдер пайдаланылады. Осындай жобалар, сонымен қатар жоба мақсаты мен есебінің құрылымын жасауды ғана емес, оқушылардың меңгеруге тиіс білімдері мен іскерліктерін жоспарлауды талап етеді. Топ бойынша әрбір сабақтың жұмыс логикасы жобаға қатысушылар таңдайтын презентация формасы алдын ала жоспарланады. Бұл жобалар сабақтан тыс уақытта жеке немесе топтық жобалар түрінде жиі өз жалғасын табады.

Пәнаралық жобалар сабақтан тыс уақытта орындалады. Бұл екі – үш пәнді қамтитын, көлемді, ұзақ мерзімді, жалпы мектептік қиын проблемаларды шешуді жоспарлайтын жоба болуы мүмкін. Мұндай жобалар мамандар жағынан кәсіптік бағдарлануын, бірнеше топтың ұйымдасқан жұмысын талап етеді. Жобаға қатысушылар саны бойынша келесідей жоба түрлерін атауға болады: жеке тұлғалық, жұптық және топтық. Топтық жобаны қолданғанда әдістемелік көзқарас тұрғысынан осы топ қатысушыларының әрекетін дұрыс ұйымдастыру қажет. Бұл жағдайда педагог – координаторлардың ролі өседі. Жобаны жүргізу мерзімі бойынша қысқа мерзімді (шағын проблеманы шешу үшін), орташа ұзақтықты (1-2 ай) және ұзақ мерзімді (бір жылға дейін) болып бөлінеді.

Тәжірибелі және бағдарлы жобалар оқушылардың әрекетінің нәтижесін нақты айқындайды, қорытынды түрінде көрсетіледі.

Қысқа мерзімді жобалар жеке пән сабақтарынан, кейде басқа да оқу пәндерінен алынған білімді пайдалану арқылы жүргізіледі. Орташа мерзімді және ұзақ мерзімді жобалар қарапайым немесе телекоммуникациялық, ішкі және халықаралық, бір маңызды проблеманы немесе өзара байланысты бірнеше проблемаларды қамтиды. Бұндай жобалар негізінен сабақтан тыс уақытта қолданылады.

Ойын жобалары– орындау барысында оқушыларға программист ролін атқаруына тура келеді. Бұл жобаларды топта орындаған тиімді. Жобаны орындау барысында оқушы программалық өнімнің интерфейсін бағалауға үйренеді. Нақты мысалдар: «Тир», «Саңырауқұлақшы», «Санды тап» т.б. «Программалау тілдерін» оқытуға арналған жобаларды факультатив сабақтарында қолданған ыңғайлы. Өйткені олар көп уақытты және оқушылардың әр түрлі пәндерден жүйеленген білімін және шығармашылық ізденушілігін талап етеді. Оқытушы білімгерлердің білім деңгейлеріне сай жобаларды жеңілдетуі немесе қиындатуы мүмкін. Жобалар әдісінің өзі оқушылардың қызығушылығын ескеруге негізделген. Жобалық әдісті оқыту процесінде тиімді қолдану үшін алдын-ала үлкен дайындықты қажет етеді. Сонымен қажетті құралдарды дайындау барысында оқушыларға алып жатқан білімдері өмірде қажет болатындығын көрсету керектігін ескеру өте маңызды. Тапсырмаларды тексеру кезінде дәстүрлі тексеруден басқа өзін-өзі бақылау, бірін-бірі тексеру істеріне көп көңіл бөлінеді. Жобалар әдісі негізінде: практикалық немесе теориялық бір мәселені бастан аяқ қарастырып шығатын жобаның түпкі идеясын жүзеге асыру, бір нәтижеге қол жеткізу ісі жатады [5].

Сондықтан да әдістердің салыстырмалы мүмкіндіктерін білу, оларды бір-бірімен тиімді етіп үйлестіру мен қазіргі заманғы сабақ тиімділігінің маңызды шарты болып табылады.

Қорыта айтқанда, жалпы білім беретін мекемелерде информатика пәнін жобалау әдісі негізінде меңгерту, біріншіден, білім сапасының көтерілуіне жол ашса, екіншіден, оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға кепілдік береді; үшіншіден, оқу үдерісінің оқушы үшін мәнін танытып, олардың оқу мотивацияларын дамытады; төртіншіден, оқыту үдерісінің үш мақсатын – білімдік, тәрбиелік, дамытушылық – қатар орындаудың шарты болып саналады; бесіншіден, қоғам талабы мен оқушы мүддесінің толық үйлесімде дамуына тірек болады да, игерілген білім құзыреттілікке ауысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пахомова Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист, №1, 2004 – с. 42.
2. *Жанпейісова М.М.* Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Ұлағат журналы, 2001. №5. – 19-24 б.
3. Полат Е.С. «Современные педагогические и информационные технологии в системе образования». М. 2001. 272 бет.
4. Таубаева Ш.Т. Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастырудағы жобалау технологиясының маңыздылығы. / Ұлт тағылымы. 2001. №2. 25 -28 бет.
5. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: опыт теоретического и экспериментального психологического исследования: учебное пособие для студ.-М. Академия», 2004. С 122

Резюме

В статье анализируются работы ученых в применении технологии проектирования в обучении информатики. В исследовании решается проблема технологии проектирования обучения и методическая система обучения информатики и информационно-коммуникационной технологии на основе технологического подхода к проектированию учебного процесса учета региональных особенностей, гарантирующего качество и высокую эффективность результатов обучения. Метод проектов – организация обучения, при которой учащиеся приобретают знания в процессе планирования и выполнения практических заданий. В основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков учащихся, умений самостоятельно конструировать свои знания, умений ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического и творческого мышления.

Summary

The article is devoted to the issue of creation of electronic educational and methodic complexes in higher institutions on the basis of module – rating technology of teaching. The article deals with the notions of electronic educational and methodic complex, module, module – reating evaluation system.

**ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЭКОЛОГИЯ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

ӘОЖ 91:626.81

Б. Бекежанұлы¹, Т.Б. Жалелова¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212
Эл.пошта: toiqan@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ СУ
РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі күндері қоршаған ортаның өзендер жүйесі Қазақстанның және көрші елдердің трансшекаралық өзендерінің су ресурстарына байланысты мәселелері айтылады. Мәселенің маңыздылығы, трансшекаралық өзендердің су-энергетикалық ресурстарын бірлесіп пайдалануға қатысты экономикалық – географиялық себептер (су қоймалар, су электр станциялары, суландыру каналдары және басқа да техникалық құрал - жабдықтар) мен бірыңғай қағидалардың болмауы, оның негіздері мен трансшекаралық су қатынастар саласындағы мәселелердің туындауының алғышарттары және көршілес аймақтағы трансшекаралық су ресурстарының қолданылуына байланысты мәселелер қарастырылады.

Негізгі сөздер: Трансшекаралық, гидротехника, станциялар, гидрометрия, бассейн

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы экологиялық жағдайына байланысты Орталық Азияның басқа елдерімен қатар келеді. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркменстанның қоршаған ортасы мен экономикасына қауіп төндіретін аймақтық сипаттағы ұлттық экологиялық проблемалардың ішіндегі ең өткірі, су ресурстарының қысқартылуы және рационалды түрде пайдаланбауы болып отыр.

Су қатынастарының шектелуі Қазақстанның тұрақты түрде дамуына және республиканың бай табиғи қорларын игеруге кедергі келтіруші факторлардың бірі болып табылады.

Сумен қамтамасыз етуде Қазақстан ТМД елдерінің ішінде соңғы орындардың бірінде. Елдің таяз су ресурсы орташа шамамен алғанда, жылына 100,5 км³. Оның тек 56,5 км³ Қазақстанның территориясында қалыптасады, қалған 44,0 км³ көршілес елдердің территорияларынан келеді: Қытай – 18,9, Өзбекстан – 14,6, Қырғызстан – 3,0, Ресей – 7,5 км³. Республиканың сумен қамтамасыз етілу көлемі 1 км² жерге 37 мың м³ және жылына бір адамға 6,0 мың м³. Қазақстанда барлығы 8 өзен бассейні бар: Балқаш - Алакөл, Шу - Талас, Арал – Сырдария, Орал - Каспий, Тобыл - Торғай, Есім, Ертіс, Нұра - Сарысу. Осылардың Нұра - Сарысу бассейнінен басқа 7 трансшекаралық болып табылады. Маңызды, негізгі су қоймалардың жалпы саны бесеу: үшеуі жоғарғы көп жылғы реттеуге байланысты – Тоқтағұл (жобалы жалпы сыйымдылығы 19,3 км³), Чарвак (2,0 км³), Әндіжан (1,9 км³), сонымен қатар мезгілдік реттеуге байланысты екі ағынды су қоймалар – Қайраққұм (4,03 км³) және Шардара (5,7 км³). Орталық Азиядағы негізгі өзендер мен су қоймалардың жүйесі.

Таяз су ресурстары мемлекеттің территориясы бойынша біркелкі реттелмеген, сонымен қатар көп жылғы және ішкі жылдық динамикамен сипатталады. Осылайша,

әр түрлі әкімшіліктік облыстар мен экономиканың салаларын әр түрлі деңгейде қамтамасыз етеді. Мемлекеттің әр түрлі аймақтарының климаттық ерекшелігіне қарай, таяз су қайнар көздерінің 90 пайызы көктемгі кезеңде өтеді. Булану мен сүзуге кететін, транспортты - энергетикалық шығындарды есепке алғанда мемлекеттің экономикасында қолданылуы мүмкін су ресурстарының орналасу көлемі орташа есеппен жылына 46,0 км³ құрайды. Қазақстан экономикасының қажеттілігіне қарай, әр түрлі сулы жылдардағы су ресурстарын салыстыруда бүкіл республика бойынша және жеке аймақтар бойынша да судың жетіспеушілігі байқалады. Су ресурстарының жетіспеушілігі орташа есеппен алғанда жылына 7,0 км³ құрайды. Құрғақшылық жылдары сумен қамтамасыз ету деңгейі 60 пайызды, ал жеке аймақтар бойынша (Орталық Қазақстан) 5 - 10 пайызды құрайды. Осымен қатар, судың жетіспеушілігі егін шаруашылығын суландыру негізінде байқалады.

Қазақстан территориясының ерекшелігі, оның көп бөлігі Каспий және Арал бассейндеріне, Балқаш, Теңіз, Алакөл өзендеріне келеді. Бұл сулар Әлемдік мұхитқа тікелей шыға алмайды, сондықтан өзендік ағынмен шайылмайды. Осыған байланысты, Сырдария, Іле, Орал және басқа да атырауларда ластаушы заттардың жиналуы жүреді, бұл мемлекеттің территориясына ағынды сулармен келеді, атмосфералы жауын - шашынмен түседі, өнеркәсіптік және радиоактивті қалдықтармен түседі. Осының барлығы Қазақстанның су объектілері су сапасының проблемасын күшейтеді. Мемлекеттің территориясында таза суға жатқызылатын су объектілері қалған жоқ. Ең ластанған өзендерге орташа және кіші өзендерден бөлек Қазақстанның ірі өзендері Ертіс, Орал, Сырдария, Іле өзендері жатады. Осы өзендердің ластану деңгейі мемлекет шегінде өте жоғары болып есептеледі. Сонымен қатар, Ертіс, Орал, Сырдария және Іле өзендері трансшекаралық сулар болып табылады, сондықтан сулардың көршілес елдермен ластану деңгейі өсуі осы өзендердің бассейндерінде, әсіресе, біздің еліміздің территориясында тоқыраулы жағдайларды туғызуда [1].

Осылайша, Қазақстан Республикасы үшін су проблемасының мәні су қорының шектеулігі, оның сапасының төмендеуі, әсіресе соңғы жылдары судың территория бойынша біркелкі орналаспауы негізіне жүктеледі. Су, әсіресе ол қажет жерде аз және болашақта суға деген сұраныс мемлекеттің көп аймақтарында жергілікті су ресурстары басым болады.

Қырғызстанның территориясындағы бассейндерінде Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары орналасқан Шу, Талас, Асса, Сырдария өзендері орналасқан. Осы аймақтың экономикалық және экологиялық тұрақтылығы су факторымен байланысты. Қазіргі күндері мұндағы жағдай тоқыраулы күйде, сондықтан осы аймақтардағы халықтың қалыпты түрде өмір сүруі мүмкін болмай тұр.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Су ресурстарының әр түрлі территорияларда орналасуы негізгі проблема болып табылады. Орталық Азияның мемлекеттері Сырдария және Амудария өзендерінің су ресурстарымен, сонымен қатар тоспалар, каналдар мен су қорларын қосатын гидротехникалық құрылыстарының торымен байланысты. Судың жетіспеушілігі Орталық Азия мемлекеттерінің мемлекетаралық қатынастарын қиындатады. Осылайша, аймақта экономикалық, әлеуметтік және саяси қысымға әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты аймақта су ресурстарын өзара пайдаланудың негізгі проблемалары мына себептерге байланысты туындайды:

-электроэнергияны шығаруға және егін шаруашылығын суландыруға жұмсалатын судың көлемі;
-суды берудің уақытшақестесі;
-суды жинау мен сақтауға өтемақы механизмі;
-пайдаланушылар арасында суды реттеу қағидасы;
-су сапасы [2].

Сырдария өзені бассейнінің орташа су ресурсының жалпы көлемінің 1,1 км³ суы Тәжікстанда реттеледі. Тәжікстандағы суды пайдалану (1970 ж.) 2,21 км³ 2000 жылы 3,50 км³ ұлғайды, ал 2020 жылы бұл көрсеткіш 4,73 км³ дейін өседі. Егер 1843 м³/ адамға тең келетін 2000 жылдағы судың шығынды көлемін алатын болсақ, Қазақстан территориясына судың келуін төмендетуін, яғни 1970 жылы 16,81 км³ тан 2000 жылы 9,07 км³ есепке алсақ, бассейнің мемлекеттері арасындағы суды бөлісу мәселелері болашақта нәтижелі түрде шешімін табады, яғни 2020 жылы 2,20 км³ судың көлемін құрайды.

Қазақстанның территориясында ағынның 6 пайызы, яғни 2,23 км³ су реттеледі. Сырдария өзені бассейнін экономика салаларындағы суды пайдалануы - 8,61 км³ құрайды. Оның 2010 мен 2020 жылдардағы үлкендігі 2000 жылдың көрсеткішімен тең. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарының экономика салаларындағы суға деген қажеттілікті ұлғайту жоспарлануда.

Гидрометриялық бақылаулардың мәліметтері бойынша, орташа көп жылғы өзендердің ағындарын есептеу келесі жағдайлармен анықталады: Сырдария өзенінің бассейні үшін – жылына 37203 млн. м³; Амудария өзенінің бассейні үшін – жылына 79280 млн. м³. Осылайша Арал теңізі бассейнінің орташа көп жылғы өзенді су ресурстарының жалпы көлемі жылына 116483 м³ құрайды.

Сонымен қатар, көршілес мемлекеттер территориясындағы су ресурстарын рационалды түрде пайдалану жөніндегі проблеманың шешімін таппаса, Қазақстан территориясында суды пайдалану деңгейін көтеруге мүмкіндік болмайды. Мысалы, 2010 жылы экономика салаларындағы суды пайдалану көлемі 5,0 км³ судан артық болмауы қажет, ал 2020 жылы 1,5 км³ артық болмауы қажет. Бұл жағдайда жыл сайын солтүстік теңізге 4,0 км³ су жіберілуі керек екендігін есепке алу қажет [3].

Үлкейтілген есеп негізінде, 2010 жылы Қазақстанның су ресурсы 85,92 км³ құрайтыны бекітілді. 2000 жылы оның 44,0 км³ орнына 32,42 км³ су көршілес мемлекеттерден түсті. 2020 жылы көршілес мемлекеттерден судың 21,50 км³ көлемі келеді, ал су ресурсы жыл сайын 75,0 км³ құрайды.

Орналастырылған су аз жылдардағы су ресурсы. Су аз жылдардағы Сырдария өзенінің сағасына судың келуін анықтайтын есебі 75 пайызды құрайды. Экономика салаларының суды пайдалануы мен су ресурстарын салыстырылуы судың аз жылдық кезеңіне де жасалған.

Қазақстан Республикасының орташа көп жылғы су ресурстарының бүкіл көлемі 100,5 км³ құрайды. Сонымен қатар, болашақта су аз жылдардағы су ресурстарының толық көлемде экономика салаларының суға деген қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ.

Сондықтан міндетті түрде қажет:

1) Траншекаралық өзендер бассейндерінің, сонымен қатар Сырдария өзені бассейнінің су ресурстарын рационалды түрде пайдалану жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекетаралық келісімнің тиімділігін көтеру. Біз барлық көрші мемлекеттермен трансшекаралық өзендердің су ресурстарын бірлесіп пайдалану жөніндегі келісімге қол қойғанмен, олар кейін жаңарту мен дамытуды талап етеді, яғни қажетті механизмдермен және оларды жүзеге асыру үшін қаржы ресурстармен қамтамасыз

ету. Ең бастысы – келісімнің мүше мемлекеттері трансшекаралық өзендерде басшылық ету жөніндегі мемлекетаралық органдардың үйлесімділігін қалыптастырып, белсенді түрде қолдау көрсетулері қажет.

2) Егін шаруашылығын суландыруда, өнімді өндіруде суды шығындауды екі немесе одан да көп есеге азайтуға мүмкіндік беретін су ресурстарын пайдалануға арналған технологияны қалыптастыру және енгізу қажет. Қазіргі күндері мұнда 80 - кейде, тіпті 60 - жылдардың техникалары мен технологиялары қолданылуда. Бұл, суды өндіруге және су ресурстарын рационалды түрде пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Егер суландыратын жерлердің тұздылығы артатын болса, онда болашақта бұл жерлер өнімділігінің деңгейі өте төмен болады. Сондықтан, ауыл шаруашылық өнімді жемшөптік өнімге ауыстыру нәтижесінде суландыратын жерлердің экологомелиоративті жағдайдың одан әрі нашарлауын тоқтатады. Сырдария өзені бассейнінде Қазақстанның экономика салаларының даму нұсқасын таңдау әлі де зертеулерді талап етеді.

Егер су аз жылдары Қазақстан территориясына судың жіберілуі нөлге тең болса, онда экономика салаларын қалай сумен қамтамасыз етуге болады деген мәселе туындайды, ал су көп жылдары керісінше мәселе туындайды, суға қалай басшылық жүргізуге болады, қалай ағынды теңіз акваториясына транзитпен өткізуге болады. Сонымен қатар, су ресурстарына басшылық ету болады және ол энергетикалық кестеде жұмыс істейтін Тоқтағұл су қоймасын пайдалану әрекеттерінен қиындай түседі. Су ағындарына басшылық етуде энергетикалық кестеде жұмыс істейтін Қайраққұм (Тәжікстан) және Чарвак (Өзбекстан) су қоймалары үлкен рөл атқарады. Осы су қоймаларының жұмысы Ферғана даласындағы Сырдария өзеніне реттелмеген қысқы ағынмен қатар, Шардара су қорының бүтіндігіне және өзеннің төменгі ағысында орналасқан тұрғындардың қауіпсіздігіне қауіп төндіреді [4].

Су аз жылдардағы (орташа және су көп жылдардағы) өзендердің су ресурстарын есепке алғанда, Қазақстан Республикасы территориясы бойынша ағынның ұқсастығында есепке алу қажет. Егер ауа температурасы жоғарылайтын болса (Қазақстан Республикасы территориясы бойынша: ұқсас, онда таулы аймақтарда (Іле, Ертіс, Сырдария, Шу, Талас) көп сулы ағын қалыптасады, ал жазықты аймақтарда ағын қандай болатыны белгісіз.

Бірақ, өзендердің әсіресе, трансшекаралық өзендердің су ресурстары төмендейді. Мысалы, су аз жылдардағы су ресурстарының жалпы көлемі 2010 және 2020 жылдары 63,79 және 55,27 жылына/ км³. Сырдария өзені бассейніне көршілес мемлекеттерден келетін су 2010 және 2020 жылдары нөлге тең болады. Бұл Қырғызстанда, Өзбекстанда және Тәжікстанда экономика саласының кейінгі дамуымен себепті болады.

Сумен қамтамасыз ету мен трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп пайдалану проблемасы Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттерінің аймақтық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін негізгі қайшылықты жағдайлардың бірі. Аймақ үшін су және энергетикалық ресурстарын пайдалану жүйесі, заманға сай жағдайларда жаңа сапалы контекстке ие болды. Ол келесі жағдайлармен анықталады:

Біріншіден, Орталық Азия мемлекеттерінің кез - келгенінде су немесе энергия тапшылығының пайда болуы, ұлттық қызығушылықтар мен қауіпсіздікке қауіп төндіретін жағдай негізінде қабылданады.

Екіншіден, өзен жүйесі қызметін оңтайлы етуге пайдалануға экономиканың екі саласы бір уақытта таласуда: әр түрлі мемлекеттерге жататын ирригация мен энергетика мәселесі қиын шешімді жағдай болып табылады.

Үшіншіден, Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері су және энергетикалық ресурстарды пайдалану мәселелерін нәтижелі, әрі рационалды түрде шешуінен аймақтың интеграциялық процестерінің болашағына байланысты.

Су ресурстарын өзара пайдалану проблемасы шешімінің қолайлы әдісін табу – бұл, ұйымдық - экономикалық мәселе. Бірақ, бұл әдіс тез арада этносаяси мәселеге айналып, радикалды - ұлттық жағдайдың туындауына негіз болады. Осыған байланысты, әрбір мемлекет жағынан тек сақтық пен олардың қызметтерін тұрақты тығыз түрде үйлесімдеу ғана емес, сонымен қатар тұрақтылықты қолдау мен ымыралы шешімді іздеуге ұжымдық беделді органдарды қалыптастыру қажет. Осылайша, су ресурстарын бірлесіп пайдалану Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасындағы су ресурстарының рөлімен анықталатын тек экономикалық, экологиялық мәнге ғана емес, сонымен қатар саяси және халықаралық мәнге ие [5].

Қазіргі күндері трансшекаралық су ресурстарын пайдалану саласында аймақтағы тұрақтылықтың тәуекелі бірнеше себептермен анықталады:

- бірлесіп су ресурстарын пайдалануда ортақ құқықтық негіздің болмауы;
- Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің жеке қызығушылықтарының басымдылығы жергілікті территориялық кестесінүйлестіре алмайтын бірыңғай су жүйесін бөлісуді білдіреді;
- Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің экономикалық және қоғамдық
- саяси дамуының әр түрлілігі;
- су ресурстарына деген сұраныстың үнемі ұлғаюы.

Осы аталған барлық жағдайлар қақтығысты потенциалды қалыптастырды, оның одан әрі дамуы Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп әкелуі мүмкін. Қақтығысты жағдайлар негізінде су ресурстарын пайдалану жатыр, бұл этносаралық, территориялық және басқа проблемаларға ауысады және болашақта қиын шешімді жағдайға әкелуі мүмкін. Орталық Азия аймағының бес мемлекеттері Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өбекстан, Ресей пайдаланатын судың негізгі қайнар көзі екі елдің территориясында орналасқан. Арал теңізі бассейнінің басты артериясының ағынынегізінен Қырғызстан территориясында орналасқан – Сырдария өзені (80 пайыз), және Тәжікстан территориясында – Амудария өзені (83 пайыз).

Амудария өзені Орталық Азиядағы ең ірі өзен, оның ұзындығы – 2540 км. Бүкіл су ресурстарының жалпы көлемінің 62,9 км³ Тәжікстан территориясында орналасқан Амудария өзенінің бассейніне келеді. Бүкіл су ресурстарының жалпы көлемі 64 км³. Сонымен қатар, Тәжікстанда аймақтағы өзендердің су балансын реттейтін мұздық негізіндегі тұщы судың үлкен көлемі (Орталық Азияның 60 пайызға жуық қоры) орналасқан.

Қазақстан территориясына трансшекаралық өзендердің су ресурстарының келуі біртіндеп қысқартылуда. Осылайша, егер 1960 жылы жылына 54,59 км³ су келсе, 2000 жылы жылына 44,0 км³ суды құрады және 2010 мен 2020 жылдары жылына 29,42 мен 18,50 км³ суды құрайды. Осылайша, егер орналастырылған су ресурстары 2000 жылы жылына 100,5 км³ суды құраса, 2010 мен 2020 жылдары жылына 85,92 мен 75,0 км³ суды құрайды.

Су аз жылдағы өзендердің су ресурстары 2000 жылы жылына 75,43 км³ суды құрады, ал 2010 мен 2020 жылдары жылына 63,79 мен 55,27 км³ суды құрайды. Оның ішінде трансшекаралық өзендерден келіп түсетін су көлемі 2000 жылы

жылына 33,11 км³ суды құрады, болашақта 2010 мен 2020 жылдары жылына 21,47 мен 12,95 км³ суды құрайды.

Су көп жылдары Қазақстан территориясына трансшекаралық өзендердің су ресурстарының келуі бірден белсенді қарқынмен ұлғаюы мүмкін. Оған себеп, су ресурстарына келісімсіз бақылау жүргізу және Тоқтағұл су қоймасын пайдаланудың энергетикалық кестесі.

Әсіресе, Сырдария өзені бассейнінің ағынының қысқартылуы сезіледі. Егер орташа су жылдары, яғни 2000 жылы Қазақстан территориясына судың келуі жылына 9,07 км³ суды құраса, ал 2010 мен 2020 жылдары жылына 6,02 мен 2,20 км³ суды құрайды. Ал, су аз жылдары егер 2000 жылы жылына 2,45 км³ суды құраса, 2010 мен 2020 жылдары орташа алғанда нөлге тең болады.

Экономика салаларының орташа су жылдары су ресурстарына табиғи кешендермен талаптарда сумен қамтамасыз етілуі 2000 жылы Шу – Талас, Нұра – Сарысу мен Арал – Сырдария өзендері бассейндерінде қанағаттандыратындай көрсеткішті бермеді. Ал, 2010 жылы судың жетіспеушілігі барлық аймақтарда білінеді. Жалпы алғанда, жылына 15,28 км³ суды құраса, 2020 жылы да судың жетіспеушілігі қиындайды, яғни жылына 31,20 км³ суды құрайды. Су аз жылы судың жетіспеушілігі өзендердің барлық бассейндерінде бақыланды, судың жетіспеушілігінің жалпы көлемі – жылына 21,27 км³ құрады, бұл жағдай болашақта ұлғаяды және 2010 мен 2020 жылдары жылына 37,41 мен 50,93 км³ суды құрайды.

Экономика салаларының даму деңгейіне байланысты су қайнаркөздеріндегі судың сапасы нашарлайды. Судың сапасын бақылаудағы су шаруашылық балансы су аз жылға құрастырылуы қажет. Бірде - бір су қайнаркөздеріндегі судың сапасы нормативті талаптарға сай келмейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Болашақта Қазақстан Республикасының экологиялық концепциясымен сәйкес келесідей жағдайларды қолдану керек:

- бірінші сатыда, 2007 жылға дейін суды пайдалану көлемі мен су сапасының нашарлауын одан әрі ұлғайтуға жол бермеу қажет. Су қайнаркөздеріндегі судың ластану деңгейін тұрақтандыру керек;

- екінші сатыда, 2010 жылға дейін су қайнар көздеріндегі судың ластану деңгейін 50 пайызға дейін қысқарту қажет;

- үшінші сатыда, 2015 жылға дейін су қайнаркөздеріндегі судың сапасы нормативті талаптарға сәйкес болуы қажет.

Қазақстан Республикасының болашағында экономика салаларын су қажеттілігімен қамтамасыз етуге және өзендер бассейндеріндегі табиғи кешендерді қанағаттандыратын жағдайда сақтауға мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, келесі қажетті жағдайларды қолдану қажет:

1. Трансшекаралық өзендер бассейндерінің су ресурстарын сақтау мен рационалды түрде пайдалануға байланысты ұзақ мерзімді мемлекетаралық келісімді жүзеге асыру қажет. Суды бөлісудің әдістемелік негіздерін және олардың жүзеге асырылу механизмдерін ұйымдастыру қажет.

2. Тоғанды шаруашылық пен суды қажет етпейтін экономика салаларын дамыту. Мұндай мақсатты болашақтағы 5 - 10 жылға қою қажет (2010 - 2015 жылдар аралығында)

Осылайша, экономика салаларын су ресурстармен қамтамасыз етуді орташа көп жылғы ағында және су аз жылда емес, қазіргі күндері мен болашақта дамитын су шаруашылық кешенде суға деген сұранысты қанағаттандырумен қамтамасыз етуге байланысты жүргізу қажет болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кошматов Б. Т. Межгосударственные водные отношения и использование водных ресурсов в Центральной Азии / Б. Т. Кошматов // Экология и устойчивое развитие.- 2004. - № 2. - С. 17-18.
2. Бердыгулова Г. Е. Экономико - географические проблемы использования и охраны водных ресурсов трансграничных рек (на примере р.Сырдарья) : автореф. дис. на соискание ученой степени кандидата географических наук / Г. Е. Бердыгулова. - Алматы, 2002. – 23 с.
3. Жексенбин Б. Б. Рациональное использование водоземельных ресурсов в орошаемом земледелии (на примере Жамбылской области) : автореф. дис. / Б. Б. Жексенбин. - Алматы, 2004. - 29 с.
4. Нечаева Е. Л. Водные ресурсы как фактор обеспечения национальной безопасности: автореф. дис. На соискание ученой степени кандидата психологических наук / Е. Л. Нечаева.- Астана, 2006. – 29 с.
5. Актуальные водные проблемы Казахстана / автор: А. К. Кадырбергенова, 2006 г. // <http://www.rusnauka.com>.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы связанные с речными системами Казахстана и соседних стран, а так же проблемы водных ресурсов трансграничных рек. Экономические и географические особенности совместного использования водо-энергетических ресурсов трансграничных рек (водные электростанции, каналы и другие технические оборудования)

Summary

The article izlogaetsya river systems and Kazakhstan and neighboring countries, as well as the problem of water resources of transboundary rivers. The economic and geographical features of sharing water and energy resources of transboundary rivers (water power stations, channels and other technical equipment)

ӘОЖ: 338.482.22

Л. Жұманова¹, Ж.Х. Ақтаубаева¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
эл.почта: janars-74@mail.ru

ЕМДІК –САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІ

Аңдатпа

Мақалада емдік-сауықтыру туризмінің даму тарихы, қазіргі туризм нарығында алатын орны, дамыту жолдары, жүзеге асыратын табиғи ресурстар мүмкіндігі, емдік-сауықтыру турларын жасау, оған деген сұранысты анықтау, Еуропаның емдік-сауықтыру туризмнің даму жағдайы, белгілі курорттар мен санаторийлер туралы баяндалған.

Негізгі сөздер: туризм, тур, қызмет, санаторий, курортология, бальнеология, пелоидотерапия.

КІРІСПЕ

Емдік-сауықтыру туризмі бүгінгі таңда туризм индустриясының болашағы зор салаларының бірі болып табылады. Тән және рух саулығына деген сән ХХІ ғасырда емдік-сауықтыру туризмінің аса үлкен қарқынмен дамуына негіз болды. Әлемнің көптеген елдерінде емдік-сауықтыру туризмі жалпы ішкі өнімді қалыптастыруда, халықты жұмыспен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, сонымен қатар көлік және байланыс, құрылыс, ауыл шаруашылығы, тұрмыстық тауарлар өндірісі сияқты экономиканың негізгі салаларына орасан зор әсер етеді және әлеуметтік-экономикалық дамудың өзіндік факторы болып есептеледі.

А.М. Ветитневтің анықтамасы бойынша емдік-сауықтыру туризміне арнайы сауықтыру бағдарламаларының негізінде денсаулықты нығайту және аурудың алдын алуға бағытталған туризм түрі жатады [1]. Сонымен қатар емдік-сауықтыру туризміне физикалық және психологиялық денсаулықты қалпына келтіру мен демалу мақсатындағы туризмді жатқызуға болады. А.В.Бабкин бойынша емдік-сауықтыру туризмі резиденттер мен резидент емес тұлғалардың мемлекет аумағында немесе шет елдерде 24 сағаттан кем емес және 6 айдан аспайтын уақыт аралығында емдік-сауықтыру мақсатында орын ауыстыруын қарастырады және курортологияға негізделеді.

Курортология – бұл табиғи емдік факторлар және олардың адам ағзасына әсері мен емдік-сауықтыру мақсатында пайдаланылу әдістері туралы ғылым. Ерте кезеңдердің өзінде адам ағзасына әр түрлі табиғи, климаттық, гидроминералды және ландшафттық факторлардың әсер ететіндігі байқалған болатын, ал XVI-XVIII ғасырларда климатпен және сумен емдеудің ғылыми алғышарттары қалыптасты, алғашқы курорттар пайда болды, курортология ғылым ретінде медициналық тәжірибеге енді [2].

Бальнеология (лат. balneum – монша, суға түсу) – минералды сулардың пайда болуы мен физико-химиялық қасиеттерін және емдік-сауықтыру мақсатында қолданылу әдістерін зерттейтін ғылым. Бальнеологияның алғышарттары б.з.д. V ғасырда ғалым Геродот минералды суларды пайдалану әдістері мен жағдайларын ұсынған кезде пайда болған, ал Гиппократ (б.з.д. V-IV ғғ.) өз еңбектерінде өзен, көл және теңіз суының емдік қасиеттерін атап өткен. Ғылыми бальнеологияның негізі XVII-XVIII ғасырларда неміс ғалымы Ф. Гофман минералды сулардың химиялық құрамын анықтаған кезде қалыптасты. Емдік сулар химиялық құрамына Емдік сулар химиялық құрамына және шипалы қасиеттеріне қарай көмір қышқыл газды, күкірт сутекті, құрамында темір, күшәла, марганец, мыс, алюминий, органикалық заттар болатын сулар, бромды, йодты, радонды және кремнийлі сулар болып бірнеше топқа бөлінеді. Минералды сулармен емдеумен қатар, емдік-сауықтыру туризмі саласында балшықпен емдеу де кең тараған.

Балшықпен емдеу, пелоидотерапия (грекше plos — саз, балшық және therapeia — емдеу), құрамында тұздар, өсімдік шірінділері, сондай-ақ, оларды қорек ететін ұсақ организмдері бар балшықты және балшық тектес (парафин, озокерит) заттарды емге пайдалануды білдіреді. Шипалы балшықтар химиялық құрамы, шығу тегі және пайда болу жағдайларына байланысты әр түрлі болады. Олар кейбір физикалық және химиялық қасиеттеріне (тұтқырлығы, су сіңіргіштігі, жылу сыйымдылығы, жылу сақтағыштығы, т.б.) қарай топтарға жіктелінеді. Арнайы қыздырылған шипалы балшықтар өздерінің бойында қызуды ұзақ сақтаумен қатар, терідегі рецепторларға, дәнекер тіндерге, ішкі секреция бездеріне әсер етіп, организмдегі зат алмасу, регенерация процесінің жүруін реттейді, ауырсынуды басады. Балшықпен емдеу, негізінен, сүйек-буын, жүйке, ас қорыту, жыныс мүшелерінің ауруларына қолданылады [3].

Қазіргі кезде дамыған елдерде емдік-сауықтыру туризмі екі бағытта қалыптасады:

-науқастардың арнайы мекемелерде туристік бағдарламалармен қоса ем қабылдауы;

-дені сау адамдардың арнайы мекемелерде белгілі бір қызметтер алу арқылы физикалық және психологиялық жағдайын қалпына келтіріп, жақсарту мақсатында өзге елдерге саяхат жасауы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Емдік-сауықтыру туризмінің негізгі даму аймағы – Еуропа, нақтырақ айтсақ, Орталық және Шығыс Еуропа болып табылады. Бұл мемлекеттерде емдік табиғи-климаттық ресурстар кең тараған, сонымен қатар науқастарды емдеудің, қалпына келтірудің және аурудың алдын алудың қазіргі заманғы тиімді әдістері пайдаланылады. Еуропа елдерінің ішінде шипажайлы-курорттық емделуге келушілердің саны жөнінен Чехия алдыңғы орынды алады. Мұндағы ең үлкен және әйгілі здравница – Карловы Вары болып табылады. Чехияның ұлттық туристік әкімшілігінің деректері бойынша жыл сайын оған емделуге әлемнің 70 елінен 50 мың адам және 2 млн. экскурсант келеді. Соңғы кезде елде чех здравницаларын еуропалық емдік-сауықтыру туризмі нарығында белсендірек жылжыту шаралары жүргізіліп жатыр. Курорттарда театр сахналары, галереялар, көрме залдары, би алаңдары, ойын мекемелері, түнгі клубтар ашылуда. Сонымен қатар гольф, теннис, суда жүзу, яхтинг, каратэ, жаяу, атпен және велосипедпен серуендеуге жағдай жасай отырып, белсенді демалысқа мүмкіндіктерді кеңейтуде. Емдік-сауықтыру бағдарламалары мәдени, ойын-сауық және танымдық шаралармен жақсы үйлесім табады. Чех курорттары музыкалық фестивальдер, ән байқауларын, курорттық балдар, аэробика-марафондар, көрме-сатылымдар, фольклорлық фестивальдер ұйымдастырады. Карловы-Вары курортында дәстүрге айналған Халықаралық толықметражды фильмдер фестивалі өткізіледі. Бұл шаралар туристерді көбірек тартуға және олардың контингентін кеңейтуге бағытталған.

Еуропаның емдік-сауықтыру туризмі нарығында Чехияның басты бәсекелесі – Венгрия болып табылады. Оны термалды моншалар зонасы деп атайды. Тәулігіне 500000 м³ жуық термалды су табиғи бұлақтардан ағып шығады, оның жартысы медицинада пайдаланылады. XIX ғасырда Венгрия Еуропаның сумен емдеу орталығы, ал Будапешт емдік сулар қаласы атағына ие болған. Бүгінгі таңда Венгрияның 22 қаласы мен 62 ауылында ресми түрде бекітілген емдік су көздері бар. Туристік ағындар көбіне Будапештке және Балатон көліне келеді. Будапешттегі әйгілі түрік моншалары XVI-XVII ғасырлардан бері сақталған және бүгінде қызмет етуде. Балатон – Еуропаның ең үлкен және жылы көлдерінің бірі, балық аулау, жүзу, желкенді спорт және су шаңғысымен айналысуға қолайлы орын. Жыл сайын көлге әр елден 100 мыңға жуық турист келеді. Венгрия курорттарында емделу мен демалу Германия, АҚШ, Австрия азаматтары және жергілікті халық арасында сұранысқа ие. Барлық келушілердің жартысынан көбі осы төрт елдің үлесіне тиеді.

Емдік-сауықтыру туризмі нарығында Польшаның бальнеологиялық және климаттық курорттары кең тараған. Негізгі бальнеологиялық және бальнеобалшықтық Свиноуйсьце, Камень-Поморски, Колобжег курорттары Балтық теңізінің жағалауында орналасқан. Олар Чехия және Венгрия курорттарына қарағанда онша әйгілі емес және бәсекелестікке түсе алмайды. Жарнаманың жоқтығы, медициналық қызмет деңгейінің төмендігі және теңіз суының суықтығы сияқты факторлар Польша курорттарының мүмкіндігін шектейді. Польшадағы емдік-сауықтыру туризмінің дамуына Эстония, Латвия, Литвадағы сияқты теңіз

жағалауындағы қолайсыз экологиялық жағдай теріс әсерін тигізеді. Теңіз жағалаулары өндіріс қалдықтарымен және қоқыстармен ластанған. Көптеген өнеркәсіп орындары техникалық жағынан ескірген және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес қайта жабдықталуы тиіс. Зиянды заттардың негізгі бөлігі шығыс және оңтүстік-шығыс жағалауда орналасқан өндіріс нысандарынан келеді. Өте жоғары деңгейде бактериалды ластануды салдарынан кейбір Балтық жағалаулары жабылып, адамдарға суға түсуге тыйым салынады. Мұндай жылдары Польшаның теңіз жағалауларына келетін туристік ағын кемиді. Таулы аудандарда орналасқан климаттық курорттардың ісі жандана түседі. Олардың саны көп, сондықтан тау-климаттық туризмді Польшаның емдік-сауықтыру туризмінің мамандандырылған саласы ретінде қарастыруға болады.

Чехия, Венгрия, Польшадан басқа емдік-сауықтыру туризмі Болгария, Румыния, Сербия, Черногорияда дамыған. Бұл елдер жылы теңіздерге шыға алады және негізінен теңіз жағалауындағы климаттық курорттарда сауықтыру бағдарламаларын ұсынады. Сонымен қатар, Хорватияда медицинада пайдаланылатын мұнай түрі – нафталанның Еуропадағы жалғыз шығу көзі ашылған. Оның негізінде құрылған Иванич-Град курорты тері және тірек-қозғалыс аппаратының аурулары бар науқастарды қабылдайды. Словакия термалды здравницаларын қазіргі заманғы технологиялармен жабдықтау арқылы жақын арада Чехияға баратын туристік ағынды өзіне тартып, емдік-сауықтыру туризмі нарығында басты орынға ие болуы мүмкін.

Батыс Еуропа мемлекеттері курорттық істің терең дәсүрлерімен ерекшеленеді. Мұнда әлемдік маңызға ие Германиядағы Баден-Баден және Висбаден, Франциядағы Виши, Ұлыбританиядағы Бат, Бельгиядағы Спа және басқа да ірі курорттар орналасқан. Олар XIX ғ. 2 ж. тек қана емдік емес, демалыс орны ретінде де дамыған. Аралас архитектуралық стильдер, павильондардан шыққан әр түрлі әуендер, концерттер, сахналық көріністер және балдар, сән үлгілерінің және алғашқы автокөліктердің көрінісі, ойын бизнесі, сауық кештері бұл курорттарға ерекше қайталанбас сипат берген. Батыста курорттық істі ұйымастырудың XIX ғасырда қалыптасқан қағидалары бүгінгі таңда өзгеріске ұшырай қойған жоқ. Курортқа келген адамдарға қатаң күн тәртібі белгіленбейді, олар ем алу уақытын өздері таңдайды және дәрігердің кеңесімен жүруге міндетті емес. Батыс Еуропа курорттарының көпшілігі Германия, Австрия және Швейцарияда орналасқан. Олар негізінен бальнеологиялық және климаттық болып келеді. Жыл сайын неміс курорттары 1 млн. астам адам қабылдайды. Германияның климаттық және бальнеологиялық орталықтары ұсынатын аурудың алдын алу және қалпына келтіру бағдарламалары Франция, Бельгия, Люксембург, АҚШ және Канада тұрғындарының арасында сұранысқа ие.

Австрияның көптеген курорттарының ішінде ең әйгілісі – Бадгастайн бальнеологиялық курорты Зальцбург провинциясының оңтүстігінде, Гастайн өзенінің алабында орналасқан. Ол ыстық радон бұлақтарының негізінде құрылған. Бальнеологиялық және климаттық курорттармен қатар Австрияда көл жағалауындағы емдік-сауықтыру туризмі дамыған. Жыл сайын Аттерзе, Мондзе және Топлице көлдеріне 1 млн. жуық турист келеді. Жалпы, елге келетін туристердің 20%-ы емдік мақсатты көздейді [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Швейцариядағы курорттар саны Германия және Австрияға қарағанда аз болғанымен, емдік-сауықтыру туризмінің әйгілі бағыттарының бірі болып табылады. Алайда бағасының өте жоғары болуына байланысты бұл елдегі курорттық қызмет

тек бай адамдар үшін қолжетімді болып келеді. Баден, Бад-Рагац бальнеологиялық здравницалары және Ароза, Давос, Санкт-Мориц, Церматт тау-климаттық курорттары жергілікті тұрғындармен қатар шетелдік қонақтар арасында үлкен сұранысқа ие. Швейцария алғаш болып шөппен емдеуді тәжірибеге енгізді. Мұнда ірі фитотерапевттік Кран-Монтана орталығы орналасқан. Орталықта дерматоз, зат алмасу жүйесінің бұзылуы, диабет, жүйке жүйесі ауруларын емдейді.

Оңтүстік Еуропада емдік-сауықтыру туризмі негізінен Италияда дамыған. Оның бальнеологиялық курорттары елдің солтүстік-шығысында, термалды суларға және емдік балшықтарға бай Эмилья-Романья аймағында және Искья аралында орналасқан.

Испания, Португалия, Греция туристерді климаттық теңіз жағалауындағы курорттарымен қызықтырады, олар көбіне демалыс және ойын-сауық орталықтары ретінде танымал. Бұл елдерде мамандандырылған емдік курорттар аз және жалпы курорттар санының тек бірнеше пайызын ғана құрайды.

Солтүстік Еуропада емдік-сауықтыру туризмінің даму деңгейі төмен. Дания мен Нидерландының теңіз жағалауындағы климаттық курорттары және Норвегия, Финляндия, Швецияның көл жағалауындағы курорттарын атап өтуге болады, бірақ олар тек жергілікті маңызға ие.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ветитнев А.М., Кусков А.С. Лечебный туризм. М.: Форум, 2010.
2. Бабкин А.В. Специальные виды туризма. Ростов н/Д: Феникс, 2008.
3. Энциклопедический словарь Ф.А. Брокгауза и И.А. Ефрона. СПб.: Брокгауз-Ефрон, 1890-1907. URL [www.vehi.net /brokgauz/](http://www.vehi.net/brokgauz/)
4. Ефименко Н.В., Глухов А.Н. Лечебно-оздоровительный туризм в России и за рубежом с позиций курортной науки // курортная медицина. - № 3. 2012.

Резюме

В этой статье описано курорты и санатории мира, которые пользуются спросом среди туристов, преимущества и недостатки санаториев и курортов, описано о лечебных свойствах грязи, минеральных термальных источников, о бальнеологическом и климатологическом лечении.

Ключевые слова: лечебный туризм, курорты, санатории, лечебные грязи, минеральные воды, климат, море.

Summary

This article describes spas and resorts of the world, which are in demand among tourists, the advantages and disadvantages of sanatoriums and resorts, explained about the healing properties of mud, mineral hot springs, a balneological and climatological treatment.

ӘОЖ 338

А.Ө. Қасанова¹, Т.Б. Жалелова¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Эл.пошта: toiqan@mail.ru

АЛАКӨЛ ӨҢІРІНДЕ ТУРИЗМ КЛАСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Алакөл өңірінде туристік іс-әрекет пен оны дамытудың қазіргі жағдайына талдау жасалып, емдік-сауықтыру туризмі мен демалысты тиімді пайдаланудың табиғи және әлеуметтік – экономикалық алғышарттарын саралау негізінде рекреациялық әлеуетін бағалау, табиғатын тиімді пайдалану мәселелерін қарастырылады.

Негізгі сөздер: Инфрақұрылым, рекреация, туризм, кластер, нарық.

КІРІСПЕ

Алакөл өңірінің туристік инфрақұрылымын дамытуда бірқатар өзекті мәселелер туып отыр. Туристік-рекреациялық ресурстар мүмкіншілігін дамыту мен пайдаланудан түсетін өңірлік жалпы ішкі өнімдегі табыстың үлес салмағының төмендігінің негізгі себебі туризм мен демалыс инфрақұрылымның нашар дамуы, қаржы көздерінің жетіспеуі, негізгі тұтыну нарқынан алыстығы, туристік өнімді құру кезінде көлік шығындарының жоғары болуы, рекреанттарды орналастыратын орташа сыныпты нысандар мен мәдени-сауықтық нысандардың жетіспеуі және олардың деңгейінің туристік нарық талабына сәйкес келмеуіне тығыз байланысты. Туристік бағыттар деңгейінің төмендігі өңірдегі бірегей табиғат ескерткіштері мен нысандарын толық деңгейде пайдалануға мүмкіндік бермейді. Туристік саланың өңір шегінде нашар дамуын инфрақұрылымның нашар дамуымен, туризм мен демалысты кешенді дамыту жоспарының болмауымен, құқықтық қамтамасыз етілмеуімен, салық жүйесінің күрделілігімен, инвестиция тартуға берілетін жеңілдіктердің болмауымен түсіндіруге болады. Туризм саласы өз қызметін ғылыми негіздеуді, басқаруды, үйлестіруді, барлық туристік-рекреациялық әлеуетті толық әрі тиімді пайдалануды және инвестиция тарту үшін жеңілдіктер беруді қажет етеді.

Алакөл өңірінде туризм мен демалыс енді қалыптасып келе жатқан бастапқы кезеңінде тұр. Туризм мен демалысты дамытуға қолайлы жағажайлардың, емдік батпақтардың, минералды су көздерінің және тартымдылығымен ерекшеленетін бірегей орындардың болуына қарамастан туризмді дамытудан жергілікті бюджетке түсетін табыстың үлес салмағы не бары 3-4 пайыздан аспай отыр. Географиялық орнының ерекшелігіне сәйкес Балқаш-Алакөл өңірі көлік қатынастарына жұмсалатын шығын жоғары аумақтардың бірі болып саналады. Балқаш пен Алакөлге басқа өңірлерден келген демалушылар арасында жүргізілген сауалнамаларға жасалған талдау нәтижелері сырттан келетін туристер жұмсайтын шығынның шамамен 60–65 пайызын жол шығыны құрайтынын көрсетті.

Өңір Қырғызстандағы Ыстықкөлмен бәсекелесе алатын қазақстандық демалушыларды тарту арқылы республика бюджетіне қомақты қаржы түсіруге мүмкіндік беретін болашағы зор демалыс орны болып табылатындықтан Елбасының 2005 жылғы жолдауына сәйкес туризмді кластерлік жүйемен дамытудың маңызы зор [1]. Жүргізілген зерттеулер арқылы Балқаш пен Алакөл жағалауларында, облыс және аудан орталықтарында туризмнің даму жағдайы біршама жақсарғанымен, оның дамуын шектейтін бірқатар жағдайлар мен шешуді қажет ететін түйінді

мәселелер анықталды. Олардың қатарына емдік-сауықтыру рекреациясы мен жағажайлық демалысты, экологиялық туризмді дамытуға қолайлы жағдай жасалмауын, әлеуметтік-мәдени және туристік инфрақұрылымдардың толық қалыптаспауын, көрсетілетін қызмет сапасының төмендігін, туристерді орналастыратын демалыс орындары мен туристік мекемелердің, туризм мен демалысты үйлестіруші мемлекеттік құзырлы органдардың, өңірдегі қалаларда, ұйымдастырылатын іскерлік, ғылыми, мәдени, танымдық іс-шаралардың арасында біртұтас ақпараттық жүйенің болмауын жатқызуға болады. Өңірде көлік құралдарының, туризм мен демалыс саласын зерттеумен айналысатын арнайы ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының аздығы, демалушылар талғамына жауап беретін қонақүйлер мен мәдени-сауықтық нысандардың жетіспеуі байқалуда. Жоғарыда аталған түйінді мәселелер туристік кластерлі қалыптастырудың біртұтас негізі жоқ екенін көрсетеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Туризм саласында жүргізілетін зерттеулер негізі статистикалық деректерге негізделген сандық көрсеткіштерді талдауды қажет етеді. Алматы облыстық статистика басқармасы ұсынған деректер туристік қызметтің барлық түрлерін толық қамти алмайды. Сондықтан статистикалық деректерді тіркеу туристік зерттеулерде жетекші орын алуы тиіс. Олардың біріншісі деректер базасын беттестіру. Ол өз кезегінде туризмнің даму жағдайын, үрдісі мен заңдылықтарын, кеңістік пен уақыт ішінде болып жатқан өзгерістерді анықтауға, бір мезгілдегі көрсеткіштердің ара салмағын бағалауға мүмкіндік береді. Туризмдегі статистиканың басқа түйінді мәселесі - толық әрі нақты статистикалық ақпараттың болмауы. Қазіргі кезде бірде-бір мемлекет туризмге кең көлемді толық бақылау жүргізбейді [2]. Туристер ағынының статистикасында қысқа мерзімді саяхаттық және іскерлік сапарға барып қайту мен туристік шығындар статистикасы жан жақты, толыққанды ақпарат бере алатындай сипатта жүргізілмейді. Нарыққа қатысушылардың іс-әрекеттері мен сату келісімдері нарықтық конъюнктура туралы статистикалық дерек түсуден бұрын жүргізілетіндіктен ақпаратты дер кезінде тіркеу маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан Алакөл өңірінде тиімді дамытуға Алматы облыстық және республикалық телеарналарда, басқа да отандық және шетелдік ақпарат құралдарында коммерциялық емес жарнамалар мен ғылыми-танымдық ақпараттардың, арнайы хабарлардың жоқтығы, демалыс орындары мен қонақ үй қызметі деңгейінің төмендігі, отандық және шетелдік туристер мен демалушыларға көрсетілетін қызмет сапасы деңгейінің төмендігі кедергі келтіруде. Қазіргі кезде өңірдегі туристік мекемелер мен кәсіпорындар қолайлы туристік имиджді қалыптастыруды көздейтін шараларды тиісті деңгейде жүргізе алмай отыр. Жарнамалық-ақпараттық қызмет газеттерге жарнама берумен ғана шектеліп, туристік-рекреациялық әлеуетті жарнамалайтын даңғылдар мен бейне-фильмдер шығаруға тиісті көңіл бөлмейді. Тіпті өңірдегі демалыс орындары, қонақ үйлер, туристік базалар, шипажайлар, маңызды туристік бағыттар туралы қарапайым деректер базасы да әлі толық жасалмаған. Туризм кластерін құру үшін өңір баға, қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде бәсекеге қабілетті ақпараттар беруі тиіс. Веб-сайттарды талдау барысында өңірдің туристік-рекреациялық ресурстарының жағдайы туралы ақпараттар жаңартылмайтыны анықталды. Шетелдік туристік фирмалардың порталдарында немесе сайттарында «Алакөлге саяхат», «Барлық-Арасан» шипажайы туралы ақпараттар өте сирек кездеседі немесе мүлде жоқ десе де болады.

Алакөл өңірінде туризмді кластерлік жүйемен дамытып, демалыс аймақтарында демалыс орындары мен әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету нысандарын жобалап, оларды салуды көздейтін инновациялық жобаларды қаржыландыру мәселелерін шешудің маңызы зор. Жоғарыда аталған мәселелерді жергілікті басқару органдары туристік қызмет көрсету мен жылжымайтын мүліктерді рәсімдеу саласында тәжірибесі бар білікті мамандарды, кеңесші мамандарды тарта отырып оңтайлы шешулері қажет. Өңірдегі туризм мен демалысты дамытуды инвестициялаудың түйінді мәселелерін қарастыратын болсақ, туристік нарықтың кәсіпкерлер қауымының басым бөлігі үшін толық ашық еместігі, инвестициялаудың бастапқы кезеңінде кездесетін тәуекелдің жоғарылығы Балқаш пен Алакөл жағалауындағы тартымды жағажайларда шағын және жеке кәсіпкерлер қаржысын тарта отырып туристік кешендер салуға тежеу болуда. Осы себепті де инвесторлар тұрғын үйлер мен сауда нысандарын жобалау және салуды қаржыландырғанды жөн көреді. Аталған нарық өзінің тиімділігімен, табыс деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленеді. Жоғарыда аталған мәселелер, инвесторлар үшін ынталандыру мен қайта қаржыландырудың тиімді жүйесінің болмауы бұл салаға корпоративті және жеке қаржыларды салуды тежейді. Ал, бюджеттің жоқтығы аумақты басқарып, облыс қаржысы есебінен жаңа демалыс орындарын салуға мүмкіндік бермейді.

Өңірде туризмді кластерлік жүйемен дамытуға мүмкіндік беретін саланың маңызды құрылымдық тармағы - білікті мамандар даярлайтын жалпы білім беретін институттар. Бүгінгі таңда Алматыдағы бес, Талдықорғандағы бір жоғары оқу орны жоғары және орта арнайы білімді мамандар даярлаумен айналысады. Қолда бар деректерге қарағанда Қазақстан Республикасына жылына әр түрлі деңгейдегі 350 тарта маман қажет. Туристік өнімді өндірушілер тарапынан болатын сәйкессіздіктен даярланған жоғары білімді мамандардың басым көпшілігіне сұраныс болмай қалады. Сондықтан олардың басым бөлігі туристік қызмет көрсететін басқа салалардың қажеттілігін өтеуге тартылады. Өңірдің еліміздің экономикалық астанасы және білім мен ғылымның, қаржының ірі орталығы Алматыда туризм ісінің теориясы мен тәжірибесі жөнінде талапқа сай қажетті деңгейде жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді [3].

Алакөл өңіріндегі туристік саланың бәсекелестікке қабілеттілігін зерттеу орасан зор туристік-рекреациялық әлеуеті мен бірінші жағынан халықтың сұранысы артып келе жатқан туризмді дамыту, аумақтық ұйымдастыру, ғылыми, материалдық-техникалық және нормативті-құқықтық қамтамасыз етудің нашар ұйымдастырылуы арасындағы қарама-қайшылықты анықтауды қажет етеді.

Алакөл өңірінде туристік кластерді қалыптастыру мен дамыту стратегиясын құру ішкі және сыртқы туристік нарықтағы өзгерістерден, туризм мен демалыстың экономика және әлеуметтік саладағы рөлінің артуынан, өңір аралық және халықаралық ынтымақтастықтың дамуынан, туристік үрдісте қазіргі инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігінен, сонымен қатар туризмнің аумақтық табиғат кешендеріне түсіретін экологиялық салмағы мен әсерінің артуынан туып отыр.

Туризмді дамыту өңірдің ерекшеліктері мен ондағы рекреациялық ресурстарға тікелей тәуелді болатындықтан кластердің дамуын ынталандыру мәселелері әр туристік өңір деңгейінде айқындалады. Сондықтан Балқаш-Алакөл өңірінде сала аралық құрамдасу мен ынтымақтастық үрдістерін, қазіргі кезең талаптарына сай инновациялық жобаларды қаржыландыру қорлары мен туризмді дамытуға мүмкіндік беретін басқа да қаржы тетіктерін құруды, өңірлік туристік өнімдерді ішкі және сыртқы нарыққа шығаратын, ұйымдасқан демалысты ұйымдастыруға қаржысы

жетпейтін тұрғындар тобының мүддесін қолдайтын коммерциялық емес ұйымдар жұмысын ынталандыру қажет [4].

Қарастырылатын өңірдің кешенді дамуын қалыптастыру, бір жағынан, өңірлік өндірістің өркендеу үрдісін қоғамның өркендеуі жүйе тармағы арқылы, екінші жағынан, жеке өнім өндіру үрдісін кәсіпорындар мен ұйымдар деңгейінде біріктіру арқылы жүзеге асырылуда. Аталған аумақта орналасқан жеке кәсіпорындар мен ұйымдардағы өндірістік үрдістер өңірлік өнім өндіру үрдісін құрамдастыру, кластерлеу теориясына сәйкес өңірлік экономиканың барлық субъекттерінің қалыпты қызметін қамтамасыз ететін база болып табылатын өнім өндіру мен қызмет көрсету жүргізілетін және оған қажетті жағдай тудыратын “өңірлік өнім өндіру тізбектері” арқылы жүзеге асырылады.

Туризм кластерін құру мен оның дамуы Балқаш-Алакөл өңіріндегі өндірістік үрдістерде жетекші орын алып, материалдық-заттық, қаржы-несие, үйлесімді қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлу, алмасу және тұтыну бойынша еңбек және ақпараттық байланыстардың нышандары мен сипатын анықтайтындықтан, ол өңірлік экономиканың негізі болып, тұтастай алғанда өндіріс үрдістерінің басты параметрлерін анықтайды. Туризмді дамыту барысында Алакөл өңірінің бәсекелестікке қабілеттілігі мен тартымдылығын арттыру мәселесін шешуге кешенді тұрғыдан қарау мемлекет пен кәсіпкерлер тарапынан белсенді іс-әрекеттерге көшуді қажет етеді [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Алакөл өңірінің экономикасы мен табиғатының тартымдылығына негізделеді. Экономиканың бұл саласын қалыптастыруға қажеттілік аталған өңірдің рекреациялық мүмкіншілігін тиімді пайдаланудан туып отыр. Туристік кластерлік саланың экономикалық тұғырын түбегейлі жетілдіру, туризм индустриясының бәсекелестікке қабілетін арттыру, тарихи-мәдени мұраларды сақтау, рухани даму, көрсетілетін қызмет сапасын арттыру, туристік фирмалардың өнімділігін арттыру, шетелдік және Қазақстан Республикасы азаматтарының туристік қызметті тұтынуын қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

Басқа қосалқы салаларға жататын компаниялар тобы ұлттың және өңірдің әлемдік нарықтағы бәсекелестікке қабілетін көтеруі мүмкін. Туристік кластер шетелден қаржы тарту мен кеңейтуге мүмкіндік береді. Балқаш-Алакөл өңірінің туристік-рекреациялық тартымдылығының бәсекелестікке қабілеттілігі мен туризмнің даму жағдайына жасалған экономикалық-статистикалық талдаулар аталған салада төмендегідей үрдістердің жүріп жатқан көрсетеді:

- артық қаржыларын көл жағалауындағы жағажайларға жақын маңнан жер телімдерін сатып алып кеңсе, демалыс үйлері, қонақжайлар мен қонақ үйлер, басқа да нысандар салуға жұмсайтын туристік фирмалар арасында іскерлік байланыс орнату сияқты өніммен қамтамасыз етушілермен “кері” және туристік өнімдерді өткізетін желілерді кеңейту арқылы соңғы тұтынушыға қарай “алға ұмтылу” бағытында құрамдасу;

- «күшті» сала ішілік бәсекелестік пен өніммен қамтамасыз етушілердің “билігі” орташа болған жағажайдағы сатып алушылар “билігінің” әлсіз, жаңа бәсекелестер мен ауыстыратын тауарлармен қамтамасыз етушілер тарапынан бәсекелестіктің күшті болуы ;

- ұсынатын туристік өнімдердің “әлсіз” жіктелуі.

Жоғарыда атап өткен нарықтық ортадағы үрдістерге сәйкес Алакөл өңірінде туризм мен демалыстың өркендеуі әлеуметтік-экономикалық тиімділікке жеткізетіндігі себепті бұл сала жергілікті және облыстық басқару органдары

тарапынан реттеуді қажет етеді. Өңірде туризм саласының жемісті дамып, одан әрі өркендеуін қамтамасыз етуге жергілікті басымдықтар негіз болады. Бұл тұрғыдан қарау жергілікті қауымдастықтар мен экономикалық қызмет субъектілерінің жергілікті табысты қалыптастырып, жаңа жұмыс орындарын ашуларына жағдай туғызады. Ол өз кезегінде жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыруға және көптеген адамдардың кедейлік шегінен шығуларына мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Егорова Л.И. Экология туризма и сервиса: учеб. пособие для студ. вузов по географии, экол. специальностям. -М.: Финансы и статистика, 2003. -203с.
2. Ердаuletov C.P. География туризма: история, теория, методы, практика. -Алматы: Ғылым, 2000.
3. Мухина Д.И. Принципы и методы технологической оценки природных комплексов. – М.: Наука, 2003. -150 с.
4. Александрова А.Ю. Международный туризм: Учебное пособие для вузов. – М.: Аспект-Пресс, 2009. – 464с.
5. Социально-экономический паспорт Алматинской области за 2010 год. Управление экономики Акима Алматинской област – 2011. -С.17-20.

Резюме

В этой статье рассматривается туристская деятельность Алакольского региона и анализируется текущее состояние медицинского, оздоровительного, туризма, эффективное использование природных ресурсов.

Summary

This article examines the tourism activities of the Alakol region and analyzes the current state of development and effective use of medical, as well as health tourism and recreation based on the analysis of natural assessments

УДК: 338

А. Горин¹, Г. Сисенгалиева¹, Г.Б. Таскалиева¹

Атырауский государственный университет имени Х.Досмұхамедова
эл.почта: g.taskaliev@mail.ru

ТЕХНОЛОГИЯ ПРИЕМА И РАЗМЕЩЕНИЕ ГОСТЕЙ В ГОСТИНИЦЕ

Аннотация

В организационной структуре любого гостиничного предприятия главным функциональным подразделением в обслуживании клиентов есть служба приема и размещения. В процессе обслуживания клиенты больше взаимодействуют с персоналом этой службы — получают информацию об отеле, осуществляющих бронирование мест (при отсутствии службы бронирования как отдельного структурного звена), обеспечивается поселения, оплата услуг, услуги во время пребывания в отеле.

Ключевые слова: прием, размещения, встреча, гостиница, регистрация, ресепшн, гости.

ВВЕДЕНИЕ

Служба приема и размещения гостей - это командный пункт гостиницы, место встречи гостя с отелем и прощания с ним. Для гостя служба приема и размещения гостей - это лицо гостиницы и более того, зачастую все общение гостя с гостиницей ограничивается общением с персоналом за стойкой службы приема. Поэтому умение общаться с самыми разными людьми - важнейшее качество работников этой службы. К службе приема и размещения предъявляются следующие требования.

Во-первых, служба приема и размещения должна быть расположена в непосредственной близости от входа в гостиницу. Если вестибюль гостиницы весьма большой, то он должен быть оборудован соответствующими указателями или клиентов должен встречать персонал отеля. Стойка "ресепшн" должна быть удобна для клиентов и снабжена различными информационными материалами и указателями.

Во-вторых, стойка регистрации клиентов должны быть чистой и свободной от посторонних предметов. Она должна иметь четкое функциональное зонирование - информация для клиентов не должна смешиваться с информационными материалами персонала отеля. Оборудование и информация для персонала отеля должны быть скрыты от клиентов.

В-третьих, сотрудники службы приема и размещения должны быть опрятно одетыми, иметь безупречный внешний вид. Персонал приема и размещения должен вести себя подобающим образом и быть максимально открытым и доброжелательным. С гостями следует разговаривать только стоя. И самое главное - нельзя заставлять людей ждать. К примеру, признаком дурного тона является одновременное обслуживание клиента и общение по телефону [1].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Служба приёма и размещения оснащена следующими техническими средствами: факс, 6 телефонных аппаратов (3 телефонных номера), 3 компьютера, ксерокс, 2 кассовых аппарата, терминал для кредитных карт, аппарат для проверки подлинности денежных купюр.

Для каждой должности в службе приема разработаны должностные инструкции, в соответствии с которыми они должны осуществлять свою рабочую деятельность. Работники службы приема занимается решением вопросов связанных с бронированием и размещением по номерам туристов, а так же отправка их домой. Обеспечивает обслуживание туристов в номерах, поддерживает необходимое санитарно-гигиеническое состояние номеров и уровень комфорта жилых помещений, занимается оказанием бытовых услуг. Она состоит из таких подразделений, как служба бронирования, административная служба, служба горничных, служба безопасности. Руководитель отдела номерного фонда несет ответственность за создание основных гостиничных услуг и поддержание номерного фонда в соответствии с принятыми на предприятии стандартами. Административная служба выполняет функции оформления при въезде и выезде, расчетов с клиентами, а также функции информационного центра. Служба бронирования занимается резервированием номеров для клиентов [2].

В функции СПиР входит бронирование, регистрация, распределение номеров, взимание платы за проживание, ведение необходимой документации и поддержание в порядке базы данных. Как правило, СПиР включает в себя работников нескольких должностей:

- агент по приему и размещению гостей или дежурный администратор;
- кассир, принимающий оплату и выписывающий счет клиенту;

-портье-ответственный за предоставление информации гостю о функциональных подразделениях гостиницы, а так же за сбор, подшивку и хранение информации;
-телефонный оператор, поддерживающий связь с междугородними и международными телефонными станциями, фиксирующий телефонные звонки из номеров, контролирующий их оплату, и оказывающий услуги по побудке;
-агент по бронированию мест в гостинице;
-портье по выдаче ключей.

Работники службы приема досконально владеют всей информацией о гостинице (достоинства и недостатки каждого номера, цены, расположение и часы работы всех служб гостиницы), достопримечательности города и способы передвижения по нему, расписание работы транспорта, театров, музеев и т.п. Основными функциями отдела приема и размещения являются регистрация приезжающих гостей, распределение номеров, поселение и выписка клиентов и оказание им многочисленных дополнительных услуг [3].

Служба приема функционирует круглые сутки, обычно в три смены: с 7 до 15, с 15 до 23 и с 23 до 7 часов. Естественно, ночная смена работает в сокращенном составе. Помимо перечисленных выше подразделений в службу приема входит также гостиничная касса, которая находится в двойном подчинении - службе приема и бухгалтерии. Аналогичная ситуация со службой бронирования - ее работу контролирует не только служба приема и размещения, но и директор отдела маркетинга (коммерческий отдел).

При заселении гостя в номер администратор предлагает гостю заполнить анкету. Затем гостю предлагают выбрать номер по прейскуранту. Если гость желает его посмотреть, то администратор провожает гостя и показывает ему номер. Если же регистрация ведётся по предварительному бронированию, то процедура обсуждения номера, как правило, пропускается; и гость обычно не просит показать номер. Затем заполняется карта гостя. После гостю выписывается счёт, чек к кассовому счёту. После этого гостю выдается ключ, и он отправляется в номер. Если гость просит его проводить, то сотрудник службы безопасности провожает гостя до номера [4].

Если в процессе проживания возникла необходимость изменения номера и при этом изменяется его стоимость, то оформляется разрешение, делается пометка в анкете и других документах об изменении номера. Если новый номер более дорогой, то гостю выписывают счет на доплату, а если же номер более дешевый, то гостиница возмещает разницу в оплате.

Если гость выехал раньше намеченного срока, то администратор выписывает акт о возврате денежных сумм покупателям по неиспользованным кассовым чекам. В гостинице также действует система скидок, которые предоставляются как частным лицам, так и организациям. К частным лицам, которые могут получить скидку на проживание в гостинице "Зори Урала", относятся гости, заезжающие в выходной день; молодожены; постоянные клиенты. Также скидку могут получить юридические лица: туроператор и турагент, заключивший договор на предоставление гостиничных услуг; концертное агентство; предприятия, заключившие долгосрочный договор на поселение его специалистов; предприятие, которому необходимо разовое поселение на длительный срок или поселение большой группы [5].

Расчет оплаты за проживание может быть как наличным, так и безналичным. Специально для оплаты кредитными картами в гостинице установлен терминал. Также в гостинице принимаются дорожные и именные чеки и перечисления с одного расчетного счета на другой ваучером. Швейцары помогают гостю

ориентироваться в городе, узнать его основные достопримечательности и т.п. Они сопровождают гостя в номер, несут его ручной багаж, открывают номер, проверяют его готовность, объясняют гостю правила пользования оборудованием номера, а также разносят по номерам корреспонденцию и выполняет другие функции посыльного.

Служба горничных является в большинстве случаев наиболее функционально значимым подразделением. Это подразделение отвечает за уборку номеров, холлов, туалетов, коридоров, внутренних помещений, в которых осуществляется прием и обслуживание клиентов. Горничные превращают использованный продукт, каким является гостиничный номер после отъезда гостей, в готовый для последующей реализации чистый и уютный номер. Служба горничных использует собственную прачечную, в которой использованное постельное белье, полотенца преобразуются в чистый, готовый к употреблению продукт.

Забытые в номерах вещи клиентов хранятся в течение трех месяцев.

В непосредственном контакте со службой горничных работает служба текущего ремонта, которая осуществляет профилактический и текущий ремонт не только номерного фонда и установленного в нем оборудования, но и всего предприятия в целом. Характер выполняемых этой службой работ чрезвычайно разнообразен: от электротехнических и слесарных до столярных и строительных работ. В зависимости от возможностей службы и характера работ, часть из них может быть передана сторонним организациям. К наиболее распространенным работам, поручаемым сторонним строительно-монтажным организациям, можно отнести кровельные и настилочные работы.

Служба администраторов является первой в цепочке взаимодействия с гостями, она встречает и размещает гостей, принимает оплату за проживание, решает возникающие вопросы. Несомненно, является одной из наиболее важных служб гостиницы. Отвечает за организацию правления всеми службами гостиничного комплекса, решает финансовые вопросы, вопросы кадрового обеспечения, занимается созданием и поддержанием необходимых условий труда для персонала гостиницы, контролирует соблюдение установленных норм, правил по охране труда, по технике безопасности, по противопожарной и экологической безопасности [6].

ЗАКЛЮЧЕНИЯ

Работники службы приема вступают в непосредственный контакт с клиентом, поэтому к ним предъявляют больше требований, чем к сотрудникам других служб отеля. Помимо профессиональных знаний и опыта работы к персоналу предъявляют такие требования, как: опрятный внешний вид, безупречная манера поведения, знание этики и психологии общения, коммуникабельность, знание иностранных языков, ограничение в возрасте. Чтобы максимально удовлетворить гостей и побудить их в следующий раз воспользоваться услугами именно этого отеля, сотрудникам службы приема и размещения необходимо проявить все усилия, так как с работниками этой службы гость вступает в контакт в первую очередь, и в этот момент создается первое устойчивое впечатление клиента о гостинице.

И в заключении, можно добавить, что организация работы службы приема и размещения гостей – это сложный процесс, который требует больших усилий сотрудников. Для того чтобы научиться грамотно общаться с клиентами, уметь правильно выбрать из большого количества необходимую информацию и донести ее до гостя, нужно иметь широкие знания и достаточный опыт работы, только тогда можно достичь высокого качества предоставляемых услуг.

Список литературы:

1. Анискин Ю.П. Общий менеджмент: Учебник по общей теории менеджмента. - М.: РМАТ, 1997. - 283 с.
2. Байлик С.И. Гостиничное хозяйство: организация, управление, обслуживание. - Киев: Альтерпресс, 2002. - 374 с.
3. Биржаков М.Б. Введение в туризм. - СПб.: Издательство Торговый Дом "Черда", 2000. - 192с.
4. Божавина Р.Н. Этика менеджмента: Учебник. - М.: Финансы и статистика, 2001. - 192с.
5. Ваген Линн Ван Дер. Гостиничный бизнес. - Ростов - на - Дону: Феникс, 2001. - 412 с.
6. Виханский О.С., Наумов П.И. Менеджмент. - М.: Изд-во МГУ, 1995. - 221 с.

Резюме

В этой статье описано технология приема и размещение гостей в гостинице, организация работы службы приема гостей, должностные инструкции работников гостиницы.

Summary

This article describes the technology of reception and accommodation of guests in the hotel, the organization of the service reception, the job descriptions of the hotel employees.

ӘОЖ 597

Б.Ф. Ғапуов¹, А Бақтыгерей¹

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті¹
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212
gapuov40@mail.ru

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

«Атырау облысы балықтарының экологиялық ерекшеліктері» тақырыбында жергілікті суларда таралған және тіршілік ететін балықтардың тұщысу, жартылай өткінші, өткінші және теңіздік деп аталатық экологиялық топтарына жататын балық түрлері көрсетілді. Атырау ихтиофаунасының құрамындағы фондық, бірінші дәрежелі көңіл аударылатын, индикатор,эндемик, қорғауға алынған және қорғалуы қажет түрлері қысқаша сипатталынды. Көрсетілген топтарға кіретін балық аттары және тізімі берілді. Атырау суларынан кәсіптік мақсатта ауланатын балықтардың ішінде құндылығы жоғарысы бекіре балықтары. Олардың көбею кезіндегі миграциялық циклі өте күрделі. Әрбір топтарының өз ішінде жыл маусымдарының әр кезеңінде жыныс бездері мен өкімдерінің әртүрлі дәрежеде жетілулеріне қарай бірнеше топшалары болады. Соған байланысты жыныстық тұрғыдан жетілген дараларының өзенге кіруі бір мезгілді емес. Бір топтары жаз соңынан бастап күз айлары бойы теңізден өзенге кіріп қыстайды да, келесі жылы көктемде өзеннің жоғарғы ағыстарына көтеріліп уылдырық шашады (қыстық расса). Ал екінші бір топтары сол жылы көктемде теңізден өзенге кіреді де, оның бойында орналасқан уылдырық шашу орындарына көтеріліп уылдырықтайды.

Негізгі сөздер: тұщысу, өткінші, теңіздік, фондық (фоновый), дәреже, индикатор, эндемик, балықтар.

Экологиялық классификация бойынша Жайық-Каспий бассейні балықтары тұщысу немесе өзен, жартылай өткінші, өткінші және теңіз балықтары деп бөлінеді. Түр саны жағынан көбірегі теңіз және тұщысу балықтары болып есептеледі.

Ихтиолог-ғылымдардың мәліметтері бойынша облыс суларында тұщысу балықтары деп аталатын экологиялық топқа 42 түрлер мен түршелер жатады. Ол жергілікті ихтиофаунаның шамамен 34% -ын құрайды. Бұл балықтар өмірінің барлық кезеңдерін Каспийге құятын көптеген өзендердің төменгі ағысын, өзен атырабындағы, жайылма сулар мен өзен тасығанда онымен жалғасатын тұщысулы көлдерде өткізеді. Облыс суларындағы бұл топқа жататындары: шортан (*Esox lucius*), оңғақ (*Tinca tinca*), қызылқанат (*Scardinius erythrophthalmus*), үкішабақ (*Alburnus alburnus*), балпан балық (*Blicca bjoerctma*), мөңке (*Carassius carassius*), жайын (*Silurus glanis*), каспий шырма балығы (*Cobitis caspia*), алабұға (*Perca fluviatilis*), нәлім (*Lota lota*) және басқалары [1].

Атырау суларында жартылай өткінші балықтарға 9 түрлер мен түршелер кіреді, ол барлық балықтардың 7,5 % құрайды. Олар теңіздің тұщылау жағалық бөлігінде қоректенеді де көбею кезінде өзеннің атырабына шығып уылдырықтайды. Бұл топқа жататындар: табан (*Abramis brama orientalis*), қаракөз (*Rutilus rutilus caspicus*), сазан (*Cyprinus carpio*), көксерке (*Stizostedion lucioperca*), сапа (*Abramis sapa*), қылышбалық (*Pelecus cultratus*) және басқалары.

Жергілікті ихтиофаунаның ішінен шамамен 18-дей түрлер мен түршелер өткінші балықтар деп аталатын экологиялық топқа жатады. Ол облыс ихтиофаунасының 15%-ын құрайды. Бұл балықтар жыныс мүшелері мен жыныс өнімдері жетілгенше теңіз суын мекендейді. Көбею кезінде өзеннің сағалық бөлігінен бастап оның саласымен атырабын қамти алыс жерлерге дейін миграция жасайды. Өткіншілер тобына: каспий тілтісі (*Caspiomyzon wagneri*), барлық каспий албырттары (*Salmonidae*) және сүйректен басқа барлық каспий бекірелері (*Asipenseridae*), майшабақтардан – еділ майшабағы (*Alosa kessleri volgensis*), қаражон (*A.kessleri kessleri*), каспий мұртты балығы және болат-май (*Barbus brachycephalus caspicus*, *B. capito* Guldenstadt), рыбец (*Vimba vimba perca*), шемей (*Chalcarburnus chalcoides*) және басқалары жатады. Каспий теңізінде бекірелердің 5 түрі бар. Олар: қортпа (*Huso, huso*), шоқыр (*Acipenser stellatus*), орыс (*A.guldenstadtii*) және парсы бекірелері (*A.persicus*), пілмай (*A.nudiventus*). Ал сүйрік (*A.rutenus*) Каспий теңізінде өте сирек кездеседі, ол көбіне өзен суын мекендейді [2].

Теңіз балықтары басқа экологиялық топтарға қарағанда түр саны жағынан көбірек, шамамен 53-тей түрлері мен түршелері бар деп есептеледі. Ол облыс ихтиофаунасының 43,5%-на сәйкес. Бұл балықтардың барлық тіршілік желістері теңіз суында өтеді. Бұл топқа: майшабақтардың 6 түрі (*Clupeonella delicatula*, *Cl. grimmeri*, *Cl. engrauliformes*), каспий қарынсауы (*Alosa caspia caspia*), үлкенкөз қарынсау (*A.saposhnikovii*), долгин майшабағы (*A.brashnikovii*). Сондай-ақ каспийдің көптеген бұзаубас балықтары (*Gobiidae*), атерина (*Aterina mochon pontica nation caspia*), кефальдерден-сүйіртұмсық және сингиль (*Liza saliens*, *Liza auratus*) және теңіз көксеркесі (*Stizostedion marina*). В.П.Митрофановтың мәліметі бойынша Каспий теңізіндегі 83 түрлі балықтың 22-нен, 43 түрлі эндемиктерінің 15-нен және түр саны азайып, жайылып кету қаупі төніп, Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген 5 түрлі балықтар бойынша соңғы уақыттарда нақты деректер жоқ.

Атырау суларынан кәсіптік мақсатта ауланатын балықтардың ішінде құндылығы жоғарысы бекіре балықтары. Олардың көбею кезіндегі миграциялық

циклі өте күрделі. Әрбір топтарының өз ішінде жыл маусымдарының әр кезеңінде жыныс бездері мен өкімдерінің әртүрлі дәрежеде жетілулеріне қарай бірнеше топшалары болады. Соған байланысты жыныстық тұрғыдан жетілген дараларының өзенге кіруі бір мезгілді емес. Бір топтары жаз соңынан бастап күз айлары бойы теңізден өзенге кіріп қыстайды да, келесі жылы көктемде өзеннің жоғарғы ағыстарына көтеріліп уылдырық шашады (қыстық расса). Ал екінші бір топтары сол жылы көктемде теңізден өзенге кіреді де, оның бойында орналасқан уылдырық шашу орындарына көтеріліп уылдырықтайды. Бекіре балықтарының өзенде көбеюі үшін өзен саласының қалыпты және су түбінің қолайлы болуы негізгі шарт. Соның ішінде су түбі топырағының қиыршық-тастақты, тасты-қатты, қайыршықты және ірі құмды болуы уылдырық шашуға өте қолайлы орын болып есептеледі. Соңғы жылдары Жайық және Каспийге құйылатын басқа да өзендердің су деңгейлерінің өте төмен болуы, өзен бойындағы уылдырық шашатын орындардың жойылуы бекірелердің қалыпты көбеюіне үлкен кедергі келтіріп отыр. Нәтижесінде бұл балықтардың сан мөлшері күрт азайды. Осыған және басқада экологиялық және антропогендік қолайсыз жағдайларға байланысты Жайық-Каспий бассейнінде және Каспийдің жағасындағы басқа мемлекеттерде бекіре балықтарын аулауға тиым салатын моратория жарияланады [3].

Қазақстан Республикасы ауылшаруашылық министірлігіне қарасты ихтиология институтының Атырау филиалының ихтиолог мамандары және облыстағы балықпен айналысатын басқада ғылыми және кәсіби мекеме қызметкерлерінің мәліметтері бойынша жергілікті ихтиофауна құрамында 3 отрядқа жататын мына балықтар *фондық (фондовый)* түрлер ретінде көрсетіледі.

Каспий килькасы немесе тюлькасы – *Clupeonella cultriventris caspia* (отр. *Clupeiformes*) авандельтада кең таралған. Бұл дердегі мол қоректік заттардың негізінде олар жақсы қонданып, тез өседі. Эврифагтар. Негізінен бентостық, фито- және зоопланктонмен, кейде балық уылдырықтары мен дернәсілдерінде жейді. Кәсіптік маңызы бар түр.

Табан – *Abramis brama orientalis* (отр. *Cypriniformes*). Бұл балықтың Атырау суларында жартылай өткінші және тұрақты тіршілік ететін формалары бар. Солтүстік Каспийде табанның еділдік, жайықтық және терстік локальды топтары кездеседі. Соңғы жылдары табанның Жайық-Каспий бассейніндегі сан мөлшерінің тұрақты және жоғары болуы Жайық өзені мен Каспий теңізіндегі су деңгейінің тұрақты және көбею жағдайының жақсы болғандығы. Табанның көбею мерзімі өр суының есебінен өзеннің тасуымен сәйкес келеді. Уылдырығын өзен бойындағы жайылма жерлердегі су толған ойпат (полой) жерлерге шөп өскен жіңішке өзекшелерге (ерик), өзен сағасындағы қолтықтарға шашады. Табан уылдырық шашуға қаракөзден кейін шығады. Жаппай уылдырық шашуы су температурасы 11-19 С шамасында өтеді.

Қаракөз – *Rutilus rutilus caspicus* Атырау суларына тегістей таралған. Түр популяциясының уылдырықтауы бір мезгілде, наурыздың аяғы мен сәуірдің ортасы аралығында өтеді. Уылдырығын өзен атырауының жоғарғы немесе сол атыраудың өзенде шөп өскен ойпаң жерлеріне шашады. Эврифаг ретінде көбіне бентоспен, фито және зоопланктонмен, кейде басқа балықтардың уылдырығын және дернәсілімен де қоректенеді. Ортаның қолайсыз экологиялық жағдайларына байланысты локальды топтары болады.

Кәдімгі ақмарқа – *Aspius aspius aspius* Солтүстік Каспийде кең таралған. Уылдырық шашу үшін Жайық өзеніне кіреді. Әсіресе теңіздің шығыс жағалауында жиірек кездеседі. Көбею кезінде Жайық өзеніне наурыздың аяғынан мамырдың басына дейін кіреді. Уылдырық шашу ауданы өзеннің төменгі ағысы. Өзенмен күзгі жүруі көктемгіге қарағанда басымырақ. Кәсіптік маңызы бар.

Сазан – *Cyprinus carpio* Атырау ихтиофаунасының ішіндегі сан мөлшері жағынан ең көбі болып есептелінеді. Жайылма су жайылған ойпақ (нолоя) жерлерге, қолтықтарда, авандельталық аралдардың маңында, су тасығаннан кейінгі ойпаттарда қалған суларда (ильмендер) өте көп мөлшерде уылдырықтайды. Уылдырығын су ішінде қалған алдыңғы жылдағы өсімдік қалдықтарына салады. (сусак, жіппішінді балдыр, рдест). Уылдырық шашу мерзімі сәуір, әсіресе мамыр айының екінші жартысына өте қарқынды өседі.

Мөңке (бозша мөңке)- *Carassius auratus gibelio*. Тұщысу балығы, бірақ қыдыру кезінде жайық өзенінің сағасына және Солтүстік Каспийдің тұщыған бөлігінде де болады. Су температурасы жылы және тұрақтанған кезде бір мезгілде уылдырық шашады. Қоректік азықтарының жеткілікті жағдайында жас шабақтары өміршең келеді.

Еуропа жайыны- *Silurus glanis* (отр. *Siluriformes*). Өзен су балығы бірақ қыдыру кезінде Жайықтың сағалық және Солтүстік Каспийдің тұщыған бөлігіне шығады. Бұл балықтың көпшілігі Жайықтың атырауларында кездеседі. Соның ішінде ериктерде, қолтықтарда, әсіресе ішінде қамыс өскен жәй ағысты су шұңқырларын және маңында қыдыруға, уылдырық шашуға мүмкіндігі бар жерлерге шығады. Көбею мерзімі су температурасы жылы тұрақты болған кезде жазда бір мезгілде уылдырық шашады. Өмір ұзақтығы жоғары болғандықтан ауланғандарының арасында 2-3 жастық дараларымен бірге 20-25 жастағыларыда кездеседі.

Көксерке – *Stizostedion lucioperca*. Тұщысу балық кешендерінің ішінде кәсіптік маңызы жоғары балық. Тіршілігінде жартылай өткінші және тұрақты формалары бар. Каспий теңізінде жартылай өткінші бірнеше стадасы (тобы) кездеседі. Олар теңіздің тұщыған бөлігін және өзеннің сағалық аудандарын мекендейді. Солтүстік Каспийде көксерке бір-бірінен ерекшеленетін екі стадалық топ түзеді: еділдік және оралдық. Бірақ олар қоректену аудандарында бір-бірімен араласыпта кетеді.

Солтүстік Каспийдің Атырау облысына қарасты жағалаулық бөлігінде авандельтада, теңізге құятын және құймайтын өзендерде, өзеннің тасыған кезінде су толған көлдерде, жайылма жерлердегі су толған сай-салаларда (полой) жоғарыда көсетілген балықтардан басқа алабұға, шортан, қызылқанат, кәдімгі тарақбалық, балпан балық, қылыш балық, шемей көбейіп, ұрпақ өсіреді. Аталған суларда қазан-қараша айларында сазан, табан, жайын, көксерке, ақмарқа, мөңке және басқалары қыстау алдында тығыз шоғырланады, ал күз соңында олар осы сулардың терең қабаттарына қыстауға кетеді.

Жергілікті ихтиофауна құрамының ішінен бірнеше дәрежесі көңіл аударылатын (ключевой), индикатор, эндемик, қорғауға алынған және қорғалуы қажет түрлеріде көрсетіледі. Соңғы 15-20 жыл көлемінде Атырау облысының табиғи сулары тірі ағзаларға орта ретінде оның экологиялық жағдайы жағымсыз жаққа қарай өзгере бастауы, ең алдымен сирек кездесетін және өте сезімтал (уязвимый), сондай-ақ жергілікті сулардың жалпы ихтиофауналық фонын құрайтын жиі кездесетін түрлеріне зиянды әсері байқала бастағандығы белгілі. Осыған байланысты бірнеше дәрежелі көңіл аударылатындарға (ключевой), эндемик, Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген, индикаторлық түрлері және жергілікті суларда таралған коммерциялық құндылығы жоғары барлық бекіре тұқымдас балықтарды жатқызуға болады. Олар төмендегіше қысқаша сипатталады.

Каспий тілтісі – *Caspiomyzon wagneri* миногатәрізділер отрядының өкілі, қорғауға алынған, II-категориялы түр. Ареал көлемінде түр саны өте тез азайған. Дернәсілдік жаму кезеңі өзенде, ал метаморфоздан кейін ересегі теңіз тіршілігіне көшеді.

Қортпа – *Huso huso* Каспий теңізінде 3 популяциялық топтары бар: еділдік, оралдық, кулиндік. Қортпа Каспий теңізінің барлық аудандарына таралған. Теңіздің 50-100 м. тереңдіктерінде тіршілік етеді. Күз және көктем айларында қоректік азықтарының солтүстік Каспийде шоғырлануына байланысты осы маңдарда көбірек қыдырады. Өткінші балық, Жайық және Еділ өзендеріне шығып уылдырық шашады. Соңғы жылдары браконьерлік жолдармен ауланудың салдарынан сан мөлшері айтарлықтай төмендеді. Оны қалпына келтіру мақсатында Атырау облысында қолан өсіру жұмыстары жүргізілуде, қорғалуы қажет.

Орыс бекіресі- *Asipenser guldenstadi* бекірелердің ішіндегі сан мөлшері молырақ түрі. Каспий теңізінде кең таралған, көбіне судың түпкі қабатын мекендейді. Ареал көлемінде еділ және орал популяциясы бар. Ихтиолог-ғалымдардың есептеулеріне қарағанда бұл балықтың Каспий теңізіндегі сан мөлшері шамамен 33,43 млн. дана соның ішінде Қазақстанға қарасты суларда 6,85 млн. дана немесе 20,5%. Жалпы қоры 224,47 мың т, Қазақстан бойынша 51,5 мың т. немесе 23%. Қолдан өсіріліп қорын молайту және қорғалуы қажет.

Парсы бекіресі – *Asipenser persicus* теңіздің көп жеріне, соның ішінде Оңтүстік Каспийде жиірек кездеседі, ал уылдырық шашуға Кура және Иран өзендеріне, аз мөлшерде Еділ мен Жайық өзендеріне шығады. Сан мөлшері аз, қорғалуы қажет.

Пілмай – *Asipenser nudiventris dezjavi* көбіне Орталық және Оңтүстік Каспийде кездеседі. Негізгі көбейетін орны Орталық және Оңтүстік Каспийге құятын өзендер. Солтүстік Каспий бойына тек Жайық өзеніне ғана уылдырық шашуға шығады. Облыс суларында сан мөлшерінің аз болуына байланысты қорғалуы қажет.

Шоқыр- *Asipenser stellatus* Орал бекірелерінің ішіндегі кіші көлемді және ұзақ жылдар бойы жиі ауланып жүрген түрі. Қортпа сияқты бұл балықтың Каспий теңізінде 3 популяциясы бар: еділдік, оралдық және кулиндік. Сан мөлшері бойынша екінші орында, шамамен барлық бекірелердің 38% -н құрайды. Каспий теңізі бойынша жалпы саны және биомассасының азаю тенденциясы байқалады. Сондықтан шоқырды қолдан өсіріп, қорын молайту жұмыстары қарқынды қолға алып, қорғалуы қажет.

Сүйрік-*Asipenser rutthenus* Қазақстанда Жайық және Ертіс өзендерінде екендейді. Соның ішінде бұл балықтың орал популяциясының саны соңғы уақытта күрт азайып кетуіне байланысты қорғалуы қажет.

Еділ майшабағы – *Alosa kessleri volgensis*. Екінші категорияда қорғауға алынған балық. Республика бойынша сан мөлшері күрт азайған Каспий теңізі мен оған құятын өзендердің төменгі ағыстарын мекендейді. Жайық өзенінің төменгі ағысының бойындағы ағысы баяу қойнауларға (заводь), кішігірім шығанақтарға (затон) және ағысты жерлерге, көбіне теңіздің өзен сағасына жақын жерлеріне уылдырық шашады. Бұл балық Жайық бойымен 300 шақырымға дейін көтеріледі. Атырау суларында өте сирек кездеседі, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген.

Каспий албырты – *Salmo trutta caspius*. Статусы бойынша 1-дәрежеде қорғалатын балық. Қазақстан территориясы бойынша өте сирек кездеседі және жайылып кету қаупі төніп тұр. Каспий теңізінің оңтүстік батыс бөлігінде тіршілік етеді және осы теңізге құятын кавказдың өзендерге шығып көбейеді, өрістегіш Теңіздің қазақстандық бөлігінен бұл балық туралы 15-17 жылдан бері мәлімет жоқ деп айтуға болады. Көбеймеген уақытта теңіздің 50-60 м тереңдігінде болады. Түрдің Қазақстандық ареалы бойынша нақты мәлімет жоқ. Республика бойынша қорғауға алынып, қызыл кітапқа тіркелген.

Ақбалық – *Stenodus leucichthys*. Нельма балығының түршесі IV-категориядағы балық. ХТҚО-ң және Қазақстанның «Қызыл кітаптарына» тіркелген.

Өткінші,максимальдық ұзындығы 1,5 м-ге, осы ұзындықтағы салмағы 30 кг-ға дейін. Каспий теңізінде көбіне Солтүстік және орталық бөліктерін және оған құятын Еділ,Жайық өзендерінің төменгі ағыстарының бойын мекендейді. Жайық өзенінен 1960 жылдардан бері ауланған мәлімет жоқ.

Күтім – *Rutilus frisii kutum*. 3 категорияда қорғалатын,Қазақстанда сан мөлшері азайып бара жатырған және өте сирек кездесетін балық. Өрістегіш 10 жастағы ұзындығы 65 см-ге жетеді. Теңіздің барлық жерінде, әсіресе оңтүстік – батыс және орталық бөліктерінде жиі кездеседі. Солтүстік Каспийде сирек кездеседі. Жекелеген даралары Еділ және Жайық өзендеріне кіреді. Теңізде қоректенеді және қыстайды,ал өзенде уылдырық шашу және кері оралу миграцияларының кезінде болады. Теңіздің қазақстандық секторында Ақтау қаласының оңтүстігіне таман балықшылардың құрған ауына жиі түседі. Қорғауға алынған.

Еділ ойықтісі – *Chondrostoma nassus variabile*. Каспий бассейні бойынша оған құйылатын Жайық, Жем және Еділ өзендерінің атырауларында тіршілік етеді. Бұрын кәсіптік маңызы болған, кейін сан мөлшерінің азаюына байланысты ауланбайды. 1960 жылдардан бері бұл балықтың ауланғандығы туралы деректер өте аз. Қорғауға алынып Қазақстанның қызыл кітабына тіркелген.

Каспий мұртты балығы – *Barbus brachycephalus caspicus* өткінші балық. Көп жағдайда Каспий теңізінің оңтүстік бөлігін мекендейді. Солтүстік Каспийде өте сирек. Сондықтан түр өзінің Қазақстандық ареалында зерттелмеген. Қазақстанның Қызыл кітабына тіркеліп қорғауға алынған.

Каспий шырма балығы – *Gobitis caspia*. Қазақстан көлемінде тек Жайық және Жем өзендерінің сағалық бөлігінен белгілі. Қазіргі уақыттағы сан мөлшері және ареалы белгісіз. Қазақстанның Қызыл кітабына тіркеліп,қорғауға алынған [4].

Атырау суларында арнайы қорғалатын балықтар тізімі:

- 1 Каспий тілтісі – *Caspiomyzon wagneri*
- 2 Еділ майшабағы – *Alosa kessleri volgensis*
- 3 Каспий албырты – *Salmo trutta caspius*
- 4 Ақбалық – *Stenodus leucichthys leucichthys*
- 5 Күтім – *Rutilus frisii kutum*
- 6 Еділ ойықтісі – *Chondrostoma nassus variabile*
- 7 Каспий мұртты балығы – *Barbus brachycephalus caspius*
- 8 Сүйрік - *Acipenser ruthenus*
- 9 Шоқыр – *A.Stellatus*
- 10 Орыс бекіпесі – *A. guldenstadtii*
- 11 .Парсы бекіпесі – *A.persicus*
- 12 Пілмай - *A.nudiventris derjavini*
- 13 .Қортпа – *Huso huso*
- 14 Каспий шырма балығы – *Gobitis caspia*

Список литературы

1. Диаров М.Д., Большов А.А., Сараев Ф.А. Ергалиев Т.Ж. Животный мир побережья и акваторий Казахстана сектора Каспийского моря. Алматы, 2009. С.105-159.
2. Дельта реки Урал и прилегающее побережье Каспийского моря. Под редакцией Бурлибава М.Ж. и др. Астана, 2007. С. 186-195.
3. Рыбы Казахстана. Под редакцией Митрофанова В.П. и др. 1,2,3,4,5 тома- Алма-Ата, 1986-1991. С. 57-341; 5-184; 5-281.

Резюме

Тема «Экологические особенности рыб Атырауской области». В кратце изложены данные о пресноводных, полупроходных, проходных и морских рыбах которые являются основными экологическими группами, распространенные в водоемах области. Даны краткие биологические и экологические характеристики фоновым, ключевым, индикаторным и охраняемым видам, живущим в Урало-Каспийском бассейне Атырауской области.

Summary

Ecological aspects of fish of Atyrau region Brief data on fresh water, semi-migrating, migrating and sea-fish as main eco-Logical groups inhabiting water bodies of the region. Key biological and ecological characteristics of common, key, indicator, endemic and protected species inhabiting Ural-Caspian basin of Atyrau region.

ӨӘЖ-575:551.588.3

М. Борашова¹, С. Аманжолқызы¹, Т.Б. Жанетов¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы 060011. Атырау қ. Студенттер даңғылы 212.

МҰНАЙМЕН ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚТЫ КӨМІРСУТЕК ҰДЫРАТҚЫШ МИКРООРГАНИЗМДЕР КӨМЕГІМЕН ТАЗАРТУ


Аңдатпа

Қазіргі таңда Атырау облысындағы Теңізшевройл кәсіпорнының шикі мұнайды өндіру, өңдеу, барлау және тасымалдау кезінде, сонымен қатар түрлі мұнай операциялары кезінде туындайтын кездейсоқ апаттар мен төгілулер нәтижесінде топырақ, су, ауа, жалпы қоршаған орта ластануда. Сондықтанда кәсіпорын орналасқан аймақты ластанудан қорғау және табиғи қорларды үнемді пайдалану арқылы болашақ ұрпаққа қалдыру қазіргі заманның өткір проблемасы, өйткені бұл орайда тұрғындар денсаулығы мәселесі орын алады. Ластанған топырақты тазартудың физикалық, химиялық әдістері баршаға белгілі. Бірақта мұндай әдістер қазіргі жағдайда тиімсіз болып отыр. Қазақстанның микробиологтары бүгінгі күнде қолданысқа енгізуге бірнеше мұнай тотықтырғыш микроағзалар штамдарын бөліп алып, олардан биопрепараттар жасауда. Аталған микроағзалар шикі мұнайды 84-98 % тазалау қарқындылығын көрсеткен.

Негізгі сөздер: Микроорганизм, биоремедиация, биопрепараты, консорциум, микроблог.

Теңізшевройл кәсіпорнында 2008 жылы екінші буын зауыттары мен шикі газды айдау кешендері іске қосылды, нәтижесінде қазіргі кезде мұнай өндірудің орташа көлемі тәулігіне 75 мың тоннадан (600мың баррельден) асты. Мұнай өндірумен қатар кәсіпорын сұйылтылған көмірсутегі газын (СКГ), бутан, пропан және қарапайым күкірт өндіреді.

Аймақта қалыптасқан экологиялық жағдай Теңізшевройл кәсіпорнындағы мұнайдың ерекше қасиетіне байланысты. Кәсіпорын мұнайының құрамында парафиннің көптігі, оның тез арада қоюланып құбырлардың жарылуына әкелуде. Аталған аймақ мұнайының құрамындағы парафиннің қоюлану кезінің жылулығы өте жоғары, яғни 29-32°C (сурет 1).



Сурет 1. Мұнайдағы парафиннің құбырдың ішінде бөлініп шығуының көрінісі [1].

Аймақта мұнайды өндіру және тасымалдауда технологиялық процестердің сақталмауынан, осы аймақтағы экологиялық жағдайларды төмендететін жасанды мұнай «көлшіктері» пайда болуда [1].

Ластанған топырақты тазартудың физикалық, химиялық әдістері баршаға белгілі. Бірақта мұндай әдістер қазіргі жағдайда тиімсіз болып отыр. Қазіргі таңда мұнай өнімдерімен ластанған ортаны тазартуда экологиялық қолайлы, экономикалық тиімді, яғни көп қаражатты талап етпейтін биологиялық әдістер белсенді түрде қолданылуда.

Ластанған ортаны биологиялық тазартуда микроорганизмдердің көмірсутектерді ыдырата алу қабілеті бұрыннан белгілі. Мұнаймен ластанған топырақты микроорганизмдер көмегімен тазартуда ғалымдардың көптеген еңбектерін кездестіруімізге болады.

Мұнайды өңдеу және тасымалдау кезіндегі табиғи ортаның ластану жағдайлары және оны биологиялық тазарту жолдарына Исмаилов Н.М., Хазиев Ф.Х., А.Саданов, Айткельдиева С., Шигаева М.Х. және т.б. зерттеулерін айтуымызға болады [2].

Соңғы жылдары Қазақстанда топырақтың мұнаймен ластануының биоремедиациясы және биоиндикациясы мәселелеріне айрықша көңіл бөлініп, топырақты ауыр металдардан, мұнаймен ластанудан және тағы басқа ксенобиотиктерден микробиологиялық жолмен тазалау мәселелері белсенді түрде зерттелуде. А.Садановтың жетекшілігімен жүргізілген зерттеулер нәтижесінде елімізде «Бакойл-KZ» отандық биопрепараттарды қолдану арқылы мұнай және мұнай өнімдерінен топырақты тазалаудың жаңа технологиясын жасап шығарылды.

Қазіргі кезде елімізде мұнай ыдыратқыш микроорганизмдердің 24 штамдары (*Candida crusei* – 1; *Pseudomonas* – 3 түрі; *Micrococcus* – 3 түрі; *Bacillus* – 6 түрі; *Acinetobacter calcoaceticus* – 1; *Arthrobakter globiformis* – 1; *Rhodococcus* – 2 түрі; *Kocura kristinae* – 1; *Dietzia maris* – 4; *Alcaligenes denitrificans* – 1) белгілі. *Rhodococcus*, *Bacillus*, *Arthrobakter*, *Acinetobacter*, *Azoto-bacter*, *Alkaligenes*, жіптәрізді актиномицеттен *Streptomyces*, саңырауқұлақтардан *Aspergillus* и

Penicillium сияқты мұнай ыдыратқыш микроорганизмдер түрлерінен құралған көптеген биопрепараттар жасап шығарылды [3].

«Ұлттық биотехнология орталығы» РМК филиалының базасында жүргізілген зерттеулер шеңберінде мұнайдың ең жоғары 5% (99,8%) бұзылуын көрсеткен, 1 микроорганизмдердің консорциумы (*Micrococcus varians* PR 69, *Micrococcus roseus* УД 6-4, *Rhodococcus erythropolis* кл1, *Dietzia* sp. MB3), мұнайдың ауыр фракцияларына және мазуттың 10%-ына (40%) қатысты белсенді № 3 консорциум (*Dietzia maris* U2.1, *Dietzia* sp. U2.6, *Arthrobacter* sp. 44-A, *Bacillus* sp. PR 28) іріктеліп алынды. Мұнай тотықтырушы препараттың дайын тауарлық нысанын алудың технологиялық параметрлері жетілдірілді. 4 жаңа штамм-мұнай бұзғыш - *Micrococcus roseus* ФЛ1, *Bacillus* sp. ФЛ2, *Bacillus* sp. ФЛ3, *Bacillus* sp. ФЛ4 бөлініп шығарылып, және олардың патогендікестігі туралы анықтамалар алынды, тиісінше №В-357, В-358, В-359, В-360 болып депоненттелді [4].

Қазақстанның микробиологтары бүгінгі күнде қолданысқа енгізуге бірнеше мұнай тотықтырғыш микроағзалар штамдарын бөліп алып, олардан биопрепараттар жасауда. Аталған микроағзалар шикі мұнайды 84-98 % тазалау қарқындылығын көрсеткен. Жаңа препараттар «Мунайбак», «Бакойл», «Экобак» (НЦБ, Астана), «Перойл», «Микотрих» (КазНУ им Аль-Фараби, Алматы), «Бакойл КЗ» (Микробиология және вирусология институты, Алматы қаласы), «Оилдест» т.б. бөлініп алып, мұнай өнімдерін тазалап қана қоймай, табиғи қалпына келтіруге септігін тигізеді [5].

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Экологиялық мәселелерді ғылыми зерттеу институты ұсынған «Микотрих» биопрепаратын құраушы штамдардың Құмкөл мен Теңіз кәсіпорындары мұнайын, сонымен қатар түрлі мұнай өнімдерін: бензин, дизельді отын, мазутты ыдырату қабілеті өте жоғары деңгейде. Бұл препарат мұнай және мұнай өнімдері құрамындағы көмірсутектерді ыдырату қасиеті жоғары микроорганизмдердің тірі жасушаларынан тұрады. Биопрепарат құрамына кіретін микроорганизмдер көмірсутекті 10оС ден 40оС ге дейінгі аралықтағы температурада ыдырата алады. Тазарту тиімділігі - 90-95%. 1 га мұнаймен ластанған топырақты тазарту үшін екі қайтара бірдей доза қолданып тазартуды қоса есептегенде 5-10 кг биопрепарат жұмсалады және мұндай тазарту ауа райының жылы кезінде жүргізіледі «Микотрих» биопрепараты негізінен мұнай және мұнай өнімдерін ыдыратқыш арнайы селекция негізінде алынған тірі микроорганизм штамдарынан құралған. Биопрепаратты құрайтын 119-ГМ, 51КС және ашытқы P20CO2 бактерия штамдары мұнаймен қатты ластанған және көмірсутектің жоғары концентрациясына бейімделген топырақтан алынған. Бұл препарат ластанған топырақты бір ай ішінде адам ағзасына зиянсыз, экологиялық қауіпсіз тазартуға мүмкіндік береді [6].

Қазіргі кезде Алматы қаласында су тоғандарын тазартуда *Pseudomonas* және *Candida* бактериялары зерттеліп, олардың дизельді отында, сонымен қатар толуол, бензин, және басқа да көмірсутектік ортада өсімталдық қасиетін көрсетті. Осы қасиетіне байланысты *Candida* sp. 410АТ және *Pseudomonas* sp. 409ТА штамдары ерітіндіден ауыр металдарды бөліп шығарады. Батпақты жерлерден алынған *Candida* sp. 410АТ және *Pseudomonas* sp. 409ТА штамдары, көмірсутектерді кең спектрде ыдырата алу қабілетіне ие, және биопрепаратқа қосылған мыс ионының белсенді биосорбенттері ағынды суларды тазартуда жоғары тиімділік көрсетеді.

2006 жылы Атырау өңіріндегі «Жаңаталап» кен орны аумағының ластанған топырағына *Bacillus* және *Micrococcus* тектес мұнай ыдыратқыш микроорганизмдер көмегімен тазарту жұмыстары жүргізіліп, олардың белсенділігі анықталды [7].

Қорытындылай келе, қазіргі таңда елімізде шикі мұнайды өндіру, өңдеу, барлау, тасымалдау кезінде қоршаған ортаға зиянды заттарды тастауда. Топыраққа төгілген зиянды заттар, су айдындарын ластап, қоректік тізбек негізінде онда өмір сүретін барлық тірі ағзалар, соның ішінде адамзат қауымына зардап тигізуде. Республикалық статистикалық мәліметтерге сүйенсек тұрғындар денсаулығы экологиялық жағдайға тікелей байланысты боп, аурусырқаушылық деңгейі жоғарылауда. Топырақтың және атмосфералық ауаның жоғарғы деңгейде ластануы тұрғындарды ауыр түрдегі гепатит, дем алу органдардың кеселдеріне және туберкулез бен түрлі жара ауруларына ұшыратуда.

Сондықтанда аталған аймақтың нақтылы бір биоценоздарының мұнаймен ластанған топырағын тазартуда сол жердегі аборигенді микроорганизмдердің консорциум түзуге қабілетті жаңа штамдарын анықтап, қолданысқа енгізу экологиялық таза ортаны қамтамасыз етудің тиімді жолы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Нысанов Е.К. «Экологическое состояние месторождения Тенгиза на территории пустынно-степной зоны» // Материалы международной конференции ЖГТУ-2010- С. 105-109.

2. Джусупова Д.Б., Рустемов С.А., Новые метаболические пути окисления - метилстирола бактериями рода *Pseudomonas* // Тезисы докладов VII съезда ВМО «Достижения микробиологии - практике». – Алматы, 1985. - Т.6. - С.55.

3. Авторское свидетельство № 54578 Биопрепарат для очистки от нефти нефтезагрязненных экосистем / Шигаева М.Х., Мукашева Т.Д., Сыдыкбекова Р.К., Бержанова Р.Ж., Опубл. 05.10.2006.

4. «Комплексная оценка образования отходов по предприятиям НГК Атырауской области» // Отчет Атырауского областного управления ООС. Атырау. 2012. 112 с.

5. Петриков К.В. Биологические поверхностно-активные вещества, продуцируемые микроорганизмами-нефтедеструкторами родов *Pseudomonas* и *Rhodococcus*. Автореферат диссертацию 2011г. 23 с.

6. Поляков С.Н., Лушников С.В., Волков В.М., Негодяев С.В. Устранение последствий масштабного разлива нефтепродуктов на территории нефтехранилища угольного разреза // Экология и промышленность.– 2005.–№3.– С. 31-35.

7. Салдадзе К.М., Копылова-Валова В. Д. Комплексообразующие иониты комплекситы. — М.: Химия, 1980. — 336 с.

Резюме

В настоящее время в предприятии "Тенгизшевроил" , расположенное в Атырауской области, во время производства, переработки, разведки и транспортировки сырой нефти случаются непредвиденные катастрофы и разливы нефти, в результате чего наносится вред воде, воздуху и окружающей среде в целом. Поэтому защита территории, на которой расположено предприятие, от загрязнения и рациональное использование для будущих поколений является главной проблемой, потому что здоровье населения важнее. Физические и химические методы очистки от загрязнения известны всем. Но такие методы в данном случае неэффективны. В настоящее время Казахстанские микробиологи в процессе внедрения, нескольких отделенных штаммов микроорганизмов окисляющих нефть, для того чтобы делать биопрепараты. Эти микроорганизмы показали 84-98% интенсивности очистки.

Summary

Currently, the company "Tengizchevroil", located in the Atyrau region, during the production, processing, exploration and transportation of crude oil contingency disasters and oil spills, resulting harmed water, air and the environment in general. Therefore, the protection of the territory on which the enterprise is located, from pollution and sustainable use for future generations is a major problem, because people's health is more important. Physical and chemical methods of decontamination are known to all. But these methods are ineffective in this case. Currently Kazakhstan microbiologists in the implementation process, several oil-oxidizing microorganisms separated in order to make biologics. These microorganisms have shown 84-98% cleaning intensity.

ӨӘЖ-574.38

С. Аманжолқызы¹, М.Д. Борашова¹, Т.Б. Жанетов¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы 060011. Атырау қ. Студенттер даңғылы 212.²
E-mail:samal-91@mail.ru. 93_taiman_moldir_92@mail.ru

БЕТТІК БЕЛСЕНДІ ЗАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ДЕСТРУКЦИЯСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

ББЗ әлемдік өндірісі жан басына шаққанда жылына 2-3 кг құрайды. ББЗ шамамен 50%-ы тұрмыстық химия үшін, қалғаны өндіріс пен ауыл шаруашылығында қолданылады. ББЗ халық шаруашылығының 100-ден аса салаларында қолданылады. Өндірілетін ББЗ-дың көпшілігі жуғыш заттарды жасауда, мата және синтетикалық және табиғи талшық өндірісінде қолданылады. ББЗ-ды қолданатын ірі тұтынушыларға мұнай, химиялық өндіріс, құрылыс материалдарының өнеркәсібі жатады. Осыған байланысты күнделікті қолданылатын синтетикалық жуушы құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының негізгі компоненттері болып табылатын ББЗ биодырауының объективті бағасын беру қазіргі заманда өзекті мәселелердің бірі болып келеді.

Негізгі сөздер: адсорбция, соллюбилизация, химия, Поликарбоксилат, Полимер, Силикат.

Беттік активті заттардың қолданылуының күннен күнге өсуіне байланысты ғылымның әр түрлі саласында және технологияда олардың физика-химиялық қасиеттерінің зерттеу қажеттілігі айқындалып келеді. Осыған орай беттік активті заттардан мына қасиеттері бойынша ерекшелеуге болады:

Бөлу шекарасында адсорбциялану және бағытталу нәтижесінде сұйылтылған ерітінділерде беттік және фазааралық керілуді төмендетуге қабілеті;

Ерітінділерде молекулалық күйдегі максималды мүмкін концентрациясы шамасының төмендігі;

Критикалық мицела тұзу концентрациясы деген белгілі бір концентрациядан артқанда жүйенің еркін энергиясы төмендеуінің нәтижесінде мицеллалардың түзілуі;

Мицеллалар ішінде кейбір суда ерімейтін заттардың соллюбилизациялануы.

Соңғы кезде ластаушы заттардың арасында ББЗ-мен ластану жиі кездесуде, бұл синтетикалық жуғыш заттардың көп қолданылуына байланысты. ББЗ - өндіріс

пен тұрмыста жуғыш заттар ретінде қолданылып, қоршаған ортаны коммуналды-тұрмыстық қалдықтары ретінде ластайтын заттар.

ББЗ әлемдік өндірісі жан басына шаққанда жылына 2-3 кг құрайды. ББЗ шамамен 50%-ы тұрмыстық химия үшін, қалғаны өндіріс пен ауыл шаруашылығында қолданылады. ББЗ халық шаруашылығының 100-ден аса салаларында қолданылады. Өндірілетін ББЗ-дың көпшілігі жуғыш заттарды жасауда, мата және синтетикалық және табиғи талшық өндірісінде қолданылады. ББЗ-ды қолданатын ірі тұтынушыларға мұнай, химиялық өндіріс, құрылыс материалдарының өнеркәсібі жатады.

Беттік -белсенді заттардың жіктелуі:

1. Анионоактивті.Мақта, ніл, жүнді тазартады. Оған сабын жатады.

2.Катионоактивті. Аниоактивтіге қарағанда қымбаттырақ,антибактериальды қасиеті бар және олар матаға жұмсақтықты беру мен дезинфекцияүшін қолданылады.

3. Ионгенді емес.Полиэфирлі және полиамидті талшықтарды тазартады, жоғары жуу қабілеті бар, бірақ көбікті әлсіз түзеді [1].

I. Энзимдер – табиғи ферменттер теңдесі, мысалы адам асқазанының құрамындағы бар ферменттер. Майлы және белоктық ластауларды тазартуға қажет (тамақ қалдықтары, қан). Бірақ олар кір жууда жоғары температуға төзе алмайды. (35–40 С-ден жоғары емес).

II. Ағартқыштар жиі тотығумен аса тұрақты ластағыштарды бұзатын – химиялыққа, және ластағыштарға әсер етпейтін, бірақ қарапайым немесе ультрафиолет әсерінен қасиеті бар жылтырайтын-оптикалыққа бөлінеді.

III. Полимерлер. Бұл синтетикалық заттар құрамындағы қосылыстар жиі карбоксиметилцеллюлозамен көрсетілген. Олардың ресорбцияны-кір бөлшектерінің матаға қайта шөгуін алдын алауға қабілеті бар.

IV. Силикаттар, сонымен қатар цеолиттер. Натрий және калий силикаттары ұнтақ құрамына кір жуушы машиналардың қосымша қорғалуы үшін буферлі қосылыстар және тоттанудан қорғаныш ретінде құрамына еңгізіледі. Олардың арқасында сілтілі және қышқылды реакциясы бар жуушы заттардың сумен және ластаулармен сұйылтқанда рН-ы іс жүзінде өзгермейді.

V. Поликарбоксилаттар-физиологиялық инертті, ұнтақ құрамына тоттанудан қосымша қорғаныш ретінде енгізіледі.

VI. Натрий сульфаты СМС құрамында 5-тен 20%-ға дейін болса, ұнтаққа сусымалылық береді, нығыздалудын алдын алады.

VIII. Булықтар. Іс жүзінде барлық СЖЗ-тың құрамына жағымды иіс беру үшін қосылады.

VII. Көбік стабилизаторы.Оларды СЖЗ-ң құрамына 1–3% мөлшерінде енгізеді. Олар көбіктің тұрақтылығын арттыра отыра,а йтарлықтай синтетикалық жуушы заттардың әсер етуін белсендіреді.

VIII. Бояғыштар: СЖЗ құрамында бояғыштар қолдану оптикалық әсерге негізделген, себебі бояғыштар мата бетінде матаға химиялық әсерсіз адсорбцияланады. Бұл мақсат үшін ультрамарин, индиго, синтетикалық және органикалық дақтарды қолданады. Бұл жағдайда көкшіл түс арқасында мата ағартылып, түсі ашылады [2].

Қоршаған орта үшін жуушы заттар мен детергенттердің құрамдас бөлігі ретінде қолданылатын анионды және ионды емес беттік белсенді заттар үлкен қауіп төндіреді. ББЗ өзінің жуушы қасиеттерімен қатар эмульгациялаушы, дисперстеуші, солюбизациялаушы және тағы да басқа пайдалы қасиеттерімен сипатталады.

Осыған байланысты ББЗ өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, тұрмыста және медицинада және т.б. салаларда жиі қолданылады.

Сулы немесе топырақ ортасына түскен кезде ББЗ биохимиялық және физико – химиялық процесстер нәтижесінде деструкцияға ұшырап, су мен топырақта мекендейтін микроағзалармен тұтынылады.

Биоыдырау барысында ББЗ молекулаларының деструкциясы мен тұтынылу кезеңдеріне сәйкес келесідей түрлер ажыратылады:

- бірінші ретті биоыдырағыштық –молекула құрылымының гидрофильді топтың үзілуімен қатар жүретін бұзылуы, яғни ББЗ молекуласының беттік белсенділік қасиеттерін жоғалтуы, бірінші кезекте көбік түзу қасиетінің жоғалуы.

- толық биоыдырағыштық –ББЗ молекулалары бөлшектерінің ББЗ микробты қауымдастықтармен CO_2 және H_2O дейін ыдырағанша тұтынылуы.

Ақаба суларды тазартудың химиялық және физико – химиялық әдістері қоршаған ортаның ББЗ заттармен ластану мәселесін шешпейді, бұл әдістер көмегімен ББЗ әдетте тек қана концентрацияланып, бөлшекті түрде ыдырап, толығымен су мен көмірқышқыл газына дейін ыдырай алмайды. Детергенттердің толық ыдырауы микроағзалармен жүзеге асырылады. Алайда ақаба сулардың жалпыға белгілі биологиялық әдістермен тазартылуы кезінде ББЗ көбі микробтық деструкцияға төзімділік көрсетіп, тазартушы құрылғылардан өзгермей өтіп кетеді.

Осыған байланысты күнделікті қолданылатын синтетикалық жуушы құралдар мен тұрмыстық химия тауарларының негізгі компоненттері болып табылатын ББЗ биоыдырауының объективті бағасын беру қазіргі заманда өзекті мәселелердің бірі болып келеді.

ББЗ деструкциялық процесстері табиғатта өте баяу жүреді, себебі су объектілерінің микробтық құрамында бұл заттарға бейімделу қасиеті жоқ. Алайда ББЗ биохимиялық ыдырауға ұшырап отырады, бұл процесс жылдамдығы молекула құрылымына, су температурасына (температура жоғары болған сайын тотығу жылдамырақ жүреді), рН, өлшенген заттар мөлшері және т.б. сипаттарға байланысты болады [3].

Өте оңай тотығатын ББЗ қатарына бірінші және екінші ретті алкилсульфаттар , ал өте нашар ыдырайтын ББЗ пропилен тетрамерлерінің негізінде жаслған алкилбензолсульфоаттар жатады. ББЗ қоршаған ортада ыдырауына барынша тиімді әсер етуші ағзалардың жалғаз тобына бактериялар жатады.

ББЗ-дың бактериялармен ыдыратылуына арналған зерттеулер 50-жылдары басталды. Мысалы, Ризен *Ps. aeruginosa*, *Serratia marcescens*, *Escherichia coli*, *Aerobacter aerogenes*, *Salmonella enteritidis*, *Paracolonobactrum aerogenoides* штам.синтетикалық ортада өсірген кезде әртүрлі аноионды ББЗ жалғыз көміртегі көзі ретінде қолдана алатыны анықталған. Сонымен қатар, биоыдырау жылдамдығына қоректік ортаның минералды құрамы да әсер ететіндігі анықталған. Пейн тазарту құрылғыларының маңындағы топырақтардан *Pseudomonastұқымының* АББЗ белсенді ыдырататын С12 и С12В 2 штаммын бөліп алған. *Pseudomonas* тұқымының өкілдері жинақтаушы дақылдардан АББЗ ортасынан жиі бөлінеді. Жинақтау әдісімен Пейнмен АББЗ көміртегінің жалғыз көзі ретінде қолдана алатын *Ps.fluorescens* бір штаммы және *Nocardia sp.* екі штаммы алынған. Зерттеу барысында Пейн ББЗ ыдырата алу қасиеті бір тұқымдастыққа жататын өкілдердің өзінде айырмашылық жасай алатынын анықтаған [4].

Кейбір әдебиеттерде детергентқұрамдас ақаба суларда *Azotobacter* өсіру болашақта үлкен маңызға ие бола алатыны жазылған. Себебі атмосфералық азотты фиксациялау арқасында су азотты қосылыстармен толығыады, ал бұл өз кезегінде басқа да деструктор – микроағзалардың дамуына қолдау көрсетеді.

Әдебиеттерде күкіртқұрамдас детергенттердің анаэробты жағдайда гидролиз арқылы биодегратациясы мүмкіндіктері жазылған. Алайда бұл процесстің биохимиялық жағы әлі толық зерттелмеген. Тарамдалған алкильді тізбегі бар синтетикалық ББЗ ыдырмайды деуге болады, ал тікелей тізбектілер 3-6 сағатта 20% ыдырап кететіндігі анықталған.

Мұнай эмульсиясы мен судың деэмульгаторы ретінде қолданылатын ионогенді емес ББЗ биоыдырағыштығы жөнінде В.В.Булатниковтың зерттеулерінде жазылған. Бұл қосылыстардың көбі биохимиялық тотығуға нашар ұшырайды. Авторлар этилен тотығы мен пропиленнің деэмульгаторлардың блок – сополимерлері екендігін айтады. Бірінші ретті майлы спирттер мен қанттар негізінде жасалған мұнайлы беттік белсенді заттар оңай және тез ыдырауға ұшырайды [5].

Беттік белсенді заттар деструкциясын зерттеу жұмыстары көп емес. Твиндердің бактериялар үшін қоректік субстрат бола алатындығы және де басқа заттарды оларды жасушаға тасымалдауды жеңілдету үшін қолдануға көмектесе алатыны көрсетілген. *Ps. aeruginosa*, *Aspergillus niger* и *Penicillium notatum* майлы қышқылдардың күрделі эфирлерінің ерітінділерінде өсуге қабілетті. Бұл ағзалар эстераза ферментін түзе отыра, эфирлі байланыстарды босатып, майлы қышқылдарды бөледі.

Әдеби мәліметтерді талдай келе, табиғатта биологиялық тұрғыдан ионогенді емес, окси сияқты "жұмсақтау" беттік белсенді заттарды ыдыратуға қабілетті микроағзалардың көп кездесетіндігін көруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Остроумов С.А. Биологические эффекты при воздействии поверхностно-активных веществ на организм – М., МАКС-Пресс, 2001, С.334 -336.
2. Алексеев В.Г., Миневич Н.Б. Влияние поверхностно-активных веществ на работу нитрат-селективного электрода // Заводская лаборатория. Диагностика материалов. 2002. Т. 68. №5. С.23— 24.
3. Паршикова Т.В. Поверхностно-активные вещества как фактор регуляции развития водорослей.— Киев: Фитосоциоцентр, 2004. — 276 с
4. Chemistry and Technology of Surfactants / Edited by Richard J. Farn.— Blackwell Publishing Ltd, 2006.— 315p.
5. Ставская С. С., Удод В. М., Таранова Л. А., Кривец И.А. Микробиологическая очистка воды от поверхностно-активных веществ.— Киев: Наук.думка, 1988.— 184 с.

Резюме

Мировое производство ПАВ составляет 2-3 кг на душу населения. Около 50% ПАВ применяется для бытовой химии, остальное для производства и для сельского хозяйства. ПАВ применяется в более 100 сферах народной деятельности. В основном производимые ПАВ применяются в создании моющих средств, тканей, натуральных и синтетических волокон. К большим потребителям ПАВ относятся нефтяная, химическая и строительная промышленности. В связи с этим, каждодневное применение синтетических моющих средств и бытовой химии, в состав которых входит ПАВ, одной из проблем является дача объективной оценки биоразложению ПАВ.

Summary

World production of surfactant is 2-3 kg per capita. About 50% of the surfactant is used for household, and the rest for production and for agriculture. SAS is used in more than 100 areas of people's activities. The surfactant produced mainly used in the creation

of detergents, textiles, natural and synthetic fibers. For large consumers of surfactants are oil, chemical and construction industries. In this regard, the everyday use of synthetic detergents and household chemicals, which include the surfactant, one of the problems is the objective evaluation of cottage biodegradable surfactants.

ӨӘЖ-574:332.336

С. Аманжолқызы¹, М.Д. Борашова¹, Г.Л. Батырбаева¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы 060011. Атырау қ. Студенттер даңғылы 212.

ЕЛІМІЗДЕ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІМЕН ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚТЫ ТАЗАРТУДАҒЫ БИОТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР

Аңдатпа

Қазіргі кезде мұнай өндіру және мұнай өңдеу өнеркәсібінің қалдықтарының жиналуы мәселесінің әмбебап шешімі жоқ. Мұнай өңдейтін ірі кәсіпорындардағы мұнай қожының көлемі жылына мыңдаған тоннаны құрайды.

Мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу және тасымалдау жердің топырақ қабатының құнарлығына кері әсерін тигізеді. Құнарлы топырақ мол өнім екені белгілі. Топырақтың антропогендік деградациялануы негізінен мұнай өндіретін, тасымалдайтын және өңдейтін аймақтардың мұнай және мұнай өнімдерімен ластануымен байланысты. Мұнай және мұнай өнімдері биосфераны ластайтын заттар ішіндегі негізгілерінің бірі болып табылады. Мұнай және мұнай өнімдерімен ластану жаңа экологиялық жағдай тудырады, табиғи биоценоздың терең өзгерісіне және толық трансформациясына әкеледі. Ластанған топырақ жалпы ерекшелігі: топырақ мезо және микрофаунасының түрлік және сандық шектелуі. Топырақтық мезофаунаның жаппай жойылуы: апаттан соң үш күн аралығында топырақ жануарларының көп түрлері өліп, немесе ластанбаған топырақпен салыстырғанда 1% ғана құрайды.

Негізгі сөздер: Биорекультивация, биоремедиация, биопрепарат, биоиндикация, грунттар, «ЭкоСервис».

Оларға ең улы әсерді мұнайдың жеңіл фракциясы тигізеді Мұнайдың жеңіл фракциясының ең көп бөлігі метандық көмірсутектер (алкандар, C₅-C₁₁) тұрады. Топырақ, су ортасына түскен метандық көмірсутектер тірі организмдерге токсикалық және наркотикалық әсер тигізеді. Соның ішінде қысқа тізбекті n-алкандар тез әсер етеді. Себебі, олар суда жақсы еріп, организмдердің жасушаларының мембраналарына оңай кіріп, цитоплазмалық мембраналардың жұмысын тоқтатады [1].

Бұл орайда ластанған топырақ (грунттар) пен қалдықтардағы ластағыш заттың мөлшері елеулі мөлшерде артады. Осынша дәрежеде ластану жағдайында, өздігінен табиғи тазару үдерістері тежеледі де, арнайы жұмыстарды жүргізбейінше қалдықтардың ұлттан арылуы мүмкін емес.

Бүгін топырақтың (грунттардың) мұнаймен ластануын жоюдың және мұнай қождарын пайдаға жаратудың түрлі физикалық, химиялық әдістері бар. Әдеттебұл қалдықтарды алып кету және қоймаға қоя тұрып, соңынан жерге көму немесе жағып жіберу. Аталған тәсілдемелердің орнына көмірсутектерді тотықтандыратын микроорганизмдердің биологиялық әлеуетін пайдалануға негізделген тазарту

технологияларын қолдануға болады. Қолда бар салыстырмалы бағалау нәтижелері бойынша биологиялық тотықтандыруға, экологиялық жағынан қауіпсіз әрікелешегі мол әдіс болып табылады. Осы үдеріс әдебиетте «биологиялық қыдырау», «биологиялық қалпына келу», «биорекультивация» және «биоремедиация» деген терминдермен аталады.

Биотехнологиялардың артықшылықтары – оларды іске асырудың қарапайымдығы және экологиялық жағынан қауіпсіздігі. Мазут сіңген топырақты тазарту биотехнологиясы, сондай-ақ мұнайқожын (соның ішінде бұрыннан ластанған жерлерді) пайдаға жарату биопрепаратты қолдануға негізделген. «Қолайлы жағдай жасалса, биопрепараттың құрамындағы көмірсутектерді тотықтандыратын микроорганизмдер көмірсутектердің барлығын дерлік экологиялық жағынан бейтарап өнімдерге дейін ыдырата алады.

Биотехнологияның артықшылықтары:

Түрлі сыныптардағы көмірсутектерді белсенді түрде тотықтандыру;

Тазалау нәтижелілігі тек су мен мұнайдың қосылатын шекарасында емес, ластағыш қабатта да үдейтүседі.

Мұнай қорларын тазарту технологиясы едәуір пәрменді әдіс, мұны Адам экологиясы және қоршаған ортаның гигиенасы ғылыми – зерттеу институтының экологиялық-гигиеналық қорытындысы да растайды. Жұмыс барысында түзілетін өнім қоршаған ортаға қауіпсіз топырақ қоспасы болып табылады, оны түрлі мақсаттарда пайдалануға болады [2].

Биотехнология мұнайдың көмірсутектерін қарқынды пайдаға жарататын микроорганизмдер қауымдастықтарын қолдануға негізделген. Препараттың құрамындағы арнайы үстемелер мұнайдың жойылу үдерісін жандандырады. Препаратты қолдану технологиясының қарапайымдығы әдеттегі механикаландырылған бүріккіш құралдарды, ал үлкен аудандарда - авиацияны пайдалануға мүмкіндік береді

Ғылым және техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған “Қоршаған ортаны қорғау және ауыл шаруашылығына арналған “Бакойл-KZ” биопрепаратының технологиясын жасау және өндірісін ұйымдастыру” жұмыстары бүгінгі таңда ерекше маңызға ие. Биология ғылымдарының докторы, профессор А.Саданов бастаған бір топ автордың бірнеше жылдан бері зерттеген бүлiргелi iзденiстерiнiң нәтижесiн нақты өндірістен көруге болады.

Жасыратыны жоқ, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіп-қатер – Қазақстандағы бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Соған байланысты, авторлар топырақтың мұнаймен ластануының биоремедиациясы және биоиндикациясы мәселелеріне айрықша көңіл бөліп отыр. Мұнай өндіретін өнер кәсіптердің басым бөлігі Батыс Қазақстан аймағында орналасқандықтан, осы аймақтың табиғи-климаттық жағдайына бейімделген мұнайды тотықтыратын бактерияларының негізінде жасалған “Бакойл – KZ” отандық биопрепараттарын Қосшағыл, Жаңаталап, Байшонас кен орындарындағы мұнаймен ластанған жерлерді және WestDala жеке серіктестікке қарасты полигонында далалық сынақтардан өткізіп, нәтижесінде топырақтағы мұнай құрамының 98 пайызға дейін төмендегенін көрсетті. Аталған биопрепараттың қолданысқа енгізілуі экологиялық сауықтыруға пайдаланылып келген шетелдік, ресейлік технологияны нарықтандырып, отандық биопрепараттың алға шығуына жол ашты. Атырау мен Маңғыстаудағы топырақтың құнарлылығын арттыру үшін бұрын Ресей мен Белоруссияның технологиясы пайдаланылатын. Атырау облысының өзінде мұнаймен ластанған 200 мың гектар аумақ бар. Аталған препараттар арқылы осы аумақты төгілген мұнайдан тазартып,

қайта гүлдендіріп, жазирамекенге айналдыруға мүмкіндік мол. Отандық микробтық препараттардың өндіріске кең ауқымда енгізілуі еліміздің импорт алмастыруына мүмкіндік береді, республиканың экспорттық әлеуетін жоғарылатады, мал шаруашылығының жембазасының бірқалыпты дамуына және ауылшаруашылық өнімі өндірісінің өсуіне себепші болады, сондай-ақ, табиғи ортаның сауығуына мүмкіндік туғызады.

«Бакойл-KZ» препараты мұнаймен ластанған топырақты, полигон жерлерді биологиялық жолмен тазалау мақсатында ойлап табылған. Бұл биопрепарат жергілікті жердегі мұнайды ыдырататын белсенді бактериялардың бөлініп алынуы арқылы жасалады да, ластанған жерге енгізіледі. Сынақ барасында көз жеткізілгендей мұнаймен бұрыннан ластанған жер 98 пайыз тазаланып қоймай, оғаналабұта, бидайық секілді шөптесін өсімдіктер өсіп шыққан.«Бакойл-KZ» сапасы жағынан өзінің ресейлік аналогы «Девороил» препаратына дес бермейді әрі анағұрлым арзан. Егер ресейлік өнімнің 1 келісінің бағасы 75 мың теңге болса, «Бакойл-KZ» препаратын бар болғаны -7,5 мың теңгеге алуға болады [3].

Қызылорда облысының Құмкөл кен орынында мұнайға шыланған жер қабаттары мен мұнай шламдарынан тазарту бойынша жаңа технология енгізілді. «Крот-5» қондырғысымен мұнайдың майлы қалдықтарын химиялық нейтралдау әдісі, қазіргі кездегі ең тиімді әлемдік тәжірибе болып табылады. Оны қолдану үдерісінде полимерлеу мен заттардың жабысқақтығы пайда болады.

Осылайша, мұнай қалдықтарынан экологиялық қауіпсіз материал алынады, мысалы, жол құрылысына асфальт бетондық қоспа мен автожолдардың гидробөлу қабаттарын жасауда құрамдас бөлігін алуға болады. Егер оны ішкі кәсіпшілік жолдарда пайдаланатын болса, майда гранулардың жабысқақтық қасиеті арқасында шаң-тозаңдануын азайтады. Басқа бір жолы – осы материалды құм-гравийлік қоспамен бірге қолдану. Бұл асфальтбетондық жолдар негізіне су өткізбейтін қасиетімен жақсартуға мүмкіндік береді.

«ЭкоСервис» Компаниясы бірнеше жыл бұрын Курсте ресейлік «Экологиялық қауіпсіздік институты» ЖАҚ ғалымдарымен бірлесе отырып, Қазақстандағы алғашқы өңдеу технологиясы «Эконафт» - аймақтың мұнай кәсіпорындарында енгізген болатын. Ал қазіргі кезде «Крот-5» қондырғысы өндірістік сынақтан өткізілді. Бір қондырғы жылына 15 мың шаршы метр мұнай қалдықтарын өңдей алады.

«Ұлттық биотехнология орталығы» РМК филиалының базасында жүргізілген зерттеулер шеңберінде мұнайдың ең жоғары 5% (99,8%) бұзылуын көрсеткен, 1 микроорганизмдердің консорциумы (*Micrococcus varians* PR 69, *Micrococcus roseus* УД 6-4, *Rhodococcus erythropolis* кл1, *Dietzia* sp. MB3), мұнайдың ауыр фракцияларына және мазуттың 10%-ына (40%) қатысты белсенді № 3 консорциум (*Dietzia maris* U2.1, *Dietzia* sp. U2.6, *Arthrobacter* sp. 44-A, *Bacillus* sp. PR 28) іріктеліп алынды. Мұнай тотықтырушы препараттың дайын тауарлық нысанын алудың технологиялық параметрлері жетілдірілді. 4 жаңа штамм-мұнай бұзғыш - *Micrococcus roseus* ФЛ1, *Bacillus* sp. ФЛ2, *Bacillus* sp. ФЛ3, *Bacillus* sp. ФЛ4 бөлініп шығарылып, және олардың патогендік еместігі туралы анықтамалар алынды, тиісінше №В-357, В-358, В-359, В-360 болып депоненттелді.

Қазақстанның микробиологтары бүгінгі күнде қолданысқа енгізуге бірнеше мұнай тотықтырғыш микроағзалар штамдарын бөліп алып, олардан биопрепараттар жасауда. Аталған микроағзалар шикі мұнайды 84-98 % тазалау қарқындылығын көрсеткен. Жаңа препараттар «Мунайбак», «Бакойл», «Экобак» (НЦБ, Астана), «Перойл», «Микотрих» (КазНУ им Аль-Фараби, Алматы), «Бакойл КЗ» (Микробиология және вирусология институты, Алматы қаласы), «Оилдест» т.б.

бөлініп алып, мұнай өнімдерін тазалап қана қоймай, табиғи қалпына келтіруге септігін тигізеді[4].

Мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақты көмірсутек ыдыратқыш микроорганизмдер арқылы тазарту қазіргі таңда ең тиімді, экологиялық қолайлы әдіс болып табылады. Бұл экожүйенің тепе-теңдігін қамтамасыз етіп, экологиялық таза ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Справочник месторождения нефти и газа Казахстана. – А, 2005-С. 55.
2. Сағындықова С. Биотехнология негіздері. – Алматы: Арыс, 2011. С.154-155.
3. Джусупова Д.Б., Рустемов С.А., Новые метаболические пути окисления - метилстирола бактериями рода *Pseudomonas* // Тезисы докладов VII съезда ВМО «Достижения микробиологии - практике». – Алматы, 1985 г. С.55-58.
4. Авторское свидетельство № 54578 Биопрепарат для очистки от нефти нефтезагрязненных экосистем / Шигаева М.Х., Мукашева Т.Д., Сыдыкбекова Р.К., Бержанова Р.Ж., Опубл.05.10.2006-С. 99-102.

Резюме

В настоящее время решения проблем с утилизацией отходов от производства и переработки нефти не существуют. Шлаки, с крупных нефтеперерабатывающих предприятия, в год составляют более тысячи тонн.

Добыча, переработка и транспортировка нефти и нефтепродуктов оказывает плохое влияние на плодородие. Как известно, плодородная почва богатый продукт. Антропогенная деградация почвы в основном связана с добычей, производством и транспортировкой нефти и нефтепродуктов. Нефть и нефтепродукты являются одним из основных загрязнителей биосферы. Загрязнение нефтью и нефтепродуктами порождают новую экологическую проблему, приводит к глубокому изменению биоценоза и полной трансформации. Общая черта загрязненной почвы: мезо почвы и конкретные и количественные ограничения микрофауны. Разрушение массы почвы мезофауны: многие виды почвенных животных погибают в течение трех дней после аварии, или же только 1% по сравнению с загрязненной почвой.

Summary

Currently solving problems with the disposal of waste from the production and processing of oil there. Slag, with a major refinery in the year amount to more than a thousand tons.

Production, processing and transportation of oil and petroleum products having a bad impact on fertility. As you know, fertile soil rich product. Anthropogenic soil degradation is mainly related to the extraction, production and transportation of oil and petroleum products. Oil and oil products are one of the main pollutants of the biosphere. Pollution by oil and oil products cause a new environmental problem, leads to a profound change of biocenosis and total transformation. A common feature of contaminated soil meso soil and concrete and quantitative restrictions microfauna. The destruction of the mass of the soil meso-fauna: many species of soil animals die within three days after the accident, or only 1% compared to contaminated soil.

УДК 372.854

Андрющенко Л.Н.¹. Каражигитова Т.А.²

МАОУ лицея № 11 им. В.В. Рассохина,
город Армавир, Краснодарского края, Россия
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212
tamarakaraz@mail.ru

Модульный подход к изучению темы: «Важнейшие классы неорганических соединений и генетическая связь между ними»

Аннотация

Системно-деятельностный подход к организации обучения в современной школе предполагает направленность на приобретение компетенций в самосовершенствовании и саморазвитии. Одним из важных направлений в методике преподавания вообще и химии в частности является модульное обучение.

Авторы показывают на примере изучения одного раздела, как можно планировать серию уроков темы: «Важнейшие классы неорганических соединений и генетическая связь между ними».

Ключевые слова: Модуль, обучение; планирование, система, урок; блок-схема; химия.

Модульное обучение приобретает всё большее распространение в разных странах, как одно из направлений системно-деятельностного подхода ориентированное на развитие тех качеств ребенка, которые востребованы на рынке труда. Оно интегрирует всё то прогрессивное, что накоплено в педагогической теории и практике.

В результате модульного обучения у учащихся должны проявиться предпосылки для индивидуализации учебной деятельности (умение работать с текстом, письменно выражать свое мнение, работать с позиции взрослого, давать развернутую характеристику того, какими знаниями и умениями учащиеся должны обладать, каковы критерии оценки этих знаний и умений) [1].

Модульное обучение является технологией, а она «предполагает управление процессом обучения и включает в себя два взаимосвязанных процесса: организацию деятельности обучаемого и контроль за этой деятельностью» [2].

Следуя этой технологии, можно организовать деятельность учащегося таким образом, чтобы он получал основную часть информации самостоятельно в урочное и внеурочное время. Учитель при этом освобождается от функции информатора и контролёра и получает возможность сосредоточить внимание на консультационно-координационной индивидуальной работе с учащимися.

Особенностью модульного обучения в школе является новый подход к планированию, при котором исключается разбивка материала на отдельные дробные части, так как установлено, что наибольший педагогический эффект достигается в том случае, когда изучаемый предмет предстаёт в целостном виде и усвоению подлежат фундаментальные закономерности, а не частные явления» [3].

¹ Учитель химии МАОУ лицея № 11 им. В.В. Рассохина, город Армавир, Краснодарского края, Россия

² Д.п.н., Профессор АГУ им. Х. Досмұхамедова, академик АПНК

Программа обучения, заложенная в модуль, индивидуализирована по содержанию, методом учения, темпу работы ученика, который, таким образом, имеет возможность учиться планированию своей деятельности самоорганизации, самоконтролю и самооценки. Эта система преподавания позволяет производить значительное сокращение часов, например при традиционной подаче темы: «Важнейшие классы неорганических соединений и генетическая связь между ними» идет разбивка материала на: О кислоты, определение, номенклатура, классификация; Способы получения оксидов; Химические свойства солеобразующих оксидов; Основания, классификация, номенклатура и др., (всего 16 тем). При модульном обучении весь материал данной темы разбивается на отдельные информационные блоки-модули, целостно отражающие основы химической науки и логически взаимосвязанные между собой. В профильных 11-х классах разбивка материала может иметь такой вид:

Модуль 1. Оксиды. Модуль 2. Кислоты. Модуль 3. Основания. Амфотерные гидроксиды. Модуль 4. Соли. Модуль 5. Генетическая связь между классами неорганических соединений.

Таким образом, в одном модуле объединяются темы, имеющие логическую связь, на основе которой вычлняются фундаментальные закономерности.

Изучение модуля включает разнообразные формы работы педагога с учащимися, при этом задания составляются различной степени трудности с учётом дифференцированного подхода к учащимся.

На лекции раскрывается основное содержание темы модуля, составляется опорный конспект, который помогает вычлнить логический каркас данного раздела и облегчить запоминание блока информации. На последующих занятиях происходит конкретизация, расширение, уточнение, закрепление знаний.

Изучение модулей сопровождается составлением легко занимающихся блок-схем, интегрирующих большой объём информации. Учащиеся пробуют сами составлять блок-схемы, предлагают свои варианты лаконичного и схематичного изложения материала. Эта форма работы вызывает интерес у учащихся, является предпосылкой для развития логического мышления, так как предполагает поиск нестандартных путей решения поставленной задачи

Реализация индивидуального подхода при использовании модульного обучения возможна в нескольких направлениях.

Первое направление - дифференциация содержания обучения. Содержание обучения может быть представлено тремя программами - А, В, С, которые различаются по уровню сложности.

Второе направление - учёт индивидуального типа усвоения материала. При быстром усвоении тех или учебных элементов они могут свободно переходить от одной программы к другой, более сложной, в зависимости от самооценки своих возможностей и степени познавательного интереса.

При таком обучении контроль знаний проводится при отсутствии традиционных оценок. Все виды деятельности учащихся оцениваются определённым количеством баллов, которые учитель прогнозирует и доводит до сведения учащихся. Все баллы, набранные учащимися, суммируются. Набираемые учащимися баллы отражаются в карте учёта, которые составляет учитель. При желании, ученик имеет право повысить свой балл, пересдавая отдельные темы модуля или выполняя дополнительные задания. Суммирование баллов набранных при изучении модуля в целом, включая итоговый контроль, позволяет вывести итоговую оценку, которая по своей объективности превосходит традиционную оценку, выставляемую по 5-бальной шкале. В процессе изучения модуля учитель поэтапно проверяет и

контролирует сумму баллов, набираемых учащимися, и через серию индивидуальных заданий не допускает отрицательной оценки.

Весь материал данной темы был свёрнут и зашифрован в блок-схему, которая постепенно выстраивалась по мере изучения у учащихся в тетради, а в готовом виде была представлена учителем с первого урока. Обучение по модульной системе не только позволяет экономить время, но и позволяет достичь 100% успеваемости учащихся.

Эта технология способствует систематизации знаний и целостному восприятию материала, экономит время, формирует учебно-познавательные навыки, облегчает переход к вузовской системе обучения. В качестве примера представим занятия по теме: «Важнейшие классы неорганических соединений и генетическая связь между ними» по модульной технологии в профильном (медико-биологический профиль) 11 классе [4; 5].




Рисунок 1. Важнейшие классы неорганических соединений

1. Оксиды

Вопросы для самостоятельной подготовки

1. Назовите важнейшие классы сложных неорганических веществ.
2. Оксиды: определение, номенклатура.
3. Классификация оксидов: несолеобразующие, солеобразующие, основные, амфотерные, кислотные.
4. Способы получения оксидов.
5. Химические свойства солеобразующих оксидов.




Рисунок 2. Оксиды

Типовые упражнения с решениями

Задача № 1. Установите соответствие между оксидом и характером свойств соответствующего ему гидроксида.

<i>Оксид</i>	<i>Характер свойств гидроксида</i>
As ₂ O ₅	А) кислотный
BeO	Б) амфотерный
Cl ₂ O ₇	В) основной
MgO	


Решение: Неметаллы образуют кислотные оксиды, следовательно, As₂O₅ и Cl₂O₇ – кислотные оксиды. Кислотные оксиды – это оксиды, гидратами которых являются кислоты. Оксидам As₂O₅ и Cl₂O₇ соответствуют кислотные гидроксида (ответ А). BeO – амфотерный оксид, ему соответствует амфотерный гидроксид (ответ Б). MgO – основной оксид, которому соответствует основной гидроксид (ответ В).

Задача № 2. Установите соответствие между простым веществом и общей формулой кислородного соединения, который образуется при его полном сгорании.

Вещество. Общая формула кислородного соединения

1. Фосфор	2. Натрий	3. Сера	4. Хром
А) Э ₂ O	Б) Э ₂ O ₂	В) ЭO	Г) Э ₂ O ₃
Д) ЭO ₂	Е) Э ₂ O ₅		

Решение: Фосфор – элемент VA группы, его высший оксид P₂O₅ (ответ Е).



При взаимодействии натрия с кислородом преимущественно образуется пероксид натрия $2Na + O_2 = Na_2O_2$ (ответ Б). $S + O_2 = SO_2$ (ответ Д); $4Cr + 3O_2 = 2Cr_2O_3$ (ответ Г).

Упражнения и задачи для самостоятельного решения:


- Классифицируйте следующие оксиды: SO₂, Na₂O, MnO, CrO, Cr₂O₃, Mn₂O₇, N₂O, ZnO, CO, Ag₂O, P₂O₅, CrO₃.
- Напишите формулы и названия оксидов, соответствующих следующим гидроксидам: LiOH, HClO, H₃AsO₄, H₃AsO₃, HAsO₃, HNO₂, Al(OH)₃.
- Напишите уравнения реакций (не менее четырех) получения оксида серы (IV), оксида алюминия, оксида бария.
- С каким из следующих веществ будет реагировать оксид серы (IV): CaO, NaCl, KOH, AgNO₃, ZnO, P₂O₅.

- Оксид азота содержит 30,43% азота и 69,57% кислорода. Плотность оксида по водороду 23. Выведите формулу оксида.
- В 50 г воды растворили 18,8 г оксида калия. Определите массовую долю гидроксида калия в полученном растворе. (*Ответ: 32,56%*)
- Приведите три примера реакций между оксидами элементов 2-го периода и оксидами элементов 4-го периода.

Дополнительные задания.

- Приведите два уравнения реакций, соответствующих схеме:
оксид + кислота → оксид + кислота.

- Закончите уравнения реакций:



- Напишите не менее четырех уравнений реакций получения: а) оксида азота (II); б) оксида железа (III); в) оксида цинка.

- С какими из следующих веществ будет реагировать оксид серы (IV): MgO, LiCl, KNO₃, KOH, ZnO, H₂O? Напишите уравнения соответствующих реакций.

По такой же схеме изучаются: «Кислоты», «Основания. Амфотерные гидроксиды», «Соли».

5. Генетическая связь между классами неорганических соединений

Упражнения и задачи для самостоятельного решения:

- Осуществите следующие превращения:








Рисунок 3. Основной генетический ряд соединений неметаллов

2. Приведите все возможные способы получения сульфата меди.
3. Через 800 мл 0,5 М раствора гидроксида бария пропустили 17,92 л оксида серы (IV). Какая соль и какой массой образуется? (Ответ: 119,6 г).
4. Какая масса раствора с массовой долей соляной кислоты 20% требуется для полного растворения 10 г смеси цинка с оксидом цинка, если выделилось 2,24 л водорода? (Ответ: 52,25 г).
5. К 25 мл раствора массовой долей соляной кислоты 10% (пл. 1,047 г/мл) прибавили 30 мл раствора гидроксида натрия с массовой долей щелочи 10% (пл. 1,409 г/мл). Какова реакция среды после окончания реакции?
6. Продукты полного сгорания 4,48 л сероводорода (н.у.) в избытке кислорода поглощены 57,4 мл 20%-ного раствора гидроксида натрия (пл. 1,22 г/мл). Вычислите массовые доли веществ в полученном растворе и массу осадка, который выделится при обработке этого раствора избытком нитрата кальция. (Ответ: 6,02% NaHSO_3 ; 21,9% Na_2SO_3 ; 18,0 г CaSO_3)
7. 48,8 смеси гидрокарбонатов аммония, натрия и кальция прокалили до постоянной массы. При обработке полученного твердого остатка массой 16,2 г раствором соляной кислоты выделилось 2,24 л газа (н.у.). Определите массы солей в исходной смеси. (Ответ: 15,8 г; 16,8 г; 16,2 г).
8. Заполните схему: в пустых клетках укажите продукты реакции.




Рисунок 4. Схема для самостоятельного заполнения

Использование модульной системы в школе даёт положительный результат, повышает уровень успеваемости и интерес к предмету, в классе создаётся доброжелательная атмосфера. Результаты работы по модульной технологии дают повышение качества знаний до 40%. Исследование по критерию Макномара показывают значительное повышение интереса к предмету.

Литература:

1. Чошанов, М.А. Еще раз о блочно-модульном обучении [Текст]: учебник

уроки внедрения / М.А. Чошанов // Учитель. - 2005. - №4. - С. 59-65.

2. Питюков, В.Ю. Основы педагогической технологии [Текст]: учебник / В.Ю. Питюков. - М.: Народное образование, 2003. - 278 с.

3. Шамова Т. И., Перминова Л.М. Основы технологии модульного обучени // Химия в школе.- 1995. №2.

4. Литвинова Т.Н. Учебно-методическое пособие по химии для профильного обучения в медико-биологических классах.- Краснодар, 2008.

5. Литвинова Т.Н. Учебные задания для учащихся медико-биологических классов. Краснодар, 2008.

Summary

The article describes the organization of the chemistry education through modular technologies. one block of study is given as an example.

Аңдатпа

Мақалада қазіргі оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі талаптарының жалпыламасы берілген. Жүйелі әрекеттік тәсіл негізінде модульдік сабақты ұйымдастыру мәселесі қарастырылған.

**ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ**

УДК: 371.3.

А. Ахметова¹, Ж.Х. Ақтаубаева¹

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: janars-74@mail.ru

**ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ.**

Аңдатпа

Мақалада оқу үрдісінде оқушыларға жан жақты білім беруде қазіргі заман талабына сай оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу арқылы білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Ендеше, оған қол жеткізудің бірден-бір жолы- жаңа технологиялар негізінде жұмыс жасау болып табылады. Жаңа технологияларды топтастыру, олардың тәжірибеге енгізіліп, қолданылуына жағдай жасау. Жаңа технологияларды қолданудың теориялық негіздеріне талдау жасай отырып әр технологияның мақсатын, ерекшелігін, тиімді жақтарын география сабағында қолдану жолдары қарастырылған.

Негізгі сөздер: «педагогика», «технология», «коммуникация», карта, мультимедия, география, білім, инновациялар, технология.

Қазақстан Республикасының «Білім Туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін білім беру мекемелерінде, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертеді.

Қазақ елі өмірінде тарихи таңдау жағдаяты туған ХХ-ғасырдың алғашқы ширегінде Ахмет Байтұрсынов «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген қорытындыға келген болатын. Кемеңгер педагог «оқу ісін түзеу» деп білім беруді ізгілендіруді айтқан еді. Осы ізгілендіру еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қолға алына бастады. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, оны оқыту үрдісінде ұтымды пайдалану уақыт талабы болып отыр. Өйткені, жеке адамның рухани дамуынсыз өркениеттің дамуы мүмкін емес.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «XXI - ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуға, ол өз мазмұны жөнінен стратегиялық ресурстарымен бәсекелесе алады және солай болуы тиіс. Елдің дамуы осы арқылы бағаланады» деген болатын. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңестігіне өту үшін қазіргі кезде Қазақстанда Білім берудің жаңа жүйесі жасалуда. Бұл үрдіс

педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды қажет етеді. Қазіргі қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік терең өзгерістер білім беруді дамытудың жаңа жолдарын, яғни педагогика ғылымының парадигмасы мен әдістемесін өзгертуді талап етеді. Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі, адамдардың техникалық ресурстарды білімді игеру жолында өзара тиімді әрекет етуінің негізі ретінде жаңа педагогикалық технология түрлері көбейе түсуде [1].

Егемен ел болып, тәуелсіздігімізді еншілеп, еңсеміз тіктеліп, өркениет көшінің алдыңғы сатысына шыққан, бәсекелестікке қабілетті, дамыған алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына қосылуды мақсат тұтқан жайдары еліміздің жарқын болашағы – жас ұрпақ. Осы ұрпақты болашаққа даярлау, қоғамға сай бейімдеу – білім беру жүйесі, соның ішінде айтар болсақ, білім беру мекемелері еншісінде.

Қазіргі заман – білім беру адамзаттың ортақ мүлігіне айналған дәуір болып есептелінеді. Бір жерде жаңалық ашылса, ол басқа жерде тез қолданысқа енуде. Әрбір адамзаттың міндеті дүние жүзіндегі жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, одан да жақсысын, тиімдісін үйрену. Өйткені, ғасырымызда барлық саланың даму қарқыны өте жедел жүзеге асуда. Ал дамудың негізі – білімде. Қазақстанда қазір білім берудің ұлттық моделін орнату жүріп жатыр. Бұл процесс білім беру парадигмасын өзгертумен қатар жүргізілуде. Жалпы білім беретін мектептерде қазіргі таңда білім берудің дәстүрлі түрлерін өзгертуді және жаңа оқыту технологияларды пайдалану ұсынылып отыр.

XX ғасырдың соңында адамдар жаңа технологиялық тасқынның куәгері болды. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдары, жаңа материалдар мен қызмет көрсетулер, жаңа ғылыми жаңалықтар, осының бәрі білім беру ісіне өз әсерін тигізуде.

«Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» түсініктемеде: «Білімді, білік, дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық – зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамиды және өзін – өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады» делінген. Демек, бұл тұжырым білім берудің басты философиясы болмақ.

Міне, осындай мақсат – міндеттерді орындау үшін оқытудың жаңаша әдіс – тәсілдерін, яғни инновациялық технологияларды қолдануды талап етеді. Бұл бағытта көптеген ізденістер жүргізілуде. Білім берудегі жаңа технология АҚШ-та 1940 жылдары пайда болды. Алғашқы кезде жаңа техникалық құрал-жабдықтарды (инженерлік жетістіктер) оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану мағынасында қолданып жүрді. «Оқыту технологиясы» дегеніміз - ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде оқыту қызметін оптимизациялау.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдауында айтқандай, бәсекеге қабілетті, білімді де намысшыл ұрпақ өсіріп, өркениетті елдер қатарына қосылуға ұмтылу басты міндетіміз. Әлемдік өркениетке ұмтылуда, жастарымызға, яғни болашақ мамандарға білім беріп қою аз, оларды жан - жақты дамыту үшін оқытудың жаңа технологияларын қолданып, оларды жаңаша оқыту арқылы кәсіби біліктілігін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі білім беру саласындағы өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, бүгінгі заман талабына сай маман дайындау мүмкін емес. Бұл сапаларды болашақ мамандарда жоғарғы оқу орнына қабылданған күннен бастап

қалыптастыру болашақ ел ертеңін тәрбиелейтін әрбір ұстазға қойылатын міндет болуға тиісті.

Қазіргі кезде білім берудің үлгісі қарқынды қалыптасып, педагогика ғылымында баланың жеке тұлға ретінде дамуына бағыттауда білім берудің жаңа технологиялары көптеп жүзеге асырылуда. Жаңа технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Қазіргі заманғы технологияны оқыту процесіне тиімді пайдалану, оқу үрдісіне сабақты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл оқыту процесін толығымен өзгертуді қажет етеді.

Қазір мемлекетіміздің алдында білімді де іскер, ғылымға қабілеті бар, заман талабына сай буын қалыптастыру мәселесі тұр. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Бәсекеге лайық маман тәрбиеле, бәсекеге лайық ұлт жаса» деген бастамасының өзі стратегиялық негізгі құралға айналып отырғаны сондықтан. Елдің болашағы жас ұрпақтың қолында. Жас ұрпақ білімді, талапты, талантты болуы керек. Сондықтан білім саласыда әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Сондықтан оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың маңызы зор [2].

Ендеше, оған қол жеткізудің бірден-бір жолы- бүгінгі күн талабына сай туындаған жаңа технологиялар негізінде жұмыс жасау болып табылады. Ол үшін бүгінгі күн талабына сай туындаған жаңа технологияларды топтастыру, олардың тәжірибеге енгізіліп, қолданылуына жағдай жасау. Жаңа технологияларды қолданудың теориялық негіздеріне талдау жасай отырып әр технологияның мақсатын, ерекшелігін, тиімді жақтарын тәжірибелік сабақтар арқылы көрсету. Оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс тәсілдерін, жаңа инновациялық технологияны игерген, шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің тәжірибесін тарату және оны жас мұғалімдердің үйренуіне жағдай жасау. Әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім қызметіне қол жеткізу үшін оқытудың, әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасауға атсалысу, жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Сондықтанда педагогикалық оқыту технологияларының түрінің көп болуы, оған қойылатын талаптардың да әр түрлі болуы осы өмір сұранысынан туындауы заңды.

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» оқытушының практикалық қызметінде іске асатын педагогикалық жүйенің логикалық негізделген жобасы (моделі). Қазір дүние жүзінде оқытудың тиімді жолдары мен жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру жүріп жатыр. Солардың бірі үздіксіз географиялық білім беру, оның алдына қойған негізгі мақсаты: біріншіден, адамдар өмірінің әр түрлі кезеңдерінде үздіксіз білім алуға жағдай жасау. Екіншіден, адамдардың өз бетінше білім жинақтауға, шығармашылықпен қызмет етіп, тез өгергіш өмірге бейімделуіне жағдай жасау.

ЮНЕСКО-нің берген анықтамасында үздіксіз білім беру дегеніміз – бүкіл дүние жүзінде, бір мемлекет көлемінде әр түрлі әлеуметтік және маманданған қызмет пен жан – жақты дамыған дара тұлғаның өз бетінше оқуға бейімделген білім беру жүйесіндегі бірін-бірі толықтыра отырып атқаратын істер жиынтығы. Жаңа ХХІ ғасыр табалдырығын аттаған тәуелсіз Қазақстан Республикасының әрбір білім беру саласы мен буындарына тың көзқарас, жеке үлгідегі ізденіс қажет. Модернизациялық жүйенің негізгі бағыттарының бірі – жоғарғы оқу орындарында географиялық білім беруде компьютерлік технология мен мультимедияны енгізу болып табылады. Мұндай жағдайда мұғалім географиялық білім беруіндегі барлық мүмкіндіктерді, сонымен қатар, жаңа пайдалы жаңалықтарды қолдануға барлық күшін салады.

География сабағында компьютерлік технологияны қолдануға көптеген мүмкіндіктер бар. Географияның негізгі көрнекі құралы қабырғалық карталар болып табылады. Интернеттен, ғылыми баспалардан, жаңа Ресейлік, Қазақстандық және шетелдік атластардан оңай жолмен мультимедия көмегімен көлемі үлкен емес демонстрациялық карталар жасауға болады. Мультимедия география пәнінің мұғаліміне экранда әртүрлі статистикалық материалдарды бейнелеуді көрсетуге мүмкіндік береді. Мультимедия көмегімен бір объектіден басқа кез-келген тізбекке фрагментті үлкейтіп, сонымен қатар, бір экранда бірнеше сюжеттерді енгізіп, салыстыруға болады. Бұл география пәнінің мұғаліміне де үлкен көмегі тиеді, себебі лекция сабағына бірнеше көрнекі құралды тасып жүрмейді. Сондықтан мультимедия аппараттардың жетістіктерге жоғары екенін байқаймыз [3].

Болашақ педагогтар үшін мультимедияны қолдану көптеген жұмыстарды іске асырады. Яғни білімгерлердің пәнаралық ойлау қабілеттері артады. Мұнымен қатар мультимедия көмегімен тұтас аумақ бейнесін жасау оңайға түседі, бұл өлкетанумен танысуда да маңызды. Бұл үшін картамен жұмыс істеу аз. Мұнымен қатар аэрокосмостық және фотосуреттер, сызбалар, графиктер, диаграммалар, фильмдер көрсету арқылы географиялық білімін тереңдетуге болады. Білімгерлер географиялық процестерді ұйымдастыру туралы көп және әртүрлі салада түсіну керек. Осы процестердің тізбегі, болашақ география пәні мұғалімінің негізгі талабы.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін ақпараттандыру туралы мемлекеттік бағдарламасында «ҚР дүниежүзінің дамыған елдері сияқты орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың жолына түсуі тиіс, яғни бірыңғай ақпараттық білім беретін желіге негізделген оқыту жүйесін жасау керек». Осы тұжырым білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты болып табылады [4].

XXI ғасыр ақпараттық қоғам табалдырығына аяқ басқан сәтте-ақ республикалық білім берудің жаңа жүйесі, яғни білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі қолға алына бастады. Білім беруді ақпараттандыру – жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны яғни компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Қазіргі заманғы дамудың талаптарына лайық ақпараттық компьютерлік технологияларсыз жоғарыда айтылғандарды шешу мүмкін емес. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқу тәрбие үрдісіндегі қолдану жастардың өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.- Астана, 2007.-2-7 б.
2. Сабырова М. "География сабақтарында жаңа технологияларды қолдану" //Қазақстан географиясы және экология мектепте және ЖОО-да оқыту. - 2004.-3 наурыз. -65-78 б.

3. Тоқпанов Е.А, Мазбаев О.Б, Увалиев Т.О, Асубаев Б.Қ. Географияны оқыту әдістемесі-Алматы, 2015.

4. Жұмаділова Р. "Оқытудың жаңа технологиялары" // Биология, география және химия. -2002.-2 ақпан-33-39 б.

Резюме

В данной статье рассмотрены новые педагогические технологии в сфере знания и пути их пользования в уроках географии.

Summary

This article discusses new educator technology in the field of knowledge and ways of their use in the lessons of geographies.

УДК: 37.012

Г. Ахашева¹, Ж.Х. Ақтаубаева¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212
E-mail: janars-74@mail.ru

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада оқу үрдісінде оқушыларға жан - жақты білім беруде қазіргі заман талабына сай оқытудың жаңа технологияларын енгізу кеңінен қолдану өз тиімділігін көрсетуде. Жаңа технология қазіргі заманның талаптарына сай жүйеленген, тиімді әдістердің бірі. Жаңа технологияның басты ерекшеліктері ол барлық технологиялардың басын біріктіріп, бір жүйеге келтірілген, жинақталған үлгісі болып табылады. Мақалада оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың артықшылықтары мен тиімділігі туралы жазылған.

Негізгі сөздер: «педагогика», «технология», «коммуникация», карта, мультимедия, география, білім, инновациялар, технология.

«Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың ұзақ жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» түсініктемеде айтылғандай: «Білімді, білік пен дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық – зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін – өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады» делінген. Демек, бұл тұжырым білім берудің басты философиясы болмақ. Міне, осындай мақсат–міндеттерді орындау үшін оқытудың жаңаша әдіс–тәсілдерін, яғни инновациялық технологияларды қолдануды талап етеді.

Қазіргі таңда тәуелсіздік талабына сай білім беру жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтеруге, оқу технологияларын жан - жақты меңгеруге үлкен мән берілуде. Мұның өзі оқушының білімі мен білігін, талабы мен талғамын ұштауда, өзіндік ізденісін қалыптастыруда жаңа оқыту технологияларының алар орны ерекше. Біздің елімізде орта мектептердің білім беру жүйесінің дамуы ұлттық сипатты бойына дарытумен қатар, озық елдердің үздік педагогикалық әдістерін пайдалануда. Қазіргі Қазақстандық білім берудің кеңістігінде түбегейлі өзгерістер тарихи объективті

процестер жүріп жатыр. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат – білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда оқушының білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы оқушының алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына, тұлға ретінде қоғам дамуының өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп тұжырымдады [1].

XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегі міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникация құралдары, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Мектептердің білім деңгейін көтеру және жаңа технологияларды интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу - тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Жаңа оқыту технологиясының кейбір сырларын айтатын болсақ, біріншіден балаға тұлға деп қарап, оның білім алу арқылы дамуын қарастырады. Екіншіден тұлғаның танымдық қабілетін дамытуға, шығармашылық, ізденісін тереңдетуге, сөздік қорын молайтуға бағытталады. Үшіншіден дарынды балалар мен жүйелі түрде жұмыс жасауға көп мүмкіндіктер береді. Қазіргі кезде осы айтылған қазіргі ақпараттық жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануды көптеген педагогтар мен психологтар оқу процесінде баланың өз бетінше ақыл – ойының дамытуы деп қарастырады. Баланың білімді саналы түрде қабылдауына мүмкіндік беретін жол деп қарастырады. Міне, мұндай жағдайда оқушы алға қойған жалпы мақсатқа белсенді араласу, топпен ынтымақтастықта қызмет ету арқылы белсенді түрде оқу процесіне араласады, онда бірін - бірі тексеру, талдау арқылы білім алуға деген ішкі қажеттілік сезім пайда болады. Жалпы білім беретін орта мектептерде география курстарын оқыту барысында жаңа технологияларды пайдалану мұғалімдерге барлық оқушыларды мұғалім назарынан тыс шығармауға, олардың білімдеріндегі олқылықтарын дәл мерзімінде анықтауға мүмкіндік берсе, оқушылардың сабақ үстінде мұғалім мен тең дәрежеде еркін сөйлесуге, жолдастарымен бірлесе жұмыс жасауға мүмкіндік алады. Күнделікті география сабағы олар үшін көңілсіз күңгірттіктен айырылып, көңілді, қызықты іс - әрекетке айналады, берілген үй тапсырмасын орындауға жіберетін уақыттарын өздері қызығатын істерге арнайды. Жалпы педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – жан - жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылатындықтан, бұл жерде жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты компоненті оқыту мақсаты болып табылады. Ол мақсат өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру, сондықтан оның өзіндік танымдық іс - әрекетінде белсендірілуі қажет. Бұл мақсат оқытудың әдістемелік жүйесінің қалған бөліктерінің өзара байланыстағы қалыптарының өзгерулерін талап етеді. Болашақта біз технологияның дамуынан әлі де үлкен жаңалықтар, ғылыми ашулар күтеміз. Себебі ұстаздар ізденуден жалықпайтын жаңашыл тұлғамыз. Бүгінгі шәкірт ертеңгі маман. Ендеше қоғам талабына сәйкес мұғалімнің негізгі мақсаты - оқушының білім сапасын көтеру. Ол үшін мұғалімнің алдында сабақ сапасын көтеру түрін жетілдіру, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру, қабілетін дамыту міндеттері тұр. Демек, мұғалім бір ғана әдіспен шектелмей, шығармашылығын шыңдап, озық іс – тәжірибелерді пайдалана білу шарт. Жаңа педагогикалық технологиялар бір – біріне ұқсамайды, оны тек дұрыс пайдаланып, шәкірт жүрегіне жол таба білу қажет. Қазіргі жаңа педагогикалық технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады. Олар:

Оқып меңгерту, тәжірибеде қолдану, шығармашылық бағытта дамыту, нәтижеге қол жеткізу. Жаңа технология педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұғалім ақпараттанушы емес, оқушының жекетұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді [2].

Жаңа технологияларды география сабақтарын ұйымдастыру кезінде қолдану мұғалім мен оқушыларды бағыттап отыратын, жағдай жасайтын және оның қызметінің жүзеге асуын қамтамасыз ететін режиссердің міндетін атқарады. Пән мұғалімдері қазіргі жаңа ақпараттық құралдар мультимедия, интерактивті тақта және компьютермен жұмыс жасай білу, диалог жүргізе алатындай дәрежеде болуы керек, яғни компьютерлік сауатты мәдениетті болу керек. География сабақтарында компьютерді қолданған мұғалім өзінің өткізген сабағын елеулі түрде арттырады және оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізеді. Соңғы уақытта оқушылардың қазіргі ақпараттық құралдар компьютерлерді пайдалануға деген қызығушылық артуда. Компьютерлік оқыту процестеріндегі ең қиыны және сонымен қатар, ең маңыздысы бағдарламамен қамтамасыз ету және бағдарламалық – педагогикалық құралдар болып табылады. Бұл оқушылардың сабаққа қызығушылығын және шығармашылық белсенділіктерін арттырып, келешекте өздерінің алған білімдерін басқа да білім салаларына қолдана алады.

Жаңа ХХІ – ғасыр табалдырығын аттаған тәуелсіз Қазақстан Республикасының әрбір білім беру саласы мен буындарына тың көзқарас, жеке үлгідегі ізденіс қажет. Өскелең, болашағы зор жас ұрпақты қоғам талаптары мен оның мақсат, мүдделеріне сай өмір сүруге бейімдей отырып оқыту, логикалық ой тұжырымын дамытып, таңғажайып ғылым саласына тартуда орта мектеп пен мұғалімдерінің атқаратын рөлі зор.

Дәстүрлі оқыту жағдайында мұғалім сыныптағы әр оқушының жұмыс істеу ерекшелігін ескеріп отыру мүмкін емес. Компьютерді қолданғанда бұл жағдай толығымен шешіледі. Мұғалім оқушылардың әрқайсысының жұмыстарын бақылап отыруға, басқа оқушыларға кедергі келтірмей үлгерімі төмен оқушылармен жекелеме жұмыс істеуге болады. Сабақтан тыс уақытта мұғалім компьютер жадында сақталған оқушылардың жұмыстарына талдау жасап, оқушының тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау мүмкіндігі мол.

Ал қазіргі жаңа ақпараттық технологиялардың бірі мультимедиялық құралдар. Мультимедиялық құралдар география пәні мұғаліміне экранда әртүрлі статистикалық материалдарды бейнелеуді көрсетуге мүмкіндік береді. Мультимедия көмегімен бір объектіден басқа кез - келген тізбекке фрагментті үлкейтіп, сонымен қатар, бір экранда бірнеше сюжеттерді енгізіп, салыстыруға болады. Бұл география пәнінің мұғаліміне үлкен көмегі тиеді, себебі бірнеше көрнекі құралды тасып жүрмейді. Сондықтан мультимедия аппараттардың жетістіктері жоғары екенін байқаймыз.

Ұстаздар үшін мультимедияны қолдану жұмыстарды жеңілдетеді. Яғни оқушылардың пәнаралық ойлау қабілеттері артады. Мұнымен қатар мультимедия көмегімен тұтас аумақ бейнесін жасау оңайға түседі, бұл өлкетанумен танысуда да маңызды. Оқушылар географиялық процестерді ұйымдастыру туралы көп және

әртүрлі салада түсіну керек. Осы процестердің тізбегі, болашақ география пәні мұғалімінің негізгі талабы. Ол бірнеше проекцияларды есептеп, оларды орналастыру болып табылады. Бұл проекцияларды қолжазбамен орындау көп уақытты алады, сондықтан оны компьютер арқылы орындау жылдам [3].

Бәсекеге қабілетті болу тікелей білімге байланысты. Жаңа технологияны енгізу арқылы жаңа өркениетті дамуға байланысты басқа өркенді елдердің көптен бері пайдаланып келе жатқан жаңа ақпараттық құралдарды қолданып отырмыз. Бұл біздің Қазақстанның алға қарай жылжуының нышаны болып табылады. Ғылыми білім беруде жаңа ақпараттық құралдардың мүмкіндігі мол. География сабақтарында интерактивті құралдарды қолдану арқылы оқушы білім кеңестігіне еркін ене алады. География сабағында жан - жақты білім беруде интерактивті құралдарды қолданудың білімді игеруде оқушыларға берері көп. Интерактивті құрылғылардың мектептерге көптеп келуі білім алушылардың білімін жетілдіруіне көп мүмкіндік туғызып отыр. Сабақтың барысында тапсырманы орындау бойынша ауызша түсіндіру жүргізіледі, интерактивтік тақтаны пайдалану арқылы теориялық материалдар қайталанады. Қажетті жағдайда, оқушы интерактивті тақта арқылы мысал есепті шығаруды графиктерді құруды құрал саймандарды қолдануды көрсетіп түсіндіреді. Мұғалім оқушыны тақтаға шығарып, оған жеке тапсырма береді, оған қалғандарға көңіл бөлу үшін бағыт береді және бақылап отырады [4].

Қазіргі кезде география сабақтарын өткізу барысында мұғалім сабақ мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалдарды іздеумен жүйелеуге жұмсайды. Ал жекелеген курс бойынша мәселелік - бағдарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы мұғалімге «мұғалім және оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологияларды география сабақтарында пайдалану оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндітерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады. География сабақтарында жаңа технологияны пайдаланудың ең басты мақсаты белгілі бір жетістіктерге жету оқу сапасын арттыру. Қазіргі оқыту үрдісінде жаңа технологияны кеңінен қолдану өз тиімділігін көрсетуде. Сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда осы заманғы ақпараттық технологиямен қатар электронды оқулықтарды қолдану арқылы оқушының сабаққа қызығушылығы арқасында оқу сапасы елеулі түрде арттыруға болады. Жаңа технология қазіргі заманның талаптарына сай жүйеленген, тиімді әдістердің бірі. Жаңа технологияның басты ерекшеліктері ол барлық технологиялардың басын біріктіріп, бір жүйеге келтірілген, жинақталған үлгісі болып табылады. Жаңа технологияларды география сабақтарында пайдалану кезінде оқушы оқу материалын тыңдау, жазу, көру, айту, өз бетімен жұмыс жасау арқылы оқу материалы қарапайымнан күрделіге қарай шығармашылық, зерттеушілік сипаттағы тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Білім беруде қазіргі жаңа технологияларды сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда қолданудың артықшылықтарының маңызы зор.

Бұрынғы дәстүрлі оқыту мен бүгінгі жаңа технологиялармен оқытудың артықшылықтары мен ерекшеліктерін мынадан көруге болады. Қазіргі заманғы жаңа технологияларды география сабақтарында қолданудың тиімділігі мынада;

- Онда білім жан – жақты беріледі. Ғылым мен техника жаңалықтары арқылы.
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы өте жоғары деңгейде болады. Оқушы мүмкіндік деңгейден, шығармашылық деңгейге дейін білім алады.
- География сабақтарында қолдану барысында күнделікті өмірмен, ақпарат құралдары, әлем жаңалықтарымен байланыстыруға болады.

- Барлық оқушы өз ойын еркін айта алады, еркіндік позициясы орын алады.
- Қосымша әдебиеттермен жұмыс жасайды, интернет желісін пайдалана алады. Интернет желісі арқылы олимпиадалық тапсырмаларды орындайды.
- Оқушының жеке дара жұмыс жасауын ұйымдастырады. Ол үшін әр оқушының өзіне тән ерекшеліктерін ескереді. Әр оқушыны қабілетіне қарай оқытады.
- Ғылым сөзіне алғашқы қадам жасалады.
- Мұғалім география сабақтары түрлерін өткізу барысында дамыта оқыту ойындарын, деңгейлік тапсырмалар, танымдық ойындар арқылы қызықты етіп өткізеді.
- Денсаулығында кемшілігі бар балалар үшін нашар еститін, нашар көретін, тілінің кемістігі бар оқушылар үшін оқытудың тиімді жолдары қарастырылған.
- Оқушы берілген тапсырмаларды көзбен көріп, оқу материалын қайталап және өз бетімен тапсырмаларды орындайды.
- Оқушы қазіргі заманғы ақпараттық құралдар компьютер, электронды оқулықтар, мультимедиялық құралдар, интерактивті тақталармен қамтамасыз етілген. Оқушы осы құралдарды өзі басқарып, жұмыс жасай алады. Компьютерлік сауаттылығы артады.
- Білім алушы тұлғаның интеллектуалды дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталғандығы;

География пәнін оқытуда тиімді әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, терең ойлау қабілетін қалыптастыру, оқытудың жаңа технологиясын арқылы жүзеге асырып келеді. Осы кезеңдерде оқушымен мұғалім оқулыққа бағынатын тыңдаушы ғана еді, енді ол сын тұрғысынан ойланып өз ойын дәлелдей алатын тұлғаға айналу үстінде.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. - Астана, 2007.-2-7 б.
2. Сабырова М. "География сабақтарында жаңа технологияларды қолдану" //Қазақстан географиясы және экология мектепте және ЖОО-да оқыту. - 2004.- Знаурыз -65-78 б.
3. Тоқпанов Е.А., Мазбаев О.Б., Увалиев Т.О., Асубаев Б.Қ. Географияны оқыту әдістемесі,- Алматы.2015ж
4. Ошанова Н.Т. Білім беру жүйесіндегі технологиялардың көмегімен оқушылардың дүние танымдық көзқарастарын қалыптастыру.- Алматы 2012.

Резюме

В статье рассмотрена эффективность применения разных новых технологий обучения в учебном процессе на уроках географии.

Summary

This article discusses the effectiveness of various teaching methods in the educational process in geography lessons.

УДК 639.2/.3

Р.И Бержанова¹, А.Я. Калиева¹, Ж.Ж. Жагыпарова¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы 060011. Атырау қ. Студенттер даңғылы 212.²
E-mail: rozik_7979@mail.ru; maxf79@mail.ru 87019589533

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ МОДУЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын оқу мен оқытуда пайдалану оқытушы ретінде бізге де берер пайдасы көп. Себебі, СТО әдістерін пайдалану арқылы сабақ жүргізу үшін алдын-ала көп дайындалу қажет. Теориялық жағынан да, әдістемелік жағынан да шындалуға мүмкіндік береді. Сабақтың мақсатына жету үшін әр кезеңінде қолданатын әдістерді таңдау, оны дұрыс қолдану, тиісті ақпараттар жинау, алдын-ала сұрақтарды дайындау, болжамдар жасау әрекеті жүзеге асады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен тұратындығын ескерсек, алғашқы кезең тікелей тек қана оқытушыға байланысты болса, қалған екі кезең оқытушының басшылығымен, қадағалауымен студенттердің еңбегінен тұрады. қарап, баға беруге, ой алмасуға талпынады.

Негізгі сөзде: диалог, оқыту, дәйектеу, ЖАДА, парақ, қос бет.

Сын тұрғысынан ойлау оқытушылар мен студенттердің материалды саналы және оймен қабылдауды көздейді. Оқыту үрдісі бір жақты бола алмайды. Сын тұрғысынан ойлау, өтілетін тақырып бойынша ғылыми-теориялық мәліметтерді бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады. Ғылыми ұғым қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлау тақырыпқа байланысты бір нәрсені елестетуге, балама шешімдер қабылдауға, ойлау мен іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін енгізуді көздейді. Жоғары оқу орындарында студенттерді сын тұрғысынан ойлауға үйрету теориялық білмдерді терең мегеріп қана қоймай, өз тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандырады. Дәріс бойынша (жаңа сабақ) дәлелдер жинақтап, шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану дағдылары қалыптасады.

Сын тұрғысынан ойлауда ой-пікір алмасу студенттің оқытушымен, студенттің студентпен жұптық, топтық жұмыстары жүзеге асып отырады. Сонмен қатар, осының барлығына сүйене отырып, мен тізбектелген сабақтар топтамасына оқыту мен оқуда жаңа тәсілдер: топтағы «диалогтік оқыту», «зерттеушілік әңгіме», «дәйектеу» тәсілдері туралы айтқым келеді. Біздің ойымызша, биология пәнінде басқа пәндерге қарағанда көбірек сыни тұрғыдан ойлауға үйрету деген модуль қолданылады. Ал бұл модуль мен диалогтік оқытудың арасындағы байланыс туралы оқытушыға арналған нұсқаулықта төмендегідей айтылған. Топтағы қарым-қатынасты зерттеуді көздеген еңбектер белгілі бір өзара әрекеттестік үлгілері, зерттеушілік әңгіме, дәйек пен диалогтің оқытушылар мен студенттерді мағына мен білімді игерудегі бірлескен іс-әрекетке тартылуымен қатар, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттері өрістеуіне және зияткерлік қырларының дамуына ықпалын тигізетіндігін көрсетеді. Александердің (2001, 2008) Диалогтік оқытуына сәйкес, топтың қолданбалы зерттеуін зерделер болсақ, ол диалектикалық және диалогтік

педагогика тұрғысынан студенттердің ой-пікірлері назарға болмашы ғана алынатын топтағы қарым-қатынастың дәстүрлі моделіне күмәнмен қарайды. Көзбен көру және ауызша ақпарат көздерімен тікелей қарым-қатынас жасау білімгерлерге дәйектеу дағдыларын шынықтыруға және жеке тәсілдермен білім алуға мүмкіндік береді және формальды түрде оқуды азайтады.

Студенттерді сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Осылайша білімгерлерді ХХІ ғасырда және кейінгі ғасырларда да өмір сүру үшін қажетті дағдылармен және қасиеттермен қаруландыру – оқытушылар үшін ынталандырушы күш болып табылады. Студенттер күннен-күнге қолжетімділік артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуы керек (Wolfe and Alexander, 2008) [1]. Сонымен қатар, диалогтік оқыту қалған алты модульмен де тығыз байланыста.

Л.С.Выготский когнитивті дамудың, студенттер өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» (ЖАДА) жұмыс істесе, жақсаратындығын атап көрсеткен. ЖАДА студент дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Бұл тапсырмаларды орындауда жаңаны үйренуде тірек болатын ересектердің көмегі немесе қолдауы керек. Бұл қолдау қарым-қатынасты қамтиды және Выготский бұл жағдайды оны оқытудың негізгі құралы деп есептейді. Александер (2004) оқытудағы әңгімелесу – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екі жақты бағытта жүреді және осының негізінде студенттің білім алу үдерісі алға жылжиды деп тұжырымдайды.

Диалог барысында студентте, оқытушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу студенттермен «зерттеушілік әңгіме» құру арқылы іске асады, дегенмен оны студенттер берілген тақырып бойыша бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады. Модульдерді өзара байланыстыру үшін әр түрлі стратегиялар мен әдіс-тәсілдерді қолданамыз. Сыни тұрғыдан ойлауға үйретуде мен өз сабақтарымыз «Миға шабуыл», «Джигсо», «SWOT» талдау, жұптық жұмыс, топтық жұмыс «Шеңбер» зерттеушілік әңгіме сияқты әдістер арқылы ұйымдастырамыз.

Стратегияларға жеке-жеке тоқталып, оның сын тұрғысынан ойлау модулін қалай ықпалдастыратынын талқылаймыз. Ол үшін студенттерге бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасап отырамыз. Миға шабуылды біз әр сабақта қолданамыз. Сабақтарда осы стратегия арқылы жаңа тақырыптың мақсатын ашу үшін, өтетін сабақтың тақырыбын анықтау, проблемалық жағдаяттарды қарастыру және қайта бағыттау сұрақтардың көмегімен түсініп, соның тұжырымдамасын айтуға тырыстым. Содан кейін тақырыпты ашуға мүмкіндік беретін сөздерді тақтаға іліп қойып, студенттерге талдау жұмысын тапсырып тұжырымдаттық. Студенттердің зейінін тақырыпқа бағыттап алғаннан кейін, топтарға бөліп, «Ұрыққа дейінгі даму кезеңі –Гаметогенез» атты тақырыпта мәтін таратылады. Барлық топтағы студенттер «Джигсо» әдісі арқылы мәтінді талдауға кірісіп кетеді. Ақпараттармен толық танысқан соң, бастапқы топтарына қайта жиналып, дәріс жоспарындағы төрт сұрақты «қабылдануға» көшеді. Сол мәнін өзгертпей қайта жаңғырта отырып, содан кейін ғана өз ақпараттарын түсіндіреді, осылайша проблеманы шешудің шығармашылық варианттарының эстафетасы пайда болды. Дәл осылай топтық жұмыс жалғаса отырып, бағалау жұмысы жүзеге

асырылады. Сын тұрғысынан ойлауда мәтінді есепке алатын болсақ, бақылау мен тыңдау арқылы студенттер дәлелдер жинастырып, топтастырады [2].

Барлық пікірлері талданып, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттері қалыптасады. Ары қарай тақырыпты қаншалықты түсінгендерін білу үшін кері байланыс ретінде «Түймедақ», «SWOT» талдау, «Ақ парақтың қос беті», «Ыстық орындық» әдістерін қолданамыз. Жұмыстың келесі кезеңінде («Галереяны аралау») ұсынылатын дайын ресурс бойынша зерттеушілік және кумулятивті әңгімелесу жүзеге асырылып, яғни материалды талдады, интерпретация жасады, нақты тұжырымдап түсіндіреді. Әрбір топ өзге топтардың тұжырымдарын тыңдайды және өз көзқарастарын қосып толықтырады, түзетулер енгізеді.

Сын тұрғысынан ойлауда студенттер рефлексиялық оқуға машықтанды. Оларда сын тұрғысынан ойлау дағдылары, жазып алу, бағалау әрекеттері қалыптасады. Бұл қабілеттері берілген мәтін бойынша дәлелдерді талқылап, қажет ететін тапсырмаларды орындау барысында көрініс табады. Тақырып бойынша ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылды, «Сіз қалай ойлайсыз?», «Менің ойымша...», «Мына нұсқаға сүйенсек...» деген сияқты сұрақ қою арқылы дәлелдерді талап етіп, зерттеушілік әңгіме құрады. Берілген дәлелдер есепке алынып, барлық көзқарастарға көңіл бөлінеді. Сын тұрғысынан ойлайтын студенттер белсенді болып, олар еркін сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды. Берілген мәтіннің мағынасын анықтау үшін стратегияларды саналы түрде қолдана біледі. Сонымен, дәріс, семинар сабақтарымызды сын тұрғысынан ойлау арқылы ұйымдастыруда проблемалық міндеттер қойылып, зерттеушілік әңгіме, дәйек пен диалог, оқытушы мен студенттерді ғылыми-теориялық ұғым мен білімді игерудегі бірлескен іс-әрекетке тартумен қатар, жоғары деңгейде ойлау қабілеттерінің дамығандығын, интеллектуалдық деңгейлерінің дамуына ықпал еткендігін байқадық. Топ мүшелері өзара талдау барысында көшбасшы, сарапшы, фронтальды жұмыс барысында қолдарында бар ресурстарды (оқулық, лекция материалдары, АКТ, т.б.) пайдаланып, зерттеушілік әңгімелесу түрін жүзеге асырады. Ортақ тұжырымдарды өзгелердің назарларына ұсынады, тыңдата біледі. Осылайша, студенттерді қажетті сын тұрғыдан ойлау дағдылары мен қасиеттерге қаруландыру – оқытушылар үшін ынталандырушы күш болып табылады [3].

Әдебиеттер тізімі

1. Жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. Үлестірме материалдар. Бірінші «Бетпе-бет» кезеңі. – Астана, 2015. 45 б.
2. Студентке арналған нұсқаулық. – Астана, 2015.
3. Жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы.-25 б.

Резюме

Прием сознательного и критического мышления преподавателей и студентов предполагает гибкий материал. Процесс обучения не может быть односторонним. Критического мышления, который по тематике научно-теоретических сведений, контроля, опыт, размышление и осмысление информации, полученной в результате осмысления, (оценки, анализа) и метод, применяемый при синтезе. Заголовок критического мышления в формировании научных понятий, связанных принимать что-то альтернативные решения, мышления и действия предполагает введение новых подходов обучения. Обучение критическому мышлению студентов в высших учебных заведениях теоретические мышления доказательствах, стимулировало в

практике. Рассуждение критического обмена мнениями студента с преподавателем, студента со студентом осуществляется парная или групповыми работами.

Summary

The reception of the conscious and critical thinking of teachers and students supposes flexible material. A process of educating can not be one-sided. Critical thinking, that on the subjects of theoretical information, control, experience, reflection and comprehension of the information got as a result of comprehension, (estimation, analysis) and method applied at a synthesis. Heading of the critical thinking is in forming of the scientific concepts constrained to accept something alternative decisions, thinking and actions is supposed by introduction of new approaches of educating. Educating to the critical thinking of students in higher educational establishments theoretical thinking proofs, stimulated in practice. Reasoning of critical exchange opinions of student with a teacher, student with a student a pair comes true or by group works.

УДК 639.2/.3

Р.И. Бержанова¹, А.Я. Калиева¹, С.С Маден¹

Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы 060011. Атырау қ. Студенттер даңғылы 212.²
E-mail: rozik_7979@mail.ru; maxf79@mail.ru.

ОҚЫТУ МЕН ОҚУДАҒЫ жаңа тәсілдерді қолдану арқылы СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Аңдатпа

Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдану, сабақ үрдісіндегі тиімді жолдарын терең меңгеру.

Қазіргі кезде еліміздегі барлық ғылым мен білім саласы жаңа әдіс – тәсілдер арқылы жаңғырып, жаңару үстінде. Бұл міндеттерді шешу үшін әр оқытушы күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет. Сол себепті, біз келешекте өз сабақтарымызға жаңа әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, сапасын арттыру жұмыстарына мән береміз.

Негізгі сөздер. Оқыту, оқу, тәсілдер, сындарлылық, теория.

Білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған. Сындарлылық теориясына негізделген оқытудың мақсаты – студенттердің білімді терең түсіну шығармашылық белсенділігін арттыру, алған білімдерін кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оқыту туралы сындарлы түсінік студентке нақты білім беруді мақсат тұтқан оқытушының өз сабақтарын студенттің идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап ете отырып қарастырады. Яғни, бұл міндеттер студенттердің оқыған тақырыбы бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым түсініктерін өрістетуге орайластырылып жасалады.

Сындарлылық тұрғыдан оқытуды түсіну «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» негізінде жатыр. Студенттер өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. «Диалог негізінде оқыту және оқу» метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйрету» деген атаулармен танымал педагогикалық тәсілдер әлеуметтік - сындарлылық идеяларының қазіргі заманғы маңызды түсіндірмелері ретінде қолданылады. Оқыту мен оқудың жаңа тәсілдері ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйретуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік-сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Диалог негізінде оқыту мен оқу студенттің өзара сұхбаттасуы және оқытушының арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді. «Қалай оқу керектігін үйрету» немесе метасана студенттерге өз бетінше білім ала білетіндей етіп өзінің оқуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алу қажеттігін түсінуге және оған дайын болуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді. [1].

Диалогтік оқыту арқылы студенттердің сабаққа деген қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін арттыру, олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, күштеп білім беруден гөрі, студенттің білімге деген құштарлығын ояту ең маңызды мақсат. Жаңа сабақты түсіндіруде де диалогтік оқытудың маңыздылығы артып отыр. Осы тұрғыда ғалымдардың еңбегіне сүйенер болсақ: Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта студенттердің қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсетіндігіне үлес қосатындығын атап көрсетті.

Л.С.Выготский оқу модулі студент диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Аталған авторлардың зерттеулерінде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың студенттердің оқуына және танымдық дамуына әсер ететіні айтылған. Сондықтан да мен студенттер арасындағы білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсету үшін диалогтық оқыту арқылы қарым-қатынастарын жақсартуға болады. Кез келген сабақта диалогтік оқыту әдісін пайдаланудың маңызы өте зор. Себебі диалогтік оқытуда сөз, сөйлеу негізгі рөл атқарады, сонымен қатар сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады.

Студенттерге өткен сабаққа шолу жасау арқылы жаңа сабақты түсіндіру барысында ашық сұрақтарды кеңінен пайдаланып студенттердің білім алуына, сөйлеуіне, тыңдауына басты назар аударылады. Барнс пен Мерсердің айтуынша, зерттеушілік әңгіме оқытушылардың студенттерді әңгімеге тарту кезінде дамытуы қажет болып табылатын әңгіменің бір түрі болып табылады. Зерттеушілік әңгімеде студенттеге сыни тұрғыда ойлауға тапсырма берілгенде топтық жұмыс арқылы жүзеге асырылды. Сабақ барысында тақырыпқа байланысты пікір айтып, талқылай алады.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер жекелеген құбылыс немесе дағды емес. Осы іске тартылатын тетіктер мыналар: оқыту әдісін таңдау; жүйелі ойлауға үйрету; студенттің талантын зерттеу және анықтау; сандық технологиялар саласындағы жоғары құзыреттілікті дамыту болып табылады. Диалогтік оқытуды қолданудың ең құндылығы – студенттердің бір-біріне сұрақ қойып, ұсыныс жасап, ортақ шешімге келуі. Талдау барысында тақырып төңірегінен шыға алады. Диалогтік оқыту кезінде зерттеушілік әңгіме жүргізілді. Зерттеушілік әңгіме барысында студенттер топтық жұмыс жүргізеді. Олар ортақ мәселе төңірегінде бірлескен түсінік қалыптастырады, пікір алмасады, оны талқылайды, баға береді, ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырды. Бүгінгі оқыту студенттің шығармашылық белсенділігін, оны жан-жақты дамыту, даму әрекеттерін ұйымдастырудың қажеттігін дәлелдеп отыр. Біздің

әрекетіміз – баланың сабақ үстіндегі әрекетін ұйымдастыру, әрекет нәтижесін байқау, қабілетімен еркін атқара алатын ісі, соның нәтижесіндегі тұжырымына қол жеткізу.

Оқыту оқудағы жаңа тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсек студенттің шығармашылық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, ықпал етеді, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артады. Яғни студент өз ой - пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді. Оқытушылар қолданысындағы студенттер қысқа жауап беретін сұрақтармен салыстырғанда, диалогтік сұхбаттасу оқытушылардың да студенттердің білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс- қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болады. Зерттеушілік әңгіме барысында студенттерге сұрақтарды қойған уақытта олардың жауаптың толық және нақты айтылуына көңіл бөлгенде ғана олардың сабаққа деген ынтасы мол болады. Аудиторияда сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де студенттердің оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атаймыз. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, студенттер ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады.

Студенттердің өз бетінше ізденісі мен жеке пайымдаулар жасап, өз пікірін, өз ойын айтуға бағытталған тапсырмалар ұсынып, оларға топтарда бірлесе отырып жұмыс жасауға, ортақ пікір шығаруға мүмкіндіктер беру өз нәтижесін береді. Ең бастысы сабақ үдерісінде студенттерге ой тастап, олардың тақырыпты талдауға, дәлелдеуге, жауаптарын салыстыруға ойларын негіздеуге жетелеу керек. Сұхбаттасу нәтижелеріне көңіл бөлер болсақ, сапалы білім берудің бірден-бір жолы осы диалогты оқытуды үнемі жүзеге асырып отыру.

Диалогтік оқытудың анағұрлым тиімді әдістерін сабақта қолдану арқылы студенттердің сөздік қорын молайтатынын, бірін-бірі тыңдауға үйрететінін, студенттердің сабаққа деген құлшынысын арттырады. Ең маңыздысы студенттердің осы диалогты оқытуды қолдануға деген құлшыныстары шығармашылық белсенділіктерін арттырады. Диалогтік оқыту барысында стратегияларды табысты қолдану үшін: диалог жүргізудің ережелерін нақтылап, аудиторияда диалог үлгісін құруы керек; студенттер бір-бірімен жаңа және ең тиімді тәсілді іздестіріп бірлескен тәсілдермен әрекет ете отырып жұмыс істеуі керек. Ол үшін студенттердің ерекшелігі мен қызығушылығын түсініп, олардың қарым-қатынастары мен эмоцияларына көңіл аудару қажет [2].

Диалогтік идея тәсіліне сәйкес, сауалнама мен топтық жұмыс студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырады, тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады, шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды, білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады. Бір-бірінен үйренуіне, басқа студенттердің идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді. Себебі сұрақ қою үшін жеткілікті білім, білік, дағды болмаса, сұрақтың мағынасыз болатындығы анықталады. Көп жағдайда топтағы талқылау бақылап, тақырып төңірегінде, студенттің дұрыстап және орнымен нені, қашан және қалай айту қажеттілігіне басты назар аудару қажет. Студенттердің білім деңгейін анықтауда, алдыңғы сабақтарды қайталау бағытында құрастырған диалог өз нәтижесін береді деп ойлаймыз. Себебі: студенттермен жүргізген диалогтың ары қарай жалғасын табуы немесе таппауы сөйлеушілерге берілген ашық түрдегі сұрақтардың қойылуында. Тапсырманы орындау барысында студенттердің өткен

сабақтарға шолу жасайтыны сөзсіз. Топтық жұмыстарды орындау барысында тұйық, сабаққа көп араласа қоймайтын студенттердің өз ойларын ашық айтып, өздеріне деген сенімділігінің артуы, басқалардың пікірімен санасуы сияқты жетістіктерге қол жеткізеді.

Мәселені талдай отырып студенттер өз ойларының дұрыстығын, топтағы студенттердің пікірімен санасатынын айқындады. Бастапқыда диалогты өрбіту тұрғысынан жасаған әрекеттеріміздің сәтсіз болама деген күдік болғаны рас, бірақ сабақтағы студенттеріміздің пікірталасын, құлшынысын көріп сәтсіздік туралы күдігіміз барынша сейілді. Диалогтік оқыту студенттердің сыни тұрғыдан ойлануына, бір-бірінен үйренуіне, басқалардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді. Бұл пікірлердің шындыққа жанасып жатқанына тәжірибе көрсетіп отыр. Осындай өзара әрекеттесудің нәтижесінде жақсару тұрғысынан стратегияның тиімділігі студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Тренерге арналған Нұсқаулық. Бірінші басылым.-2015.-35 б.
2. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым.-2015.-45 б.

Резюме

Среди наиболее известных в мировой системе образования, высокий уровень достигнутых распространенных методик обучения является конструктивное обучение. Основанные в теории конструктивного обучения с целью повышения творческой активности студентов является знаний, понимания, умения эффективно использовать полученные знания в любом случае. Обучение преподавателя и студента, чья цель образования понятие образования идея о конкретных конструктивных уроки-предусматривает организацию задач, способствующих развитию в соответствии с требованием квалификации. То есть, на уровне своих знаний студенты по данной теме задачи с указанием, могли высказывать мнение-конкретизировал взгляды, а также показать их в действии. Диалог преподавателя и студента на основе взаимного диалога и обучения в самостоятельной имеются беседы среди учеников, что подход подразумевает развитие мышления.

Summary

Among most well-known in the world system of education, a high level of the attained widespread methodologies of educating is structural educating. Founded in the theory of the structural educating with the purpose of increase of creative activity of students is knowledge, understanding, ability effectively to use gain knowledge in any case. Educating of teacher and student, whose aim of education concept of education idea about certain structural уроки-предусматривает organization of tasks assisting development in accordance with the requirement of qualification. It est, at the level of the knowledge students on this topic of task with pointing, высказывать мнение-конкретизировал looks could, and also to show them in действии. Dialogue of teacher and student on the basis of mutual dialogue and educating in independent there are conversations among students, that approach implies development.

ӨӘЖ 37.036.5

Койшигулова Л.Е. п.ғ.к., доцент, Уркимбаева Г. магситрант

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ. Студенттік даңғыл,212

e-mail:laila_12.68@mail.ru

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Жаңа педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу - тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдары мен байланысқан міндеттерінің мазмұнын, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрі позиция басқаларына әсер етіп, соңғы нәтиже оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Бүгінгі таңда мектеп қабырғасында оқытудың айқындалған көптеген технологиядарын пайдаланып жатқандығы белгілі. Егер мектеп өскелең ұрпаққа жинақталған тәжірибе беру бойынша міндеттерді нәтижелі шешетін болса үздіксіз білім беру идеясы қазіргі заманғы жағдайда іске асуы мүмкін. Өскелең ұрпаққа тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын деңгейге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға «оқыту» мен «үйрену» процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін.[1]

Тәуелсіз мемлекеттің білімі мен ғылымының дамуы үшін дүниежүзілік білім кеңістігіне ену – бүгінгі күннің басты міндеті. Қазақстанға әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болу үшін білім жүйесінің жаңа үлгісін жасау қажет. Білім беру философиясындағы түбегейлі өзгерістер адамның ілемдегі орны, болмысынң мәні мен білімінің әлеуметтік рөліне байланысты мектеп пен ұстаз өміріне көптеген жағалықтар әкелуде. Бүгінгі білімді әлемдік стандарттар деңгейінде көру үшін педагогтардың сапалық құрамын барыншажақсарту көзделуде. Сондықтан да мұғалім мәртебесі мен оның білім берудегі қызметі түбегейлі өзгеруде. Ал білім беру функциялары өзгерген жағдайда мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігіне қойылатын талаптар да өзгерді.[2]

Қоғамды ақпараттандыруды дамытудың негізгі факторларының бірі – білім беруді ақпараттандыру. Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, мәдениетті және ақпараттық құзырлылығы дамыған тұлға болуы қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқын Жолдауын өткен ғасырдың отызыншы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүрізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды, әсіресе, жастарды тарту қажеттігі айтылған және мемлекеттік қызыметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі атап көрсетілген [3]. Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және ақпараттық-телекоммуникациялық

құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үдерісіне тиімді пайдалану арқылы мұғалім тұлғасын дамыту және білім сапасын көтеру міндеттері қойылып отыр.

Қазіргі еліміздің білім беру саласына, яғни біздің алдымызға қойып отырған негізгі міндеттер ретінде: ол ұлттың бісекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын және әлемдік білім кеңістігіне толығымен ену білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруде білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық бағдарламаларды тиімді және кеңінен қолдану, елдегі ақпараттық инфрақұрылымды әлемдік білім берумен ықпалдастыру, білім беру ұйымдарының байланыстарын нығайту болып табылады.

Еуропалық білім беру кеңістігін жасау жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру проблемасын өзектейді. Осы қажеттілікті сипаттайтын Болон декларациясының негізгі қағидаларының бірі – бірегей және үйлесімді дәрежелерді дамыту. TUNING жобасында айтылғандай, егер дәрежелердің иегелері орындауға қабілетті нәрселерді салыстыру мүмкін болса және сонымен бірге, сол иегерлердің академиялық және кәсіби бейіндерін де салыстыруға болатын жағдайда дәрежелерді салыстырмалы және үйлесімді түрлерге ажыратуға болады [4].

Бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына жедел кіруге бағдарланған Қазақстанның дамуындағы жаңа кезең мемлекет пен оның білім жүйесінің алдына әлемде болып жатқан өзгерістерге кірігіп, бұл өзгерістерде жауапты, жаңашылдық және шығармашылық рөл атқару міндетін қойып отыр.

Президентіміз айтқандай, білім реформасы «біздің мемлекетіміздің әрбір азаматы тиісті білім мен біліктілік алған соң әлемнің кез келген елінде сұранысқа ие маман бола алатын» деңгейге жетуге тиіс.

Сондықтан Қазақстанның дамуының жаңа кезеңінің стратегиясындағы 30 маңызды бағыттың бірі «білім жүйесінің, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау жүйесінің әлемдік стандарттарға жақындауы» болып табылады.

Жоғары оқу орны студенттеріне қоғам талабына сай сапалы білім беру және оларды бәсекеге қабілетті етіп оқыту мен тәрбиелеу педагогика ғылымы саласына жаңа әдіснамалық негіздегі ғылыми зерттеулерді талап етіп отыр. Яғни, оқу үдерісіне жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды кеңінен ендіру болып отыр. Ақпараттық технология оқу үдерісінің қойылған мақсатқа жетуіне кепілдік береді.

Жаңа ақпараттық технологияны экономиканың, білім мен ғылымның, жалпы адамзаттың барлық саласына енгізу ақпараттық қоғамның басты көрінісі болып отыр.

Бүгінгі таңда ақпараттық қоғамның, ғылым мен техниканың тез дамуының әсерінен, яғни интернет желісі сияқты жаңа телекоммуникациялық жүйелердің пайда болуына байланысты компьютерлік технологияның мүмкіндіктері өзгерді. Демек, оқыту үдерісінде компьютерді қолдану мен біліктілікке қойылатын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп жүйелеуді талап етеді. Білім беруде компьютерлік технологияларды пайдалану, оқыту үдерісін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі оқыту құралдары (компьютер, ақпараттық-телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар) әр түрлі оқытудың формаларын жетілдіруге мүмкіндік береді, оған қоса студенттердің өзіндік жұмыстарын орындататын әдістемелік құралдар ретінде атқаратын жұмысының маңызы өте зор.[5]

Білім беруді реформалау кезеңі педагогика саласына басқа да талаптарды алға мақсат етіп қояды. Ол мұғалімнің эмпатиялық мәдениеті мен педагогикалық

техникасының кәсіби шеберліктің құраушылары ретінде қалыптасу қажеттілігінен туындайды. Біздің ойымызша, Ю.К.Бабанский келтірген топтастыруды мұғалім тұлғасының кәсіби қасиеттерін сипаттайтын маныдай арнайы іскерліктермен толықтыруға болады: проблеманы білу және оны дәйекті материалмен арақатынастығын белгілеу; нақтылы танымдық міндеттерде проблеманы көтере білу; болжамды ұсына білу іскерлігі және ойдағысын іске асыру; ұқсастық пен тасымалдауды пайдалана білу, белгілі амалдарды қиыстыру және жаңаларды құру, балама шешімдерді іздестіру. Осы тұста Ресей білім беру академиясының академигі В.В.Краевский ойын келтіру жөн деп есептейміз: «Мұғалімнің дамыған педагогикалық ойлауы болжаулық қабілеттілігімен, теориялық талдау және практикалық ойлауды үйлестіре алатын іскерлігінен сипатталады, басқаша айтқанда қарастырушылық - іс-әрекеттік тұрғыда қарауды керек етеді» [6].

Ақпараттық ғасырда интеллектуалды қызметтің дамуы компьютер және қазіргі коммуникация құралдарымен тығыз байланысты. Бұл технологияландыру адамның іскер белсенділігіне, білімділігіне, мәдениетіне, ал, жалпы айтқанда, ғылым мен көзқарасқа түбегейлі әсер етеді. Ақпараттық технология білімді өңдеумен анықталып, қоғамның материалдық және рухани жағдайын өзгертеді.

Ақпараттандыру мәселесі Қазақстан Республикасының білім жүйесінде, мектептерде кеңінен дами бастады. Мемлекеттік деңгейде бұл – орта білім беру жүйесі ақпараттандыру Мемлекеттік бағдарламасы Президенттің басқаруымен бес жыл мерізімінде үлкен жетістіктерге жеткізілді.

Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар (ЖАКТ) жағдайындағы оқыту процесі оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетінсіз, олардың дидактикалық өзара байланысынсыз мүмкін емес. Оқытушы қанша білім беруге тырысқанмен, егер білім меңгеруге оқушылардың өздерінің белсенділіктері болмаса, егер оқытушы бұл жұмыстарды дұрыс ұйымдастырмаса, онда оқыту процесі нақты жүрмейді, дидактикалық өзара қарым-қатынаста болмайды. Сондықтан да, ЖАКТ жағдайындағы оқыту процесінде педагог пен оқушы арасында тек жай ғана өзара қарым-қатынас емес, педагогтың компьютерлік технологиялар арқылы жеке тұлғаға әсері, ішкі жан дүниесінің бейнесі, оқушының білімді, іскерлікті, дағдыны, тәртіптіліктің және дамудың белгілі бір элементтерін өз бетінше меңгеруге талпынысы олардың өзара бірлескен іс-әрекеті нәтижесінде, жаңа жағдайда ұлы ғалымдардың анықтаған функцияларын орындаған кезде ғана пайда болады.

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ЖАКТ) жағдайындағы оқыту процесі жеке тұлға теориясына сүйенеді, өйткені кез келген оқыту әрбір жеке тұлғаға бағытталған.

Оқушылар қазіргі заманғы жетістіктерді, музыканы, шет ел өмірін және басқа да жаңалықтарды оқу орындарында оқудан тыс уақыттарда біледі. Әсіресе, оқушылардың достық қарым-қатынастарының білімдегі жаңалықтарды табуға, білуге көп пайдасы бар. Олар бір-бірімен қарым-қатынаста жүріп, өздерінің білетін білімдерін және іскерліктерін жартысын бір-біріне бөлісе алады. Белгілі бір тарихи тақырып бойынша оқушылардың білімін зерттегенде, олардың әр түрлі деректер бойынша алған білімдері анықталған. Өкінішке орай, дәстүрлі оқыту процесі барысында оқушылардың білім мен іскерлікті өз бетімен меңгеруі, кездейсоқ және жүйесіз сипат алады, кейде кері бағытта да болуы мүмкін. Ал, ЖАКТ өз бетімен білім алу процесі дамуына нақты жағдай жасауда. Өйткені, электронды оқулықтар өзінің негізгі ерекшелітері бойынша оқушыларды өз бетінше жұмыс жасауына ықпал етеді. Бұл жағдайда мұғалім тьютор, яғни кеңесші функциясын атқарады.

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту процесі ақпараттық-

коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңаланған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Әдебиеттер:

- 1 Мырзабаев А.Б. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. пед. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2005. - 132 бет.
- 2 Берикжанова Л.Е. «Формирование готовности будущих учителей к использованию современных педагогических технологии». Дисс.на сиос.ус.ст.к.п.н., Алматы, 2003 г.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» (2006 жыл), «Жаңа әлемдегі - жаңа Қазақстан» (2007 жыл) және «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» (2008 жыл), «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» (2009 жыл) атты Жолдаулары. – www.e.gov.kz сайты.
- 4 Тұрғанбаева Б.А. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту. пед. ғыл. канд. дисс. –Алматы, 1998. -309 бет.
- 5 Основные тенденции развития образования Казахстана. Под общ.ред. К.Т.Арынова. Астана. 2004 г.
- 6 Краевский В.В. Общие основы педагогики: учеб.для студ.высш.пед.учеб.заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2003. -256 с.

Резюме

В данной статье говорится о роли информационных технологии в творческой деятельности учащихся. В процессе обучения с помощью ИТ ребенок учится работать с текстом, создавать графические объекты и базы данных, использовать электронные таблицы. Он узнает новые способы сбора информации и учится пользоваться ими, расширяется его кругозор. При использовании ИТ на занятиях повышается мотивация учения и стимулируется познавательный интерес учащихся, возрастает эффективность самостоятельной работы. Нет детей не способных: если каждому отводить время, соответствующее его личным способностям, то можно обеспечить усвоение необходимого материала.

Abstract

In this article it is told about an information technology role in creative activities of learning. In training activity by means of IT the child learns to work with the text, to create graphic objects and databases, to use electronic spreadsheets. He learns new methods of information collection and learns to use them, its horizons are broadened. When using IT on occupations the motivation of the doctrine increases and the cognitive interest of pupils is stimulated, efficiency of independent operation increases. There are no children not capable: if to everyone to allow time corresponding to its personal abilities, then it is possible to provide digestion of necessary material.

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
ЭКОНОМИКА И ПРАВО**

ӘОЖ 336.221

Ш.Б. Сисенғалиева¹, С.Б. Альдешова¹, А.Б. Пұсырманова¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ, Студенттік даңғылы, 212
Samalab_79@mail.ru

ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ САЛЫҚ ЕСЕБІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Нарыққа көшу тиімді салық салу жүйесін құрудың қажеттілігімен байланысты. Салықтың көмегімен мемлекет тек бюджеттің табысын қалыптастырып қана қоймай, экономиканы реттеуді де жүзеге асырады. Салық салу мәселелері тек заңды тұлғаларға ғана емес, сонымен қатар азаматтарға қатысты. Мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, олардың дамуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев, Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы»: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында макроэкономикалық саясатты, жекелей алғанда, салық бөлігіндегі жаңғыртудың маңыздылығын атап өтті: «Біз нарық қатысушыларын салықтан жалтару жолдарын іздеуге емес, бәсекелестікке ынталандыруымыз қажет. Бизнес деңгейіндегі болашақ салық саясаты ішкі өсімді ынталандыруы және сыртқы нарықтарға отандық экспортты, ал азаматтар деңгейінде олардың қорларын, жинақтарын және салымдарын ынталандыруға тиіс».
Негізгі сөздер: салық, салық саясаты, бюджет, жүйе, мөлшерлемелері, есеп, бухгалтерлік есеп, субъект, ішкі аудит

Салық – нарықтық экономиканың қалыптасуына мемлекеттің әсер етуіне жәрдемдесетін негізгі экономикалық тетік болып табылады. Отандық және шетелдік тәжірибе көрсеткендей, салық пен салық жүйесі экономиканы басқарудың аса мобильді қаржылық институты болып танылады.

Мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, олардың дамуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев, Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы»: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында макроэкономикалық саясатты, жекелей алғанда, салық бөлігіндегі жаңғыртудың маңыздылығын атап өтті: «Біз нарық қатысушыларын салықтан жалтару жолдарын іздеуге емес, бәсекелестікке ынталандыруымыз қажет. Бизнес деңгейіндегі болашақ салық саясаты ішкі өсімді ынталандыруы және сыртқы нарықтарға отандық экспортты, ал азаматтар деңгейінде олардың қорларын, жинақтарын және салымдарын ынталандыруға тиіс» [1].

Қазақстандағы нарықтық экономиканың қалыптасу жағдайында, кәсіпкерлік қызметке қысым көрсетпейтін ұтымды салық жүйесін құру күннен күнге анағұрлым маңызды мағынаға ие болып келеді.

Бүгінгі таңда кез келген ұйымның бухгалтериясы үшін аса өзекті тақырып

– бұл бюджет арасындағы қарым-қатынас. Бухгалтерия, кәсіпорының жүрегіретінде, салық жүйесіндегі өзгерістерге өте сезімтал болып келеді. Ұйымдағы жоспарлау мен болжау салық жүйесінің нақты немесе нақты емес болуына тікелей

тәуелді, әрі бюджетпен өзара есеп айырысу да соған байланысы болып, олардың дұрыстығына, жылдамдығына және уақытылы жүргізілуіне қарай екеуі де мүдделі болып табылады.

Табыс табу – экономикалық дербестік және өзін өзі қаржыландыру жағдайларында қызмет етудің тиімділігін бағалаудың шешуші критерийлерінің бірі болғандықтан, ол кәсіпкерлік қызметінің мақсаты болып табылады. Ұйымның кірісі мен шығысы – бұл пайда табуға әсер ететін негізгі факторлар, сәйкесінше, оларға қатысты төленетін салықтардың шамасына да ықпал етеді. Сондықтан кіріс пен шығыс есебін реттеу бухгалтерлік және салықзаңнамаларының маңызды элементтерінің бірі болып танылып, дәстүрлі түрде ғылыми зерттеу саласы ретінде көрініс табады.

Республикамыздағы салық есебі жүйесінің тиімді жұмысының әдіснамасы жеткіліксіз түрде әзірленген.

Бухгалтерлік есепті нормативтік реттеу жүйесінің құжаттары мен салық заңнамасы ережелерінің талаптары белгілі бір айырмашылықтарға ие. Айырмашылық бухгалтерлік есеп пен салық салу мақсаты үшін кіріс пен шығысты тану ережелерінде ғана емес, сондай-ақ оларды жіктеу, бағалау тәсілдері, жекелеген есептік кееңдер арасындағы таралу тәртібі, сонымен қатар салық салынатын пайданы анықтау тәртібі де айрықша.

Республикадағы салық жүйесін жетілдіру салық мөлшерлемелерін төмендетумен, салық параметрлері мен элементтерін қайта қараумен шектеледі, осыған қарамастан, салық есептілігін жетілдіру бұрынғы қалпында қалған. Салық есептілігінің нысандарын ендіру, салық есептілігін тапсырудың электронды порталын құру және салық жүйесін дамыту, салық есептілігінің тәжірибелік қана емес, сондай-ақ теориялық дәйектемесін де дамыту жөніндегі талаптарды қояды [2].

Салық жүйесінің негізгі мәселесі салық есептілігіне, оны дайындауға, құрастыруға, салық органдарына тапсыруға байланысты қиыншылықтар болып табылады. Осының салдарынан салық жүйесін қарастыру мемлекеттік салық салу жүйесінен, кәсіпорындарда салық есебін жүргізуден бастап, салық есептілігін құрастырумен және салық органдарына тапсырумен аяқтағанға дейін кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Есепке алу мен есептіліктің жаһандануы жағдайында, салық есептілігін құрудың тиімділігі және дәйектілігі, жалпы экономика дамуының маңызды тұстары болып табылады. Салық есептілігі салық есебінің теориялық негізделуінсіз және оны бухгалтерлік есеп жүйесінің міндеттері мемлекеттегі салық салу жүйесінің рөлімен анықталады.

Нарықтық экономикаға өту кезеңінің сатысында салықтар белсенді түрде мемлекеттік реттеу құралы болып танылады. Осыған орай, мемлекет реттеуші және жинақтаушы функцияларды өзіне жүктейді. Бірақ салық салу жүйесінің өзі микродеңгейде қызмет етеді, яғни салықтардың негізгі функциялары субъектілер – заңды, сондай-ақ жеке тұлғалар сияқты нақты салық төлеушілер деңгейінде жүзеге асырылады.

Салық есебі саясаты салық есебін ұйымдастыру үдерісіндегі қорытындылаушы кезең болып табылады. Біздің пікірімізше, салық есебінің саясатын нақты есептік кезеңдегі осы ұйымның салық есебінің барлық ерекшеліктерін ашып көрсететін, ішкі нормативтік-құқықтық құжат ретінде тұжырымдауға болады.

Қазақстан Республикасындағы салық есебін ұйымдастырудың заманауи ахуалын зерделеу нәтижелері салық есебін жүргізу әдіснамасының нашар дамығандығын дәлелдейді. Кәсіпорынның кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерін, дәлірек айтқанда корпоративті табыс салығы бойынша міндеттемелері белгілі бір қызығушылық оятады. Міндеттемелердің аталған

санатына деген қызығушылық бухгалтерлік және салық есебіндегі табыс пен шығыстарды есептеулердің түрлі болуынан туындайды.

Салық есебі мен салық есептілігі ішкі аудитінің әдістемесі салық есептеулеріндегі қателерді анықтауға, түзетуге, болдырмауға, компанияның шаруашылық операцияларының салық салдарын бағалауға және салық тәуекелдерін азайтуға бағытталған рәсімдер жиынтығы болып табылады [3].

Барлық салықтар үшін салық есебі мен салық есептілігінің ішкі аудиті әдістемесімен қатар компания есептейтін және төлейтін әрбір салық, алым және міндетті төлем түрі үшін ішкі аудит әдістемесін әзірлеген жөн.

3) Қазақстан экономикасын модернизациялаудың мүмкіндіктері, өндірістің технологиялық деңгейінің өзгерісі, инновациялық стратегияның қалыптасу қажеттілігі;

4) Өндіріс, ғылым және білімнің өзара интеграциясы;

5) Туризм индустриясының Қазақстан экономикасын дамытушы фактор ретінде танылуы.

Туризм термині француз тілінен келген. Туризм (tourisme; tour - демалыс) - жұмыс уақытынан тыс демалыс, белсенді демалыстың бір түрі.

Сонымен туристік қызмет дегеніміз – туристік қызметтің қалыптасуы, қозғалысы және жүзеге асырылуы.

Туризмнің нақты мағынасын ашу үшін өзара әрекет ететін субъектілердің негізгі топтарын анықтау керек:

- туристер;

- туристерге тауарлары мен қызметтерін ұсынатын ұйымдар, яғни туризм нарығында сұранысқа ие болатын өз тауарлары мен қызмет түрлерін табыс көзі ретінде бағалайтын ұйымдар; табысқа тікелей байланысы бар, туризмді маңызды фактор ретінде қарайтын биліктіліктің жергілікті органдары;

- туризм саласында жұмыспен қамтылған жергілікті тұрғындар [3, 215-220 бб].

Осы саланы зерттеушілер Р.Макинтош, Ч.Голднер және Б.Ритчи туризмді игерудің келесі тәсілдерін ұсынады:

- институционалдық тәсіл - қонақүй, отель, мейрамхана, турагенттер және туроператорлар секілді әртүрлі институттар мен делдалдарды зерттеуді қамтиды. Бұл тәсілді игеруде бизнестің экономикалық ортасындағы, ұйымдық әдістерді, еліміздің экономикалық жағдайларындағы операциялық тәсілдер туралы білім болу қажет.

- өнімді талдауға негізделген тәсіл туристік өнімдер, олардың өндірісі, нарықта пайда болуы туралы мағлұматтардың игерілуін талап етеді;

- басқарушылық тәсіл - жеке туристік кәсіпорынға бағытталған тәсіл. Басқарушылық тәсіл нарықтағы жағдайға сәйкес өзгереді;

- экономикалық тәсіл - туризмге сұраныс пен ұсыныстардың қалыптасуы туралы, алмасуы туралы, төлем балансы туралы, экономикалық даму туралы, халықтың жұмыспен қамтылуы туралы білімнің болуы. Бұл тәсілдің кемшілігі сол экологиялық, әлеуметтік - мәдени, демографиялық және антропологиялық ерекшеліктерді қарастырмайды;

- әлеуметтік тәсіл - туризмді әлеуметтік қызмет ретінде қарастырады;

- географиялық тәсіл - туристік аймақтың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік - мәдени тұстарын ескере отырып, жергілікті өңірдің ауа-райын, ландшафты туралы білімді қалыптастыру.

Туристік саланың тиімділігін нығайтудың және оның экономикаға қосатын үлесін арттырудың жолдарының бірі - туризмнің дамуына инновациялық тәсілдерді қолдану.

Бүгінгі күні туризм саласында инновациялық білімнің қалыптасуы орын алып отыр.

Туризмді дамыту бойынша қызмет саласында нақты нәтижеге қол жеткізу үшін жаңа ғылыми жасақтамаларды игере отырып, өз өңірінде қолдану қажет.

Сонымен, Қазақстанның әлсіз тұстарының саны мен көріну деңгейі оның күшті жақтарының саны мен көріну деңгейіне қарағанда жоғары, бұл Қазақстан тәрізді мықты және бәсекеге қабілетті туризм индустриясын дамыту процесіндегі елге тән. Алайда, мүмкіндіктердің саны мен көріну деңгейі қауіптер саны мен көріну деңгейіне қарағанда жоғары, бұл республиканың ағымдағы әлемдік процестерді пайдалануға және өзінің туризм индустриясын дамыту үшін бәсекелес артықшылық құруға қабілетті екенін білдіреді [4, 80-83 бб].

Күшті жақтары елдің табиғи, мәдени, әлеуметтік және экономикалық сипаттамалары:

- тиімді географиялық орналасуы;
- табиғи ресурстардың әртүрлілігі;
- материалдық және материалдық емес мәдени мұра ескерткіштерінің сан алуандығы;
- тұрақты саяси және мемлекетішілік ахуал;
- еңбек нарығының жай-күйі;
- өсімі жылдам жалпы ішкі өнім;
- мемлекеттік қаржыландыру мүмкіндігі;
- электр энергиясы мен құрылыс құнының төмендігі.

Мүдделі тұлғалар мен серіктестер:

- мүдделі тұлғалардың ынтымақтастыққа әзірлігі;
- мемлекеттік - жеке меншік кәсіпорндар құруға әзірлік; ұлттық

туристік/қонақ үй қауымдастықтарының болуы.

Әлсіз жақтары елдің табиғи, мәдени, әлеуметтік және экономикалық сипаттамалары:

- Халық тығыздығының төмендігі – ішкі туризмнің дамуына, оның ішінде ел ішіндегі туристік өнімдерге деген сұраныстың төмен деңгейі арқылы кері әсерін тигізуі мүмкін;

- тарихи және мәдени ескерткіштерді туристік маршруттарға енгізудің жеткіліксіз деңгейі – мәдени, патриоттық тәрбиелеу, сондай-ақ жекелей алынған өңір экономикасын дамыту үшін олардың едәуір әлеуетін толық көлемде пайдаланбау, оның ішінде елдегі ірі тарихи және мәдени ескерткіштерге түсетін едәуір туристік жүктеме, аз танымал мәдени ескерткіштерді әлсіз ілгерілету;

- туризм саласындағы білікті кадрлардың жетіспеушілігі – оның ішінде білімнің академиялық сипаты, білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарынан, өндіріс қажеттіліктерінен, жұмыс берушілер күтулерінен және т.б. біршама алшақ болуы;

- сыртқы қаржыландырудың жеткіліксіздігі: туризм саласына сыртқы (мемлекеттік, сол сияқты жеке) инвестициялардың жеткіліксіз саны;

- одан әрі жетілдіруді қажет ететін мемлекеттік қолдау құралдары, оның ішінде салықтық қолдау шараларын енгізу, кіру шарттылықтарын (визалық, көші-қон

режимі) оңайлату, жер пайдалану режимін жетілдіру және т.б. арқылы саланың дамуын ынталандыру;

- туристік бизнестің дамуына ықтимал кедергілер, оның ішінде әкімшілік кедергілердің болуы, одан әрі жетілдіруді қажет ететін мемлекеттік қолдау құралдарының болуы;

- инфрақұрылымның (көлік, коммуналдық желілер, Мемлекеттік шекарадан өткізу пункттері, жолдардың жай-күйі, елді мекендер арасындағы едәуір арақашықтық және т.б.) жеткіліксіз дамуы, оның ішінде туристік индустрияның көптеген объектілерінің елеулі физикалық және моральдық тозуы, туристік сыныптағы қонақ үйлердің жетіспеушілігі, туризм орындарында инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, туристік объектілерге қол жеткізудің қиындығы, туристер демалатын орындардағы қызмет көрсету деңгейінің төмендігі, жол маңындағы инфрақұрылым объектілерінің жеткіліксіз саны және сервис сапасының төмендігі;

- әуебилеттеріне жоғары бағалар, ұлттық аз бюджетті әуе тасымалдаушыларының жоқтығы, туристердің әлеуетті ағынын қамтамасыз ететін елдерден жаңа кіру әуе маршруттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың кластерлік үлгісінде болып айқындалған басты туристік дестинациялар бағытындағы ішкі әуеаршруттар санының аздығы.

Қазақстанда туризмнің дамуы жоғары табысты салалардың бірі болып отыр. Қазақстанға дүниежүзілік тәжірибені енгізу үшін туристік нарық қатысушыларының, мемлекеттік және жеке секторлардың қолдауы қажет. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Үкіметі туристік индустрияны халықаралық, мемлекеттік және жеке деңгейге жеткізу үшін жоспарлау және дамыту саясатымен қамтамасыз ету қажет. Сондықтан да аталған мәселелердің алдын ала отырып, болашақта қол жеткізген жетістіктерімізді ескере отырып, Қазақстанның өзінің туристік өнімімен халықаралық нарыққа шығатынына сенімдіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы.- 17 қаңтар, 2014 ж.

2. Закон РК «О туристской деятельности в Республике Казахстан»-№211-11. 13.06.2001 г.-34 с.

3. Никитинский Е.С., Вуколов В.Н. Формирование индустрии туризма в Казахстане за годы государственной независимости // Агентство Республики Казахстан по туризму и спорту, Казахская академия спорта и туризма. Материалы международной научно-практической конференции. – Астана, 2006. - С. 215-220.

4. Тургинбаева А.Н. Кластерный анализ инновационной деятельности в республике Казахстан // Успехи современного естествознания. - 2014. - № 7. С. 80-83

Резюме

В данной статье проведено исследование социально-экономических предпосылок развития туристических услуг, оказывающих влияние на развитие экономики страны.

В РК существует сильный потенциал туризма, но развитие с возникающими разными препятствиями задерживается.

Не смотря на развитие НТП и достижения 21 века проблемы новых инновационных технологий остаются открытым. Совершенствование имеющихся

ресурсов и разработка новых является важной частью инновационной политики организации которые стремятся к конкурентоспособности на рынке. Так как индустрия туризма обхватывает не только размещение, но и сферу перевозки и связи, поэтому туризм в любом государстве и в любом городе является главным источником дохода.

Summary

In this article the research of social and economic prerequisites of development of the tourist services exerting impact on development of national economy is conducted.

In RK there is a strong potential of tourism, but development with the arising different obstacles is late.

Despite development of NTP and achievement of 21 centuries of a problem of new innovative technologies remain otкрыты. Enhancement of the available resources and development new is an important part of innovative policy of the organization which aim at competitiveness in the market. As the industry of tourism clasps not only placement, but also the sphere of transportation and communication therefore tourism in any state and in any city is the main source of the income.

ӘОЖ: 338,482.22

А. Құрманова¹, Г.Б Таскалиева¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212
эл.почта: g.taskalieva@mail.ru

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СФЕРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада туристік өнімді құру, дамыту жолдары оларды жүзеге асыру түрлері, туристік өнімнің өзіндік құнын есептеу, туристік ағым көлемін есептеу формулалары, туризмнің негізгі көрсеткіштері, Қазақстандағы туризмнің даму жағдайы туралы баяндалған.

Негізгі сөздер: туризм, тур, қызмет, транспорт, шығын.

КІРІСПЕ

Туристік индустрия бұл үлкен сала аралық кешен, ал туристік қызмет пен тауарлар нарығы қиын құрылымды өзінің экономикалық көрсеткіштері бар сала. Туристік нарық тағы да басқа да нарықтар сияқты, тек бірегей жағдайда ғана жабық гомогенді бірлік бола алады. Ол көптеген бөлімдерден және сегменттерден тұрады. Сұраныс пен ұсыныстың құраушыларын анықтаумен нарықты сегменттеу анықталады. Нарықты дұрыс сегменттеу маркетингтік зерттеулер үшін де, туризмдегі статистиканы жетілдіру үшін де маңызды. Нәтижесінде ол туристік индустрияның халық шаруашылығында маңызы туралы нақты ақпарат алуға алып келеді. Тәжірибеде нарықта мүмкін ұсыныстарды туристік өнімді үш түрде түсіндіреді:

- Тур, бұл кешенді туристік қызмет. Туристік кәсіпорындар, туроператорлар ұсынған тур тұтынушыға жеке пайдалануға және көтеріп алушылар- делдал кәсіпорындар мен турагенттіктерге экономикалық пайда табу мақсатында сатып алынады. Тур,

жеке сатуға қойылған кәсіпорындар құрған туристік өнім, ол сату ережелерімен сатуға қойылады.

- Туристік қызметтерге мыналар жатқызылады: транспорттық қызметтер, орналастыру қызметі, шетелдік визаны жасау қызметі, сақтандыру, экскурсиялық бағдарламалар ұсыну, автокөлік жалдау т.с.с.

Туристік сипаттағы тауарлар, ақпараттық деректер (каталогтар, анықтамалар, карталар, сөздіктер, жол сілтеуіштер, сувенирлік өнім).

Туризмнің құрылуы мен дамуы туристік қызметті жүзеге асырудың сандық көлемі мен сапалық жағын экономикалық көрсеткіштер мен анықталады.

Туризмнің ел немесе аймақ үшін көрсеткіштер жүйесі келесілерді көрсетеді:

- туристік ағымның көлемі;
- туристердің бір тәулікке кеткен шығынының орташа көлемі;
- материалды- техникалық базаның дамуы және жағдайы;
- туристік фирманың қаржылық-экономикалық қызметінің көрсеткіштері;
- халықаралық туризмнің даму көрсеткіштері;

НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Туристік ағым- бұл елге үнемі туристердің келуі. Туристік ағымның көлемі келесі көрсеткіштермен анықталады: туристердің жалпы саны, турлық күндердің саны, елде туристердің болу орташа ұзақтылығы. Турлық күндерді есептеу үшін келушілер санын, бір туристің елде болу орташа ұзақтылығына көбейтеміз. Турлық күндер туралы ақпарат қоғамдық инфрақұрылым мен материалды- техникалық базаны жоспарлауда өте маңызды. Туризмде жұмыс жасайтын сарапшы мамандар үшін турлық күндер туралы ақпарат маңызды [1].

$K=C*t$ орт

K-бұл турлық күндер;

C-туристер саны;

t орт-бір туристің аймақта өткізетін күндердің орташа ұзақтылығы;

Бұл нәтиже табылса, туристің бір күндік шығынын есептеу мүмкін болады. Бірақ шыққан нәтиже өте дәл болмайды. Бұл шығын туралы статистика жасырын, ал турист демалыс кезінде жойған ақшаның құнын ұмытып қалады. Туристік шығынның сомалық көлемі былай есептеледі:

$Ш\Sigma = K*Ш$ орт

Ш\Sigma- шығынның сомалық көлемі;

K-бұл турлық күндер;

Ш орт- туристің бір тәулікке кеткен орташа шығыны;

Бірақ туристік ағым бұл біркелкі жағдай емес, сондықтан туристік ағымның біркелкілігі емес коэффициенті К б.е. үш түрлі есептеледі:

$$К \text{ б.е.} = \frac{Д \text{ max}}{Д \text{ min}} * 100\%$$

$$К \text{ б.е.} = \frac{Д \text{ max}}{Д \text{ жыл}} * 100\%$$

$$К \text{ б.е.} = \frac{Д \text{ max}}{Д \text{ орт. ай}} * 100\%$$

Д тах -Д min- турлық күндердің саны, айдағы максималды және минималды туристік ағым.

Д жыл -Д орт.ай –жылдық және орташа айлық турлық күндер саны.

Туристік фирманың қаржылық-экономикалық қызмет көрсеткіштері қарастырады.Туризмде қызметті жүзеге асырылғаннан түскен пайда немесе туристік қызметті жүзеге асыру көлемі, жұмыс күшін қолдану көрсеткіштері (еңбек өнімділігі, еңбекті төлеудің шығын деңгейі), өндірістік қорды пайдалану көрсеткіштері (айналым құралдарының айналысы), туризмдегі қызметтердің өзіндік құны (пайда), қаржылық көрсеткіштер (төлеу қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылық) [2].

Халықаралық туризмнің дамуы және жағдайының көрсеткіштері бөлек қарастырылады:

1. Шетелге шыққан туристер саны (мемлекеттік шекарадан шыққандар санымен есептеледі);
2. Шетелдік туристер үшін турлық күндердің саны;
3. Шетелге сапар кезіндегі туристердің ақша шығындарының сомасы;

Жоғарыда айтылған көрсеткіштердің барлығы туристік саланың дамуына белгілі аймаққа әсер етеді. Туризм бүгінгі күні әлемнің ғаламдануы, дамуы мен қоршаған ортаны тану, азаматтардың денсаулығымен мәдени деңгейінің өсу көрсеткіші болып табылады. XX- ғасыр соңында туризм күрт дамыды. Туризм ақша салу үшін пайдалы сала болғандықтан Қазақстанда бұл бизнес түрімен кәсіпкерлік іспен хабарсыз азаматтар айналыса бастады. Олар үшін туризм жеңіл пайда көзі болып көрінді. 1990 жылы II- жартысында туристік нарықта бәсекелестік күшейді. Қазақстандық туристік фирмалар қызметтер құнымен де, қызмет көрсету деңгейі бойынша да шетелдік фирмалар мен бәсекелестікке төтеп бере алмады. Отандық фирмалар өзінің мүмкіндіктері туралы тұтынушыларына нақты ақпарат бере алмады. Қазіргі уақытта туризмнің Қазақстанда дамуы келесі факторлар әсерінен артта қалып келеді: экономикалық тұрақсыздық, салықтың көп болуы, кадрлардың кәсіби деңгейінің төмен болуы. Бірақ мамандардың болжауы бойынша біздің елдің туристер үшін белгілі мемлекеттер қатарына кіру мүмкіндігі бар. Туристік бизнестің жұмысын жақсарту үшін бұл сала ақша көп бөлінуі керек, кәсіби дайындығы жоғары кадрлар оқыту, кәсіпкерлерді бұл нарықта бәсекелестікке төтеп беруді үйрету, мемлекет тарапынан тиімді көмек беруді ұйымдастыру. Туристік бизнес қызметті жеткізіп берушілер мен тұтынушылардың турфирмалармен олардың бәсекелестерінің және бизнес бойынша серіктестердің арасындағы күрделі қарым- қатынас жүйесін құрайды [3].

Турфирма нарықта жұмыс жасауы келесілерден құралады: нарықты таңдау, туристік өнім жасап шығару, көрсетілетін қызметтердің көлемін анықтау, баға қалыптастыруды жақсарту, жарнамалық іс әрекетті дамыту, ғылыми зерттеулер жүргізу, инвестиция тарту, басқа фирмалармен арасындағы мемлекеттік органдармен қарым қатынас. Біріккен ұлттар ұйымы 1954 жылы туризмді адамның физикалық денсаулығын дамытуға бағытталған белсенді демалыс деген анықтама берді. 1980 жылы Филиппинде Маниль декларациясы қабылданып, онда туризм бұл халықтар өмірінде маңызды орын алатын, оған әлеуметтік, мәдени, ағарту, экономикалық әсер ететін іс әрекет деп түсіндірілді. 1981 жылы Дүниежүзілік туристік ұйым Мадридте Бүкіләлемдік туризм конференциясы өтіп, туризм бұл танымдық мақсатта өткізетін спорттық нышаны бар саяхат деп көрсетілді. 1993 жылы Біріккен ұлттар ұйымы статистикалық ұйымы: туризм бұл демалу, іскерлік мақсаттармен, 1 жылдан аспайтын уақыт аралығында тұрғылықты өмір сүру ортасынан жырақта саяхаттауы деп айтылды. Туристік өнімді жасау экономикалық

әртүрлі секторларына әсер ететін күрделі кешенді жүйе. 1990 жылға дейін көптеген мемлекеттер туризмді қоғамның экономикалық даму процесстеріне қарамай, жоспарсыз дамытты. Нәтиже көрсеткендей туризмді бақылаусыз дамыту, экологиялық, экономикалық, әлеуметтік қиындықтарға алып келді. Қазіргі әлемде, әлемдік нарықта туризмді жалғыз табыс көзі танып отырған елдер күннен күнге көбейіп келеді. Әртүрлі мемлекеттердің экономикалық дамуы әртүрлі [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Туризмді жоспарлау бойынша халықаралық сарапшы белгілі американдық маман Эдвард Инскип туризмді жоспарлауға анықтама беріп, оның мақсаттары мен міндеттерін атап көрсетті. Туризмді жоспарлау туралы алғаш рет Үкіметаралық туризм конференциясы ГААГА декларациясы қабылданды. ГААГА декларациясы бойынша туризм елдердің даму жоспарындағы ауылшарушылық, жеңіл өнеркәсіп, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру сияқты салалармен қатар қойылсын деді. Сондықтан туризм экономиканың саласы ретінде мемлекеттің көңіл бөлуін талап ететіндігін атап көрсетті. Туризмді ұлттық, аймақтық, жергілікті деңгейде жоспарлау жүзеге асырылады. Ұлттық және аймақтық деңгейде жоспарлау (ұзақ мерзімде стратегиялық деңгейде туризмді жоспарлау) мемлекеттік, республикалық, аймақтық, облыстық туризмді дамыту стратегиясы, дамудың заңды негіздері, жарнамалық –ақпараттық жүйе, білім беру жүйесінде бірыңғай бірлікті құру, туризм сферасындағы кадрларды кәсіби дайындау және қайта дайындау.Туризмді жоспарлау ұлттық туристік саясатты қалыптастырумен басталады. Туризмді ұлттық деңгейде жоспарлау келесілерді қарастырады:

1. Туристік аймақтардың дамуы мен туристік объектілерді анықтайтын материалды базаны стратегиялық жоспарлау;
2. Денсаулықты қорғау, кадрларды дайындау, қауіпсіздік бойынша ұлттық стандарттарды қалыптастыру.

Туризмді жергілікті деңгейде жоспарлау туристік объект, курорттар, рекреациялық территория, туризмнің қалалық, мәдени, ғылыми масштабта іс қызметтер жиынтығымен айналысады. Туризмді жергілікті деңгейде жоспарлау:

- ландшафтық кескіндеу, архитектуралық жоспар, рекреациялық территорияның зоналарға бөлу;
- жергілікті нормативті-құқықтық актілерді қалыптастыру;
- жергілікті туристік инфрақұрылымды жоспарлау (электрмен, жылумен қамтамасыз ету);
- жергілікті тұрғындарға туристік объектілердің қол жететіндіктей ету;
- жергілікті тұрғындар үшін де, туристер үшін де рекреациялық және тұрмыстық қызметтермен қамту;
- жергілікті туризм индустриясы үшін кадрларды дайындау және қайта дайындауды қамту;
- туристік дамуды қаржыландыру;
- туристік бағдарламалармен объектілерді жылжыту мен жарнамалау;
- салық салу сұрақтары;

Әдебиеттер тізімі:

1. Александрова А.Ю. Международный туризм: Учеб.пособие для вузов.- М., 2002.-470 с.
2. Балабанов И.Т. Балабанов А.И. Экономика туризма: Учебное пособие -М.: Финансы и статистика, 2001.-306 с.
3. Боголюбов Б.С. Экономика туризма: учеб. пособие для студентов

высш.учеб. заведений.- 3-е изд. стер.-М.: Издательский центр «Академия», 2005.-311 с.

4. Бухалков М.И. Внутрифирменное планирование: Учебник.-2-е изд, испр. И доп. -М., 2001. 400 с.

Резюме

В этой статье описано реализация туристской деятельности, экономические показатели, объем туристского потока, возможности материально-технической базы, финансово-экономические показатели туристской фирмы.

Ключевые слова: туристский поток, материально-техническая база, себестоимость туристского продукта, туристский продукт.

Summary

This article describes the realization of tourist activity, the creation and development of tourism, economic indicators, the volume of tourist traffic, the possibility of material and technical base, financial and economic indicators of the tourist company.

Keywords: tourist flow, the material and technical basis, the cost of the tourist product, tourism product.

УДК 336.02

А.А. Карамулдина¹, М.К. Маденов¹

Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212
abilai-08@mail.ru

Сущность и значение финансовой системы в современных условиях

Аннотация

Финансовая система отражает всю совокупность экономических отношений, складывающихся между экономическими агентами в процессе образования, распределения и использования финансовых ресурсов. Финансовая система обеспечивает материальную основу существования государства, создание, сохранение и совершенствование его социально-экономической системы, приемлемых для общества политических, экономических и социальных условий воспроизводства, формирования производственных отношений, надстройки.

Ключевые слова: финансы, финансовая система, денежные отношения, государственный бюджет, распределение.

ВВЕДЕНИЕ

Важнейшим элементом хозяйственного механизма современного общества являются финансы.

Финансы – это система сложившихся в обществе экономических отношений по формированию и использованию фондов денежных средств на основе распределения и перераспределения совокупного общественного продукта и национального дохода. Финансы - историческая категория. Они возникли в условиях товарно-денежных отношений под влиянием развития функций и потребностей государства. Термин "финансы" происходит от лат. "financia", что означает доход, платеж. В значении "денежный платеж" он начал использоваться

в XII-XV вв. в Италии, ряд городов которой - Флоренция, Венеция, Генуя, были в то время крупнейшими европейскими центрами торговли и банковского дела. В дальнейшем термин получил международное распространение и стал употребляться как понятие, связанное с системой денежных отношений, образованием денежных ресурсов, мобилизуемых государством для выполнения своих политических и экономических функций.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В докапиталистических формациях государственные доходы имели преимущественно натуральный характер. Большая часть потребностей государства удовлетворялась за счет различного рода поступлений от натуральных сборов. С разложением феодального строя и развитием в его недрах капиталистических отношений все большее значение приобретают денежные доходы и расходы государства. Этот процесс усиливается с расширением сферы товарно-денежных отношений, ростом и усложнением функций государства. С отделением государственной казны от личной кассы и собственности монарха возникают понятия "государственные финансы" и "государственный бюджет" [1].

В современных условиях понятие финансов охватывает, с одной стороны, государственные финансы, с другой - финансы предприятий и корпораций. Государственные финансы - это особая сфера экономических отношений, связанная со вторичным, а также первичным распределением и потреблением части совокупного общественного продукта в целях образования денежных фондов, необходимых государству для осуществления его функций. Их материальное содержание воплощается в государственном и местном бюджетах, специальных фондах, финансах государственных предприятий. Финансы частных предприятий и корпораций выражают денежные отношения, которые возникают в ходе их экономической деятельности и обеспечивают процесс производства и получения прибыли. Они материализуются в виде денежного капитала, различных денежных фондов предприятий.

Характерными чертами современных финансов являются следующие:

- 1) денежная форма в отличие от натуральных отношений;
- 2) распределительный характер отношений, т.е. здесь нет эквивалентного обмена;
- 3) распределение совокупного общественного продукта и национального дохода через реальные денежные фонды, например, в отличие от ценового распределения.

Таким образом, финансы по своему происхождению - денежные отношения. Но не все отношения относятся к финансовым, они становятся таковыми, лишь когда и процессе производства и реализации товаров формируются денежные доходы участников процесса воспроизводства и происходит использование этих доходов, т.е. когда движение денег приобретает определенную самостоятельность.

Роль государственных финансов в современных условиях заключается прежде всего в том, что они выступают важным инструментом воздействия на процесс общественного воспроизводства, поддержания темпов экономического роста, развития ключевых отраслей хозяйства, структурно перестройки экономики, ускорения НТП. Так, расширяя объем государственных инвестиций, государство вызывает повышение спроса на оборудование, рабочую силу, что, в свою очередь, дает импульс росту промышленного производства, занятости, оживлению хозяйственной конъюнктуры. За счет государственного бюджета осуществляется поддержание спроса, финансирование социальных мероприятий и программ и т.п.

Воздействие на экономику, хотя противоречивое, оказывают и военные расходы. Военные затраты дают определенный толчок развитию промышленности, но в то же время длительная гонка вооружений приводит к истощению экономики, внутривозрастным диспропорциям, изменению структуры производств и другим негативным последствиям. В настоящее время государственные финансы стали активно использовать для достижения результатов долговременного характера - повышения конкурентоспособности национальной экономики, ускорения НТП и усиления научно-технического потенциала страны, преодоления неравномерности размещения производительных сил. Однако, диалектика любой системы хозяйства такова, что государственные финансы, оказывая серьезное влияние на экономическую конъюнктуру, темпы роста, жизненный уровень населения и т.д., порождают в то же время новые трудности и проблемы в экономической и социальной сферах. Эффективность решения этих проблем во многом зависит от правильно выработанной финансовой политики государства. Финансовая политика - это совокупность финансовых мероприятий, осуществляемых правительственными органами через звенья и элементы финансовой системы. В ее основе лежат господствующие в данный период теоретические концепции, под влиянием которых формируется экономический курс государства [2].

Финансовая система - это совокупность финансовых отношений. По природе своей финансовые отношения являются распределительными, причем распределение стоимости осуществляется прежде всего по субъектам. Субъекты формируют денежные фонды целевого назначения в зависимости от того, какую роль они играют в общественном производстве: являются ли непосредственными его участниками, организуют ли страховую защиту или осуществляют государственное регулирование. Именно роль субъекта в общественном производстве выступает в качестве первого объективного критерия классификации финансовых отношений. В современных условиях роль и значение государства во всех странах возрастают, вследствие чего возрастают и затраты общества на его содержание. Как показывает практика современной рыночной экономики, основной причиной этой тенденции является изменение содержания функций государства в обществе. Если причина создания государства стремление человека к разделению труда, то становится ясно, что главная задача государства та, ради чего оно первоначально создавалось: оно должно обеспечить наиболее эффективное разделение труда. Оно должно создать систему, обеспечивающую удобное и эффективное разделение труда с низкой долей затрат на осуществление товарообмена. Доля затрат на осуществление товарообмена называется издержками обращения. В издержки обращения можно включить все непроизводственные доходы, возникающие с момента производства товара до того, как он был потреблен.

Наиболее известная и эффективная форма реализации системы, обеспечивающей разделение труда, есть система товарообмена при помощи денег - финансовая система. Финансовая система не есть только лишь сами по себе деньги. Она включает в себя весь комплекс отношений, связанных с товарообменом это и банки, и схема эмиссии, и механизм размножения денег (кредитная система), в нее можно включить и торговые сети и многое другое: все, что способствует товарному обращению между субъектами производства.

В основу построения финансовой системы положены три основополагающих элемента:

1) функциональное назначение, проявляющееся в том, что каждое звено системы выполняет свои задачи; например, государственный бюджет выражает

распределительные отношения между государством, предприятиями, населением, обусловленные формированием и использованием общегосударственного фонда финансовых ресурсов. Имущественное и личное страхование - один из методов создания резервных фондов для граждан. Финансы предприятий выражают отношения по созданию и использованию денежных фондов, предназначенных для обеспечения многообразных потребностей первичных звеньев общественного производства, выполнению обязательств перед государственным бюджетом и коммерческими банками;

2) территориальность - каждая область, республика имеют соответствующий аппарат финансовых и страховых органов;

3) единство финансовой системы предопределяется единой экономической и политической основой государства. Это обуславливает единую финансовую политику, проводимую государством через центральные финансовые органы, единые цели. Управление всеми звеньями происходит на единых основных законодательных и нормативных актах [3].

Финансовая система включает в себя общегосударственные, отраслевые и общественные финансовые отношения. Поскольку финансы являются носителем распределительных отношений, то это распределение происходит прежде всего между различными субъектами. Поэтому в общей совокупности финансов, образующих финансовую систему, выделяются три основные сферы (не считая домашних хозяйств):

- финансы предприятий, учреждений, организаций, так как они обслуживают основное звено общественного воспроизводства. Им присущи, с одной стороны, черты, характеризующие экономическую природу финансов в целом, а с другой особенности, обусловленные функционированием финансов в разных сферах общественного производства. Финансы предприятий представляют собой денежные отношения, связанные с формированием и распределением денежных доходов и накоплений у субъектов хозяйствования и их использованием на выполнение обязательств перед финансово-банковской системой и финансирование затрат по расширенному производству, социальному обслуживанию и материальному стимулированию работающих;

- страхование, значительная часть финансовой системы, связанная с перераспределением денежных средств, поступающих от юридических и физических лиц. Такая деятельность связана с наличием вероятности наступления внезапных, непредвиденных и непреодолимых событий, влекущих за собой нанесение ущерба, который впоследствии "раскладывается" между участниками страхования;

- государственные финансы, представляющие собой денежные отношения по поводу распределения стоимости общественного продукта и части национального богатства, связанные с формированием финансовых ресурсов государства и его предприятий и использованием государственных средств на затраты по расширению производства, удовлетворению растущих социально-культурных потребностей членов общества, нужд обороны страны и управления.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Итак, финансы необходимы на разных уровнях хозяйствования; в низовом звене - предприятиям, организациям, учреждениям и межхозяйственным объединениям, ассоциациям, концернам, а также на государственном уровне управления экономикой. Допустимо утверждать, что потребность в финансах есть и у домашних хозяйств, хотя экономическая наука и практика не всегда

рассматривают домашние хозяйства как самостоятельный субъект финансовой системы. Финансовая система в широком смысле слова представляет собой совокупность финансовых отношений, существующих в рамках данной экономической формации, в узком смысле слова - это система финансовых учреждения, социально-экономическое содержание, функции и структура которых определяются политикой государства, включающая в себя финансовые организации и все структурные подразделения Государственной налоговой службы.

Список литературы:

1. Финансы. Учебник для вузов под ред. Романовского М.В., Врублевской О.В.: Юрайт, - 2004. – 504 с.
2. Финансовый менеджмент: теория и практика / Учебник под ред. Е.С. Стояновой. - М.: Перспектива, 2000.
3. [Электрон. ресурс]. - 2006. – URL: <https://text.ru/rd/aHR0cDovLzEwMGJhbG92LmNvbS9kYXRhMjMvbnVzL0RyeWdvZS8zNC80MzkwLnBocA%3D%3D>(дата обращения:08.02.2017).

Түйіндеме

Қаржы жүйесі барлық экономикалық қатынастар жиынтығын қалыптастыратын экономикалық агенттер арасында білім беру, қаржылық ресурстарды бөлу және пайдалану процесін көрсетеді. Қаржы жүйесі мемлекеттің болуын, құру, сақтау және оның әлеуметтік-экономикалық жүйесін жетілдіруін қамтамасыз етеді.

Summary

The financial system reflects the totality of economic relations between economic agents in the process of formation, distribution and use of financial resources. The financial system provides the material basis for the existence of the state, the creation, the preservation and the improvement of its socio-economic system acceptable to society political, economic and social conditions of reproduction, the formation of relations of production, superstructure.

ӘОЖ 347.734

Н.Қ. Рахметова¹, Г.К.Мақашева¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы,060011,Атырау қ.,Студенттік даңғылы,212

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы банк жүйесінің дамуы , құқықтық жағдайы, банк жүйесін басқаруды жүзеге асыратын жоғарғы деңгей субъектілерінің құзыреттілігін анықтау, банк қызметінің алуан түрі қызметінің аспектіері туралы айтылған.

Негізгі сөздер: банк, лицензия, касса, нормативтік-акт, кредит, сақтау.

КІРІСПЕ

Қоғамның экономикалық және әлеуметтік өмірінің күрделенуі, адамдардың құқықтары, еркіндіктері және міндеттерінің кепілдіктері, құқық тәртібі мен тәртіптілікті нығайту құқықтық реттеу рөлін көтеруге септігін тигізеді.

Қазіргі таңда Қазақстан банк секторы маңызды орын алатын демократияның дамуы жағдайында экономикалық және құқықтық жүйелердің қарқынды өркендеуі кезеңін бастан кешуде. Банк қызметі құқықтық реттеу қаржылық орнықтылықты қамтамасыз етудің негізгі шарттары мен факторларының бірі болып табылады, өйткені банк жүйесі мемлекеттің қаржы жүйесі элементтерінің бірі саналады. Банк секторындағы дағдарыс жалпы алғанда, елдің бүкіл экономикасының тоқырауына жеткізуі мүмкін, сол себепті қоғамдық өмірдің бұл саласы соған парапар құқықтық реттеуге мұқтаж. Банк қызметін кәсіпкерлік қызметтің бір түрі деп сипаттауға болады, себебі оның мақсаттарының негізгісі пайда табу болып есептеледі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының Орталық банкі еліміз тәуелсіздік алғаннан соң КСРО Мембанкінің Республикалық еңсесінің негізінде 1990 жылдың желтоқсанында алғашқыда Қазақстанның Мемлекеттік банкі ретінде құрылып, ал 1995 жылдың наурызынан Қазақстан Ұлттық банкі деп аталады. Ол республикадағы банк жүйесінің жоғары (бірінші деңгейіндегі банк, өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 30 наурыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Заң күші бар Жарлығы бойынша жүргізеді және осы Жарлыққа сай Президентке есеп береді. Сонымен қатар Ұлттық банк өз қызметінің Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа заңдарды, халықаралық шарттар мен келісімдерді басшылыққа алады [1].

Қазақстан Ұлттық банкі Қазақстан Республикасы заңдарының негізінде өзінің қызметіне қарай Ұлттық банк берген лицензия негізінде кейбір банктік операция түрлерін жүргізетін барлық банктердің, банктік емес қаржы мекемелерінің міндетті түрде орындауы үшін нормативтік актілер шығарады. Ол нормативтік актілер «Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысы», «Вестник Национального Банка Казахстана» атты қазақ және орыс тілдерінде шығатын ресми басылымдарда жарияланады.

Қазақстан егемендікке ие болған кезде, Мемлекеттік банк базасында нарықтық экономикасы дамыған елдерде қабылданған тұжырымдамалар негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік банкі құрылды. Банкілік реформаның екінші кезеңінің барысында банкілердің құрылымы қайта құрылып қана қойған жоқ, сонымен қатар банк қызметін жүзеге асыруда терең өзгерістер орын алып, оның жаңа әдістері мен нысандары бекітілді. Нәтижесінде, Қазақстанда іс жүзінде екі деңгейлі банк жүйесі қалыптасты: бірінші деңгей - Қазақстан Республикасының орталық банкі, екінші деңгей - коммерциялық банктер және жекелеген несиелік операцияларды жүргізетін өзге де несиелік мекемелер.

Екі деңгейлі банк жүйесінің ұйымдық-құқықтық ресімделуі ҚазКСР-нің 1990 жылғы 7 желтоқсандағы «Қаз КСР-ғы банктер және біліктілік қызмет туралы» заңның қабылдануымен жүзеге асты. Банк жүйесін ары қарайғы жетілдіру және қайта құру 1993 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы», 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы Банктер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын ҚР-сы Президентінің 1995 жылғы 15 ақпанындағы № 2044 «Қазақстандағы банк жүйесі 1995 жылғы реформалаудың Бағдарламасын бекіту туралы» қаулысын, ҚР Президентінің заң күші бар 1995 жылғы 30 наурыздағы «ҚР Ұлттық банкі туралы» Жарлығын, 1995 жылғы 31 қыркүйектегі

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банкілік қызметі туралы» заңын қабылдаумен жалғасты (Қазақстан Республикасы Президентінің №1270 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы» Жарлығы 31 желтоқсан, 2003 жыл). Банк жүйесін реформалау үрдісі әлі аяқтала қойған жоқ және жалғасын табуда. Оған дәлел, 2001 жылғы 25 сәуірде № 3178-2 Қазақстан Республикасының «Қазақстанның Даму Банкі туралы» заңының, 2003 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің №1270 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы» Жарлығының, 2003 жылғы 4 шілдедегі № 474 Қазақстан Республикасының «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» заңының, 2004 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттік басқармасының № 197«Банкті ашуға рұқсат беру, банк филиалдарын ашуға келісім беру және банктің есеп айырысу - касса бөлімдерін ашу, жабу ережесін және банктік, ірі банктер жүзеге асыратын өзге операцияларды жүргізуге лицензияны беру, тоқтата тұру және қайтарып алу ережесін бекіту туралы» қаулысының және т.б- бірқатар заң актілерінің қабылдануы болды [2].

Кезекте банкілік заңнаманы сипаттап өтсек. Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарға өтуі ұлттық банкілік заңнаманы, біріншіден, сол нарықтық экономиканың мұқтаждықтарымен, екіншіден, оны қалыптастырудың, осы саладағы құқықтық реттеудің бай тәжірибесін жинақтаған шетелдік мемлекеттердің негізгі қағидаларымен сәйкестендіру қажеттігін шарттандырады. Қазақстанның және шет елдердің банкілік заңнамаларын үйлестіру қазақстандық және шетелдік банктердің арасындағы үнемі дамып отырған байланыстардан туындап отыр. Банкілік заңнама әртүрлі иерархиялық деңгейдегі нормативтік актілердің шоғырын білдіреді және бірқатар ерекшеліктерге ие болады.

Сондай ерекшеліктердің біріншісі, оның сала аралық сипаты, өйткені банк заңнамасы түрлі құқық салаларының нормаларын қамтиды. Олардың арасында ерекше орынға конституциялық, әкімшілік және азаматтық құқық нормалары ие. Мұнымен қатар банкілік қызметтің өзінің көп қырлылығына орай, қылмыстық, азаматтық іс-жүргізу, қылмыстық іс жүргізу және басқада құқық салаларының нормаларын қамтитын нормативтік актілерді де банкілік заңнамаға жатқызуға болады.

Әкімшілік құқықтық нормаларының рөлін елемеу үлкен ағаттық болар еді. Негізгі банкілік заңдар мен көптеген заң актілерінде қамтылған дәл осы нормалар тұтастай банкілік жүйені басқаруды қамтамасыз етуге арналған. Осы әкімшілік нормалардың негізгі міндеттеріне:

Біріншіден, банк жүйесін басқаруды жүзеге асыратын жоғарғы деңгей субъектілерінің құзыреттілігін анықтау;

Екіншіден, төменгі деңгейдегі, банк операцияларын жүзеге асыратын банктер мен басқа да қаржылық институттардың сенімділігін қамтамасыз ететін құқықтық құралдарды белгілеу (лицензиялау негізін және тәртібін бекітетін нормалар және т.б.).

Үшіншіден, банк жүйесі төменгі деңгейінің субъектілері қызметінің заңдылығы мен негізділігін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру жатады [3]. Банкілік заңнаманың келесі бір ерекшелігі - банк қызметінің ең алуан түрлі аспектілері мен мәселелерін реттейтін нормативтік актілердің көптігі. Мұндай жағдай ең алдымен, несие-банкілік қызмет саласында туындайтын қоғамдық қатынастардың заң актілерімен толық қамтыла алмауы салдарынан туып отыр. Бұл

толымсыздық пайда болған ақтандақтарды заңға сәйкес (негізгі ведомстволық) нормативтік актілермен толықтырылуына әкеліп соқтырмай қоймайды.

Алайда негізгі мәселелерді заңдық реттеудің толымсыздығы ғана емес, тіпті жекелеген жағдайларда заң шығарушының осы қатынастарды құқықтық реттеудің маңызды мәселелерін шешуді атқарушы билік қарамағына беруі де осы саладағы жағдайды шиеленістіріп отыр. Егер банк жүйесінің төменгі деңгейінің субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін қозғайтын нормативтік актілерді шығару құқығының заңның өзімен, олар үшін іс жүзінде жоғары тұрған орган болып табылатын басқару органына берілгенін ескерсек, онда бұл органның - банк операцияларын жүзеге асыратын коммерциялық банктер және басқа несиелік мекемелер сияқты нарық институттарына өзіне тікелей бағынатын ұйым ретінде қарау мүмкіндігін болжау қиын емес [4].

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы бөлімінің күшіне енуіне және оның ерекше бөлімінін қабылдауға дайындығына байланысты, жаңа Азаматтық кодекс банк қызметіне байланысты шарттардың жеке түрлерін реттеуге бағытталған. Тиісті тараулар заем және кредит, банк салымы және шот есеп шарттарын реттеуге арналған. Кодекс кредиторларын құқын қорғауды күшейтудегі принциптік ерекшеліктерден тұрады: құқықты бұзған емес, құқығы бар тарап қорғалады. Екінші ерекшелігі кодекс нормасы және олардың бұзылған нормаларымен коллизиясы мүмкін арақатынасты көрсетеді. Тағы бір ерекшелігі кодекс нормалары және басқа заң не нормативті құқық актілеріне енгізілген нормаларымен олардың коллизиясы мүмкін арақатынастар. Банк заңдылығы Азаматтық кодекстен, заң күші бар Қазақстан Республикасы президентінің жарлықтары “Ұлттық банк туралы” “Қазақстан Республикасы банктер және банк қызметі туралы” және басқа актілерден тұрады.

Біздің республикамыздың банк жүйесінің қалыптасу проблемасына толығырақ тоқталайық. Қаржы нарығының (ақша нарығы) қызмет атқаруының ажырамас құрамдас бөлігі меншік иелерінің жинақ салымдары болып табылады: заңды және жеке тұлғалар және дамыған банк жүйесі. Басқа қаржы делдалдарымен қатар банктер тұрғындар жинақ қаражаттары, оларды ұтымды пайдалану әдістерін табатын қарыз алушы фирмалар және кәсіпорындарға бағыттайды.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, нарық шаруашылығы жағдайында көптеген жинақ салымдары жеке тұлғалармен жүргізіледі де, ал шығындар негізінен кәсіпорындармен жүзеге асырылады. Капитал өндіріс қорлары бір саладан екіншісіне ауыса алмайды. Меншік иелері жинақтарының қарыз алушыларға тікелей ауысуы тіке және жанама қаржыландыру әдісімен жүзеге асырылады. Тіке қаржыландыру бұл фирманың ақша қаражаттарын алып орнына инвестициялық жүзеге асыру үшін осы фирма меншігіне үлестік қатысу құқын беру, мүліктерін иелену, билік ету және басқару құқын жаңа ережелер дайындау. Банктер тұрғындарға сыйақы сомаларын төлеу арқылы инвестициялық, зейнетақы және сақтандыру шоттарын ашу және дивидендтер мен проценттерді капиталға айналдыру үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы қызметтік кен спектрін ұсыну да, банктердегі тұрғындардың жинақ салымының ұлғайғанына ықпал жасайды.

Банк жүйесінің тұрақтылығын сақтау және кредит механизмін жетілдіру мақсатында мынандай проблемалар шешуі қажет:

- банк өтемділігін қолдау және клиенттер талабын неғұрлым тиімді қанағаттандыру үшін банк активтерін және қызмет көрсетуді барынша этаптандыру, ірі жобалар мен бағдарламаларды кредиттеуді немесе консиорционалды несие беру жөніндегі шарт негізінен басқа банктермен бірлесіп несие беруде тәжірибеге енгізген жөн.

- Банк кірісін және табысын ұлғайту, олардан тұрақтылығымен ең алдымен өнімсіз ұтымсыз шығындарды азайту есебінен, ал сонымен бірге әкімшілік басқару персоналын ұстау шығындарын және шығындарды құрт қысқарту есебінен қамтамасыз ету.

Жоғарыдағы көрсетілгендермен қатар, клиенттер көрсетілетін банк операцияларының дәстүрлі емес түрлері «трастальдық», «лизинг», «факторинг», «инженеринг» және кеңес беру қызметтерінің санын ұлғайту қажет.

Дамыған елдердің коммерциялық банктерінің кірістерін 60% жуығы валюталық процентті, фьючер операциялары, мәміле сияқты қаржы туындыларын қолданудан баланстан тыс операциялардан түскен түсім есебінен қалыптасатынын атап өткен жөн. Мұндай мәмілелер әсіресе банк тәуекелділігін басқаруда маңызды орын алады. Бұл көрсетілген операцияларды енгізу және дамыту техникалық жағынан қиындық тудырмайды, өйткені қазірдің өзінде барлық дерлік ірі коммерциялық банктер СВИФТ және РЕЙТЕР сияқты қаржылық коммуникациялық жүйе қызметін пайдаланады. Сондықтан отандық банк жүйесіне көрсетілген банк құрлымдарының игеру және енгізу банк жүйесінің жуық арадағы негізгі міндеттерінің бірі болмақ.

Қазақстан Республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығына, жеке меншікті алғандағы меншіктің барлық нысандарының теңдігіне, кәсіпкерліктің еркіндігіне негізделген құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның негізін қалауға бағытталған экономикалық реформа жүргізілу үстінде [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның банк жүйесінің жеке банк заңнамасының дамуы барысында туындаған проблемалар бірқатар себептермен шарттандырылған, оның ішінде елдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құрулардың қарама-қайшы үрдісі, отандық банк жүйесі мен оның құқықтық қамтамасыз етілуінің жеткілікті негізделген, қисынды тексерілген, жалпымен танылған тұжырымдамасының жоқтығы, білікті банк кадрларының құрт жетіспеушілігі және нарықтық экономикаға бара-бар несиелік-банктік жүйені құрудың және құқықтық реттеудің осы заманғы отандық тәжірибенің жоқтығы бар.

Батыстағы банк жүйелері мен олардың құқықтық негіздері ғасырлар бойы қалыптасса, Қазақстанда және Ресейде бұл үрдіс тым жылдам жүріп, алайда банк ісінің дәстүрлері жоғалған, өзіндік тәжірибе ұмытылған, ал еліміз үшін бүгінгі таңда қандай банктік жүйе және қандай банк заңнамасы қажет екендігін ортақ (бірдей) түсіну жоқ болған жағдайдағы қарқынды өсіп жатқан инновациялар ағымын басқару аса қиын. Нәтижесінде банк жүйесінің құрылымы да, банк қызметін реттейтін заңнама да қалыптасып үлгермей-ақ, ескіріп кетеді және өз кезегінде экономикалық реформа барысын тежей түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.-Алматы: Жеті жарғы, 1995.-8 б.
2. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» заң күші бар Жарлығы. Егемен Қазақстан. №- 143 (28612-2014 ж.
3. Қазақстан Республикасының Банк құқығы.- Алматы, Жеті жарғы, 2006-26 б.
4. ҚР-сы Президентінің № 1720 «ҚР – ң мемлекеттік басқару жүйесін одан ары жетілдіру туралы» жарлығы-№-132 (14562)-2014 ж.
5. Кушербаев Б.П. «Банктер және несие алушылар қарым – қатынастарын реттеу»-Қарағанды, 2002.-32 б.

Резюме

В данной статье речь идет о развитии системы банка, правовое состояние, идентификацию лиц, участвующих в управлении высоким уровнем компетенции банковской системы, разные виды аспекта обслуживания банковской деятельности.

Summary

The article is about the development of the bank system, legal status, identification of persons involved in the management of a high level of competence of the banking system, different types of aspects of the banking services.

ӘОЖ 330.34:001.895

Э.М. Адиева¹, Н.Б Каби¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ, Студенттік даңғылы, 212

Adiet_Elm79@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫН ИНДУСТРИАЛДЫ ДАМУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНГІЗУ

Аңдатпа

Шаг 6. Анализ финансового состояния банков с использованием многофакторной регрессионной модели

Для успешного ведения дел в области финансовых операций любому банку или коммерческой фирме необходимо уделять первостепенное внимание всестороннему изучению факторов чистого дохода, своевременному и полному использованию резервов ее роста.

Задача определения меры влияния факторов на конечный результат – чистый доход банка может быть решена с помощью многофакторных корреляционно-регрессионных моделей.

Частным случаем таких моделей является линейная многофакторная модель.

Прежде чем построить многофакторную модель все исходные факторы, предполагаемые для использования в многофакторной модели, должны быть проверены на мультиколлинеарность, то есть на возможную зависимость друг от друга.

Шаг 7. Оценка финансового состояния банков на основе нейросетевой модели

Суть нейросетевых моделей заключается в построении систем дистанционного анализа финансового состояния банков в части устойчивости и развития банков на основании показателей ликвидности, эффективности, достаточности капитала банков и наличия ресурсов, что позволит Национальному банку, руководителям аналитических подразделений банков, рейтинговым агентствам и просто экспертам-аналитикам с наименьшими затратами анализировать сложные системы в условиях неопределенности.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ.

Таким образом, рассмотренные в настоящей работе методики экономико-статистического анализа финансового состояния коммерческих банков разработаны с использованием методов и моделей, позволяющих комплексно оценить финансовое состояние коммерческих банков.

Список литературы:

- 1 Руководство по денежно-кредитной и финансовой статистике // Вашингтон,

округ Колумбия, США: Международный Валютный Фонд, 2010

2 Капралова.Е.Б. Банковская статистика. – СПб, 2012

3 Панова Г.С. Анализ финансового состояния коммерческого банка. Москва: Финансы и статистика, 2006

4 Шеремет А.Д., Сайфуллин Р.С. Методика финансового анализа. Москва: ИНФРА, 2007

5 Авров А.П., Нурлыбаева А.А. Финансово-банковская статистика: Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2007

Түйіндеме

Бұл мақалада банктердің банктік жүйенің тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін қаржылық жағдайын талқылау қажеттілігі мен рөлі ескерілген, себебі талдау процесінде банктің ең қиын әрі ең кең тараған міндеттерінің бірі болып қаржылық нәтижелерді бағалау табылады.

Мақалада бюджеттік және бюджеттік емес қорлармен есептесу дұрыстығын, қаржылық есеп көрсеткіштері мен элементтерінің нақтылығын анықтауды мақсат тұтатын, банктік қызметтің қазіргі аудиттік бағыттарының бірі ретінде банктің ағымдағы қаржылық жағдайын экономикалық-статистикалық талдауды өткізудің әдістемесі келтірілген. Мақалада экономиканың әр саласындағы заңдылықты объективті бағалау мақсатында экономикалық-статистикалық талдау әдістерін кешенді түрде қолдану механизмі келтірілген.

Resume

In the article the necessity and role of the analysis of the financial state of banks to ensure the stability and reliability of the banking system is clarified, since the assessment of the financial results of the bank is among the tasks arising in the process of analyzing the most widespread and at the same time the most difficult.

The article presents the methodology for conducting economic and statistical analysis of the current financial condition of the bank as one of the areas of the modern audit of banking activities, the purpose of which is to establish the reliability of elements and indicators of financial reporting, the correctness of settlements with the budget and extra-budgetary funds. The article presents the mechanism of applying economic and statistical methods of analysis in combination with the objective of objective evaluation of regularities in various spheres of the economy.

ОӘЖ 553.982.2

А. Мендигалиев¹, А.А. Мусаева¹

Атырауский государственный университет имени Х. Досмұхамедова¹

Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212

aiman_mussayeva@mail.ru

МҰНАЙ-ГАЗ КЕН ОРЫНДАРЫН ЖАСАҚТАУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мұнай ресурстары өндірісінің тиімділігін көтеру және үнемді пайдалану күрделі салым көлемінен, кен орындары мен ұңғымаларын орналастырудан, сонымен қатар жалпы мұнай өнеркәсібінің дамуынан тұратын жобалау кезеңінде кен орындарын жасақтаудың үнемді жүйесін таңдауға байланысты. Мұнай-газ

өндірісінде қоғамдық өндірісінің тиімділігін көтеру экономикалық негіздемеге және мұнай кен орындарын жасақтаудың үнемді үлгісін таңдауға байланысты.

Мұнай және газ кен орындарын экономикалық бағалау- бұл уақыт факторын есепке ала отырып, қорларды пайдаланудың салалық тиімділігін (ақшалай түрдегі) анықтау процесі. Кен орындарын жасақтаудың үнемді жүйесін таңдаудағы маңызды критерийі өнімнің құндылығы мен жиынтық шығындардың дисконтталған айырмашылығы болып табылатын ең жоғары ақшалай бағалау- ренталық табыс алу болуы қажет.

Негізгі сөздер: мұнай, ресурстар, салым, барлау, эксплуатация, шығындар, Кобба-Дуглас, өндіріс.

Мұнай ресурстары өндірісінің тиімділігін көтеру және үнемді пайдалану күрделі салым көлемінен, кен орындары мен ұңғымаларын орналастырудан, сонымен қатар жалпы мұнай өнеркәсібінің дамуынан тұратын жобалау кезеңінде кен орындарын жасақтаудың үнемді жүйесін таңдауға байланысты. Мұнай-газ өндірісінде қоғамдық өндірісінің тиімділігін көтеру экономикалық негіздемеге және мұнай кен орындарын жасақтаудың үнемді үлгісін таңдауға байланысты.

Мұнай және газ кен орындарын экономикалық бағалау- бұл уақыт факторын есепке ала отырып, қорларды пайдаланудың салалық тиімділігін (ақшалай түрдегі) анықтау процесі. Кен орындарын жасақтаудың үнемді жүйесін таңдаудағы маңызды критерийі өнімнің құндылығы мен жиынтық шығындардың дисконтталған айырмашылығы болып табылатын ең жоғары ақшалай бағалау- ренталық табыс алу болуы қажет.

Мұнай кен орындарын жасақтауды бағалау жүйесі және неғұрлым тиімді үлгіні таңдау мұнай өндіру өнеркәсібіндегі кеңейтілген өндіріс процесінде жобалау жүйесінің әсерін есепке ала отырып жүргізілуі қажет. Ол үшін соңғы бірнеше жылдағы мұнай өндірудің мүмкін болатын көлемін талданатын кеніштерді жасақтау үлгісі алғашқы бөлінген күрделі салымдар бойынша да, амортизациялық аударымдар және мұнай өндіру бірлігіне геологиялық барлау шығындары мен кәсіптік салық түріндегі және мұнай өндірудің ең аз өзіндік құны үлгісінде алынатын өндіріс шығындарын үнемдеу түрінде де қарастырылатын, кенішті пайдалану кезінде түсетін басқа да қаражаттарды бірнеше рет пайдалану процесі бойынша да есептеу жүзеге асырылады. Талдау барысында жаңа мұнай қорларын дайындау мерзімі мен мұнай кәсіпорындарын орналастыруға, бір жаңа скважинаға келетін өндіру мен мұнай барлауға капитал салымдарының мөлшеріне, және де өндіру өзгерісі коэффициенті мен сала бойынша ұңғыманың орташа дебитінен өндіріс шығындарының байланысына көңіл аудару қажет.

Көмірсутегінің анықталған және болжанған ресурстарын экономикалық бағалау табиғаты бойынша ықтималды. Оған шикізат ресурстарын есептеудегі анықсыздық және алғашқы геологиялық ақпарат және жасақтаудың технологиялық көрсеткіштері және базалық өлшеуіштің өзгерімділігі әсер етеді. Кен орындарын кешенді игеруге шығындарды белгілеуде неғұрлым прогрессивті шешімдер қолданылуы және мұнай өндіру аудандарын іздеу, барлау, жасақтау және орналастырудағы ғылыми-техникалық жетістіктер есепке алынуы қажет. Анықталған және болжанған кен орындарын игерудің экономикалық тиімділігін бағалаудың жоғарыда көрсетілген қағидаларды жүзеге асыру үшін негізгі компоненттері келесілер болып табылатын сәйкесті бастапқы база болуы керек:

- анықталған және болжанған кен орындарының барланған және болжанған қорларының көлемі мен сапасы және олардың географиялық орналасуы;

- кен орындары қабаты кеніштерінің сипаттамасы мен тереңдігі, олардың саны және режимі, мұнай мен газдың физикалық-химиялық қасиеті және басқа да ерекшеліктері;

- анықталған және болжанған кен орындарын жасақтаудың негізгі технологиялық көрсеткіштері (мұнайды өндірудің және су айдаудың күтілетін деңгейі, өндіру, айдау және басқа да скважиналардың қоры мен енгізілуі, өнімді суландыру, бұрғылау көлемі және т.б.);

- халық шаруашылығының мұнай өндіру және аралас салаларындағы шығындарды есепке ала отырып анықталған және болжанған кен орындарын шаруашылық игерудің экономикалық көрсеткіштері (үлестік капитал салымы, өндірудің өзіндік құны, мұнай, газ және конденсаттарды өндіру шығындары және т.б.).

Жоғарыда айтылған бастапқы мәліметтерді есептеудің қағидалары мен әдістері анықталған және болжанған кен орындарын игеруді экономикалық бағалау үшін қажет. Негізгі қиыншылық халық шаруашылығы тиімділігін анықтау кезінде пайда болады. Бұл әдістемелік тұрғыда алдымен тиімділік критерийін таңдау және негіздеумен байланысты. Кен орындарын игеруді экономикалық бағалауда басқалары сияқты мәні бойынша салыстырмалы, ақшалай бағалаудың сандық көрсеткіштерін салыстыру үшін оның негізгі өлшеуіші пайдаланудың белгілі бір кезеңінде кен орындары қорларын дайындау мен жасақтау тиімділігін халық шаруашылық тұрғысынан бағалау эталоны болып табылады. Бағалаудың бастапқы өлшеуішін таңдау кезінде көзқарастар әртүрлі. Біреулері бірегей бастапқы өлшеуішті дамытса, екіншілері экономикалық көрсеткіштер тобын пайдалануды мүмкін деп есептейді. Шешілетін міндеттерге байланысты бағалаудың бастапқы өлшеуіші түрлі болады. Бұндай өлшеуіш ретінде автор жоғарыда қарастырып өткен мұнай және газды өндіруге, мұнай бағасына келтірілген және шектелген шығындар (салалық, зоналық немесе аудандық), көтерме баға қолданылады [1.С.475].

Қазіргі уақытта мұнай және газ кен орындарын жобалау саласындағы экономикалық есептеулердің теориясы мен практикасында экономикалық тиімділіктің неғұрлым жиі қолданылатын екі критерийін ажыратуға болады. Біріншісі-бұл ең аз келтірілген шығындар:

$$Z = \mathcal{E} + EH \cdot K,$$

бұнда \mathcal{E} – эксплуатациялық шығындар (өзіндік құн); K – күрделі салымдар;

EH – күрделі салымдар тиімділігінің нормативтік коэффициенті.

Екіншісі – ең жоғары тиімділік (пайда):

$$R = \sum_{t=1}^T \frac{Z_t Q_t - (K_t + \mathcal{E}_t)}{(1 + E)^t},$$

бұнда Z_t – t -жылындағы 1 тонна өнімнің көтерме әлемдік бағасы; Q_t – жылдық өнім; K_t – t -жылындағы күрделі салымдар; \mathcal{E}_t – t - жылындағы қайта жаңартусыз эксплуатациялық шығындар; E – шығындар мен өнімді өткізуді есепке алу коэффициенті; T – кен орынын игерудің жалпы мерзімі.

Алғашқы критерий мұнай қайтарымының соңғы коэффициенттері бірдей жасақтау үлгісін оңтайландыру кезінде қолданылады. Егер үлгілер жиынтық таңдау бойынша түрлі болса, онда олар әр түрлі тәсілдермен теңестіріледі. Келтірілген шығындардың минимум критерийі мұнай кен орындарын игеруді есептеуде Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін есептелмейтін болды. Өндіріс тиімділігін талдау кезінде аналитикалық тәсілдер қолданылатынын айта кету керек. Қазіргі уақытта тәжірибедегі қарапайым математика аппаратына негізделетін өндіріс тиімділігін экономикалық талдау жоғарыда көрсетілген міндеттерді оңтайлы шешуге қауқарсыз.

Осыған байланысты талдаудың жаңа, прогрессивтік сандық тәсілдерін дамытудың маңызы зор. Математикалық тәсілдер жиынтығында қызығушылық тудыратыны Кобба-Дуглас функциясы (немесе өндірістік функция), себебі ол белгілі бір тұрғыда экономикалық талдау мәселелерінің бірқатарын шешу құралы ретінде қолданылады. Мұнай газ игеру өндірісінің тиімділігін зерттеу үшін өндірістік функцияны пайдалану келесідей түсіндіріледі: өндірістік функция тәсілін қолдану уақыт бойына экономикалық өсім мен тиімділік көрсеткіштері өзгерісінің заңдылығын белгілеуге, және де бұл өсімнің параметрлерін анықтауға мүмкіндік береді. Үлгі таңдау аз болған жағдайда жұмыс жасайды. Тәсіл өндірістік ресурстардың техникалық деңгейінде сапалық алға жылжуды тез арада байқауға мүмкіндік береді. Жалпы түрде өндірістік функция (Кобба-Дуглас функциясы) келесідей жазылады [2]:

$$Y_t = AK_t^\alpha \times L_t^\beta,$$

бұнда Y_t – t уақытында өзгертін жалпы өнімнің көлемі; K_t – мұнай газ игеруде негізгі өндірістік қорлардың ортша жылдық құны; L_t – мұнай газ игерудегі өндірісте жұмыспен қамтылған жұмысшылардың саны; α, β – K_t және L_t өндірісі факторының көлемі мен динамикасынан Y_t өнімінің көлемі мен динамикасының тәуелділігін сипаттайтын икемділік коэффициенті.

А параметрі мұнай және газ (Y) өнімдерін және өндіріс факторларын (K, L) бірдей әр қалыптылыққа келтіру жүзеге асырылатын пропорционалдық коэффициенті болып табылады. Бұл коэффициент арқылы өндіріс жағдайында өзгертін өсудің айқындалмаған факторларының қызметіне, ресурстардың әртектілік элементтеріне және т.б. әсері анықталатынын айта кету қажет. Өндіріс тиімділігін талдау, соның ішінде мұнай газ игеру өндірісі тиімділігін талдау келесідей түрде жүзеге асыралады. Қажетт мәліметтерді жинағаннан кейін оларды жүйелейді, сәйкес келмейтін мәліметтер алынып тасталады. Содан кейін өндірістік функция үлгісін құрастырып, алынған үлгінің сәйкестін талдайды, әрбір үлгінің жиынтық икемділігін салыстырады. $(\alpha+\beta)$ көрсеткіші неғұрлым жоғары үлгі таңдап алынады. Нарық жағдайында құндық көрсеткіштерді динамикада анықтау қиын болғандықтан Кобба-Дуглас өндірістік функциясын қолдану үлгісін қарастырмаймыз.

Жаңа мұнай кен орындарын игеруде экономикалық негіздеудің негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

- игеру үлгісі бойынша экономикалық көрсеткіштерді есептеу;
- эксплуатациялық объектілер бойынша мұнай таңдауды оңтайлы бөлу;
- кен орындарын игеруде оңтайлы үлгіні таңдау;
- кен орындарын игеру экономикалық негізлеу мерзімі және мұнай қайтарымы коэффициенттерін анықтау.

Мұнай және газ кен орындарын игеру жүйесінің экономикалық көрсеткіштерін есептеу нақты объектінің жобалатынатын деңгейі мен технологиялық көрсеткіштерін есепке ала отырып жүргізіледі.

Экономикалық нормативтердің деңгей мен динамикасына әсер ететін негізгі технологиялық параметрлері ретінде келесілер қолданылады:

- мұнай, газ және сұйықтық өндіру көлемі;
- өндіру және айдау ұңғымасының қоры;
- ұңғыма тереңдігі;
- жаңа ұңғыма қоры;
- жұмыс агентінің айдау көлемі.

Мұнай және мұнай газ кен орындарын игерудің оңтайды үлгісін таңдау шығындарды және қорларды өтеу кезеңіндегі үлгі бойынша нәтижелер салыстырмалы талдау арқылы жүзеге асыралады. Әрбір қарастыралатын үлгі бойынша бұл кезең кен орындарын игерудің басталу уақытынан игерудің экономикалық шегі нормативіне қол жеткізу жылына дейін тең қарастырылады. Бұл жағдайда мұнай кен орындарын игерудің жобалық жүйесінің тиімділігін сипаттайтын экономикалық көрсеткіш болып мұнай өндіру бірлігіне кететін шығындар, үлестік капитал салымдары және келтірілген шығындар табылады [3].

Экономикалық әдебиетте келтірілген шығындар минимумы негізіндегі мұнай кен орындарын игерудің оңтайды үлгісін таңдау кең тараған, алайда бұл тәсіл Қазақстанда қолданылмайды. Статистикалық тұрғыда салыстырылатын үлгілер бойынша келтірілген шығындар деп тиімділік нормативіне сәйкес бірдей өлшемге келтірілген ағымдағы шығындар (өзіндік құн) мен капитал салымдарының сомасын айтады. Кен орындарын игеруде неғұрлым тиімді үлгіні, мұнай өндіру аудандарын дамыту стратегиясын таңдау үшін және басқа да міндеттерді шешуде тиімділік немесе шығындардың үлестік көрсеткіші өте жиі қолданылады. Алғашқысына еңбек өнімділігі, рентабельділік, қор қайтарымдылығы көрсеткіштері және т.б жатса, екіншісіне өнім бірлігіне кететін шығындар, өнім бірлігіне немесе жаңа қуаттылық бірлігіне капитал салымдарының үлесі және т.б. жатады. Бұл көрсеткіштер мұнай кен орындарын игерудің салыстырмалы үлгілері негізгі көрсеткіштер бойынша сәйкес келген жағдайда ғана қолданылады. Қандай да бір үлгіні таңдап алу үшін үлестік көрсеткіштер қолданылады.

Экономикалық әдебиетте үлестік капитал салымдарының мөлшерін анықтаудың бірнеше түрлері белгілі. Оларды келесідей топтауға болады:

- мұнай өндіру өсіміндегі капитал салымдарының үлесі;
- жаңа қуаттылық өсіміндегі капитал салымдарының үлесі;
- орташы жылдық мұнай өндіру бірлігіне капитал салымдары.

Мұнай кен орындарын игеруді жобалау кезінде әдетте, орташа жылдық мұнай өндіру бірлігіне капитал салымы көрсеткіші қолданылады. Ол үшін мұнай кен орындарын игеруді бастау кезіндегі капитал салымын орташа жылдық мұнай өндірумен салыстырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Базив В.Ф. Экспертно-аналитическая оценка эффективности систем разработки нефтяных месторождений с заводнением. – М.: ОАО «ВНИИОЭНГ», 2007. – 396 с.
2. Иванов А.В., Марченко А.В., Лапердин А.Н., Мулявин С.Ф. Проблемы разработки уникальных газовых месторождений ЯНАО и пути их решения // Горные ведомости. – 2010. — № 1. – С. 36–41.
3. Кильдешев С.Н., Кубасов Д.А., Дорофеев А.А., Саранча А.В. Концепция выделения эксплуатационных объектов на Южно-Русском многопластовом нефтегазоконденс.

Резюме

Повышение эффективности производства и рационального использования нефтяных ресурсов зависит от выбора оптимальной системы разработки месторождений на стадии проектирования, включающая объем капитальных вложений, размещение месторождений и скважин, а также развитие нефтяной промышленности в целом. Повышение эффективности общественного производства

в нефтегазодобыче зависит от экономического обоснования и выбора рационального варианта разработки нефтяного месторождения.

Можно сказать, что экономическая оценка нефтяного и газового месторождения – это процесс определения отраслевого эффекта (в денежном выражении) от использования его запасов с учетом фактора времени. Главным критерием выбора оптимальной системы разработки месторождения должно быть получение максимальной денежной оценки - рентного дохода, представляющего собой дисконтированную разность между ценностью продукции и совокупными затратами.

Summary

Increase in production efficiency and rational use of oil resources depends on the choice of optimum system of development of fields on blueprint stage, including amount of capital investments, placement of fields and wells, and also development of the oil industry in general. Increase in efficiency of social production in oil and gas production depends on an economic case and the choice of rational option of development of an oil field.

It is possible to tell that the economic evaluation of the oil and gas field is a process of determination of industry effect (in terms of money) of use of its inventories taking into account time factor. Receipt of the maximum cash assessment - the investment income representing the discounted difference between the value of products and total costs shall be the main criterion of the choice of optimum system of mining.

ОӘЖ 553.982.2+64.011.44

А. Ниязбаева¹, А.А. Мусаева¹

Атырауский государственный университет имени Х. Досмұхамедова¹

Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр. Студенческий, 212

aiman_mussayeva@mail.ru

АНЫҚТАЛҒАН ЖӘНЕ БОЛЖАНҒАН КЕН ОРЫНДАРЫН ИГЕРУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Көмірсутегі ресурстарын кешенді игеру міндеттерін шешу кезінде өнеркәсіптік қорлар мен кеніштерді игерді дайындаудың экономикалық тиімділігін көтеру мақсатында халықшаруашылығы тұрғысынан анықталған және болжанған кен орындарын ақшалай бағалауды жүзеге асыру қажет. Бұндай бағалаудың әдістемелік алғышарты - геологиялық іздеу жұмыстары, барлау мен игеруге кететін барлық кешенді шығындар- бұл материалдық өндірістің бірегей процесінің элементтері болып табылатындығында.

Зерттеудің ауқымды көлеміне қарамастан көмірсутегі ресурстарының көптеген принципіалды сұрақтары әлі де шешімін таппаған. Сондықтан анықталған және болжанған кен орындарының негізгі түсініктері мен экономикалық бағалау принциптеріне тоқталу қажет.

Негізгі сөздер: көмірсутегі, мұнай, өнеркәсібі, кен, шығындар, қайтарымдылығы, капитал, өзіндік құны, газ, конденсаттар.

Көмірсутегі ресурстарын кешенді игеру міндеттерін шешу кезінде өнеркәсіптік қорлар мен кеніштерді игерді дайындаудың экономикалық тиімділігін көтеру

мақсатында халықшаруашылығы тұрғысынан анықталған және болжанған кен орындарын ақшалай бағалауды жүзеге асыру қажет. Бұндай бағалаудың әдістемелік алғышарты - геологиялық іздеу жұмыстары, барлау мен игеруге кететін барлық кешенді шығындар- бұл материалдық өндірістің бірегей процесінің элементтері болып табылатындығында. Зерттеудің ауқымды көлеміне қарамастан көмірсутегі ресурстарының көптеген принципіалды сұрақтары әлі де шешімін таппаған. Сондықтан анықталған және болжанған кен орындарының негізгі түсініктері мен экономикалық бағалау принциптеріне тоқталу қажет.

Кең мағынада, біздің ойымызша экономикалық бағалау объектісі болып аудан, аймақ, кен орындар тобы, жекелеген кен орындары, кеніш немесе оның бөліктері табылады. Көбінесе тәжірибеде көрсетілген объектіден өндірілген нақты немесе күтілетін өнімге кететін кешенді шығындар есепке алынады. Осыған байланысты бағалау объектісі ретінде сонымен қатар, өндіруші ұңғымалар қарастырылады [1].

Көмірсутегі ресурстарын кешенді игеру ерекшелігін, аудандардың зерттелуінің түрлі деңгейін, барланған және игерілген кен орындарының жағдайын есепке алсақ, келесілер экономикалық бағалануы қажет:

а) ашық кен орындарының $A + B + C_1$ категорияларының барланған қорлары (егер жасақталатын кен орындары бағаланса, онда $B + C_1$ категорияларының қалдық қорлары бағаланады);

б) ашық кен орындарының C_2 категориясының келешекті қорлары;

в) анықталған және болжанған құрылымдар, аудандар, аймақтар немесе мүмкін болатын жаңалықтардың (ішкі топ D_1) C_2+D категориясының келешекті және болжанған қорлары.

Бұндай жағдайда экономикалық бағалау сферасына кеніштерді барлау мен игеру ерекшеліктеріне сәйкес келетін анықталған және болжанған кен орындарының барлық көмірсутегі ресурстары тартылады. Мұнай өндіру өнеркәсібінің өндірістік қызметі объектілері- кен орындары (аудандар), геологиялық барлау кәсіпорындары үшін сонымен қатар, анықталған және болжанған құрылымдар (аймақ, аудан) екенін ескерсек, көмірсутегі ресурстарын экономикалық бағалаудың көрсетілген тәсілі заңдық қана емес, сонымен бірге қажетті.

Бұл жағдайға аса назар аудару қажет, себебі типтік әдістемеде (Пайдалы қазбалардың кен орындарын экономикалық бағалаудың уақытша типтік әдістемесі. М., Прейскурантиздат, 1980.) келешекті және болжанған қорларды бағаламай, тек ашық кен орындарының $A+B+C_1$ категориялары қорларын ғана экономикалық бағалау ұсынылады. Бұл ретте іздеу- барлау жұмыстарын жүргізудің кезеңділігімен негізделетін іздеу бұрғылауда құрылымдарды енгізу мен келешекті аудандардың реттілігімен, сонымен қатар мұнай-газды территорияларды геологиялық-экономикалық аудандарға бөлумен байланысты міндеттер шешілмей қалады.

Мұнай және газ кен орындарын экономикалық бағалауда типтік әдістеме ұсыныстарына сәйкес мұнай қорларын дайындау, өндіру, орналастыру, тасымалдау және қайта өңдеу шығындары және де инфрақұрылым объектілер құрумен, қоршаған ортаны қорғаумен және мұнай қайтарымдылығын көтерумен байланысты шығындар есепке алынуы қажет [2].

Шешілетін міндеттердің сипатына байланысты шығындардың кейбір түрлерін (аудан аралық көлік, мұнайды қайта өңдеу) біздің ойымызша кен орындарын экономикалық бағалау есебінен алып тастауға болады. Мұнай және мұнай-газ кен орындарының шын мәнісінде мұнай, газ және конденсаттан тұратынын ескерсек, экономикалық бағалауға негізгі және ілеспе компоненттер жүгінеді, яғни көмір сутегі қорларын кешенді өнеркәсіптік бағалау берілуі қажет.

Көмірсутегінің анықталған және болжанған ресурстарын экономикалық бағалау табиғаты бойынша ықтималды. Оған шикізат ресурстарын есептеудегі анықсыздық және алғашқы геологиялық ақпарат және жасақтаудың технологиялық көрсеткіштері және базалық өлшеуіштің өзгерімділігі әсер етеді.

Кен орындарын кешенді игеруге шығындарды белгілеуде неғұрлым прогрессивті шешімдер қолданылуы және мұнай өндіру аудандарын іздеу, барлау, жасақтау және орналастырудағы ғылыми –техникалық жетістіктер есепке алынуы қажет.

Анықталған және болжанған кен орындарын игеруді экономикалық бағалауда кен орындарын жасақтаудың техника-экономикалық параметрлерін есептеудің бірегей әдістемесін, базалық өлшеуіштерді, шығындардың барлық түрлері бойынша нәтижелердің сәйкестігін қамтамасыз ететін құндық және нормативтік көрсеткіштерді қолдану қажет.

Анықталған және болжанған кен орындарын игерудің экономикалық тиімділігін бағалаудың жоғарыда көрсетілген қағидаларын жүзеге асыру үшін негізгі компоненттері келесілер болып табылатын сәйкесті бастапқы база болуы керек:

1. Анықталған және болжанған кен орындарының барланған және болжанған қорларының көлемі мен сапасы және олардың географиялық орналасуы;
2. Кен орындарын барлау мен игеру жүйесін, кәсіптік аудандарды орналастыру схемасын алдын –ала айқындайтын және мұнайдың өнеркәсіптік қорлар мен өндіруін экономикалық дайындауға әсер ететін кен орындары қабаты кеніштерінің сипаттамасы мен тереңдігі, олардың саны және режимі, мұнай мен газдың физикалық-химиялық қасиеті және басқа да ерекшеліктері;
3. Анықталған және болжанған кен орындарын жасақтаудың негізгі технологиялық көрсеткіштері (мұнайды өндірудің және су айдаудың күтілетін деңгейі, өндіру, айдау және басқа да скважиналардың қоры мен енгізілуі, өнімді суландыру, бұрғылау көлемі және т.б.);
4. Халық шаруашылығының мұнай өндіру және аралас салаларындағы шығындарды есепке ала отырып анықталған және болжанған кен орындарын шаруашылық игерудің экономикалық көрсеткіштері (үлестік капитал салымы, өндірудің өзіндік құны, мұнай, газ және конденсаттарды өндіру шығындары және т.б.).

Жоғарыда айтылған бастапқы мәліметтерді есептеудің қағидалары мен әдістері анықталған және болжанған кен орындарын игеруді экономикалық бағалау үшін қажет, әрбір ауданға қатысты арнайы маманданған ұйымдарда жасақталады.

Негізгі қиыншылық анықталған және болжанған кен орындарын игеруден халық шаруашылығы тиімділігін анықтау кезінде пайда болады. Бұл әдістемелік тұрғыда алдымен тиімділік критерийін таңдау және негіздеумен байланысты.

Кен орындарын игеруді экономикалық бағалауда басқалары сияқты мәні бойынша салыстырмалы, ақшалай бағалаудың сандық көрсеткіштерін салыстыру үшін оның негізгі өлшеуіші пайдаланудың белгілі бір кезеңінде кен орындары қорларын дайындау мен жасақтау тиімділігін халық шаруашылық тұрғысынан бағалау эталоны болып табылады.

Бағалаудың бастапқы өлшеуішін таңдау кезінде зерттеушілердің көзқарастар әртүрлі. Біреулері, соның ішінде типтік әдістемені ұсынғандар бірегей бастапқы өлшеуішті дамытса, басқалары экономикалық көрсеткіштер тобын пайдалануды мүмкін деп есептейді [3].

Шешілетін міндеттерге байланысты бағалаудың бастапқы өлшеуіші түрлі болады. Бұндай өлшеуіш ретінде мұнай және газды өндіруге, мұнай бағасына

келтірілген және шектелген шығындар (салалық, зоналық немесе аудандық), мұнайға әлемдік баға қолданылады.

Кен орындарын жасақтаудың экономикалық үлгілерін таңдаумен және мұнай қайтарымын көтерудің жаңа тәсілдерін енгізумен, мұнай қайтарымын дамытуды келешекті жоспарлаудың оңтайлы схемасын негіздеумен, соңғы мұнай қайтарымын, елдің экономикалық әлеуетін және т.б. анықтаумен байланысты бір типті міндетті (міндеттердің I сыныбы) шешуде анықталған және болжанған кен орындарын жасақтау тиімділігін бағалаудың бірегей базалық өлшеуі қажет.

Бұл жағдайда кен орындарын жасақтаудың экономикалық тиімділігінің есебі бұл мақсатқа мұнай және газ өндіруге тұйықтама шығындарды немесе мұнайға әлемдік бағаны қолдану арқылы типтік әдістеме бойынша жүргізіледі.

Іздеу бұрғылауға келешекті құрылымды (аудан) жүйелілікпен тартумен, кен орындарын жасақтауға кезектілікпен енгізумен, мұнай-газ территорияларын геологиялық- экономикалық аудандарға бөлумен және т.б байланысты басқа да міндеттері типтерін шешуде (II міндеттер сыныбы) жоспарлау тәжірибесінде қабылданған кешенді экономикалық бағалау көрсеткіштерін (үлестік капитал салымдары, өндірудің өзіндік құны, мұнай және газ өндіруге келтірілген шығындар, т.б.) қолдануға болады. Анықталған және болжанған кен орындарын белгілі бір уақыт аралығында оларды игерудің экономикалық көрсеткіштерінің мөлшері (мысалы, толықтай қайта бұрғылаудағы ең жоғары мұнай өндіру және аудандарды орналастыру) бойынша саралай отырып, жоғарыда айтылған міндеттерді тиімді шешуге болады. Алайда, бұл жағдайда анықталған және болжанған кен орындарын игеру тиімділігінің абсолютті мөлшерін есептеу есептеу кезеңінің уақыт бойынша шектеулігі себебінен мүмкін болмайды.

Экономистердің көп жылдық тәжірибесі анықталған және болжанған кен орындарын игеру тиімділігін экономикалық бағалаудың жоғарыда көрсетілген принциптері мен тәсілдері негізгілерін келесідей көрсетуге болатын бірқатар объективтік қиыншылықтармен байланысты екендігін көрсетті.

1. Анықталған және болжанған кен орындарын экономикалық бағалауды жүзеге асыру кезеңінде жасақтаудың технико-экономикалық көрсеткіштерінің есебінің нақтылығын қамтамасыз ететін жеткілікті түрде толық және шынайы тау-геологиялық және технологиялық ақпараттарға барлық уақытта ие бола алмайды. Бұл мұнай ресурстарын бағалаудың есептік мәліметтерінің қысқаруы мен біріктірілуіне акеп соқтырады.

2. Типтік әдістемеді көрсетілмеген анықталған және болжанған кен орындарын жасақтау және іске қосу кезіндегі экономикалық бағалау да анықсыз болады.

Мұнай кен орындарын экономикалық бағалау бойынша түрлі сыныпты міндеттерді шешу үшін оларды жасақтаудағы техника-экономикалық көрсеткіштерді бағалау кезеңі түрлі болуы ақиқат.

Мәселен, I сынып міндеттерін шешу үшін бұндай кезең бірнеше онжылдықтармен есептелетін, тіпті кен орындарын толықтай өтеуге дейін жалғасу қажет; II сынып үшін де солай- кен орындарын жасақтауға бір мезетте енгізуге дейін қысқартылуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда, мысалы, әлсіз барланған кен орындарын жасақтау сызбасын жобалау кезінде экономикалық бағалаудың есептік ұзақтығын іске қосудың негізгі кезеңімен (қордың 80% таңдап алынған жағдайда) шектеген дұрыс.

3. Тұйықталған шығындар (немесе басқа да өлшеуіштер) ретінде көрінетін кен орындарын игеруді экономикалық бағалаудың базалық өлшеуішінің мөлшерін негіздеу (эталоны) соңғысы бірқатар деңгейде мұнайға және оны өңдеу өнімдеріне

халық шарушылығының қажеттілігіне, кен орындарын жасақтаудың геологиялық шарттарына, мұнай өндірудегі ғылыми-техникалық прогреске, елдің экономикалық мүмкіншілігіне, сыртқы экономикалық байланыстар конъюктурасына және т.б. тәуелді болуына байланысты қиындаған.

Көрсетілген факторлардың біреуі тұйықталған шығындардың абсолютті мөлшерін төмендетсе (ғылыми-техникалық прогресс, тиімділігі өте жоғары жаңа аудандар мен кен орындарының ашылуы), басқалары- жоғарлатады (мұнайға келешекті қажеттіліктің өсуі, терең орналасқан өнімділігі төмен кеніштерді жасақтауға тарту және т.б.). сондықтан базалық өлшеуіштің мөлшері жекелеген аудандар үшін де, жалпы мұнай өндіру саласы үшін де әлсін- әлсін қайта қаралуы қажет. Тұйықталған шығындарды келешекті кезеңнің әрбір бес жылдығында қайта бағалау қажет [4].

Болжанған және анықталған кен орындарын игеруді экономикалық бағалау саласындағы экономистердің жинақталған тәжірибесі бірқатар қиыншылықтарға қарамастан жасақталған принциптер мен тәсілдерді геологиялық барлау жұмыстар мен мұнай өндіру өнеркәсібінде тиімді қолдануға болатынын көрсетті. Жалпы салалық масштабта көмір сутегі ресурстарын игеруді ақшалай бағалау саласындағы көрсетілген принциптерді жүзеге асыру болжанған және анықталған кен орындарының қорларын дайындау мен жасақтауда экономикалық тиімділікті жоғарлатуға және келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

2. Мұнай-газ территориясы туралы геологиялық-экономикалық мәліметтерді жоспарлы органдарда шоғырландыру, жер қойнауындағы мұнай ресурстарын сандық және сапалық есепке алу, болашақта ресурстарға қажеттілік пен мұнайдың активті және пассивті дайындалған қорын анықтау, жалпы елдегі және мұнай өндіру аудандарының дамуының экономикалық тиімділігін және өндіру мүмкіндігін бағалау.

3. Капитал салымдарын жоспарлау мен геологиялық, мұнай және халық шаруашылығының оларға қатысты салаларын дамытудың бас сызбасын жасақтау кезінде тактикалық және стратегиялық міндеттерді шешіп, ірі мұнай аймақтарын кешенді дамыту үлгілерін таңдап, оларды игеру кезеңділігін анықтау қажет.

4. Жоспарлы міндеттердің сапасы көтеру мен жасақтау мерзімін қысқарту, мұнай аудандарын кешенді игеру саласындағы бірегей саясатты жүзеге асыру үшін ғылыми негізделген базаны құру және материалдық және ақшалай ресурстарды бөлудегі басымдылықты анықтау.

5. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және мұнай кен орындарын жасақтау кезектілігі саласындағы жоспарлаудың ғылыми негізін қалау, кен орындарын барлау шығындарының мақсаттылығын және оларды ары қарай орналастыруды анықтау, қорларды табу стимулын көтеру, мұнай ресурстарын үнемді пайдалану, жер қыртысын және қоршаған табиғи ортаны қорғау.

6. Елдің ресурстық потенциалының толық және объективтік сипаттамасын алу, келешектегі мұнай ресурстарын кешенді игеру және қорларды дайындаудың экономикалық тиімділігінің нақты және күтілетін жағдайын анықтау, болашақ жасақтауларға қажетті ғылыми-техникалық дайындама құру. Мұнай кен орындарын ақшалай бағалау мұнай ресурстары қыртыстарын геологиялық-экономикалық аудандарға бөлудің және де елдің мұнай кен орындарының кадастрын қалыптастыруда негіз болып табылады. Бұл мұнай ресурстарын кешенді игеру мен ұдай өндіру тиімділігін жоғарлатуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Зубарева В.Д., Саркисов А.С., Андреев А.Ф. Инвестиционные нефтегазовые проекты: эффективность и риски. М. : Недра, 2010.

2. Валиев В.М. Принятие решений в процессе освоения углеводородных ресурсов в условиях неопределенности и риска.- Баку : Нефта-Пресс, 2004.
3. Андреев А.Ф., Зубарева В.Д., Саркисов А.С. Оценка эффективности и рисков инновационных проектов нефтегазовой отрасли: учеб. пособие. М. : Макс Пресс, 2008.
4. Гафарова С.Г. Ценообразования на нефть и газ на внутреннем и внешнем рынках Азербайджанской Республики // Кооперация.-2014.-№1 (32).

Резюме

При решении задач комплексного освоения углеводородных ресурсов необходимо провести денежную оценку выявленных и предполагаемых месторождений с народнохозяйственных позиций с целью повышения экономической эффективности подготовки промышленных запасов и разработки залежей. Методологической предпосылкой необходимости такой оценки служит тот факт, что весь комплекс затрат на геолого-поисковые работы, разведку и разработку - это элементы единого процесса материального производства.

Несмотря на значительный объем исследований многие принципиальные вопросы денежной оценки углеводородных ресурсов еще далеки от решения. Поэтому необходимо остановиться на основных понятиях и принципах экономической оценки выявленных и предполагаемых месторождений.

Summary

In case of the solution of tasks of complex development of hydrocarbonic resources it is necessary to carry out cash assessment of the revealed and expected fields from economic line items for the purpose of increase in cost efficiency of preparation of industrial inventories and development of deposits. As a methodological prerequisite of need of such assessment serves the fact that all complex of costs for geological and search works, investigation and development are elements of single process of production of goods.

Despite considerable amount of researches many matters of principle of cash assessment of hydrocarbonic resources are still far from the decision. Therefore it is necessary to stop on the basic concepts and the principles of an economic evaluation of the revealed and expected fields.

ӘОЖ 06.73.21

М.С. Дарискалиева¹, А.Б. Пұсырманова¹, С.Б. Альдешова¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ, Студенттік даңғылы, 212

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҚ ҚАРЖЫ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа

Мінез-құлық қаржысының инвестициялық стратегиялық тәжірибеде қолданылуы маңызды емес, себебі бұл тұжырымдама біздің өмірімізге біржолата еніп болды. Мінез-құлық қаржысын пайдалану осы индустрияның өсуі мен трансформациясы үшін көптеген мүмкіншіліктер тудырған жаһандық әлеуметтік-экономикалық трендке айналды. Сонымен қатар, түрлі инвестициялық процестерге

және ұйымдастырушылық үлгілерге мінез-құлықтық қаржысын неғұлым терең енгізген компаниялар стандартталған, масштабталған және тиімді жолды қолдануы қажет, әйтпесе уақытқа байланысты тұрақсыз немесе шығынды болуы мүмкін. Қаржы активтеріне баға белгілеу және қоржынды оңтайландыру үлгісі сандық теориясына балама болып сандық әдістердің нәтижелерін сынайтын шартты түрде жас бағыт - «мінез-құлық қаржысы» деп аталатын теория табылады. Мінез-құлық қаржысының пәні болып қаржы нарығында адамның қатысының әсері табылады. Қаржының дәстүрлі курсына адам қаржы қатынастарының негізгі субъектісі ретінде қатыспайды.

Негізгі сөздер: мінез-құлық, қаржы, қаржы нарығы, қоржын, тәуекел, инсайдер, инвестор, бағалы қағаз, болашақ табыс

Қазіргі қаржылардың шынайылығы шектес ғылымдардың дамуы әсерінен қаржының ғылыми парадигмасы ауқымының өсуінің байқалуында жатыр. Бұл мәселе тек қаржыға ғана емес, қазіргі әлемдегі білімнің көптеген салаларына да тән. Бұның себебі көп, солардың ішіндегі негізгісі ғылымдағы халықаралық ынтымақтастық және жаңа технологиялардың, дәстүрлі ғылыми мәселелерге дәстүрлі емес тәсілдерінің дамуы болып табылады. Ғылым дамыған сайын, жаңа сұрақтар туындайды.

Қазіргі қаржы теориясының мәселелері экономиканың басқа да салаларының теориялары сияқты мақсаттардың екі жақтылығымен [1, 116 б.]: 1) индивидуумның оңтайлы таңдауын анықтау; 2) индивидуумның нақты таңдау үрдісін сипаттаудан туындайды. Қаржының классикалық теориясы бірінші мақсатты толық көлемде орындайды, алайда екіншіге қол жеткізуде мүлде қауқарсыз. Қаржы ғылымындағы бұндай мәселелер жаңа парадигманың неоклассикалық теория және мінез-құлық теориясы элементтерін өзіне байланыстырады деп болжауға мүмкіндік береді.

Қаржы активтеріне баға белгілеу және қоржынды оңтайландыру үлгісі сандық теориясына балама болып сандық әдістердің нәтижелерін сынайтын шартты түрде жас бағыт - «мінез-құлық қаржысы» деп аталатын теория табылады. Мінез-құлық қаржысының пәні болып қаржы нарығында адамның қатысының әсері табылады. Қаржының дәстүрлі курсына адам қаржы қатынастарының негізгі субъектісі ретінде қатыспайды.

Мінез-құлық қаржысы бұл жеке қаржы, қаржы нарықтары және ұйымдар деңгейінде шешімдер қабылдауға психологияның қалай әсер ететіні туралы ғылым. Мінез-құлық қаржысы қаржы қатынастарының қатысушылары ұтымды және нарық алауыздықтан ада дегенді білдірмейді. Зерттеушілердің пікірінше, институционалдық орта аса маңызды. Олардың сүйенетін ортасы қаржы құрылымының барлық элементтерінің ұтымдылығын шектеу болып табылады.

Мінез-құлық қаржысы қаржы нарықтарының тиімсіздігінің себеп-салдарын зерттейді: нарықтың тиімсіздігі қайда кездеседі және олар неліктен пайда болды; жай инвесторлар неге қателеседі; арбитраждар нарықтың тиімсіздігін неліктен түзете алмайды.

Қаржы нарығы әрбір бағалы қағаздардың бағасы осы бағалы қағазға болашақ табыстың келтірілген құнының күтілген нәтижесіне (яғни оның іргелі құны) тең болғанда тиімді болып табылады.

Қаржы нарығы тиімділігінің бірнеше формасы бар [2, 54-6.].

Нарық тиімділігінің әлсіз формасы немесе кездейсоқ адасу гипотезасы: оның өткен табыстылығы туралы ақпаратты қолданып, акцияның табыстылығы болжанбайды. Шынында, акцияның табыстылығының уақыттық қатарында қандай да бір заңдылықты табу мүмкін емес, алайда “жоғары әсерлесу” феномені кездейсоқ

адасу гипотезасына қарама-қайшы. Сондықтан да нарық әлсіз формада да тиімсіз болады.

Қаржы нарығы тиімділігінің орташа- әлсіз формасы: акцияның табыстылығы кез-келген жалпыға мәлім ақпараттар негізінде де болжанбайды. Алайда Фама және Френч баланстық құнның компания акциясының нарықтық құнына қатынасын пайдаланып қызықты эмпирикалық заңдылықты анықтады.

Қаржы нарығы тиімділігінің күшті формасы: акцияның табыстылығы болжанбайды, сондықтан инсайдерлік ақпаратты пайдалану да пайда әкелмеуі қажет. Алайда, жұмыс жасайтын компания туралы ақпараты бар инсайдерлер нарықта жоғары пайда ала алады [3, 78 б.].

Осылайша, қаржы нарықтары әрқашан тиімді болып табылмайды. Нарықтың тиімділігінің нәтижесі жадының жоқ болуы, сондықтан қаржы нарығының шын мәнісінде жадысы бар деген қорытынды жасауға болады.

Бұл ғылымның 1970 жылдардан бастап дамығандығын ескерсек, қазіргі уақытта ғалымдар көп нәрсеге қол жеткізіп, жаңа теория – мінез-құлық қаржысы теориясын құрды. Олардың алған нәтижелерін келесі үш сыныпқа бөлуге болады:

1. мінез-құлық ауытқуын сипаттау (алдын-ала белгілі қателер, мәселен пайымдаудағы өз-өзіне сенушілік, қалауын шынайы ретінде қабылдау, мінез-құлықтық болжамсыздық және т.б.);

2. әлемдік нарықтағы қаржы активтеріне алып-сатарлық баға серпіні;

3. шешімдердің нәтижелерін қалыптастыратын шешім қабылдау үрдісін негіздеу әрқашан ұтымды болмайды.

Адамдардың қаржылық мінез-құлқы қаржы білімімен байланысты. Осыған байланысты қаржы білімі екі аспектіден, объективті білім және субъективті білімнен тұрады. Объективті білім қаржы ақпаратын тиімді талқылау арқылы алынған білімді қолдана отырып алу, ал субъективті білім инвесторлар не білетіндеріне байланысты. Екінші түрі біріншісінің алдын- ала бағаланған интерпретациясы, шешім қабылдау үрдісінде айқындала түседі.

Объективті, субъективті білім және инвестордың тәуекелді қабылдауы арасындағы жоғары корреляция туралы идеяның шығуы салдарынан объективті ақпаратты субъективті қабылдаудың да мәні бар екендігіне көз жеткізуге болады. Бір жағынан адамдар дұрыс қаржы мәліметтеріне бірдей қол жетімділікке ие. Екінші жағынан, бұл ақпараттарды олардың сезінуі әр түрлі болуы мүмкін. Сондықтан бірдей жағдайдағы басқару нәтижесі әр түрлі болады. Тәуекелді түсіну, тәуекелге көзқарас және инвесторлардың қаржы шешімдері көп жағдайда сәйкес келмейді. Қаржы білімдері жүйесінің тұжырымдамасы ақпарат қалай берілгендігіне байланысты болады.

Қазіргі қаржылар – тәжірибемен расталмаған теориялардың жиынтығы және қазіргі бар теориялармен түсіндірілмейтін тәжірибе. Таза келтірілген құнның ережесі, инвестициялаудың іргелі теориясы, тиімді қор нарықтарының теориясы, қоржындық инвестициялаудың қазіргі теориясы, CAPM үлгісі, қосылу және жұтылудың синергиялық теориясы – тәжірибелік мәні күннен күнге неғұрлым салмақты қауіп-қатерлерді төндіретін бұл теориялардың бірнешеуі ғана.

Қаржы нарықтарындағы сауда айналымы бүгінгі күні бұрынғысынша миллиардтаған долларлармен есептеледі, эксперттер капиталды басқару облысындағы басқарушы компаниялар өзінің клиенттерінің сенімін қайта қалпына келтіруге ұмтыла отырып, өзінің жұмысында мінез-құлықтық қаржы тұжырымдамасын пайдалануға белсенді түрде жүгінеді деп сендіреді.

Мінез-құлықтық қаржысына қызығушылықтың артуы инвестициялық қоржын құрылымын қалыптастыруға көзқарастарды ауыстыру парадигмасы ретінде бағалау қажет.

Мінез-құлықтық қаржысы қазіргі инвестициялық қоржын теорияларының жетіспеушіліктері мен сәйкессіздіктерін жасырады, инвестициялық қоржында активтерді орналастырудың әсерлі үлгісін құру мүмкіндігін аша отырып шынайы әлемде шынайы клиент қатынасында пайдаланылады.

Зерттеу көрсеткендей жаһандық қаржы нарығы қозғалысы қазіргі инвестициялық қоржын теориясынан жаңа мақсатты жоспарлау дәуір бағытындағы дамудың стратегиялық аймағында орналасқан.

Инвесторлар қолданбайтын ретінде өзінің инвестициялық қызметінен шығындар алуы мүмкін тәуекелді қабылдау аясында «жоғалтуларды қабылдамау» концепциясы жаңа парадигмаға көшудің маңызды құрамы ретінде есептеледі.

Бағалы қағаздар нарығында бұл тұжырым базасында қаржылық қоржынды оңтайландырудың мінез-құлық үлгісінің үлкен бөлігі құрылады.

Мінез-құлықтық қаржы нарығының психологиясын есепке ала отырып табыстылық пен тәуекел арасындағы пропорционалды тәуекелділіктен шығатын қазіргі инвестициялық қоржын теориясынан айырмашылығы инвестициялық пайда және тәуекел деңгейінің мөлшері арасындағы асимметрияның болуын анықтайды. «Жоғалтуларды қабылдамау» есепке алынса, үлгілер сенімді түрде пайдалана бастайды.

Нарықтың иррационалды мінез-құлқының көп бөлігі болып осы және басқа бағалы қағаздарға қатысты инвесторлардың жеткіліксіз немесе шамадан тыс әсерлесудің салдары табылады. Бұл идея талдаушы немесе жеке инвестордың жеткіліксіз немесе артық әсерлесу иррационалды болып, олар нарыққа «қарсы» әрекет ете отырып «аномалогия құнын» пайдалану үшін осы активті сатып алатын немесе сататын қорытындыға келуімен жұмыс жасайды.

Қоржындық басқарушылар қаржыны активтерге орналастыру үрдісінде бұл бейімділікті біріктіруге қажетті қазіргі әдістемесінің жетіспеушілігіне шағым айтады. Бұл мәселені біз қаржы қоржынын таңдауда жаңа қадамдар іздеу үшін активтерді орналастыруда алдын ала болжау арқылы тиімді шешім қабылдауға кедерге болатын клиенттердің табиғи іс әрекеттерін тыюы қажет, немесе клиенттер инвестициялау бағдарламасын өздері үшін жағымды қолдай алатындай клиенттік бейімділікті икемдейтін активтерді бөлу стратегиясын құруы қажет басқарушыларға жолдаймыз.

Қаржылық әдебиетте соңғы кезеңдерде инвесторлардың тәуекелді қабылдауда алдыңғы нәтиженің әсеріне қатысты алынған нәтижелер қақтығысы пайда болады. Жоғалтуларды болдырмау әсерін есептеу таңғы плюсте сауда жасайтын трейдерлер өз позицияларын шығынға ұшырамау үшін, күндізгі тәуекелді сезініп қысқартады, осылайша өз ұтыстарын кепілдендіретіндігін алдын ала болжайды. Инвесторлар сату бағасынан төмен саудаланатын (жеңілгендер) акциялардан гөрі сату бағасынан жоғары саудаланатын акцияларын сатуға дайын (жеңімпаздар). Бұл құбылыс орналастыру әсері деп аталады. Екі жұмыс та бұл мінез құлықты жоғалтудан кейін тәуекелге теріс қарым-қатынас қалай төмендеп және ұтыстан кейін қалай өсетіндігін сипаттайды. Бұл алдыңғы мінез-құлықтың болашақ теориясына негізделетінінің, және әсіресе, индивидумдар жоғалтулар кезеңінде тәуекелдерді іздейді және ұтыстар кезеңінде тәуекелге көңіл аудармайтындығының (артықшылықты тәуекел асимметриясы) стандартты түсініктемесі болып табылады [4, 24-6.].

Жоғарыдағы келтірілген ойларды пайдалана отырып, мінез-құлық тәуекелі бар деген қорытынды жасауға болады. Бір жағынан, оның мәні адамның психологиясы мен тәуекелді жекеше қабылдауымен байланысты. Екінші жағынан бұл ерекшелік инвестиция тәуекелінің нақты деңгейіне және қаржылық нәтижелерге әсер етеді. Мінез-құлық қаржысы теориясының ұғымында «мінез-құлық тәуекелі» анықтамасын қалыптастыруға болады.

Мінез-құлық тәуекелі- инвестор мінез-құлқы жүйесінің нәтижесі және күтілетін нәтижелерге қарама -қайшы келетін нарықтың жетілдірілмеуі болып табылатын анықталмаған жағдайлардың пайда болуының ықтималдылығы.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше инвестор ұзақ мерзімді байлықты оның пайдалалығын бағалағанда азайтып, болашақты болжамай әрекет етеді. Инвестордың алғашқы кезеңде өзінің ұтыстары мен жоғалтуларын өлшейтін негізгі нүктесі- оның алғашқы салымы болып табылады.

Марковиц үнемділігін пайдалана отырып активтерді бөлудегі тағы бір танымал мәселе инвестициялау нәтижесі активтің тәуекелі табыстылығын бағалауға және оны осы критерийлер бойынша қоржынға іріктеуге өте тәуелді. Бұл техниканы пайдаланудағы ең кең тараған мәселе- бұл күтілетін пайдада сәл айырмашылықтары бар бірдей тәуекелдегі екі активтердің арасында таңдау болған жағдайда орнын алмастыру мәселесі болып табылады. Үнемшіл инвестор активтерді өте тұрақсыз бөлуге алып келетін неғұрлым жоғары күтелетін пайдасы бар активтердің үлесіне мән береді. Бұл қатені жою үшін ғалымдар мінез-құлықтық қоржынды бөлу мәселесіндегі тәуекелді бағалаудың зияткерлік әдістемесін енгізуде.

Нәтижесінде қоржынды оңтайландырудың дәстүрлі әдістерінде кездесетін қателерді шамамен бағалау мақсатында инвестициялық талдаушылар үшін неғұрлым ыңғайлы қоржынды таңдаудың жаңа әдісі жасақталды. Көп өлшемді қалыпты бөлуден таңдаудың жүйеленген әдістемесі (Монте Карло әдісі бойынша симуляция деп аталатын параметрикалық әдіс), қазіргі уақытта оңтайлы қоржынды таңдаудың қатесін бағалау мәселесін шешудің жолы болып табылады. Қайталама таңдау мен дәстүрлі тәсілді қолдану нәтижесін салысыру арқылы соңғысының сәтті екендігі туралы қорытынды жасауға болады.

Басқа да зерттеушілер активтерді бөлудің бірнеше үлгілерін бағалап және қайталама таңдау әдістері негізінен жақсы нәтижелер береді деп жорамалдайды. Олар мінез-құлық бейімділігін енгізудің жаңа әдістерін және қоржынды дисперсиялық таңдауда тәуекелді шамамен бағалауды (мінез-құлықтық қайталама таңдаудың реттелетін техникасы) ұсынады. Нәтижесінде тәуекелді ассиметриялық қабылдау мінез-құлқы және тәуекелсіз мүмкіншілігі бар шығынды болдырмайтын қоржындық таңдауды бағалау үлгісі ұсынылды. Алынған мәліметтер қоржындағы өзгерістер айқындалған есеп нүктесіне және осы нүктеме мен ағымдағы байлықтың арасындағы ара-қатынасқа байланысты осылайша, тәуекелді активтердің мінез-құлқына тәуелді екендігін көрсетті.

Жазылған зерттеулердің, олардың нәтижелерінің және болашақ теориясының барлық жаңа аспектілерін: менталды есеп, жоғалтуларды болдырмау, тәуекелді ассиметриялық қабылдау мінез-құлқы және ықтималдылық таразы қызметін жан-жақты қарастыру негізінде бағалы қағаздар нарығында қоржынды таңдауды үнемдеудің мінез-құлық үлгісін қалыптастыруға мүмкіндіктер пайда болды. Бұндай үлгілер мінез-құлық бейімділігінің тиімсіз құнын бағалайды және талдауда тәуекелді шамамен бағалаудан тұратын нақтыға жақындатылған тәуекелді активтер табыстылығының есеп айырысу формасын ұсынады [5, 29-б.].

Мінез-құлық қаржысының инвестициялық стратегиялық тәжірибеде қолданылуы маңызды емес, себебі бұл тұжырымдама біздің өмірімізге біржолата

еніп болды. Мінез- құлық қаржысын пайдалану осы индустрияның өсуі мен трансформациясы үшін көптеген мүмкіншіліктер тудырған жаһандық әлеуметтік-экономикалық трендке айналды. Сонымен қатар, түрлі инвестициялық үдерістерге және ұйымдастырушылық үлгілерге мінез-құлықтық қаржысын неғұлым терең енгізген компаниялар стандартталған, масштабталған және тиімді жолды қолдануы қажет, әйтпесе уақытқа байланысты тұрақсыз немесе шығынды болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Fama, E. The cross-section of expected stock returns / E. Fama, K. French // Journal of Finance. "— 1992. "— Vol. 47, no. 2. "— Pp. 116–118.
2. Kahneman, D. Prospect theory: an analysis of decision under risk / D. Kahneman, A. Tversky // Econometrica. "— 1979. "— Vol. 47. "— Pp. 54–62.
3. Shefrin, H. Beyond Greed and Fear. Understanding Behavioral Finance and The Psychology of Investing. / H. Shefrin. "— OxfordUniversity Press. NewYork, 2002. "— P. 78.
4. Поведенческий подход к проблеме выбора оптимального портфеля: монография // Гришина Н.П.-Саратов: Изд-во Сарат. Ун-та, 2015.-С-24-28.
5. Оңтайлы қоржынды таңдау мәселесіндегі мінез-құлықтық тәсіл: монография // ГришинаН.П.-Атырау: АМУ баспасы, 2016. -29 б.

Резюме

Не имеет значения, как именно поведенческие финансы находят свое применение в инвестиционных стратегиях на практике, совершенно ясно, что эта концепция окончательно и бесповоротно вошла в нашу жизнь. Использование поведенческих финансов стало глобальным социально-экономическим трендом, благодаря которому появятся значительные возможности для роста и трансформации этой индустрии. Тем не менее, компании, которые более глубоко инкорпорируют концепцию поведенческих финансов в различные инвестиционные процессы и организационные модели, должны демонстрировать более стандартизированный, масштабируемый и эффективный подход, иначе он окажется неустойчивым во времени или неприбыльным. Альтернативой количественным теориям ценообразования на финансовые активы и методам оптимизации портфеля являются так называемые "поведенческие финансы" – относительно молодое направление, критикующее результаты количественных методов. Предметом поведенческих финансов является изучение влияния присутствия человека на финансовые рынки. В стандартном курсе финансов отсутствует человек как главный субъект финансовых отношений.

Summary

Doesn't matter, how exactly behavioral finance find the application in investment strategies in practice, is absolutely clear that this concept finally and irreversibly was included into our life. Use of behavioral finance became a global social and economic trend thanks to which considerable opportunities for growth and transformation of this industry will appear. Nevertheless, the companies which incorporate the concept of behavioral finance in various investment processes and organizational models more deeply shall show more standardized, scaleable and effective approach, otherwise it will be unstable in time or non-profitable. An alternative quantitative theory of price formation for financial assets and portfolio optimization methods are the so-called "behavioral finance" - a relatively new trend, criticizing the results of quantitative methods. The subject of behavioral finance is the study of the impact of human presence

on the financial markets. The standard course of Finance is not a person as the main subject of financial relations.

ӘОЖ 334:005.342

А.Ж. Мукашева¹, К.А. Ныгметова¹

Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы 060011. Атырау қ. Студенттер даңғылы 212.²
Murat---79@mail.ru

ЖОБАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақаланың нақты мақсаты – ұлттық компанияларда жобаларды басқарудың ықпалдастық жүйесіндегі экономикалық әсерін анықтау және Қазақстан Республикасы кәсіпорындарында жобаларды басқарудың ықпалдастық жүйесінің тәжірибелік әрекетін енгізуді ұсынуға арналған. Заманауи дамып отырған кәсіпорынның алдына тәуекелдері басқарудың дайын технологиясын енгізу қажет пе, жоқ оларды өз бетінше жасау қажет па деген таңдау туындайтын кез болады. Барлық факторларды ескеру мүмкін емес, әрі кез келген жүйе, түптеп келгенде жұмыс істей береді және өзіне тиісті міндеттерді атқарады. Алайда қызметтің тұрақты дамуы шарттары, кәсіпорынның басқару жүйесінің сапасының және өзектілігінің үнемі бақыланып отыруын қажет етеді. Жүйені енгізу немесе жақсарту бойынша мәселелер материалдық болсын, адами болсын ресурстарды талап етеді.

Негізгі сөздер: жоба, жобалық тәуекел, ықпалдастық одақ, тәуекел, жүйе, инновация, инвестиция, бизнес, үдеріс.

Жобаларды басқару қазіргі кездегі тиімді қызмет етудің әдістемесі ретінде инвестициялық және инновациялық қызметті белсенді жүзеге асыратын әлемнің барлық белгілі компаниялары мойынсұнған тәжірибе болып табылады. Сыртқы факторлардың әсері және әлемдік экономиканың тұрақсыздығы жобаларды басқарудың белсенді түрде дамуына өз әсерін тигізді. Жобаларды басқарудың жетістігі мен негізгі артықшылығы оның үш сипаты, материалдық ресурстардың шектеулігі, адами ресурстар және жүзеге асыру уақытында ресурстардың шектеулілігі, адами ресурстар және жүзеге асыру уақытында жинақталған. Жобаларды басқарудың әдістемесі инновациялық және инвестициялық қызметті жүргізуде үйлесімдірек болып келгенімен, шағын және орта бизнес тәжірибесіндегі кейстер жобаларды басқарудың әдістемесінің бұл сала субъектілеріне пайдалануда да икемділігіне сілтеп, жақсы нәтижелерді көрсетеді [1, 8 б].

Жобаларды басқарудың мәні жобаны сапалы орындау, және жүзеге асыру үшін материалдық қаржыларды, адами ресурстарын және уақытты шығындаудың тиімді арақатынасында жатыр.

Заманауи дамып отырған кәсіпорынның алдына тәуекелдері басқарудың дайын технологиясын енгізу қажет пе, жоқ оларды өз бетінше жасау қажет па деген таңдау туындайтын кез болады. Барлық факторларды ескеру мүмкін емес, әрі кез келген жүйе, түптеп келгенде жұмыс істей береді және өзіне тиісті міндеттерді атқарады. Алайда қызметтің тұрақты дамуы шарттары, кәсіпорынның басқару жүйесінің сапасының және өзектілігінің үнемі бақыланып отыруын қажет етеді. Жүйені енгізу немесе жақсарту бойынша мәселелер материалдық болсын, адами

болсын ресурстарды талап етеді. Кәсіпорынның жұмыс қаншалықты жақсы жұмыс істеседе, бизнес үдерісі жолға қойылсада, кәміл жетілген, әрі тиімді жүйені енгізуге деген қажеттілік туындайды.

Кәсіпкерлерге тән мәселелер ретінде, өз идеяларын жүзеге асыруда көбіне өзінің «тәжірибесін» немесе ішкі түйсігін (бәлкім басқа адамдардың кеңесін) басшылыққа алатынын жатқызуға болады. Талдау және жоспарлау саласындағы білімнің жеткіліктігіне және қолжетімділігіне қарамастан, кәсіпкерлер дайын тұрған негізге тәсілдемелерге аз жүгінеді. Жоспарлаудың (жобалаудың) болмауы кәсіпорында тәуекелдердің және оның зиянды ықпалының туындауының негізгі факторы немесе көзі болып табылады.

Ендігі кезекте жоба түсінігіне назар аударайық. Стандартты анықтама бойынша жоба дегеніміз – «алдын ала» белгіленген бір нәтижеге /мақсатқа қол жеткізуге бағытталған, басталу және аяқталу уақыты бар бірегей қызмет. Бұл жерде әр түрлі жағдайларда жоба келесі нысандарда болады:

- Материалдық - өнім, ғимарат және т.б;
- Сезілмейтін – қызмет, іс-шаралар және т.б;
- Жорамалдағы немесе ойдағы – идеялар, құжат ретінде.

Ол нысандарға қол жеткізу үшін негізгі келесі қағидаттар орын алады: ресурстар бойынша, мерзімдер бойынша шектеулер, сондай-ақ сапаға және тәуекелдің мүмкін болар деңгейіне қойылатын талаптар табылады.

АҚШ жобалық менеджмент институтының стандарты бойынша жоба дегеніміз бірегей өнім, қызмет, немесе нәтижелерді жасауға арналған уақытша кәсіпорын.

Жобаларды басқару-әдістер, құралдар мен басқаруды қолдана отырып, жобаның мерзіміне, бюджетіне және нәтижесіне қойылған талаптарды орындау барысында бір бірімен байланысты шараларды жүзеге асыру нәтижесінде алдын ала қойылған мақсаттарға жету үшін ресурстарды (адами және материалдық) басқаруға бағытталған білікті қызмет.

Жобаларды басқару – жобаға қойылған, талаптарды қанағаттандыруға бағытталған білім, дағды, құралдар мен әдістердің тәжірибедегі көрінісі.

Жобаны басқару Германияның DIN 69901 ұлттық стандарты бойынша – жобаны жүзеге асыруда басқару міндеттерінің, ұйымдастырудың, әдістердің және құралдардың біртұтастығы.

Жобаларды басқару-шектеулі шарттар аясында жобаларды оперативті басқарумен байланысты ұйымдастырушылық қызмет

Жоғарыдағы анықтамаларды тұжырымдай келе, жобаларды басқару-жалпы жобалар аясында бірнеше тараптардың міндеттемелерімен туындайтын, белгілі бір шарттардың негізінде орындалатын, әдістер мен құралдарды тиімді басқару арқылы жүзеге асырылатын қарым қатынас деп қорытуға болады.

Жобаларды басқарудың бұндай күрделі анықтамасын кәсіпкерлер түсінуіне жеңіл нұсқада келесідей түрлендіріп, тұжырымдауға болады:

Жобаларды басқару-бизнес идеяларды жүзеге асырудың аса тиімді тәсілі.

Аса тиімді деген сипаттамамен біз кәсіпкерлердің қызмет ету кезіндегі мүмкін болатын барлық параметрлерді қамтимыз. Оның ішіне, кәсіпкердің қаржылық күтімі, тәуекелдердің жоқтығы және беделі де кіріп кетеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жобаларды басқару жайлы сөз қозғағанда, біз тікелей басқарудың методологиясын, тұжырымдамасын талқылаймыз. Жобаларды басқару кәсіпорынның мүмкіндіктері мен кемелдену деңгейіне қарай икемдеуге болады. Жобалық басқаруды икемдеу басқару формаларын, құрылымын және тәсілдерін ұйымдастыру жолымен жүргізіледі. Деректер өз бетінше өңделеді және қандай да бір мемлекеттік қадағалаушы

органға жеке есептілікті қажет етпейді. Немесе, барлық операциялар үдерістік басқаруда.

Жоба түсініктеріне тұжырымдама жасасақ, жобаға тән келесідей сипатамаларды (нышандарды) жинақтауға болады [2, 81 б]:

- Жоба белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Жоба белгілі бір мақсат не меже алға қойылғанда ғана басталады. Жобаның жүру барысында да сол меже мен мақсат негізгі бағыт болады. Жобаның аяқталғанын жобаның командасының ұстанған мақсатына не межеге жеткенімен немесе қойылған мақсатқа жете алмай немесе жетудің қажеттігі жойылғанынан білуге болады. Ол жобаның нәтижелілік сипатына ие кендігін көрсетеді.
- Жобаның нәтижесінің бірегейлігі. Жоба нәтижелілік сипатымен қоса нәтижесінің, өнімінің немесе қызметінің бірегейлігімен ерекшеленеді. Оның ерекшелігі идеяның және жобаны жүзеге асырудың бірегейлігінде жатыр.
- Жоба уақытпен шектелген. Яғни, кез келген жобаның нақты басталар уақыты мен нақты аяқталар уақыты бар. Бұл уақыт аралығы жоаның көздеген мақсаты мен нәтижелерінің ерекшеліктеріне қарай, қысқа болуы да мүмкін, орта, сондай ақ, ұзақ мерзімді болуы да мүмкін.
- Жобаның дәйектілігі. Жобаны жасау мен жүзеге асырудың кезең кезеңмен жүргізіліп отыруы. Егер, дәйектілік шарты сақталмаса, жобаның дұрыс орындалмауына, нәтиженің сапасының нашарлауына немесе мүлде жобаның тоқтап қалуына әкеледі.

Тәуекелдері басқару, жалпы тәуекел тәрізді, түрлі тараптардан және түрлі деңгейлерде қарастырылады. Көп деңгейлілікті ескере отырып, үдерістік және ағымдағы тәуекелдері біріздеу шеңберінде жобалық тәсіл қолданылатынын атап өту керек. Жобалық басқару методологиясы тәуекелдері басқару қағидаттарына толығымен сәйкес келеді, әсіресе, жобаның «табыстылық үшбұрышы» жобаның ресурстары, уақыты және сапасы тәуекелдері төмендетудің базалық параметрлерінен құрылатыны ескеру керек.

Жобаның тәуекелдерін басқару бастамалау сатысында туындайтынын, бірақ аяқталмайтынын, әрі қарай ШОБ жобаларына тән болатын басқарудың жобадан кейінгі режиміне ауысатынын атап өткен жөн.

Жобалардың тәуекелдерін басқару жобаның түпкі мақсатына қол жеткізуде тиімділікті арттыру мақсатында, жобаны жүзеге асыру кезінде тәуекелдері қарастырамыз, бағалаймыз және басқарамыз дегенді білдіреді. Осыған байланысты жобаны басқарудың екі негізгі үдерістері арасында ықпалдастық одақ пайда болады: жобаны басқару және жобаның тәуекелдерін басқару [3, 201-204 бб].

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // <http://www.akorda.kz>.

2. Мазур И.И. Управление проектами учеб.пособие. Под общ.ред. Мазур И.И. и Шапиро В.Д.-бе изд., стер.-М.:«ОМЕГА-Л»,2014.-960с.

3. Садвакасов С.Ж. Жесткие методы культурной интеграции // Сборник материалов Второго Международного Форума «Управление проектами в Центральной Азии. Инновационные технологии». - Алматы : КазНТУ; СПМ РК, 2012.- С.201-204.

Резюме

Цель настоящего исследования состоит в определении экономического эффекта от интеграции систем управления проектами в национальных компаниях и разработке рекомендаций по внедрению интеграционных систем управления проектами в практическую деятельность предприятий РК.

В современном мире возникает выбор о внедрении новых технологий в управлении рисками и их самостоятельной разработке. Учесть факторы риска невозможно, так как любая система продолжает работать и выполняет свои положенные обязанности. Но, условия постоянного развития деятельности требует прерывного контроля качества и актуальности системы управления предприятием. Проблемы внедрения или улучшения системы требует материальных и человеческих ресурсов.

Summary

The purpose of the study is determining of economical influence which goes from integration of project management in national companies and recommendation developing for implementation of integration system of project management in practical activities of Kazakhstan companies.

In the modern world there is a choice about implementation of new technologies in risk management and their independent development. It is impossible to consider risk factors as any system continues to work and carries out the put obligations. But, a condition of constant development of activities requires preryvny quality control and relevance of an enterprise management system. A problem of implementation or improvement of system requires material and human resources.

ӘОЖ 336.717.6:711.4

А.Ж. Мукашева¹, М.Б. Джилкишиева¹

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы 060011. Атырау қ. Студенттер даңғылы 212.²

Murat---79@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНЫҢ БӘСЕКЕЛІК ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Тұрғын үй секторы экономиканың көп бөлігін құрайды, көлемі нақты ЖІӨ 20-50% дейінгі аралығында болады. Тұрғын үй құрылысы экономиканың басқа да маңызды секторларына, соның ішінде осы нарық тығыз қарым-қатынаста болатын құрылыс индустриясына әсер етеді. Тұрғын үй саласын реформалау макроэкономикалық тұрақтандыру саясатының және құрылымдық өзгерістердің ажырамас бөлігі болуы керек.

Тұрғын үй құрылысы нарығын қалыптастыру – белгілі бір тұрғын үй саясатын жүзеге асыру кезінде әртүрлі элементтерден құралған көп сатылы үдеріс. Құрылыстың ерекшелігі халық шаруашылығының саласы ретінде оның өнімдерінің өндірілуіне байланысты. Ол қозғалыссыз қалыптасқан жерінде қолданылады, оның қалыптасуына ұзақ мерзімді талап етеді. Құрылыста әрбір объектіні жаңадан бастау қажет, сәйкесінше, жұмысты да дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Еңбек құралдары

және қызмет көрсететін адамдар үнемі қозғалыста болады, өндірістік процесс үнемі кеңістікте жүзеге асады. Бұл ағымдық өндірісті күрделендіреді.

Негізгі сөздер: мүлік, тұрғын үй, сектор, құрылыс, инвестиция, ұлттық, шетелдік, жобалар, жеке меншік, жалдық, муниципалды.

Тұрғын үй саласы – бұл тұрғын үй нысандарына жеке меншік үстемдік ететін халық шаруашылығының ерекше тармағы. Тұрғын үй саласының нысандары жылжымайтын мүліктер нарығының негізін құрайды. Бүгінгі күні аталған рынок бизнестің табысты түріне айналды [1, 4-6 бб]. Сондықтан да, Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүліктер нарығының қарқынды дамуы осы салаға инвестиция салуға дайын мемлекеттің, көптеген бизнес-құрылымдардың назарын өзіне аударуда.

Құрылыс саласына инвестиция салу инвестициялық жобалаумен тікелей байланысты. Жобаға салынған инвестицияның тиімділігін бағалау жобалау жұмыстарының тәжірибесінде маңызды және қажетті құрамдас бөлім болып табылады. Оған тұрғын үй құрылысы саласындағы инвестициялық-құрылыстық қызметке кері әсерін тигізетін бірқатар факторлар ықпал етеді, атап айтқанда: тұрғын үй саласының әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздыққа барынша бейім болуы; әдістемелік және нормативті қамтамасыз етудің жаңа шарттары мен талаптарына сәйкес болмауы; тұрғын үй құрылысында құрылыс қызметін реттеу мен басқарудың экономикалық әдістерінің жетілдірілмеуі; құрылыста және пайдалануда келісім-шарттық жүйенің дамымауы (тұрғын үй құрылысы саласында маманданған ұйымның болмауы); инвестициялық-құрылыстық қызметке қатысушылар құрамының қызығушылықтарының толық ескерілмеуі; ұйым қызметін жобалауды ұйымдастыру тәжірибесінің және тәсілдерінің жетілдірілмеуі және т.б.

Инвестициялық қызмет мақсаттылығының экономикалық дағдарыс кезіндегі әдістемесі нарықтық экономиканың талаптарына негізделеді, сондықтан инвестиция немесе мақсаттылығының критерийі оның тиімділігін бағалау болып табылады.

Құрылыс – бұл халық шаруашылығындағы маңызды, әрі ірі салалардың бірі.

«Құрылыс» саласының құрамы мынадай – құрылыс монтаждық жұмыстарды орындайтын, стандартты емес және котель – көмекші құралдарын дайындау бойынша, құрылыс ревизиясын алдын-ала монтаждау бойынша және қайта қалпына келтіру жұмыстарымен байланысты. Жұмыстар бойынша жерді рекельтивациялау бойынша жұмыстарды орындайтын құрылыс индустриясын үйрену.

- капиталдық салым есебінен түгел асырылатын тереңдікпен бұрғылау;
- жоспарлы іздену, жобалы-құрылыс ұйымдары, құрылыс саласындағы ғылыми ізденіс ұйымдары;
- құрылысты шаруашылық басқару ұйымдары.

Құрылыстың ерекшелігі халық шаруашылығының саласы ретінде оның өнімдерінің өндірілуіне байланысты. Ол қозғалыссыз қалыптасқан жерінде қолданылады, оның қалыптасуына ұзақ мерзімді талап етеді. Құрылыста әрбір объектіні жаңадан бастау қажет, сәйкесінше, жұмысты да дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Еңбек құралдары және қызмет көрсететін адамдар үнемі қозғалыста болады, өндірістік процесс үнемі кеңістікте жүзеге асады. Бұл ағымдық өндірісті күрделендіреді [2].

Капиталдық салымның негізгі мақсаты – жалпы алғанда ұдайы өндірістің тиімділігін арттыру болып табылады. «Құрылыс» саласының соңғы өнімі жобаны – іздеу, құрылыс – монтаж, жөндеу – құрылыс ұйымдарының өнімі болып табылады.

Соңғы кезде тұрғын үй құрылысы проблемаларының шешілу жолдары туралы көп айтылуда.

Еліміздегі тұрғын үй мәселесін құрылыс саласының тиімді дамуымен байланыстыруға болады. Тұрғындар санының өсуі, жаңа жанұялардың құралуы, халықтың неғұрлым қолайлы тұрғын үй шарттарына ұмтылуы тұрғын үй санының көптеп салыну қажеттілігін туғызады. Құрылыс саласын серпінді дамыту үшін жағдайлар жасау және халықтың қалың қауымы, бірінші кезекте-әлеуметтік қорғалатын жіктері үшін тұрғын үй құрылыс қарқынын арттыру керек [3].

Заманауи экономика шарттарында мемлекеттің әлуметтік-экономикалық дамуы ұлттық және шетелдік инвестициялардың тиімділігінен тәуелді екені белгілі. Қазақстан үшін инвестициялар тек қана экономикалық өсудің қайнар көзі емес, әлемдік экономикалық кеңістікке енудің өзіндік алғышарты болып саналады. Инвестициялар ел экономикасына ауқымды әсер ететін қуатты экономикалық, қаржылық құрал екенін ескере отырып, оны дамытудың келесідей тенденцияларын айқындауға болады: инвестициялық үрдіске қатысушылар қызметінің белсенділігін арттыру; инвестициялық ахуалды тұрақты жетілдіріп отыру; инвестициялық қызметтің құқықтық қамтамасыз етілуін жетілдіру; инвестициялық үрдісте жобалық менеджментті дамыту.

Дамыған шетелдердің тәжірибелері көрсеткендей тиімді тұрғын үй нарығының қалыптасуы үш құрамдас бөлік негізінде жүреді. Олар - жеке меншіктегі тұрғын үйлер, коммерциялық немесе әлеуметтік жалға тиесілі жалдық тұрғын үйлер және мемлекеттік, яғни муниципалды үйлер.

Экономикасы дамыған елдерде орта және жоғары табысты адамдардың жеке меншік баспаналары бар, төмен дамыған мемлекеттердің өзінде жеке меншік баспананың үлесі - 50% құраса, Германияда бұл көрсеткіш - 40%, Швецияда - 43%, Голландияда - 45% құрайды, ал қалған 50% жалға берілетін үйлердің үлесінде: оның 40% жекеменшік иелері бар жалға берілетін үйлер (табысты үйлер), 10% әлеуметтік жалдық үйлер (муниципалды жалдық үйлер).

Жалдық тұрғын үйді қалыптастыру мен дамыту кезінде, барлық нысандар сияқты оған сыртқы және ішкі факторлар ықпал етеді. Егер коммерциялық мақсатқа негізделген үйлер жалға берілсе, онда пәтердің ерекшеліктеріне байланысты оны жалдау ақысы да жоғары. Егер қоғамның аз қамтылған отбасылары үшін мемлекеттік тарапынан салынған коммуналдық үйлер жалға берілсе, сәйкесінше бұл сегменттің жалдық төлемі де төмен. Жалдық тұрғын үй нарығының қызметтері, тұрғын үйдің ерекшелігімен анықталады.

Құрылыс - материалдық өндірістің аса қуатты өнеркәсіптік саласы. Күрделі құрылыстың көлемі мен деңгейінен материалдық өндірістің басқа да салаларының дамуы, елдің экономикалық әлеуеті мен ұлттық табысының өсуі қамтамасыз етіледі.

Тұрғын үй саласындағы нысандар құрылысы жобалық шешімдер негізінде жүзеге асады. Жобалық шешім – кең мағынада, ой немесе келешектегі іс-әрекеттердің жоспары. Тар мағынасында – құрал-жабдықтарды, өнімдерді немесе қызметтерді жасақтаудағы құжаттар жиыны, сондай-ақ, бірқатар құжаттардың алдын-ала үлгілері.

«Құрылыс» саласы туралы айтқанда, нарықтық экономистер капитал иеленушілер мен инвестициялық үдерістердің басқа да қатысушылары, яғни инвестициялық кешен арасын біріктіретін қарым-қатынасты меңзейді.

Жүйе ретінде құрылыс нарығы өзіне: құрылыс нарығының субъектілерін; нарықтық қатынас объектілерін; құрылыс кешені нарығының инфрақұрылымы; нарықтық механизм; мемлекеттік бақылау; нарықтық реттеу мен өзін-өзі реттеуді біріктіреді.

Құрылыс нарығының субъектілері: инвесторлар, тапсырыс берушілер, мердігерлер, ғылыми-жобалау мекемелері, ғылыми-зерттеу институттары (ФЗИ),

құрылыс материалдарын өндіруші және құралдар құрылғылар өнеркәсібі мекемелері, құрылыс және машина жасау кәсіпорындары, технологиялық, энергетикалық және басқа да құралдарды жасаушы кәсіпорындар.

Нарықтық қатынас объектілері болып: құрылыс өнімдері (ғимараттар, нысандар және олардың кешені және т.б.); құрылыс машиналары; көлік құралдары; материалдар, бұйымдар; құрылғылар; капитал; жұмыс күші; ақпарат және т.б. табылады.

Құрылыс кешені нарығының инфрақұрылымының құрамына: банктер – ұлттық (мемлекеттік), сыртқы экономикалық, инвестициялық, акционерлік коммерциялық, ипотекалық және т.б.; биржалар – тауарлық-шикізатты, еңбек ресурстарының, қор (бағалы қағаздар), жылжымайтын мүліктердің және т.б.; брокерлік кеңселер мен фирмалар; институционалдық инвесторлар – зейнетақы қорлары, сақтандыру фирмалары, ашық және жабық үлгідегі инвестициялық қорлар мен фирмалар және т.б.; шет елдік инвесторлар; агенттіктер, делдалдық, жарнамалық, ақпараттық қызметтер мен фирмалар; инженерлік-кеңес беруші орталықтар; аудиторлық фирмалар; құрылыс кешеніндегі венчурлық (тәуекелді) кәсіпорындар; шағын бизнесті қолдаушы бағдарламалар мен қорлар; бақылаушы-инспекциялық қызметтер; арбитраж, сот және т.б..

«Жоба» түсінігі бірқатар белгілері бойынша ортақ сипаттамалары бар әртүрлі қызмет түрлерін біріктіреді, мұндай сипаттамалардың бастылары ретінде төмендегілерді атап өтуге болады: нақты мақсаттарға, белгілі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы, көптеген өзара байланысты іс-әрекеттердің реттелмелі түрде орындалуы, басталу және аяқталу уақытының шектеулі түрде белгіленуі.

Кез-келген нысанның құрылысы үшін ең алдымен, оның салынуының экономикалық мақсаты мен техникалық мүмкіндіктерін бекітіп алу керек. Мұндай міндеттер «жоба» деп аталатын арнайы құжатта бейнеленеді.

Жоба – бұл жасалатын инженерлік ғимараттың немесе басқа да кез-келген өнеркәсіптік немесе азаматтық бағыттағы нысанның төмендегідей жүйеде қалыптастырылған мақсаттары:

- болашақ ғимараттың архитектуралық-жоспарламалық, құрылғы-жинақтамалық және технологиялық шешімдерін бейнелейтін сызбалық материалдары (сызбалар);

- нақты табиғи ортадағы жұмыстың қауіпсіздігі мен сенімділігі, оның құрылысының техникалық мүмкіндіктерін негіздеуші түсіндірме-анықтамалық жазбалары;

- құрылыстың құны мен қаржылық, материалдық, еңбек ресурстарының шығынындарының экономикалық мақсаттылығын негіздеуші сметалық-экономикалық бөлімі.

Әлемдік тәжірибеде құрылыстағы инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігін бағалаудың әдістері бар, олар алға қойылған мақсаттардың шындыққа негізделуі мен жобаны іске асыруда жүргізілетін жұмыстардың жайын бақылау үшін жасалған. Дегенмен, тұрақты нарықтық экономикалы елдер тәжірибесінен «көшіріп алып, қолдану» қазақстандық шындыққа сәйкес келмейді, себебі бұл әдістер қаржылық талдаудың күрделі әдіс-шараларына сүйенеді.

Сондықтан:

- шетелдік әдістерге негізделген, нарықтық экономиканың дамуында өзінің өміршеңдігін дәлелдеген әдістерді қолданана отырып, отандық әдістер нақты нысандардың жобалық шешімдерде қалыптасқан тиімділік резервтерін ескеруі тиіс;

- капитал салымдарының жалпы тиімділігіне негізделген ірілендірілген экономикалық бағыттар әдістерін жеткілікті дәрежеде толықтыруда, жобалаушылар

тиімділікті бағалау механизмін инвестициялық жобаны жүзеге асырудың түрлі кезеңдерінде қолдануы тиіс;

- инвестиция тиімділігін талдау механизмі инвестициялық қызметтің мекен-жайлық, мерзімдік және субъективті (инвестордың тапсырысы бойынша) ерекшеліктерін ескеруі тиіс;

- жобалардың көпнұсқалылығы болуы тиіс, сәйкесінше, олардың экономикалық тиімділігін бағалауды жетілдіру қажет;

- инвестициялық жобаны жүзеге асырудың түрлі кезеңдерінде экономикалық тиімділікті бағалауда бастапқы мәліметтермен өзара байланыс болуы тиіс, бұл – инвестициялық циклдің мерзімінде тиімділік көрсеткіштерінің өзгеруін бағалауға мүмкіндік береді.

Құрылыс саласын еліміздің экономикалық дамуының «локомотиві» деп қарастыруымыз қажет. Жергілікті халықтың тұрғын үйге деген қажеттілігін қамтамасыз ету, қажеттілікті қағаттандыру факторларының бірі. Осыған орай тұрғын үй саласының қалыптасуы мен дамуының маңызы зор, себебі материалдық құндылықтардың ұдайы өндірісінің үрдісін қамтамасыз етеді және тұрғындардың тұрақты өмір сүру жағдайларын қалыптастырады. Тұрғын үйдың көлемді құрылысы сұранысты қалыптастырады, құрылыс материалдары өнеркәсібінің, жиһаз өндірісінің, металл өңдеу және отандық өнеркәсіптің барлық салаларының дамуына жағдай жасайды.

Тұрғын үй инфрақұрылымының қалыптасуы нарықтық институттық және институттық емес қолдауымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар ұйымның жеке топтары нарықтың әртүрлі аспектілеріндегі профессионалдық бейімделуге қатысады. Қозғалмайтын мүлікпен жұмыс жасайтын құрылыстық фирмалар нарықта бір-бірімен тәжірибе алмасады. Олар жергілікті тұрғындарға осы саладағы ақпараттарды жеткізеді. Сонымен қатар қозғалмайтын мүліктің профессионалдық бағалауымен айналысатын жаңа ұйымдар қалыптасады.

Нарықтың басқа сегменттеріне қарағанда тұрғын үй нарығы жақсы дамыған. Тұрғын үй саласындағы қозғалмайтын мүлікке тұрғын үйлер, пәтерлер, тұруға болатын құрылыс түрлері жатады.

Құрылыс ұйымдарының қызметін ұйымдастыру Қазақстанда соңғы жылдары қалыптаса бастады. Құрылыс ұйымдарының қызметінің жандануы Қазақстанда тұрғын үйлерді жаппай жекешелендіру кезеңінде пайда болды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасында құрылыс ұйымдарының тиімділігі қозғалмайтын мүлік нарығымен қатар дамыды. Сонымен қатар риэлторлық фирмалар да дамып отырды.

Тұрғын үй нарығының инфрақұрылымға тұрғын үй құрылысына құралдарды инвестициялайтын несие-қаржылық мекемелер жатады. Тұрғын үй құрылысының жинақтарының жүйесі Қазақстан Республикасы аймағында тұрғын үй жағдайын жетілдіру үшін несие алу мақсатында жеке жинаққа негізделген. Бұл қатынастағы мемлекеттің ролі Қазақстан Республикасы тұрғындарына төлем арқылы құрылыс ұйымдарының жүйесіне қолдау көрсетумен сипатталады. Құрылыс жинақтарының қатысушыларына тұрғын үй құрылысы жинақтарының банкілері, осы банктің салымшылары болып табылады [4, 344-349 бб].

Қазақстан Республикасында құрылыс ұйымдарының дамуы т.б. тиімді салаларалық дамуына себепші болып отыр. Бірақ құрылыс ұйымдарының жетілуіне қарамастан шешімін талап етіп отырған көптеген проблемалар бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы 14.12.2012 ж -4-6 бб.

2. Указ Президента Республики Казахстан “О мерах по реализации стратегии развития Казахстана до 2030 года” от 28 января 1998 г. № 3834 с изменениями и дополнениями от: 7 сентября 1999г. № 206 - 17 февраля 2000г. - №344.

3. Тұрғын үй құрылысы кешенін қалыптастыру және дамытудың теориялық негіздері // «Аймақтық экономиканы индустриалды-инновациялық дамыту мәселелері» атты ХФТК материалдары.

4. Құрылыс кешені ұйымдарының қызмет көлемі мен даму деңгейін талдау // Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. «Хабаршы». –Түркістан, -2012.-№1(64). -344-349 б.

Резюме

Жилищной сектор составляет значительную часть экономики, объем которого варьируется от 20 до 50% реального ВВП. Строительство жилья оказывает мультипликационное воздействие на ряд других важных секторов экономики, в частности строительной индустрии, с которыми данный рынок находится в тесной взаимосвязи. Реформирование жилищной сферы должно стать неотъемлемой частью макроэкономической стабилизационной политики и структурных изменений.

Формирование рынка строительства жилья - процесс многогранный, состоящий из различных элементов, которые необходимо учитывать при проведении определенной жилищной политики. Особенность строительства как отрасли народного хозяйства связано с производством продукции. Для формирования процесса строительства потребуются продолжительное время, так как оно значится в качестве недвижимого имущества. На строительстве каждый объект создается по новому, соответственно деятельность должна организоваться целесообразно. Предметы труда и человеческие ресурсы находятся в постоянном движении, поэтому производственный процесс проходит в постоянном развивающемся пространстве. Это усложняет процесс текущего производства.

Summary

Housing the sector constitutes a considerable part of economy which amount varies from 20 to 50% of real GDP. The construction of housing makes animated impact on some other important sectors of economy, in particular the construction industry with which this market is in close interrelation. Reforming of the housing sphere shall become an integral part of macroeconomic stabilization policy and structural changes.

Market grouping of a construction of housing - process many-sided, consisting of various elements which need to be considered when carrying out certain housing policies. Feature of a construction as an industry of the national economy it is connected with production of produktion. Forming of process of a construction will require long time as it appears as real estate. On a construction each object is created on new, respectively activities shall be organized reasonably. Objects of the labor and human resources are in fixed movement therefore production process takes place in the fixed developing space. It complicates process of the current production.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ

A.Bazarbayeva, D.Zhubaykulova Formation of culture of communication and identification of mistakes of the speech of teachers.....	3
М.Ж.Аманғалиева Ақынның майдан жырлары	7
А.С.Сарсенов, Ш.Н.Нагимов, Л.Б.Бердіғожин, Байлардың мал-мүлкін тәркілеудің әлеуметтік-экономикалық қырлары мен саяси зардаптары. (Гурьев округы бойынша).....	11
Ө. Тілеуов Білім мен тәрбие ислам мәдениетінің қайнар көзі	19
А.Б.Кабошева, Ж.Е.Габдуллина Аударма жасаудағы трансформациялық үдерістер мәселелері.....	22
А.Бағытжанова Абай шығармашылығындағы фразеологиялық қолданыстардың зерттелуі.....	27

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ И ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

Д. Джумамухамбетов, Д. Мусина Толқын жүргізгіш фотониканың жетістіктері мен келешегі	32
Д. Джумамухамбетов, А. Кыдыргалиева Оптоволоконные линии связи	35
Б.Т. Абыканова, Г. Мырзагерейқызы, Н.Б.Нұролла Асинхронды қозғалтқыштың жұмыстық сипаттамаларын анықтау	39
М. Б. Түркменбаева, М. Угинисов Применение комплексонов в нефтяной промышленности	46
Ә.Б. Түркменбаев Физиканы оқыту үдерісіне ақпараттық технологияларды қолдану	51
А.Н.Бағытова, Б.Т.Кенжебеков, п.ғ.д., Мұнай өнімдерін есепке алу деректер қорын концептуалдық жобалау.....	55
У.М.Хайрлиева, А.Д.Майлыбаева Информатика пәні сабағында html тілін оқытуда қолданылатын электронды зертханалық практикум жасақтау	60
Ж.М.Рашбаев,В.Х.Биғалиева Жоғарғы оқу орындарында сандық әдістер пәнін оқытудың маңызы	63
Ш.Көпен Оқу үдерісінде жобалау технологиясын қолданудың ерекшеліктері.....	69

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ЭКОЛОГИЯ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

Б.Бекежанұлы, Т.Б.Жалелова Қазақстан Республикасындағы трансшекаралық су ресурстарының қолданылу мәселелері	75
--	----

Л. Жұманова, Ж.Х. Ақтаубаева Емдік –сауықтыру туризмі.....	81
А.Ө.Қасанова, Т.Б. Жалелова Алакөл өңірінде туризм кластерін қалыптастыру мәселелері	86
А. Горин, Г. Сисенгалиева, Г.Б. Таскалиева Технология приема и размещение гостей в гостинице	90
Б.Ф.Ғапуов, А.Бақтыгерей Атырау облысы балықтарының экологиялық ерекшеліктері.....	94
М.Борашова, С.Аманжолқызы, Т.Б.Жанетов Мұнаймен ластанған топырақты көмірсутек ыдыратқыш микроорганизмдер көмегімен тазарту	100
С.Аманжолқызы, М.Д.Борашова, Т.Б. Жанетов Беттік белсенді заттар және олардың микробиологиялық деструкциясының экологиялық аспектілері	104
С.Аманжолқызы, М.Д.Борашова, Г.Л.Батырбаева Елімізде мұнай өнімдерімен ластанған топырақты тазартудағы биотехнологиялық жетістіктер	108
Андрющенко Л.Н. Каражигитова Т.А. Модульный подход к изучению темы: «Важнейшие классы неорганических соединений и генетическая связь между ними»	112

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

А.Ахметова, Ж.Х.Ақтаубаева Оқу үрдісінде жаңа технологияны қолданудың теориялық негіздері.....	119
Г.Ахашева, Ж.Х.Ақтаубаева Оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың тиімділігі	123
Р.И.Бержанова, А.Я.Калиева, Ж.Ж.Жагыпарова Сын тұрғысынан ойлау модулін оқыту процесінде қолдану жолдары	128
Р.И.Бержанова, А.Я.Калиева, С.С.Маден Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдану арқылы студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру	131
Койшигулова Л.Е., Уркимбаева Г. Білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері.....	135

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ЭКОНОМИКА И ПРАВО

Ш.Б.Сисенгалиева, С.Б.Альдешова, А.Б.Пұсырманова Шаруашылық субъектілеріндегі салық есебінің ерекшеліктері.....	139
К.М.Утепкалиева, Р.О.Кужаниязова Основные принципы и функции социального страхования.....	146
Г.Т.Ахметова, Ш.Б.Сисенгалиева Условия и факторы, формирующие инвестиционный климат	150
К.М.Утепкалиева, Ә.Р.Муратова Қазақстан Республикасы	

экономикасының туризм индустриясына әсері және күтілетін нәтиже...	155
А. Құрманова, Г.Б.Таскалиева Қызмет көрсету сферасының қазіргі нарық қатынастары жағдайындағы экономикалық-қаржылық көрсеткіштері.....	160
А.А.Карамулдина, М.К.Маденов Сущность и значение финансовой системы в современных условиях.....	164
Н.Қ.Рахметова, Г.К.Мақашева Қазақстан Республикасының банк жүйесінің дамуын талдау, құқықтық жағдайы	168
Э.М.Адиетова, Н.Б.Каби Қазақстан аймақтарын индустриалды дамыту: инновациялық технологияны енгізу	173
К.М.Утепкалиева, А.А.Мухсанова Экономическое содержание финансовых инноваций	179
К.М.Утепкалиева, А.Ш.Шабаева Методика экономико-статистического анализа деятельности банков	183
А.Мендигалиев, А.А.Мусаева Мұнай-газ кен орындарын жасақтаудың экономикалық тиімділігін анықтау әдістемесі.....	191
А.Ниязбаева, А.А.Мусаева Анықталған және болжанған кен орындарын игерудің экономикалық тиімділігін бағалау.....	196
М.С.Дарискалиева, А.Б.Пұсырманова, С.Б.Альдешова Инвестициялық шешімдерді қабылдау мәселелеріндегі мінез-құлықтық қаржы тәжірибесі	201
А.Ж.Мукашева, К.А.Ныгметова Жобалық тәуекелдерді басқарудың әдістемелік негіздері	207
А.Ж.Мукашева, М.Б.Джилкишиева Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй нарығының бәсекелік жағдайы	210

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің хабаршысы» журналында теориялық, тәжірибелік, ізденушілік сипаттағы еңбектер, қолданбалы маңызы бар шолулар, мәселе көтеретін және ақпараттық мақалалар, сондай-ақ бұрын жарияланған еңбектерге қысқаша түсініктемелер, ғылыми конференциялар мен кеңестер жайлы мәліметтер, кітаптар туралы пікірлер, мерейтой иелерін құттықтау жарияланады.

Жариялау туралы шешімді келіп түскен материалдардың ғылыми маңызын және өзектілігін ескере отырып, редакция алқасы қабылдайды. Қабылданған мақалалар қайтадан қаралмайды.

Мақаланың құрылымы

1. ӘОЖ
2. Автордың (лардың) аты-жөні *
3. Автордың (лардың) жұмыс орны **
4. Электрондық пошта
5. Мақаланың тақырыбы
6. Мақаланың мәтіні жазылған тілде аңдатпа
7. Негізгі сөздер
8. Мақаланың толық мәтіні
9. Әдебиеттер***
10. Мақалада жазылған тілден басқа екі тілде түйіндеме.

Мәтінде физикалық, химиялық және математикалық шамалардың бірліктердің халықаралық жүйесінде көзделген қысқартуларына ғана жол беріледі.

Мақалалардың *.doc, *.docx мәтіндік редакторында парақтың бір бетіне барлық жағынан 3 см жиек қалдыра отырып, Times шрифтімен (12 кегль) 1 интервал арқылы терілген екі данасы тапсырылады. Түйіндеме, әдебиет, кестелер мен суреттерді қоса санағанда қолжазбаның жалпы көлемі 10 беттен аспауы керек.

Автор (авторлар) туралы мәліметтер, сондай-ақ материалдардың электрондық нұсқасы қоса табысталады.

ТРЕБОВАНИЯ К НАУЧНЫМ СТАТЬЯМ

В журнале «Вестник Атырауского государственного университета имени Халела Досмұхамедова» публикуются работы теоретического, экспериментального, поискового характера, имеющие прикладное значение, обзорные, постановочные и информационные статьи, а также краткие комментарии к ранее опубликованным работам, информация о научных конференциях и совещаниях, рецензии на книги, поздравления юбиляров.

Решение о публикации принимается редакционной коллегией журнала с учетом научной значимости и актуальности представленных материалов. Отклоненные статьи повторно не рассматриваются.

Структура статьи

1. УДК
2. Ф.И.О. автора(ов)*
3. Место работы автора(ов) **
4. Электронная почта
5. Название статьи
6. Аннотация на языке текста публикуемого материала
7. Ключевые слова
8. Полный текст статьи
9. Литература***
10. Резюме на двух других языках, отличающихся от языка публикуемого материала.

В тексте допускаются лишь принятые в международной системе единицы сокращения мер, физических, химических и математических величин и терминов и т.п.

Статьи представляют в двух экземплярах, напечатанных в текстовом редакторе *.doc, *.docx на одной стороне листа шрифтом Times (12 кеглем) с полями 3 см со всех сторон листа через 1 интервал. Общий объем рукописи, включая резюме, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать 10 страниц. Сведения об авторе (авторах), а также электронную версию материалов.

**Х. Досмұхамедов
атындағы
Атырау мемлекеттік
университетінің
Хабаршысы
Вестник
Атырауского
государственного
университета
имени
Х.Досмұхамедова**

Отв. за выпуск,
редактор
Г. Қайырғалиева

Технический редактор,
компьютерная верстка
С. Батыргалиева

Подписано в печать
25.03.2017
Формат 60x84/8
Усл.-печ. л. 25,75
Тираж 300 экз.
Заказ 1
Цена договорная

**Издательство
Атырауского
государственного
университета
имени
Х.Досмұхамедова**

060011, г. Атырау,
пр. Студенческий, 212
Тел. /712-2/ 27 63 03
Факс /712-2/ 27 63 23

**Отпечатано
в типографии
издательства
Атырауского
государственного
университета имени
Х.Досмұхамедова**